

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

Б.ӘБІЛҚАСЫМОВ, Ш.МАЖИТАЕВА

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ
(XV-XX ғ.ғ.)**

Қарағанды
2009

ББК 81.2 Қаз-923

Ә 12

Ә 12 Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш.

Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ-ХХ ғғ.). Оқулық.

– Қарағанды: Қар МУ баспасы, 2009. – 209 бет.

ISBN

Оқулықта қазақ әдеби тілінің алты ғасырлық даму, жетілу жолы ықшамдалып беріледі.

Әдеби тіліміздің функционалдық стильдер жүйесінің қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар талданады, ірі қалам қайраткерлерінің әдеби тілді дамытудағы орны көрсетіледі.

Оқулық жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне, магистранттарға, аспиранттарға, сондай-ақ қазақ әдеби тілі тарихын зерттеп, оқып білемін деген тіл мамандарына, жалпы көпшілік оқырманға арналады.

Пікір жазғандар: ф.ғ.д., профессор **Х.М.Нұрмұқанов;**

ф.ғ.д., профессор **Ә.Жүнісбек;**

ф.ғ.д., профессор **Ш.Ш.Жалмаханов.**

ББК 81.2 Қаз-923

ISBN

**Әбілқасымов Б.,
Мажитаева Ш., 2009**

АЛҒЫ СӨЗ

Өмірде өз тарихы болмайтын зат, құбылыс болмайды. Кез келген нәрсені толық танып, жан-жақты білу үшін оның тарихын білудің маңызы зор. Бұл тұрғыда бүгінгі таңда үлкен әлеуметтік мәнге ие болып отырған тіліміздің өткен тарихын білудің де қажеттілігі айқын сезіледі.

Осы орайда қазір жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде ғылым саласы ретінде оқытылып жүрген қазақ тілінің де өзіндік тарихы бар. Қазақ тілі тарихын үйрететін біреу емес, бірнеше курс бар. Соның бірі – қазақ әдеби тілінің тарихы, қалғандары – қазақ тілінің тарихи грамматикасы, тарихи фонетикасы, тарихи лексикологиясы, диалектологиясы, қазақ жазуының тарихы. Бұл курстар бір-бірімен тығыз байланысты, кей жағдайда бұлардың зерттеу нысаны да бөлек болып келеді, алайда олар бір мәселені әр жағынан зерттейді, зерттеу әдістері де басқа-басқа.

Мәселен, тарихи грамматика курсы тіліміздегі белгілі бір категорияның (септеу жүйесі, көптік категориясы т.т.) сонау көне замандардан бері қарай даму стадиясын нақтылы тілдік деректер негізінде (жазба әдебиет пе, диалектілер негізінде ме?) сөз қылатын болса, әдеби тіл тарихы курсы қазақ тілі дамуындағы басты кезеңдер мен бағыттарды, оның қалыптасу тарихы мен қазіргі ұлттық жазба әдеби тіл дәрежесіне жету жолдарын, ондағы стильдік жүйелердің пайда болу тарихын қарастырады. Тілдегі болған өзгерістерге әсер еткен сыртқы (экстралингвистикалық) жағдайларды, ірі қалам қайраткерлерінің әдеби тілді дамытудағы орнын көрсетуге тырысады.

“Қазақ әдеби тілі тарихы” атты курс жүйелі түрде тек кейінгі жылдарда (60-жылдардан бастап) ғана оқытыла бастады. Ол әдеби тіл тарихының зерттелуінің кеш қолға алынуымен де байланысты. Қазан төңкерісіне дейін әдеби тіл деген терминнің өзі болмаған. Ал әдеби тіл ұғымы XIX ғ. аяқ кезіндегі мерзімді баспасөзде кездеседі, онда ол “жоғарғы тіл” деп аталған. Ал оны зерттеу деген, ол жайында арнайы еңбек жазу деген болған

емес. Төңкеріске дейін қазақ тілі жайында еңбек жазған орыс түркітанушылары тіл тарихына әдейі бармаған (Н.И. Ильминскийдің хаты).

XX ғасырдағы А. Байтұрсынов сияқты ағартушыларымыз бен тіпті кеңес үкіметінің алғашқы 20-30-жылдарындағы тілші ғалымдарымыз қазақ тілінің әр мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасау, әліппе мен емле, терминология мәселелерінен асып, тіл тарихын зерттеуге мойын бұра алмады. Бұл кезеңнен Қ.Жұбановтың бірер мақаласынан басқа ауыз толтырып айтар еңбекті атай алмаймыз. Соның өзінде “әдеби тіл” емес, “әдебиет тілі” деп атаған. Тек 40-50-жылдардан бастап жекелеген мақала, ал 60-жылдардан былай қарай монографиялық еңбектер жарық көре бастады.

1968 жылы “Қазақ әдеби тілінің тарихы” атты алғашқы оқу құралы жазылды. 1982 жылы пәннің курстық бағдарламасы түзілді. Жоғары оқу орындарында “Қазақ әдеби тілінің тарихы” пәні бойынша қазір пайдаланылып жүрген М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томановтардың “Қазақ әдеби тілінің мәселелері” (Алматы, 1961), М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтердің “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (Алматы, 1968), Р.Сыздықованың “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (Алматы, 1993), С.Исаевтың “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (Алматы, 1996), т.б. оқу құралдарын атауға болады. Бұл пәнге арналып әр жылдары құрастырылған біраз әдістемелік талдаулар, бақылау-пысықтау тапсырмалары да бар: “Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері” (Т.Қордабаев), Х.К.Кәрімов “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (Алматы, 1989), т.б. Бірақ осы кезге дейін басы ашылмаған, даулы мәселелер баршылық. Сондықтан курсты өту үстінде мұндай мәселелерге әдейі тоқтап, әр автордың көзқарасына сын көзімен қарап, оған өз пікірімізді айтуға мәжбүр боламыз.

С.Исаев пен Р.Сыздықованың еңбектерінде әдеби тілдің көне дәуірі бірсыпыра баяндалғанымен, XX ғасырдағы яғни кеңес дәуіріндегі әдеби тіл тарихы қамтылмаған «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (2001) аталатын монографияда бұл дәуір тым ғылыми негізде, өте ауқымды дәрежеде сөз болады. Бұл еңбек студенттердің пайдалануына тым ауыр. Оның үстіне алғашқы оқулық та, соңғы монографиялық еңбек те қазір студенттердің қолына түспей отыр.

Бүгінгі ұсынылып отырған еңбек пәннің типтік оқу бағдарламасына сәйкес «Қазақ әдеби тілінің тарихы» курсынан студенттерге жүйелі білім беруге арналған, авторлардың бірнеше жыл осы пәннен оқыған дәрістерінің негізінде жазылды.

Оқулықтың алғашқы тарауында әдеби тілдің теориялық мәселелері баяндалса, қалған тарауларында ХУ-ХҮІІ, ХҮІІІ, ХІХ, ХХ ғасырлардағы әдеби тіл тарихының өзекті мәселелері яғни әр дәуірдегі қазақ халқының саяси-экономикалық, мәдени жағдайы, әдеби тілді танытатын ауызша және жазбаша нұсқалар және олардың тілдік сипаты сөз болады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша құрастырылған оқу жоспарында “Қазақ әдеби тілінің тарихы” курсына 2 кредит (90 сағат) бөлінген, оның 30 сағаты дәріске, 30 сағаты практикалық сабаққа белгіленген, семестр аяғында – емтихан. Қалған 30 сағаты студенттердің өздігінен істейтін жұмыстарына бөлінген. Студенттер өздік жұмыста берілетін тақырыптар мен тапсырмалар бойынша реферат жазып, ауызша баяндамалар жасауына болады.

Бұл еңбекте қазақ әдеби тілінің алты ғасырлық даму, жетілу жолын қарастырған дәрістер курсы ықшамдалып беріледі.

Әдеби тіліміздің функционалдық стильдер жүйесінің қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар талданады, ірі қалам қайраткерлерінің әдеби тілді дамытудағы орны көрсетіледі.

Оқулық жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне арналған типтік оқу бағдарламасына сәйкестендіріліп құрастырылды.

«Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәні болашақ филолог мамандарға ұлт тілінің ең жоғары даму көрсеткіші – әдеби тілдің жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық–практикалық негізін ұғындырады, әдеби тілді тарихи кезеңдерге бөлу принциптері, қалыптасу негізі, нормалық белгілері сияқты мәселелер көтеріліп, әрбір кезеңге тән зерттелген әдеби тіл үлгілері келтіріледі. (Типтік оқу бағдарламасы. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2007. Б.70-71).

КІРІСПЕ БӨЛІМ

ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

§1 Қазақ әдеби тілінің негізгі белгілері

Әдеби тіл жайында әңгіме болғанда, ең алдымен, сөз болуға тиіс нәрсе – әдеби тіліміздің анықтамасы, оның статусы жайындағы мәселе. Оған кіріспес бұрын, алдымен, тіл білімінде жиі қолданылып жүрген «халық тілі», «ұлт тілі», «сөйлеу немесе ауызекі тіл» деген ұғымдардың мәнін ашып алуымыз керек. Өйткені бұлар «әдеби тіл» деген ұғыммен тығыз байланысты. Сөйте тұра, олардың әрқайсысының өзіне тән айырым белгілері мен ерекшеліктері бар. Мәселен, халық тілі – ру және тайпалардың, тайпа одақтарының басы бірігіп, бір халыққа айналған бір кезеңнен басталатын тіл, ол бара-бара халық ұлтқа айналған кезде ұлттық тіл дәрежесіне жетеді (жалпылама әдебиеттерде қазақ ұлты деп айтыла бермейді, қазақ халқы, қазақтың халықтық тілі деген атау басым). Солай болғандықтан, «халық тілі», «ұлт тілі» деген ұғымдар бүкіл бір халықтың ұлттық тіл байлығын көрсететін жинақтаушы ұғым жалпылама мағынада жұмсалады. Былайша айтқанда, қазақ тілінің барша қоры, жергілікті ерекшеліктері мен профессионализмдер, сөйлеу тілі мен терминдер – осының барлығы халық, ұлт тілінің қазынасы болып есептеледі.

Әдеби тіл осы халық, ұлт тілінің негізінде қалыптасып, сол тілде сөйлейтін барлық қоғам мүшелеріне ортақ болады да, сол халықтың мемлекеттік және барлық қоғамдық өмірінде кеңінен жұмсалады. Сонда халық, ұлт тілі кең дүние де, әдеби тіл соның ішіндегі жүйеге түскен, сұрыпталған түрі.

Халық тілінің екінші бір түрі – сөйлеу тілі. Шын мағынасындағы әдеби тілмен салыстырғанда, сөйлеу немесе ауызекі тіл көркемдік, дәлдік оралымдылығы жағынан сұрыпталмаған, шындалып жетілмеген, олпы-солпы жақтары көп тіл. Сондықтан да орыстың атақты жазушысы А.М.Горький «Деление языка на литературный и народный значит только то, что мы имеем, так сказать, «сырой» язык и обработанный

мастерами» деген болатын ¹.

Ауызекі сөйлеу тілінде бір нәрсенің бірнеше атаумен аталуы да, грамматикалық тұлғалардың қысқартылып, не бұзылып айтылуы да, сөйлемдердің басы аяғына шығып құрылуы да кездесе береді. Ал әдеби тіл ондай еркіндікті көтермейді. Әдеби тіл – белгілі заңдылықтарға сүйенген, әлденеше уақыт солай қалыптасқан, айтылу, жазылу, жұмсалыу нормалары бар тіл. Әдеби тіл жалпыхалықтық тілдің оған енбейтін бөліктерімен (қарапайым (простречие) сөйлеу тілі, диалектизмдер мен кәсіби сөздер, жаргондар мен варваризмдер т.б.) әр түрлі қарым-қатынаста болады. Сөйтіп, ол (әдеби тіл) жалпыхалықтық тілдің бір бөлігі бола отырып, оның екінші бөлігіне қарама-қарсы қатынаста (оппозицияда) болады. Екінші жағынан, ауызекі сөйлеуге қатысты қарапайым сөздер, белгілі бір территорияға байланысты жергілікті тіл ерекшеліктері, арнайы кәсіпке байланысты кәсіби сөздер, халықтың белгілі тобына қатысты жаргондар, бөтен тілден орынсыз кірген варваризмдер, т.б. кейде әдеби тілге еніп, нормаланып, әдеби тілді байытуға да қатысатын кездері болады. Олардың әдеби тілмен қарым-қатынасқа түсетін жері, көбінесе, көркем әдебиет болып келеді (белгілі бір образ жасауда немесе кейіпкерді даралауда, оның сөйлеу ерекшелігін көрсетуде автор әдейі қолданады). Сөйтіп, әдеби тілдің мәнін айқындап, өзіндік белгілерін саралап, оның тарихын зерделеу үшін оның өзіндік ерекшеліктерін анықтап, әдеби тіл деп нені түсінеміз дегенге жауап беруіміз керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тіл білімінде әдеби тіл мен оның тарихын сипаттайтын ғылым саласы орыс тілі білімінің әсерімен, соның үлгісімен кейінірек қалыптасты. Сөз жоқ, кеңестік тәртіп тұсында орыс тіл білімінің жетістіктерін ескермеу, пайдаланбау мүмкін емес еді. Бұл күнде осылардың бәріне, бір жағынан, сыни көзбен қарап, оның өмір шындығына жарасымды жағын ғана алуға, екінші жағынан, тілдік процестің даму, өзгеру тенденциясын объективті түрде тануға мүмкіндік туып отыр. Сөйтіп, орыс тіл білімінде әдеби тіл дегеніміз не, оның басты белгілері қандай деген сұрақтарға жауап беретіндей

¹ Сауранбаев Н. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3-шығы. –Алматы, 1960. –Б.16.

біраздан бері қалыптасқан дәстүрлі тұжырымдар бар. Белгілі тіл маманы О.С.Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігіндегі анықтамаға қарағанда, «Әдеби тіл дегеніміз – белгілі бір қалыпқа түскен, диалектілер мен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда жалпыға бірдей міндетті және «дұрыс» деп қабылданған нормасы бар тіл». Осы анықтаманы негізге ала отырып, орыс әдеби тілінің әр дәуірдегі сипатына келгенде, әр зерттеуші оның басты белгілерін толықтырып не азайтып отырады. Яғни бұдан біз әдеби тіл категориясының тарихи құбылыс екендігін, оның әр кездегі даму дәрежесінің бірдей болмайтындығын, соған сай оның негізгі белгілерінің де құбылып отыратындығын байқаймыз.

Дегенмен орыс тілі тарихын зерттеушілердің арасында әдеби тіл анықтамасына байланысты бірыңғай пікір жоқ. Тіл білімінің, әсіресе, әдеби тілдің көрнекті маманы В.В.Виноградов әдеби тіл статусы туралы нақты бір пікірдің жоктығын осы проблеманың қиындығы мен түбегейлі зерттеліп бітпегендігінен көреді. В.В. Виноградовтың анықтауы бойынша, «әдеби тіл – белгілі бір халықтың, кейде бірнеше халықтың жазба тілі, яғни ресми іс-қағаздардың, мектептегі оқу оқытудың, күнделікті тұрмыстағы жазбаша қарым-қатынастың, ғылымның, баспасөздің, көркем әдебиеттің тілі, сөз арқылы жазбаша, кейде ауызша білдірілетін бүкіл мәдениеттің көрінісі»².

Көптеген зерттеушілер әдеби деген терминнің латынның *literatura* (грекше – грамматиканың баламасы) деген сөзінен шыққандығын желеу етіп, әдеби тілді тек жазумен байланыстыра қарайды. Әдеби тілдің тағы бір белгілі маманы Ф.П.Филин жазудың болуын әдеби тілдің негізгі белгісі ретінде қарайды. Бұдан басқа да пікірлер бар.

Орыс әдеби тілінің қазіргі немесе ұлттық дәуіріне келгенде, көпшілік ғалымдар әдеби тілдің жоғарыда келтірілген анықтамасына (нормалауы, қоғам мүшелеріне ортақтығы, белгілі қалыпқа түсуі) қоса, оның қоғамдық қызметінің әр алуан болып келуін, стильдік тармақтарға ажырауын негізгі белгілер деп таниды. Міне, осы анықтаманы шартты түрде қазақтың қазіргі

² Виноградов В.В. Избранные труды. – М., 1978. – С. 48.

кемелденген әдеби тіліне қолдануға болады және қолданып та жүрміз. Қазақ тіл білімінде де, негізінен, әдеби тілге осы анықтама негіз етіп алынады. Мәселен, М.Б.Балақаев: «Әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғарғы формасы» деп анықтайды³. Оның пайымдауынша, осы белгілер толық кездеспеген жағдайда, тіл өзінің әдеби дәрежесіне көтеріле алмаған тіл болады. Бұдан басқа да пікірлер бар. Мәселен, Қ.Өмірәлиевтің пікірінше, «Тек жалпыхалықтық тіл нормасында туған, онда да халықтың өз кезіндегі саяси-әлеуметтік жағдайларын тақырып етіп, өз кезіндегі қоғамдық ой-сананың көрінісі болған әдеби туындылардың тілі ғана әдеби тіл деген тарихи категорияны жасай алады»⁴. Бұл арада Қ. Өмірәлиев әдеби тілдің өзі емес, көркем әдебиет стилін әңгіме етіп отыр, басқа жазбалар сонда әдеби тілге жатпай ма деген сұрақ туады.

Сөз жоқ, жоғарыда аталған белгілер әдеби тілді айқындауда өте қажетті және басты шарттардың бірі екені даусыз. Алайда бұл белгілердің кейбіреуі әдеби тілдің қазіргі немесе ұлттық дәуіріне тән белгілер, сондықтан олар тіл тарихының барлық кезеңдеріне сай келе бермеуі мүмкін. Егер М.Балақаев көрсеткендей, осы белгілердің толық болмаған жағдайында әдеби тіл болмайды дегенді мойындасақ, онда қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихын әрі дегенде XIX ғасырдың екінші жартысынан, тіпті кеңес дәуірінің де 40-50-жылдарынан бастаған болар едік. Сондықтан жоғарыдағы анықтаманы белгілі дәуірдегі, яғни қазіргі әдеби тілге байланыстыра қарап, оның өткен дәуірлері үшін оны міндетті деп қарау дұрыстыққа келмейтін тәрізді.

Әдеби тілдің анықтамасына стильдік тармақтары бар, жазба әдебиет негізінде қалыптасқан деген қосалқы сипаттарын айтқанда, әдетте жан-жақты дамыған, жетілген тіл есте тұрады. Демек, стильдік тармақтардың болу-болмауы, олардың қазіргі кездегідей айқындалып, сараланып-сараланбауы әдеби тілдің туу

³ Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984. –Б.29.

⁴ Өмірәлиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл. ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1982, №3. –Б.54.

не әлі тұмауының көрсеткіші емес, әдеби тілдің даму қарқыны мен жетілу дәрежесінің межесі, қоғамдық қызметінің шарықтау шегінің көрінісі болу керек. Әр түрлі әдеби тілдерде, олардың әр кезеңдерінде стильдік тармақтардың саны да, саралану, жетілу дәрежесі де біркелкі, бірдей болмауы – заңды құбылыс. Мұндай көзқарастың орыс әдеби тілі тарихын зерттеушілердің арасында да кездесетінін айта келіп, белгілі тіл маманы А. И. Горшков өзінің 1983 ж. шыққан «Орыс әдеби тілінің теориялық негіздері» деп аталатын кітабында былай деп жазады: «...жоғарыда саналған белгілер (тілдің қоғамдық қызметінің әр алуандығы мен стильдік саралануы) тұтастай алғанда қазіргі орыс әдеби тіліне ғана тән, ал оның тарихының өн бойында XI ғасырдан Пушкин дәуіріне дейін олар «толық көлемде» кездеспейді. Осымен байланысты кейбір ғалымдар саналған белгілері бар әдеби тіл жайындағы түсініктің тарихи белгілі кезеңге ғана қатысты екенін ескерудің орнына, әдеби тілдің өзін ұлттық дәуірмен ғана шектеп, ұлттық дәуірге дейін орыс әдеби тілі болған жоқ, тек «жазба тіл» болды дегенді айтады»⁵. Мұны Ф.П.Филин де мойындайды. «Шындығында – деп жазады ол – ұлттық дәуірдегі әдеби тіл мен ұлттық дәуірге дейінгі кезеңдегі әдеби тіл арасында олардың құрылымы жағынан болсын, қоғамдық қызметі жағынан болсын сапалы айырма болады. Әдеби тілдің жоғарыда біз көрсеткен белгілері тұтастай алғанда көне орыс әдеби тіліне және басқа да ертедегі тілдерге сай келе бермейді». Сөйтіп зерттелуіне екі ғасырдай болған орыс тіл білімінде әдеби тіл анықтамасы әлі күнге бір ізге түспей отырған болса, нақтылы зерттеле бастағанына 50-60 жыл ғана уақыт болған қазақ тіл білімінде мұның төңірегіндегі әр түрлі пікір алалығы болуы заңды жағдай деуге болады. Сондықтан белгілі бір кезеңдегі әдеби тіл анықтамасын түзіп, негізгі белгілерін айқындағанда, әр дәуірдегі әдеби тілдің нақтылы мүмкіндігі, қызмет ету аясы, оған жүктелген міндет ескерілуі керек.

Әлбетте, орыс әдеби тілінің тарихын зерттеушілер әдеби тіл дегенді тек жазба тілмен байланыстырып, оның тарихын жазба ескерткіштер сақталған дәуірден бастайды. Бұл жазуы ертерек

⁵ Горшков А.И. Теоретические основы русского литературного языка. –М., 1983. –С.21.

дамыған немесе жазба ескерткіштері ертеден сақталған Батыс Еуропа, орыс тілдері үшін дұрыс та. Айта кету керек, әдеби тілдің тұрақты нормаланып қалыптасуында, сұрыпталып, сымбатталуында, жетілуінде, жанрлық-стильдік тармақтарының орнығып, дамуында, сөз жоқ, жазба әдебиеттің алатын орны ерекше. «Жазба әдебиет арқылы әдеби тілдің икемділігі, ортақтық қасиеті артып, құрылысы жүйелі қалыпқа түседі», «тілге оралымды, жүрекке жылы тиетін» элементтері ұштала түседі. Солай бола тұрса да, әдеби тіл деген ұғымды, бір жағынан, тек жазба әдебиетпен байланыстырып, сол шеңберде ғана қарап, әдеби тілді жазба тілмен балама деп тану, екінші жағынан әдеби тіл тарихын сол халықтың қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени тарихынан бөлек қарау, соның негізінде жазуы жоқ немесе жазуы дамымаған я кеш дамыған халықтың әдеби тілі де жоқ деген үзілді-кесілді пікір айту шындыққа жанасымды бола бермейді. Мұндай пікірдің айтылу себебі, біріншіден, жазба тілдің, жазба әдебиеттің жоғарыда көрсетілгендей, әдеби тілді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, оны ілгері дамытудағы ерекше рөлімен байланысты. Кейбір зерттеушілер жазба әдебиеттің осы рөлін әдеби тілді қалыптастырып, дамытудың бірден-бір жолы ғана деп түсініп, басқа факторларға мән бермейді, әдеби тілді қалыптастыруда белгілі бір орын алатын, оның дамуына себебін тигізетін басқа да құбылыстарды, бәлкім әдеби тілдің мәнін сипаттайтын, анықтайтын қасиетін ескермейді. Екіншіден, әдеби тіл мен жазба тілді тең көрушілік бұл терминнің алғашқы жазу-сызумен байланысты мағынасын ғана негізге алудан туады. Үшіншіден, бұндай пікір әр халықтың әдеби тілін сөз еткенде, олардың өзіндік ерекшеліктерін сол халықтың тарихымен, басынан кешірген саяси-экономикалық жағдайлармен байланысты, мәдени дәрежесінің өркендеуімен, қоғамдық дамуындағы өндіріс амалдарымен байланысты ерекшеліктерін ескермей, барлығын ортақ өлшеммен кесіп-пішуден де туады. Сондықтан да болса керек, Р.А.Будагов дүние жүзіндегі барлық халықтардың әдеби тіліне ортақ болып келетін универсалды схема үлгі жасаудың ғылыми жағынан кемшіліктері былай тұрсын, үлкен зияны бар

екенін көрсетіп, одан зерттеушілерді қатты сақтандырады⁶.

Міне осы тұрғыдан келгенде, мысалы, орыс әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің XVI ғасырдан бері қарайғы тарихын, қалыптасу, даму кезеңдерін т.б. бір қатарға қойып қарауға болмаса керек. Орыстардың орталықтандырылған мемлекеті болды. Ірі өнеркәсіп орталықтары, үлкен қалалары, сонымен бірге іргелі мәдени оқу орындары болды. Кітап бастыру ісі қолға алына бастады. Бері келе осындай орталықтанған мемлекет болу арқасында жалпыхалықтық мемлекеттің басты қасиеттері болып табылатын түрліше институттар мықтап өрістей, дами түсті. Жазба әдебиет халықтың қоғамдық өмірінен берік орын алды. Ал қазақ қауымында мұның бірі де болған жоқ. Қазақ хандықтарын бұл сияқты сипаты бар орталықтанған мемлекет деп айтуға тіпті де болмайды. Ондай дәрежеге қазақ қауымы үш жүздің ханы болды деп жүрген Абылай хан тұсында да жеткен жоқ. Көшпелі халық өндіріс орындарын құрмақ түгіл, отырықшылық өмірге де толық жете алған жоқ. Ірі мәдени, оқу-ағарту орталықтары былай тұрсын, баспа орындары да болған жоқ. XX ғ. басына дейін жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптардың басым көпшілігі Қазан, Орынбор, Уфа, Ташкент сияқты қалалардың баспаханаларында шықты. Жазба мәдениет, шын мәнінде, қоғамның дамуының мәдени құралы бола алмады. Оған себеп, жоғарыда көрсеткеніміздей, біріншіден, баспа орны, баспахана болмады. Екіншіден, шыққан кітаптардың көпшілігі түркі әдеби тіл дәстүрінде жазылып, басқа да түркі халықтарына түсінікті болу жағы көзделді. Үшіншіден, ол жазба әдебиет қалың бұқараға, халыққа жаппай тарала қоймады. Бірақ, осыған қарап, қазан төңкерісінен бұрын қазақ халқының әдебиеті болмаған, сонымен бірге әдеби тілі де қалыптаспаған деген үзілді-кесілді пікір айтуға болмаса керек. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақтың төл әдебиеті (өз кезінде кітап болып басылып шықпаса да немесе авторлардың өз қолдарымен жазылып қалмаса да), әдеби тіл болғандығы бүгінде талас, күмән тудырмайды. Бұқар жырау, Ақтамберді, Жанкісі, Шал, Дулат, Шортанбай, Шернияз, Махамбет тәрізді ақын-жыраулардың көркем туындылары өз кезінде кейінгі ұрпаққа

⁶ Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. –М., 1967. – С.18-19.

жазу, баспа арқылы жетпесе де, олардың жазба әдебиетке тән қасиеттеріне, авторлардың белгілі екеніне қарап, оларды жазба әдебиет өкілдері деп танып жүрміз. Бұл қазір дау туғыза қоймайтын мәселе болды. Осында жазудың қызметін ұрпақтан-ұрпаққа жаттап алып жеткізу үрдісі атқарып отырды. Бұнымыз – қазақ әдебиетінің, оның қалыптасуы, даму тарихының өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, оны қоғамдық өмір өзгерістерімен байланыста қарағанымыз болып табылады. Өйткені «хат білмейтін немесе хат білушілері өте аз көшпелі қазақ елінде өлең, жыр сақтаудың одан басқа жолы жоқ еді»⁷.

Әдеби тілді тек жазба тіл деп тану жазу мәдениетінің тарихы ғасырлап саналатын не жазба ескерткіштері мол сақталған Батыс Еуропа, орыс және кейбір Шығыс елдері үшін дұрыс та шығар. Ал белгілі тарихи себептермен жазба ескерткіштері аз болған, болғандардың өзі сақталмаған немесе жазба туындыларды көшіріп тарату үрдісі кең етек алмаған халықтар үшін бұл үдеріс дұрыс болмауы мүмкін. Сондықтан бірсыпыра тіл зерттеушілері жазудың, жазба нұсқалардың болуын тілдің әдебилігін танытатын бірден бір шарт деп қарамайды. Мәселен, М.М.Гухман мен Н.Н.Семенюк өздерінің «Әдеби тілдер мен олардың тарихын зерттеудің кейбір принциптері» деген мақаласында жазу жүйесінің қалыптасуы әдеби тілдің қолданылуы мен қоғамдық қызметінің артуына белгілі дәрежеде ықпал ететінін көрсете келіп, бірақ жазба әдебиеттің болуын әдеби тілді айқындайтын міндетті түрдегі басты белгілердің қатарына қоспайды.

Мұндай көзқарасты қазақ әдеби тілі мамандарының ішінен де кездестіруге болады. Мәселен, академик Н.Т. Сауранбаев алғашқы зерттеулерінде «әдеби тіл – жазба тіл» деген концепцияны басшылыққа алып келсе, кейін өмірінің соңғы кезеңінде жазған «Қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы» деген программалық еңбегінде: «әдеби тілді жазумен ғана байланыстырып, оны тек кітаби, жазба тіл деп анықтаушылық орта ғасырлардағы әдебиетпен байланысты шыққан. Мұндай түсінік, әрине ескірген, теріс түсінік» деп көрсеткен болатын.

⁷ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдебиеті. –Алматы, 1967. –Б.17.

Р.Сыздықова да жазуды әдеби тілдің шартты белгісі деп қарайтын ғалымдардың пікіріне қосылмайды.

«Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығының авторы С.М.Исаев та «тілдің жазба түрінің әдебиеліктің бірден-бір негізгі критеріі бола алмайтындығын» айта келіп, әдеби тілдің «ауызша және жазбаша түрі – олардың тек өмір сүру формалары ғана», - деп көрсетеді.

Сөйтіп қазақ топырағында ұлттық әдеби тіл қалыптасқанға дейін де әдеби тіл болған және біреу емес, екі әдеби тіл болған, оның бірі – жазба әдеби тіл де, екіншісі – ауызша әдеби тіл.

Қазақ зиялылары пайдаланған жазба әдеби тіліміз орта азиялық түркі әдеби тілі (немесе оны шағатай әдеби тілі деп те атайды) дәстүрін мықтап сақтаған, өз кезіндегі сауатты қауымға ортақ нормалары бар, белгілі дәрежеде қоғамдық қызмет атқарған тіл еді, яғни былайша айтқанда, ортаазиялық түркі әдеби тілінің «қазақтық варианты» іспеттес болды, бұл тіл қазақ халқы қалыптасқан XV-XVI ғасырлардан бастап, күні кешеге дейін яғни XIX ғ. екінші жартысына дейін өмір сүріп келді. Бұл тілде әр түрлі ресми құжаттар, шежіре аталған тарихи шығармалар, эпистолярлық нұсқалар жазылды.

Қазақтар өз алдына дербес халық болып құралған тұстан кейінгі 3-4 ғасыр бойында белгілі объективті себептерге байланысты (жаугершілік соғыс, негізгі күнелтісінің малмен байланыстылығы т.б.) көшпенді өмір кешіп келді. Қоғам өмірінің осы бір ерекшелігі жазба тілден гөрі ауызша әдеби тілдің дамуына ерекше жағдай жасады. Өйткені көшпелі өмірдің өзі жазба әдеби тіл атқаратын қызметтердің көпшілігін ауызша әдеби тілге жүктеп, оның қоғамдағы рөлін, қолданыс ауқымын кеңейтті. Осы дәуірлерде көркем шығармалар ауызша туып, ауызша тарайды, публицистикалық стильдің алғашқы көрінісі – шешендік сөздер, билік шешімдер ауызша айтылады, тіпті дипломатиялық қатынастар мен тұрмыстық қажеттіліктерде де ауызша әдеби тіл үстемдік алды. Ауызша әдеби тіл де белгілі дәрежеде нормаланған, халық мұқтажын өтейтіндей әлеуметтік қызмет атқарған, қазақ халқын құраған ру, тайпа диалектілерінен жоғары тұрған, өңделген, сұрыпталған тіл еді. Бұл тілдің үлгісін біз XV-XVIII ғ. өмір сүріп, өз аттарынан өлмес туындыларын қалдырған ақын-жыраулар шығармаларынан көреміз, атақты билердің ел

жадында сақталған шешендік сөздерінен, тұрмыс-салт жырларынан табамыз.

Тарихта жазба әдеби тілінен ауызша әдеби тілі басым дамыған жұрт жалғыз қазақ халқы болмаса керек. Ауызша әдеби тіл атауын қазіргі әдеби тіліміздің жазбаша және ауызша варианттарымен шатастырмау керек. Соңғысы, яғни әдеби тілдің ауызша варианты деп отырғанымыз – лектордың, баяндамашының, үгітшінің, оқушы-оқытушының т.б. сөйлеу тілі, бұл тіл көбінесе, жазба әдеби тіл нормасынан алшақ кетпейді, дегенмен айырмашылығы да болады.

Жоғарыда берілген анықтамадағы «стильдік тармақтары бар» деген әдеби тілдің екінші бір белгісі басты критерий бола алмайды. Ең алдымен, мұның өзінде үлкен шарттылық бар. Қазіргі дамыған әдеби тілде неше стильдік тармақ бар екенін ешбір даусыз, талассыз айта қою қиын-ақ, өйткені оның саны, төменде арнаулы тақырыптағы талдауда көрінетіндей, әр еңбекте әр түрлі болып беріледі. Екіншіден, халықтың белгілі кезеңіндегі тілін осы стильдік белгісі жағынан әдеби деп тану үшін сол стильдік тармақтар түрінің кем дегенде нешеуі қажет деген сұраққа да дәл жауап беру қиын. Сондықтан әдеби тілдің белгілі стильдік тармақтарға бөліну қасиеті тілдің әдебилік межесі болудан гөрі, тілдің даму қарқыны мен дәрежесі, қоғамдық қызметінің өлшемі сияқты көрсеткіштер болса керек, өйткені халықтың белгілі кезеңдегі әдеби тілі бір ғана стильдік тармақ шеңберінде де өмір сүруі мүмкін. Осыдан байқалатындай, әдеби тілге анықтама көбіне-көп оның кейінгі жан-жақты дамыған қазіргі күйін негізге алып беріліп, әдебиліктің белгісі сол сипаттары негізінде айқындалып, әдебилік қасиеті мен даму дәрежесі айқындалып, әдебиліктің негізгі мәні көлеңкеде қалып келеді.

Бұл тұста Р.Ф.Сыздықованың әдеби тілдің басты белгілерін айқындауына назар аударма кетейік: «Әдеби тілдің ең басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы – бұл бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс. Бұл – екінші меже. Әр нәрсенің, әр құбылыстың заты (мән-мәнісі, табиғаты) салыстыру арқылы, өзге нәрселердің, өзге құбылыстардың қарама-

қарсысына қою арқылы таныла түседі. Әдеби тілді тану үшін оған қарама-қарсы қойылатын құбылыс – ауызекі сөйлеу тілі. Бұл тілді әдеби деп тануға қажет үшінші шарт. Әдеби тіл – қоғамның қолдану практикасында сыннан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл – төртінші сипаты. Осы белгілерді нысанаға алып қарасак, қазақтың тіліне «әдеби» деген атрибут – сапаны ұлттық дәуірге дейін де беруге болатын мотивтер бар»⁸.

Сөз жоқ, бұлар – әдеби тілге тән нақты сапалық белгілер. Бұл белгілерді ескерусіз қалдырып, әдеби тілдің сипатын, мәнін ашуға тіпті де болмайды. Дегенмен, әдеби тіл белгілі халықтың белгілі дәуір кезеңдеріндегі қоғамдық құбылысы екені, ол тілдің сол халық мәдениетінің жасалу құралы, соны жеткізудің қоғамдық көрінісі, сондай шығармашылық әдебиет туындыларының жасалу амалының көрінісі болуын баса көрсеткен жөн.

Сонымен, қорыта айтсақ, дүние жүзіндегі барлық әдеби тіл атаулыға бірдей, сондай-ақ әдеби тілдің барлық кезеңіне ортақ әмбебап анықтама болмайды екен. Ал белгілі бір кезеңдегі әдеби тілдің анықтамасын түзіп, негізгі белгілерін айқындағанда, әр дәуірдегі әдеби тілдің нақтылы мүмкіндігі, қызмет ету аясы, оған жүктелген міндет, өмір сүру формасы ескерілуі керек. Дегенмен, әдеби тіл дегеніміз қандай тіл дегенде, негізінен, оның 3 қасиетін баса көрсеткен жөн. Біріншіден, жергілікті диалектілер мен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда жалпы қауым «дұрыс» деп тапқан нормасының болуы. Екіншіден, сол нормалардың қоғам мүшелерінің бәріне бірдей міндеттілігі; үшіншіден, оның қоғамды ұйымдастырушылық яғни қоғамның рухани, мәдени қажетін өтей алатындай әлеуметтік қызмет атқаруы. Ал қалған белгілерді әдеби тілдің даму дәрежесіне қарай бірде қосып, бірде алып отыруға болатын тәрізді.

§ 2 Әдеби тілдің жалпыхалықтық тілмен арақатынасы

Әдеби тіл қашан және қалай қалыптасқанына қарамастан,

⁸ Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1984. –Б.12.

жалпыхалықтық тілдің сұрыпталған, сымбатталған түрі болып табылады да, сол жалпыхалықтық тілдің бір құрамы ретінде өмір сүріп отырса, екінші жағынан, жалпыхалықтық тілдің әдеби тілге енбейтін бөліктерімен әр түрлі қарым-қатынаста болады. Сондықтан да әдеби тілдің жалпыхалықтық тілмен қарым-қатынасы, одан алатын орны, әр кез, әр кезеңде бірдей, біркелкі болмақ емес, өзгеріп, дамып, құбылып та отырады.

Жалпыхалықтық тіл өзі қызмет ететін халық өкілдерінің арасындағы қатынас құралы ретінде қоғамдық өмірде оның рухани байлығын жарыққа шығаруда, сондай-ақ белгілі территорияға ғана, кәсіпке, іс-әрекетке ғана байланысты аздаған адамдар арасында, тұрмыста да өмір сүре алады, қызмет ете алады. Ал әдеби тіл – оның өңделіп, сұрыпталып, нормалану қасиетін басынан өткізген ең жоғарғы формасы. Сондықтан да оны «мәдени өрлеудің, қоғамның барлық іс-әрекетінің, ғылымның, техниканың, экономиканың, саясаттың, оқу-ағарту, мәдени жұмыстардың құралы» деп танып жүр.

Халықтық қасиеті бар әдеби тіл сол халықтың тілінің негізінде жасалады да, сол тілмен үнемі тығыз қарым-қатынаста болады: сөйлеу тілінің байлығы мен мүмкіншіліктерін үнемі сұрыптап, таңдап-талғап, елеп-екшеп пайдалану арқылы дамиды. Сөйлеу тілі көбінесе әдеби тіл нормаларын қабылдап, оларды бойына сіңіре, шыңдала түседі.

Халық тілінің екінші бір бөлігі болып табылатын ауызекі сөйлеуге байланысты қарапайым сөздер, белгілі бір территорияға байланысты жергілікті тіл ерекшеліктері, арнайы кәсіпке байланысты белгілі мөлшердегі адамдарға ғана түсінікті кәсіби сөздер, халықтың белгілі тобына ғана қатысты жаргондар, жөнсіз қолданылған бөтен тілден енген кірме сөздер – варваризмдер т.б. әдеби тілге қарама-қайшы құбылыс болып келсе де, олардың қоғамдық өмірде жарыса өмір сүруіне толық мүмкіндігі бар, кейде тіпті олар әдеби тілге еніп, нормаланып, әдеби тілді байытуға қатысып, жалпыхалықтық көрініс алатын орны – көбіне-көп көркем шығарма. Көркем шығарма тілінде қарапайым сөздер де, диалектілік ерекшеліктер де, кәсіби сөздер де, жаргондар мен варваризмдер де жиі кездесіп отырады. Әсіресе, кейіпкер тілінде орынды қолданылған ондай тілдік элементтер көркем туындының нәрін келтіріп, оған образдық мән беріп

тұрады. Сөйтіп көркем шығарма тілі, бір жағынан, тілдік нормаларды қалыптастырып, тұрақтандырып отырса, екінші жағынан, ол нормадан ауытқуға, жаңа норма жасауға да мұрындық болып, әдеби тілдің үнемі дамып, өзгеріп отыруына әсер етеді. Көркем шығарма тілінде тек көркем стильге жататын тілдік элементтер ғана емес, әдеби тіл нормасы шеңберінен шығып кететін тілдік элементтер де кездеседі. Әрине, ондайда көркем шығарма тілі бірде әдеби тіл көрсеткіші болып, енді бірде әдеби тіл нормасынан тыс қарапайым сөйлеу тілінің көрсеткіші я жергілікті тіл ерекшеліктерінің көрсеткіші болып құбылып отырмайды. Бұлар көркем шығарма тілінің айналымына түсісімен әрқайсысы жеке дара өмір сүрмей, жаңа тілдік қарым-қатынас жүйесіне бағынып, негізгі көркем стильдің икеміне түсіп, соның көлеңкесінде көркемдік мәнге ие болуға жұмылады. Бұл жалпыхалықтық тілдің әдеби тіл нормасына енбейтін, оған қарама-қайшы бөлігінің қолданылуының бір жағы. Екіншісі – ондай тілдік элементтерді авторлық баяндауда қолдану мәселесі жайында.

Көркем сөз шеберлерінің көпшілігі-ақ өз шығармаларында көпшілік қауымға түсінікті бола бермейтін, белгілі ғана территорияда жұмсалатын тілдік үлгілерді қолдануға құмар. Әрине, ондай қолданыстардың дұрыс-бұрысын байыбына барып қана айтуға болады. Өйткені ондай тілдік қолданыстар әдеби тілде баламасы бар, тек жазушының өзі ғана білетіндіктен, жазушы туған ауылда жұмсалатындықтан ғана болып отыр ма, болмаса ол білдіретін мән, мағыналық нюанс әдеби тілде жоқ, сондықтан белгілі стильдік мақсатпен жұмсалып, мағыналық жүк көтеріп тұр ма – осы жағы мұқият тексерілуі керек.

Ш. Сарыбаев: «Бұрын говор белгілі бір аймақ шеңберінде ғана қолданылып, кейін жазушы, әсіресе журналистердің жиі-жиі қолданылуы арқасында, олардың сөз уағыздаудағы игі еңбектерінің нәтижесінде тар шеңберден шығып, әдеби тіл деңгейіне дейін көтерілген, жалпыхалықтық қолданыс дәрежесіне жеткен *дақыл, бағбан, мұрап, дуал, шабандоз, атыз, арасан суы, дәліз, асар* сияқты сөздеріміз аз емес», - деп көрсетеді. Тағы да осы көркем шығармалар арқылы жаргон деп танылып жүрген *құлап қалу* (емтиханда), *телик* (телевизор), *жатақ* (жатақхана), *ақмағанбет* (арак), *аққайнар* (шампан) т.б. сияқтылар әдеби

тілдің игілігіне айналып бара жатқан тәрізді. Бірақ өкінішке қарай, кейбір қаламгерлер диалектизмді, қарапайым сөздерді, жаргон, варваризмдерді авторлық баяндауда жұмсауда бұндай өреден шыға алмай жүр. Ол жайында тілші ғалымдардың еңбектерінде кейбір жазушының шығармасы сыналып та жүр⁹. Ш.Сарыбаев жоғарыда аталған мақаласында газет-журналдар тілінде, жеке жазушылар шығармасында қолданылған мына сияқты жергілікті тіл ерекшеліктерін: *сәл нәстеге күйіп-нісіп* (сәл нәрсеге), *түн жарасында* (түн жартысында, жарымында), *үйдің егесі* (үйдің иесі), *қажетіңе жарататындай шаруа шығып жатырса* (жатса) *сатармыз, сені көргісі жоқ, үйден кеткем жоқ, мүлде сенгісі жоқ, көз алдында ұстап тұрғысы бар, терең үңілгім бар* т.б. көрсете келіп, «кейбір жазушы, журналистер «халық тілінің сөз байлығын сарқа пайдалану» дегенді өздерінше түсінетін сияқты. Олар әдеби тілдің нормасымен санаспай, өзінің жастайынан үйреніп, құлағына сіңіп қалған аймақтық сөздерді әдеби тілге енгізгісі келеді. Одан әдеби тіліміз ұтылмаса, ұтпайды. Мұндай ерекшеліктер әдеби тілімізді шұбарлайды, шығарманың түсініктілігін қиындатады, әдеби тіліміздің нормасына нұқсан келтіреді», - деп ашық айтады (Сонда).

Осының өзінен әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің басқа түрлері әр түрлі қарым-қатынаста болатынын, бірде олар әдеби тілге ауыс-түйіс жасап, әдеби тілдің қажетін өтеп, оны байыта түсуге себін тигізіп отырса, енді бірде әдеби тілдің тазалығына нұқсан келтіреді, енді бірде әдеби тілдің көркем қасиетін тануда салыстыру материалы орнына да жүреді.

§ 3 Әдеби тілдің қызметі

Әдеби тілдің қоғамдағы басты қызметі – адамдар арасындағы қатынас құралы болу. Сондықтан жалпы тілге тән қасиет – коммуникативтік қызмет – әдеби тілге де тән. Әдеби тіл арқылы айтушының ойын, пікірін ұғамыз, сұрағанға жауап

⁹ Сарыбаев Ш.Ш. 1920-30 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер // (мерзімді баспасөз материалдары негізінде) //Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. -Алматы, 1963. -Б.19.

береміз. Әдеби тіл арқылы өз көзімізбен көрмеген оқиға туралы мағлұмат аламыз. Мысалы, әр түрлі ауыз әдебиетінің нұсқаларын, кейінгі кезде нақтылы тарихи деректерді зерттеу негізінде жазылған тарихи еңбектерді, көркем туындыларды оқу арқылы халқымыздың өткен ғасырлардағы бастан кешірген тарихи өмірін, экономикалық жағдайларын біліп, оларды көз алдымызға елестете аламыз. Былайша айтқанда, пікір алысу, ой жеткізу, адамдардың бір-бірімен қатынасы, пікір алысуы, ой ұғысуы, яғни адамдар арасындағы коммуникативтік қатынас жалғыз әдеби тіл арқылы ғана, соның шеңберінде ғана жүзеге асып қоймайды. Адамдар арасындағы қатынас құралының бірден-бір көрінісі әдеби тіл ғана емес, жалпы тіл атаулы ол қызметті атқара алады. Тіпті тілден басқа да құбылыстар адамдар арасындағы қатынас қызметін, коммуникативтік қызметті атқара алады. Мысалы, Морзе азбукасы, әр түрлі шартты белгілер мен таңбалар, математикалық таңба белгілер, көше қозғалысына байланысты таңбалар т.б. белгілі бір ұғымды, атауды, құбылысты білдіру үшін жұмсалады. Алайда бұған қарап, тілмен әр түрлі белгілердің коммуникативтік қызметі бір екен деп түсінуге болмайды. Бұлардың басты айырмашылығы олардың құрылым, құрамында болып табылады. Таңбалар жеке ұғымдардың (тілдік жағынан қарағанда жеке сөздердің, тіркес оралымдардың) шартты белгілері ғана. Таңбалар арасында грамматикалық байланыс болмайды. Мысалы «sos» деген белгіні апатқа ұшырадық, «қатерге тап болдық», «қатерден құтқарындар», «көмекке шақырамыз» т.б. тілдік тұлғалар арқылы бейнелеуге болады. Бұл белгінің негізгі қызметі қайткенде де қатерге ұшырағанды жеткізу. Сондықтан мұнда тілдік жүйелі құрылым сақталмайды.

Ойды білдірудің ең кіші тілдік бірлігі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматикалық байланысқа түскен сөздерден тұрады. Онда (сөйлемде) жүйелі құрылым болады. Міне, осындай қасиеттерінің арқасында тілдің коммуникативтік қызметінен өзгешеленеді.

Ойдың жүйелі, нақтылы болуы, оқушыға я тыңдаушыға дұрыс жетуі сөйлеу құрамында қолданылған сөздердің лексика-семантикалық байланысу ерекшеліктерімен тығыз байланысты екені мәлім. Бұл – әдеби тіл нормалылығының бір талабы.

Сонымен бірге сөйлем білдіретін ой жүйелілігі, түсініктілігі, нақтылығы сөйлем ішіндегі сөздердің дұрыс орын тәртібіне де байланысты.

Әдеби тіл коммуникативтік қызмет атқарумен ғана шектеліп қоймайды. Әдеби тіл арқылы бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, оқушының сезіміне әсер етуге де болады, ол әдеби тілдің екінші экспрессивтік-эстетикалық қызметі болып саналады. Әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі көркем шығарма тілінен анық байқалып, образды ой білдірумен астасып жатады. Көркем шығармадағы әдеби тілдің эстетикалық қызметі оның коммуникативтік қызметіне негізделеді де, олар тұтасып келіп бірлікте көрінеді. Жазушының тіл шеберлігі, суреттеп отырған құбылысты өзінің шығармашылық лабораториясынан өткізудің көркемдік өрісі осы тұста байқалады.

§ 4 Әдеби тілдің нормалары

Тілдің әдебилілігі, сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы сол тілдің орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге аспақ.

Ол нормалар – бір күннің, бір жылдың ғана жемісі емес, тілдің даму барысындағы көптеген ғасырлардың жемісі. Тілдің оралымдылығы, әсерлілігі тәжірибеде тілдік материал арқылы көрінеді, сол материалдан белгілі тәсіл арқылы жасалады, міне, сондай тілдік материалдардың және тәсілдердің жиынтығы әдеби тілдің нормасы болып саналады. Екінші сөзбен айтқанда, әдеби тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стильдік нормалары болуы тиіс.

Тілдік нормалар қоғам мүддесіне негізделгендіктен, олар жалпы халыққа бірдей түсінікті, тілге жатық, көңілге қонымды болуға тиіс. Қарым-қатынас жасауды қиындататын, түсініксіз не түсінігі қиын тіл фактілерінің бәрі – нормадан тыс нәрселер. Мәселен, *түйені жүндеді деудің орнына түйенің жүнін қырықты не жүнін жұлды, қиды, жүзікті шынашағына салды деудің орнына жүзікті шынашағына тықты* десе, әрине, бұларды сөздерді орынсыз қолданудан туған стильдік қате дер едік. Не

болмаса, біреу орысша-қазақша араластырып, былықтырып сөйлесе, я болмаса бір сөзді *кітап, китап* деп жазу нормасын бұзып, түрліше қате жазса, ол сол кісінің жазу мәдениетінің төмен екенін көрсетеді.

Тілдік норманың бірқатары келісіп пәтуаласу арқылы жасалса, енді бір қатары баспасөз бетінде тіл байлықтарын тыңдап-талғау арқылы жасалады. Олай болса, ауызекі тілде бар дүниенің бәрі бірдей тіл қазынасы болып есептелмейді, оның одан тыс жатқандары да болады. Егер соларды білмей, ескермей, әйтеуір ел аузындағының барлығын әлбетте қолдана берсек, ол әдеби тілді байыту болмайды, ыбырсыту, шұбарлау болады.

Сөздердің айтылуы мен жазылу нормасы екі түрлі болады. Дұрысында *торы ала ат, балаға ұқсап, айта көр* дегендердің осы жобаларындай етіп айту да, *торалат, балағұсап, айтагөр* деп айтылуындай етіп жазылу да нормаға жатпайды. Оның себебі – сөздердің айтылу нормасы мен жазылу нормасы әр уақытта бірдей болмайды. Қазақ тілінің үндестік заңы, ассимиляция, диссимиляция заңы, тағы басқа дыбыс заңдылықтары тіліміздің орфоэпиялық нормасын жасайды. Оны бұзып сөйлеу – тілдің дыбыстық заңын бұзу болады. Бұл – бір. Екіншіден, жеке сөздердің, сөз тіркестерінің айтылу дәстүрі бар. Оны елемей, оларды әркім өзінше бұзып не екпінін өзгертіп айтуға болмайды.

Тілдік норма деп тіл фактілерінің әдебиетте сараланып жалпыға бірдей қолданылып, кең тараған қалпын айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда, тілде былай да былай қолданыла беретін дублеттік формалардың қайсысы әдеби, қайсысы әдеби емес екендігін айқындау қиындық туғызады. Мәселен: *диірмен-тиірмен, және-жана, зала-зарар, гашық-ашық, қазір-кәзір, жоңышқа-жоңырышқа, жиырмасыншы-жиырманышы, домалақ-томалақ, қызылша-қылша, жүз-дүз, ырза-риза-разы*. Әрине, бұлардың алдыңғылары әдеби тілдік нормалар да, соңғылары ауызекі тілде айтыла жүріп, бара-бара қолданудан мүлдем қалып қоюы ықтимал. Немесе бір заттың бірнеше атаумен аталуы (мысалы: *шелек, бақыр, бедре, қылдыбақар; сіріңке, оттық, күкірт, шырпы, спичка*) жиі кездеседі. Мұның қайсысы әдеби? Бұлардың да біреуін әдеби тілдік етіп, қалғандарын басқа стильдік мағынада қолдану қажет. Жалпы тіл мағыналары жағынан ешбір айырмасы жоқ абсолюттік синоним, дублеттердің

қатар жүруін көтермейді.

Қазіргі әдеби тілімізде *ілім-ғылым, уақиға-оқиға, өкімет-үкімет, өкім-үкім, ауа-әуе* сияқты сараланған параллель сөздер бар. Бұлардың бәрі о баста бір мағынада, бірінің орнынан бірі жүре беретін еді, кейін дифференцияланып, қазір әрқайсысы өз алдына жеке мағынаға ие болып кетті.

Жазба тіл нормаларына қарағанда сөйлеу тілінде сөз тұлғалары өзгеріске жиі ұшырап отырады. Әсіресе, сөз тұлғалары мүжіліп, апшып, дыбыстық деформацияға ұшырайды. Мысалы, *алып кел - әкел, алып бер - әпер, барамын - барам, келгенге шейін - келгенше, бұл күн - бүгін, келгеннен соң - келген соң - келгесін* т.т. тілдің даму барысында жазба тіл ондай өзгерістердің кейбірін қабылдап, әдеби нормаға айналдырады, кейбірін қабылдамайды. Әдеби тілдің орфографиялық нормаларын жетілдіре түсуде көркем әдебиеттің, газет-журналдың, оқу-ағарту ісінің орны ерекше. Бұл істе емле ережелерінің, орфографиялық сөздік сияқты құралдардың атқаратын қызметі зор. Сол сияқты орфоэпиялық нормаларды қалыптастырып, тұрақтандырып, жетілдіре түсуде театрдың, радио, теледидар арқылы жүргізілетін ана тіліндегі хабарлардың, жиналыс, кеңес т.б. жиындарды мемлекеттік тілде өткізудің маңызы ерекше. Соңғы кезде мектептерде мәнерлеп, көркемдеп оқытудың жеке пән ретінде бағдарламаға кіруі бұл іске мән берудің салдары болса керек.

Әдеби тілдің қарқынды дамыған шағында, жазу, сөйлеу мәдениетінің толысқан шағында оның орфографиялық және орфоэпиялық нормалары жеке-жеке қалыптасады. Ол нормалар тілдің өзіндік ерекшелігіне, жазу дәстүрінің көнелігіне, жазуда қандай принципті негізге алуына байланысты бір-бірінен алшақ немесе жақын бола береді. Қоғамдық өзгерістердің әсерімен тілдің даму барысында қалыптасқан нормалар негізін сақтап, кейбір жекелеген өзгерістерге ғана түсуі мүмкін. Әсіресе, елдің жаппай сауаттанған кезінде жазу дәстүрінің орфоэпиялық нормаға тигізер әсері мол болып келеді. Жазу дәстүрі ертеде қалыптасқан тілдердің орфоэпиялық, орфографиялық нормалары тұрақты болады. Бұдан, әрине әдеби тіл нормалары ешбір өзгеріске түспейді екен деген ұғым тумасқа керек. Әдеби тілдің нормалары да қоғамдық өмірге, оның өзгерістеріне сай өзгеріп, дамып отырады. Бір кезеңдегі нормалар кейінгі кезеңде норма

болмай қалуы, жаңа нормалар қалыптасуы мүмкін. Мысалы, бір дәуірдегі қазақтың әдеби тілінде *болыс, старшын, әмеңгер, шар салу, құн төлеу, ұрын бару* сияқты сөздер мен сөз тіркестері норма болса, қазір олар күнделікті қолданыстан шығып қалды, керісінше, *депутат, дауыс, беру, гарышкер, оқырман, аялдама, тоңазытқыш* сияқты сөздер нормаға айналды. Сол сияқты революцияға дейінгі баспасөзде шығыс септігін жазба тілде *бірлән, илән, мынан* түрінде жазу норма болса, қазір ол нормадан тыс *тұрған, тұғын, тын*. Немесе емледе орыс сөздерін бұзбай жазу норма болса, қазір ол норма бұзыла бастады. Осыдан барып әдеби тіл мен оның нормалары арасында екі жақты диалектикалық байланыс бар екенін көреміз. Атап айтқанда, әдеби тіл, бір жағынан, қалыптасқан нормаларын бұзбай, қатаң сақтап отырса, екінші жағынан, тілдің даму барысында жекелеген нормалар әдеби тіл шеңберінен шығып қалып, жаңа нормалардың пайда болуына әсер етіп, әрдайым қайшылықта келіп отырады. Әрине, ондай ауытқулар жөнсіз, қалай болса солай емес, белгілі шекті болады. Оны бұзушының интуициясы көпшілік оқырман сезіміне жағымды әсер етсе ғана ол ауытқу сәтті, қажеттіліктен туған болып табылады.

§ 5 Әдеби тілдің стильдік жүйесі

Әдеби тілдің, әсіресе, оның жазба түрінің жетілген шағында қоғамдық қызметі артып, жұмсалы аясы кеңейе түседі. Ол өзі қызмет етіп отырған қоғамның ресми тіліне айналып, оның өмірінің барлық саласында қолданылады, ресми-іс қағаздарының, көркем әдебиеттің, баспасөздің, оқу-ағарту жұмысының, ғылымның тілі болып қызмет атқарады. Әдебиеттің әр түрлі жанрлық түрлерінің тууына орай олардың әрқайсысының өзіндік тіл өрнектері қалыптаса бастайды. Тілдің стильдік саралануы дегеніміз де, міне, осы. Сөйтіп, стиль дегеніміз өмірдің белгілі бір саласында қарым-қатынастың мақсатына қарай таңдап, талғап алынған сөздердің, сөз тіркестерінің, басқа да тілдік тәсілдердің жиынтығы деуге болды. Дегенмен стильдің үш түрі бар:

- 1) функционалдық немесе тілдік стиль
- 2) жазушының өзіндік сөз саптау стилі
- 3) көркемдеу тәсілдерінің немесе экспрессивті әсер ету

жағынан бөлінетін стиль.

Сөйлеу тілінде де стильдердің түрлері бар (шешендік, әңгімелесу, хат стилі т.т.).

Біздің қарастыратынымыз – функционалдық стиль. Функционалдық стильдің өзін орыс тіл білімінде әр автор әр түрлі бөледі. Мәселен, А.Н. Гвоздев ресми стиль, көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми-көпшілік әдебиет стилі деп 4-ке бөлсе, А.Н.Ефимов осыған қоса профессионалды-техникалық стиль, эпистолярлық стиль деп 6-ға жеткізеді. Р.А. Будагов екіге ғана бөледі: көркем стиль және ғылыми баяндау стилі.

Қазақ әдеби тілін зерттеушілердің арасында, негізінен, стильді 4-ке бөліп қарау қалыптасқан. Олар: көркем әдебиет стилі, газет-журнал стилі, ғылыми әдебиеттер стилі, ресми іс қағаздар стилі (М.Балақаев бұған оқу-педагогикалық стилін қосады).

«Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген оқулығында С.Исаев әдеби тілдің 3 түрлі стильдік тармағын көрсетеді, олар: көркем стиль, ресми стиль, бейтарап (нейтралды) стиль¹⁰.

Функционалдық стильдерді бұлай топтастыру тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметімен тығыз байланысты. Ондай қызметтер қарым-қатынас (ауызекі сөйлеу тілі), хабар, ақпарат беру (ресми және ғылыми стиль) ықпал ету, әсер беру (публицистика мен көркем әдебиет стилі) мақсаттарымен тығыз байланысты.

Әрбір тілдік стильдің пайда болып, қалыптасуы әдеби тілді байытады, жаңа сөздермен синтаксистік конструкциялардың өмірге келуіне жағдай жасайды, кейбір грамматикалық тұлғалардың тұрақталуына, ал кейбіреуінің жоғалуына септігін тигізеді.

Әдеби тіл стилінің бір түрінде, мысалы, көркем шығармада көп мағыналы қасиеті бар, экспрессивті мәні бар тілдік элементтер көбірек қолданылса, екінші түрінде, мәселен ғылыми әдебиетте, керісінше, мағынасы екіұшты емес, нақтылы мағынасы бар тілдік элементтер жүйесі қолданылып отырады. Мұндай саралану әдебиет тілінің грамматикалық құрылысынан

¹⁰ Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1989. –Б.21.

да, сөз тудыру жүйесінен де көрініп отырады.

Көркем шығарма стилі әр түрлі көркемдік тәсілдерді, көркем образдар жасауды мақсат етеді. Көркем әдебиет тілін әдеби тілдің бір саласы деп қарағанда, оның ішінде қолданылатын барлық сөздерді, синтаксистік құбылыстарды түгелдей әдеби тілге тән құбылыстар деген ұғым тумауға тиіс. Көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктерінің бірі – онда жалпы халық тілінде кездесетін фактілердің барлығын да керектілігіне қарай қолдана беруге болатындығы. Сондықтан көркем әдебиет туындыларында әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де, неологизмдер мен варваризмдер де кездесуі ықтимал. Көркем әдебиет тілі өзінің даму барысында жалпы әдеби тілге ықпалын тигізіп, оның құрамында жаңа сөздер мен сөз орамдарының қалыптасуына, белгілі бір стильдік заңдылықтардың тууына үлкен әсер етіп отырады. Қазіргі әдеби тілімізден бұған көп мысал келтіруге болар еді. Мысалы *асау жүрек, үріп ауызға салғандай, жұлдыздар жымың қағады* тәрізді сөз оралымдары тек қана көркем әдебиет аясында пайда болып, сол арқылы әдеби тіл нормасына айналды. *Қара алтын, ақ алтын* сияқтылар қазір публицистикада көп қолданылады.

Қазақ әдеби тілінің о бастағы дамуы халықтық поэзия үлгісінде болғаны ешбір дау туғызбасқа тиіс. Онан кейінгі дәуірлерде, жазба проза шыққан дәуірде де сол прозаның өзі де поэзия үлгісіне құрылғаны мәлім. Сөйтіп жалпы көркем әдебиеттің, онан қалса, жеке жазушы шығармашылығының әдеби тілге тигізер әсері үлкен болады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік салаларының бірі – ғылыми әдебиеттер тілі. Ғылыми әдебиет тілінің қалыптасып, кемеліне келген кезеңі – Қазан төңкерісінен кейінгі дәуір. Ғылыми әдебиеттер тілінің бастапқы көрініс беруі XIX ғ. екінші жартысында аударма әдебиет негізінде болды.

Ғылыми еңбектер тілі де, оқулық тілі де, сондай-ақ көпшілік қолды ғылыми әдебиеттер тілі де стильдік айқындылық пен ықшамдылыққа құрылады да, әдеби тілдің қалыптасқан нормаларын қатаң сақтап отырады. Ғылыми әдебиеттердің алдына қойылатын негізгі мақсаты ойды ықшам, айқын түсіндіру болып табылады. Бұларда көркем әдебиеттегідей сөздің эстетикалық мәнінен гөрі ойдың айқындылығы мен түсініктілігі

көзделеді де, сөз қолдану заңдылықтары да осы мақсаттарға бағындырылып отырады. Сондықтан ғылыми әдебиеттер тілінде диалектизмдер мен варваризмдер, ауызекі сөйлеу тіліне тән элементтер т.б. жалпы әдеби нормаға жатпайтындар кездеспейді немесе өте аз қолданылады. Оның есесіне ғылыми әдебиеттер тілінде термин сөздер мен неологизмдер көп қолданылады. Олар бұл стильде көп қолданылуы арқылы әдеби тілдік нормаға айналып отырады. Ғылыми әдебиеттер тілінің жалпы әдеби тіл нормасына қатысты бір ерекшелігі – оның синтаксистік құрылысында болмақ. Сөз тіркесінің, сөйлем құрау тәсілдерінің мінсіз айқындығы, жеке сөздер мен грамматикалық тұлғалардың қолданылуы жағынан ғылыми әдебиеттер тілі әдеби тілдің қай саласына да үлгі болады. Ғылыми тіл негізінен аргументті ойларға, қорытындылар мен пайымдауларға құрылады. Сондықтан оның тілінде эстетикалық әсемділіктен гөрі логикалық байымдылық, дәлелділік басым болып отырады. Соған лайық осы мағынаны бере алатындай сөздер мен сөз тіркестері, грамматикалық тұлғалар жиі қолданылады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің мол да үлкен саласының бірі – газет-журнал, яғни мерзімді баспасөз тілі. Мерзімді баспасөз тілінде жазба әдеби тіл заңдылықтарымен қатар ауызекі сөйлеу тілінің нормалары да, көркем әдебиет тіліне тән әсерлілік те, ғылыми тілге тән баяндау үлгілері де ұшырасып отырады. Ал сөздік құрамы тұрғысынан мерзімді баспасөз тілі көп саладан құралады. Мұнда қарапайым сөздермен бірге терминдер де, эмоциялық мәнді сөздермен қатар неологизмдер де, кәсіби сөздер де т.б. кездеседі. Мұндай көп түрлілік оның негізгі мазмұнымен ұштасып жатады. Өйткені күнделікті баспасөз қоғамдағы алуан түрлі өзгерістер мен жаңалықты, барлық шаруашылық, мәдени өмірді түгелдей қамтып жазуға, оны бар әлінше көрсетуге міндетті. Сондықтан ол бұл орайда халық әдеби тілінің бар қоры мен жазу дағдыларын пайдалануға ұмтылады.

Газет-журнал, күнделікті баспасөз тілінің басты ерекшеліктерінің қатарына біршама қалыптасқан дайын сөз тіркестері мен сөйлемдердің қолданылуын да жатқызуға болады. Мысалы: *әкелік қамқорлық, жасөспірім, ұлы Отан, сара жол, сара басшылық* т.т.

Әдеби тілдің стильдік салаларының қатарына іс қағаздары

мен ресми қаулы-қарарлар тілін жатқызуға болады. Ол әдеби тілдің басқа салаларынан өзінің бірыңғайлығымен ерекшеленеді. Іс қағаздары (анықтама, куәлік, шағым хат, қолхат, шарт-шағым т.б.) мен қаулы-қарарлар бірыңғай стильмен жазылады да, оның сөздік құрамы да ресми сөздер мен терминдерге, дайын үлгілерге сай болады. Іс қағаздары мен қаулы-қарар стилі артық сөз, басы артық «әдемілік» атауларды керек етпейді. Бұлардың тілі, негізінен, логикалық айқындылыққа құрылады. Іс қағаздары мен ресми қаулы-қарар тілі – қазақ әдеби тілі тарихында көп замандар бойы қалыптасып келе жатқан сала. Оның алғашқы үлгілері бізге XVIII ғасырдан бастап мәлім.

§ 6 Қазақ әдеби тілінің қалыптасу жолы мен даму кезеңдері

Басқа ұлттардың (халықтардың) әдеби тілдері тәрізді, қазақ әдеби тілі де бірер жылда, тіпті бірер ғасырда пайда бола қалған жоқ. Халқымыздың неше замандар бойғы рухани мәдениетінің даму дәрежесіне орай оның да ұзақ өсу, даму тарихы бар.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы және оның даму кезеңдері жайында бірыңғай пікір жоқ, әртүрлі көзқарастар орын алып келеді. Бұл мәселелер жайында әр кез пікір айтқандардан М.Әуезов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, С.Исаевтарды, т.б. ғалымдарды атауға болады.

Дүние жүзіндегі әдеби тілдердің қалыптасу тарихына барлау жасасақ, олардың негізінен, 3 түрлі жолын көрсетуге болады.

1. Көп жағдайда белгілі халықтың, ұлттың әдеби тілі сол халықтың бір ғана аймағы (тобы) сөйлейтін бір диалектінің негізінде қалыптасады. Мұндайда әдеби тілге негіз болған диалект өзге диалектілерден белгілі бір артықшылықтарымен ерекшеленеді. Мәселен, ол диалектіде сөйлейтін халық тобының экономикасы, кәсібі жағынан артықшылығы, озық мәдениеті болуы мүмкін. Отырықшылыққа ерте көшіп, жазба әдебиеті қалыптасып, мәдени ошақтары ерте ашылуы ықтимал. Немесе өзге диалектілермен салыстырғанда, сөздік қоры мол болуы да, сол халыққа тегіс танымал әдеби шығармалары да болуы ғажап емес. Географиялық жағынан орталық болуы да мүмкін. Сөйтіп,

сол диалект жалпыхалықтық тілге айналып, әдеби тілдің негізін құрайды. Орыстың әдеби тілі Мәскеу диалектісі негізінде қалыптасты дегенде, тіл мамандары осындай жағдайларды есепке алатын тәрізді. Татар тілінде үш диалект бар делінеді: 1) қазан диалектісі, 2) батыс (мишар) диалектісі, 3) шығыс (сібір) диалектісі. Татар ұлттық әдеби тілінің қалыптасу үдерісінде орта (казан) диалектісінің орны ерекше болды. Өйткені бұл диалектінің грамматикалық құрылысы мен фонетикалық жүйесі жетілген, географиялық жағынан орталық, ірі өнеркәсіп, мәдениет дамыған ірі қаласы, баспа, оқу орындары бар еді.

2. Белгілі бір тарихи себептермен кейбір халықтардың әдеби тілі өз тілі емес, өзге халықтардың тілі де болуы мүмкін. Бұл жағдай сол халықтардың басқа халықтарға тәуелді болуына, яғни халықтың тәуелсіздігінен айрылуына байланысты болып келеді. Кейде жергілікті әдеби тілмен қатар өмір сүріп, ресми тіл ретінде бөтен тіл көбірек жұмсалады. Мұның мысалдарын өткен тарихтан да, қазіргі өмірімізден де көптеп кездестіруге болады.

Бір кезде яғни VIII-IX ғасырларда бүкіл Орта Азия, Қазақстан территориясын араб басқыншылары жаулап алумен байланысты жергілікті түркі әдеби тілін уақытша тоқтатып, әдеби тіл ретінде араб, парсы тілдерін енгізбек болғаны белгілі (Күтайба ибн Мүслим деген билеуші түркіше сауаттыларды қуғындап, жазбаларды өртеп, сын тастарды қиратып, белгілі бір уақыт араб жазуын күштеп таңды). Орта Азияның атақты ғұламалары мен жыр алыптарының өз шығармаларын араб, парсы тілдерінде жазулары да сондықтан. Тек Навоидан бастап түркі тілі қайтадан өзінің әдеби дәрежесіне көтеріле бастады. Қазіргі өмірді айтсақ, Бразилия тілі – португал тілі, Аргентина мен Кубаның әдеби тілі – испан, Индияның әдеби тілі – ағылшын (кейінгі кезде хинди тілі қатар қолданыла бастады). Біздің әдеби тіліміз де орыс тілі болуға шақ қалды.

3. Кей жағдайда белгілі халықтың әдеби тілі бір диалектінің негізінде емес, жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасатын жағдайлар да болады. Ал жалпыхалықтық тілдің өзі, сөз жоқ, ру, тайпа, тайпа одағы диалектілерінің негізінде пайда болатыны белгілі. Сөйтіп, бұл жағдайда жалпыхалықтық тілді қалыптастыруда барлық диалектілер, говорлар (сөйленістер) бірдей қатысады. Яғни бірінің грамматикалық құрылысы

жетілген болса, бірінің сөздік қоры бай болып келеді, бірінде кәсіби сөздер көбірек болады. Жалпыхалықтық тілдің географиялық (территориялық) жағдайына, халқының құрамына т.б. жағдайларға байланысты жергілікті ерекшеліктері (сөйленіс аясында) болғанымен, негізінен, жалпы халыққа ортақ сөздік қоры, грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі болып келеді. Дегенмен жалпыхалықтық тілдің қалыптасуында бір диалект үстем болуы да мүмкін (ол – қыпшақ диалектісі). Қазақ тілі мамандарының көпшілігінің пікірлеріне қарағанда, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына осы соңғы жол тән деп есептеледі. Яғни қазақтың халықтық әдеби тілін қалыптастыруда барлық диалектілер бірдей қатысты деген тұжырым бар. Солай дей тұрсақ та, тіл мамандарының арасында қазақ әдеби тілі қашан, қалай қалыптасты деген мәселеде әлі күнге дейін пікір алалығы болып келеді. Оның бір жағы әдеби тіл анықтамасымен де байланысты, яғни ондай пікір алалығы әдеби тіл болу үшін қандай белгілер болу керек дегеннен туындайды.

Әдеби тіл туралы ертерек пікір айтқан ғалым С.Аманжолов қазақ әдеби тілінің қалыптасуын жоғарыдағы әдеби тілдің қалыптасуындағы үш жолдың 1-жолына жатқызып, қазақ әдеби тілі белгілі бір диалектінің негізінде қалыптасты деген пікірде болды. Оның пікірінше, қазақ тілінде 3 территориялық диалект болды, олар қазақтың 3 тайпа одағы – үш жүзіне сай келеді (солтүстік-шығыс, батыс, оңтүстік немесе орта жүз, кіші жүз, ұлы жүз)¹¹. Сонда қазіргі ұлттық әдеби тіліміздің қалыптасуына белгілі ағартушыларымыз шыққан, орыстармен ерте араласқан, ақын-жыраулар көбірек шыққан солтүстік-шығыс диалектісі негіз болды дегенге саяды. Әдеби тілдің қалыптасу кезеңін ғалым кесіп-пішіп ХІХ ғ. екінші жартысы деп есептейді (онда негізге алатыны – Ыбырай, Абай шығармалары, ТУГ, ДУГ газеттері т.б. әдебиеттер).

Кейінгі зерттеушілердің бәрі дерлік әдеби тілдің қалыптасуының 3-жолы қазақ әдеби тіліне тән дегенге қол қояды. Бірақ әдеби тілдің қалыптасуы қай кезеңнен басталады және

¹¹ Аманжолов С. О диалектной основе современного казахского языка //Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствовед.,1955. вып.3-4.

қандай түрлерге бөлу керек дегенге келгенде, пікірлері түрлі-түрлі болып келеді. Мәселен, Н.Т.Сауранбаев алғашқы мақалаларында әдеби тілді жазба тілмен байланыстырып қарайды да, әдеби тілдің ұлттық негізі XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қалана бастады деп қарайды. Ал кейінгі еңбектерінде бұл пікірінен қайтып, әдеби тілді тек жазумен байланыстырып қарау ескірген, теріс түсінік, ол қазіргі әдеби тілдің негізгі белгілерін, оның әр алуан көрінісін, оның қоғамдық рөлін қамти алмайды деп орынды пікір айтады. Тағы бір мақаласында «Қазақ әдеби тілінің тарихы әлі толық зерттелмегендіктен, оның тарихын дәуірлерге бөлуге болмайды» деп ескерте отырып, өзі 3-ке бөледі. 1) XIX ғ. екінші жартысына дейін; 2) XIX ғ. екінші жартысынан XX ғ. 20 жылдарына дейінгі дәуір; 3) кеңес дәуірі¹².

Ғ.Ғ.Мұсабаев қазақ әдеби тілінің қалыптасуын тым ерте кезеңге апарарды. Оның пікірінше, біздің заманымыздың II ғасырларында Үйсін мемлекеті болды, оның пайдаланған көне түркі тілі – қазақ халқы құралғанда соған негіз болды (яғни талас жазуы – үйсін тайпасының жазуы қазақ әдеби тілінің көне дәуіріндегі көрінісі дейді). Ғ.Мұсабаев та әдеби тілді Н.Сауранбаевша дәуірлейді. Тілшілердің ішінен М.Балақаев қана әдеби тілді тек жазбамен байланыстырып, онсыз әдеби тіл болмайды дегенді берік ұстанды. Сөйте тұра, әдеби тіл қашан қалыптасты дегенге келгенде, XIX ғ. басын меңзейді. Ондағы дәлелі – сол кезеңде халық тілі жазба әдебиет ыңғайында нормаға түсе бастады және бірді-екілі стильдік қабаттар көрініс бере бастады дейді¹³. Бұл пікірі Қ.Жұмалиевтің қазақтың әдебиетінің басын Бұқар жыраудан бастауымен үндеседі. М.Балақаев әдеби тіл тарихын XIX ғ. II жартысына дейінгі, XIX ғ. II жартысындағы, XIX ғ. басындағы және Қазан революциясынан кейінгі дәуір деп 4-ке бөледі. Әдеби тілдің үлкен бір маманы Р.Сыздықова ауыз әдебиетімен қатар қазақша профессионал әдебиет те өмір сүріп келді, оның тілі де әдеби тіл болды, оны жазба алдындағы ауызша әдеби тіл деп атайды. Ауызша әдеби тіл де диалектілерден жоғары тұрған, күнделікті сөйлеу тілінен де өзінің көркемдігі,

¹² Сауранбаева Н. Қазақ тіл білімі проблемелары. Алматы, 1982. –Б.211.

¹³ Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1981. –Б.23.

нормалылығы арқылы ажырайтын әдеби тіл деп таниды. Ал жазба әдеби тілдің тууын кейінгі дәуірге жатқызады да, әдеби тілді былай дәуірлейді: I кезең –XV-XVII ғ.ғ.; II кезең – XVIII ғасырдан XIX ғ. екінші жартысына дейін; III кезең – XIX ғ. екінші жартысынан Қазан революциясына дейін; IV кезең – кеңестік дәуір¹⁴.

С.Исаев қазақ әдеби тілінің даму тарихын 3 кезеңге бөледі.

1) Халық болып қалыптасқаннан кейінгі кезден XIX ғ. екінші жартысына дейін, яғни бұл «Қазақ әдеби тілінің туып, қалыптасып даму дәуірі»; 2) XIX ғ. екінші жартысынан Қазан революциясына дейінгі дәуір, яғни қазақ әдеби тілінің ұлттық сипат алған дәуірі; 3) Қазақ әдеби тіл дамуының кеңестік дәуірі¹⁵.

Біздің пікіріміз де, негізінен, Р.Сыздықованың пікірімен бірдей деуге болады. Біз де төртке бөліп: 1) көне әдеби тіл (XV–XVII); 2) ескі әдеби тіл (XVIII–XIX ғ. бірінші жартысы); 3) жана жазба әдеби тіл (XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. 20-жылдарына дейін); 4) қазіргі әдеби тіл (кеңес дәуірінен бері) деп атауды дұрыс көреміз¹⁶.

Біздің ойымызша, бұл пікірлердің қай-қайсысы да белгілі бір тілдік материалдардың негізінде, жазба нұсқаларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде айтылған пікірлер емес, көбіне-көп логикалық топшылаудың нәтижесінде айтылған пікірлер. Мәселен, тарихта Үйсін мемлекеті дегеннің болуы рас, бірақ оның әдебиеті тілімізге қалай негіз болады және оны әдеби тілдің көрінісі деп қалайша айта аламыз?

V–VIII ғасырларда Орхон–Енисей аңғарынан табылған құлпытастарда көне түркі жазулы тілдік деректер сақталған. Бірақ ол жалғыз қазақ тіліндік мұра деуге негіз жоқ, барша түркі жұртына ортақ мұра саналады. Сондықтан оларды қалайша қазақ әдеби тілінің ескерткіші дей аламыз? Оның үстіне ол мәтіндерде қазақ этнонимі болмауы өз алдына, тіпті қазақ халқын құраған ру, тайпа аттары да кездеспейді. Ал тілдік жағынан қазіргі тілімізде сақталған жекелеген сөздер мен грамматикалық жүйе бары рас.

¹⁴ Сыздықова Р.Ф. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993. –Б.17.

¹⁵ Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1996. –Б. 47.

¹⁶ Мажитаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1999. –Б. 8.

Ал енді әдеби тілді Абай, Ыбырайдан бастау да ұшқары пікір. Жалпы, әдеби тілдің негізін бір ғана ақын не жазушының шығармашылығымен байланыстыру дәлелсіз, бүкіл қоғам болып қолдану арқылы сан ғасырлар бойына жасалатын әдеби тіл өрнегін бір ғана адам жасады деу шындыққа төтеп бере алмайды. Қазақтың әдеби тілінің басын Абай мен Ыбырай тілінен бастайтын болсақ, Абайға дейінгі ғасырдан ғасырға өтіп, ел аузында сақталған халықтық асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің сөз өнерін қайда қоямыз? Абай алдында өмір сүрген өлең-жырлар, кейін хатқа түскен XVII, XVIII–XIX ғ.ғ. ақындардың үлкен тобын қайда жібереміз? Сөз жоқ, Абай мен Ыбырайдың өздерінің нағыз халықтық сипаттағы шығармалары арқылы әдеби тілімізді жаңа сапаға, жаңа биікке көтергендігі рас. Бұл тұрғыда орыс тілінің дамуындағы А.С.Пушкиннің рөлі қандай болса, шартты түрде Ыбырайды да сондай деуге болады. Бірақ бұл – оларға дейін әдеби тіл болмады деген сөз емес. Қорыта айтқанда, қазақтың әдеби тілі сонау II, V ғ. емес, XIX ғ. екінші жартысында да емес, одан көп бұрын пайда болды. Өйткені халық тілінің жазба әдебиет ыңғайында нормаға түсе бастаған шағы және бірді-екілі стильдік құбылыстардың көрініс бере бастаған кезі, дәлірек айтқанда, әдеби тілдің өзіндік белгілерінің айқындала бастаған мезгілі – XV ғ. екінші жартысы мен XVI ғ. басы. Міне, осыған қарай әдеби тіліміздің тарихын да әзірге шартты түрде осы кезеңнен бастау дұрыс сияқты. Қазақ әдеби тілі тарихы курсының бағдарламасына сәйкес, біз де әдеби тіл тарихын төмендегі кезеңдерге негіздеп баяндадық. I кезең – XV – XVII ғ.ғ. әдеби тіл, II кезең – XVII мен XIX ғ. екінші жартысына дейін, III кезең – XIX ғ. екінші жартысындағы әдеби тіл, IV кезең – XX ғасырдың басындағы әдеби тіл. Аталған кезеңнің өзі 1920 жылға дейінгі және кенес дәуіріндегі әдеби тіл (20-30; 40-50; 60-80 жж.) болып бөлінеді. V кезең – тәуелсіздіктен кейінгі әдеби тіл.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдеби тіл жайындағы түрлі көзқарастар неге байланысты?
2. Әдеби тілдің қоғамдағы қызметін атаңыз.
3. Әдеби тілдің қалыптасу кезеңдері туралы пікірлерді келтіріңіз.

Реферат тақырыбы:

1. Әдеби тіл, оның шарттары, берілген анықтамалар

II. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ МЕН АРНАЛАРЫ

§1. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму тарихы

Әдеби тілдің қалыптасып, дамуы алдымен қоғамдық ой-сананың кемелденуіне, халықтың мәдени өрленуіне, әсіресе көркем әдебиеттің кең өріс алуына тікелей байланысты. Олай болатыны көркем әдебиет тілі таңдаулы сөз үлгілерін, жетістіктерін жинақтайды. Сондай-ақ көркем әдебиет жалпыға ортақ тілдік нормалардың қалыптасуына әсер етіп, әдеби тілдің негізгі тірегі қызметін атқарады. Сондықтан әдеби тілдің қалыптасу тарихын қазақтың төл көркем әдебиетінің бастапқы көрініс беруінен іздеу қажет. Алайда қазақ филологиясында қазақтың профессионал көркем әдебиеттің тарихы жөнінде әр кез әр қилы пікір айтылады. Кейбір еңбектерде қазақ әдебиетінің алғашқы нұсқаларын V-VIII ғасырлардан іздеу бағыты байқалады. Әрине, қазақ халқы өз алдына XV ғасырдың орта тұсында отау тіккенімен, оның құрамына енген ру, тайпалық одақтардың /үйсін, қаңлы, дулат, қыпшақ, арғын, найман, алшын т.б./ тарихы тым әріде. Түркі халықтарының Орхон-Енисей, Талас жазбалары /V-VIII ғғ./, ерте ортағасырлық «Құтадғу білік» /XI ғ./, кейінгі ортағасырлық «Мұхаббатнама» /XIV ғ./ тәрізді әдеби жәдігерліктері болған. Және сол ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын байқататындай М.Қашқаридің «Диван лұғат ит-түрік» /XI ғ./, «Кодекус Куманикус» /XIII ғ./, «Оғызнама» /XIV ғ./ сияқты ескерткіштер де бар. Бұл аталған мұраларға өзге де түркі халықтары тәрізді қазақ халқының құрамына енген ру, тайпалардың да қатысы болғандығы даусыз. Сондықтан аталған көне түркі, орта түркі дәуірлеріне қатысты жазба үлгілердің қазақ тілі тарихын зерттеуде, қазақ тілінің ертедегі жай-күйін сипаттауда, сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі көркемдік ой-тәжірибенің бастау жолдарын анықтауда маңызы айрықша. Осы тұрғыдан алғанда олардың қазақ тіліне, қазақ әдебиетіне қатысы бар үлгілер деуге болады. Бірақ бұларды халықтық негіздегі әдеби тілде жасалған төл тума деп тану дұрыс бола бермейді. Сонымен бірге қазақ халқының өз алдына дербес отау тігіп, халық болып қалыптаса бастаған кезі –

ХҮ ғасыр десек, оның арғы-бергі кезеңдерінде қазақ халқында жазу-сызу немесе сауатты адамдар болмады деуге тағы болмайды. Сол кездегі шағатай аталған немесе ортаазиялық түркі тілі қазақ қоғамының әр түрлі мәдени қажетін өтеуде кәдеге жарап отырды. Бірақ бұл жазба әдеби тіл де қазақтың халықтық тіліне негізделген төл әдеби тілі емес, түркі халықтарына ортақ тіл болатын. Осы аталған ортаазиялық түркі әдеби тіліне тән жазба үлгілердің ішінде дәуірі жағынан да, тілдік ерекшеліктері жағынан да қазақ тіліне жақыны – Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат тауариғы» /ХҮІ ғ./ мен Әбілғазы бахадүрдің «Түрік шежіресі» /ХҮІІ ғ./. Ал бұдан кейінгі кезеңдердегі қазақ хандары мен сұлтандарының сырт елдермен, өзара жазысқан қатынас қағаздары мен хаттарында /ХҮІІІ ғ./ қазақ тілінің элементтерін қолдану тұрақты сипат ала бастады.

Қазақ қауымында қолданылған жазба әдеби тіл көптеген зерттеулерде кітаби тіл, ал кейбір зерттеулерде көне қазақ әдеби тілі деп аталады ¹⁷. Аталған тіл бергі дәуірге жақындаған сайын бірте-бірте қазақыланып, ХІХ ғасырдың аяғына таман жалпыхалықтық негіздегі жаңа жазба әдеби тілмен астасып кетті.

Халықтық негіздегі жаңа жазба әдеби тіліміздің публицистика, іс қағаздары тәрізді стильдік тармақтары алғашқы кезде /ХІХ ғасырдың екінші жартысы/ көне жазба тілдің лексика-грамматикалық тұлғалары мен синтаксистік құрылымдарын едәуір пайдаланды. Сондай-ақ мұсылманша оқыған кейбір ақындар да өз шығармаларында жалпыхалықтық лексикалық қорды пайдалана отырып, жазба тіл нормаларына иек артты. Бірақ бұл үдеріс ұзаққа созылмады, Қазан төңкерісінен кейін жалпыхалықтық тілдегі қолданыстар көне жазба тіл элементтерін бірте-бірте мүлдем ығыстырды деуге болады.

1930-50 жылдарда қазақ әдебиетінің тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталды деген көзқарас болды. Ал одан кейінгі жылдары әдебиет тарихын ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысынан, яғни Бұхар шығармаларынан бастау идеясы басым болды. Ал 1960-80 жылдарда ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында өмір сүрген тарихта аты мәлім ақын-жыраулардың мұралары

¹⁷ Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982. –Б.116.

жинақталып, жарияланып, жүйелі зерттеу нысанына айналғаннан кейін, қазақ әдебиеттану ғылымында ХУ-ХУІІІ ғасырлардың жыраулар мен ақындар творчествосы бір-бірімен сабақтасып жатқан, желісі үзілмеген профессионал әдебиет деген дұрыс тұжырым қалыптасты. Әдеби тіл тарихын зерттеушілер тарапынан да ХУ-ХУІІІ ғ.ғ. ақын-жыраулар шығармаларының тілін қазақ әдеби тілінің алғашқы үлгілері ретінде тану бағыты үстемдік алды.

Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің қалыптасуы ХУ ғасырдан басталады дейміз. Ол кезде қазақ ру-тайпаларының халық болып біріге бастауы, бір орталыққа бағынған қазақ хандығының құрылуы қазақ әдеби тілінің қалыптасуына тарихи қолайлы жағдай туғызды. Қазақ әдеби тілінің әуелде бастау алған негізгі қайнар кездері – жалпыхалықтық тіл мен аса бай фольклор тілі болады. Әдеби тілдің жалпы халық тілі негізінде дамуында поэзия тіл үлгілерінің орны ерекше болды. Сол кездегі көркем поэзияның көрнекті өкілдері – жыраулар мен ақындар халық тіліндегі тілдік жүйелерді сөз асылдарын шығармаларына таңдап, талғап енгізу арқылы ауызша әдеби тіл нормаларын қалыптастыра түсті, оны өндеп, қырнады. ХУ-ХУІІІ ғ.ғ. ауызша әдеби тілдің құрылымдық жүйесінде тағы бір тармақтың-публицистикалық стильдің ауызша түрі қызмет еткендігі байқалады. Әдет-ғұрып заңдарын жүргізудегі қоғамдық мәні бар мәселелерді шешудегі атақты билердің шешендік сөз-толғауларында мақал-мәтел, қанатты сөз орамдары мен фразеологиялық тіркестер молынан қолданыла, сомдала келіп, әдеби тілдің саралана түсуіне жағдай жасады.

Әдеби тіл кезендерін анықтауда белгілі бір көркем сөз шеберлерінің шығармаларындағы тілдік материалдар яғни олардың халықтық тілдің мол байлығын қаншалықты дәрежеде игеруі, оларды жаңа сапада жұмсауы, бөгде тіл элементтерін әдеби тіл мүддесіне жарату тәрізді жайттар таяныш, тірек болады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдеби тілінің тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырып жүрміз.

I. Қазақ әдеби тілінің бірінші кезеңі ХУ ғасыр мен ХУІІ ғасырдың арасын қамтиды. Асан Қайғы, Қазтуған, Шалғез (Шалғиіз), Доспамбет, Жиёмбет т.б. жыраулардың толғаулары, ел арасына ауызша тараған шежірелер, шешендік сөз немесе билер

сөзі осы кезеңдегі әдеби тілдің үлгілері деп танылады. Бұлар өз дәуіріне тән лексика-грамматикалық ерекшеліктерді біршама сақтап қалған. Мәселен, Шәлгездегі «*сындыру арқа*», «*сырт соқпақ*», «*түнде жүріп түлкі өтер*» сияқты сөз тіркестері мен «*сақалына сары шіркей ұялап, миығына қара шыбын балалап*» тәрізді реалистік суреттер, Қазтуғандағы «Буыршынның бұта шайнар ауызы, бидайықтың көл жайқаған жалғызы» сынды теңеу-образдар уақыт өзгерісіне төтеп беріп, бізге дейін жеткен. Сол сияқты *астана жұрт*, *ару ұл*, *қом су*, *алаң жұрт* сияқты фразеологизмдер мен *байрақ*, *адырна*, *жезайыр*, *шора*, *аға /басшы/*, *азамат /жасақ/* тәрізді әскери лексика бұл кездегі әдеби үлгілерде жиі кездеседі.

XV-XVII ғасырлардағы ауызша әдеби тілдің лексикалық құрамы, негізінен, жалпыхалықтық тілдің есебінен толығып, молайып отырды. Дегенмен әдеби тіл айналымында діни тақырыпқа қатысты *халил*, *қағба*, *шаһид*, *газрейіл*, *бәйтолла* тәрізді араб тілі сөздерінің болғандығын байқаймыз, бірақ олардың саны әдеби тілдің кейінгі кезеңдерімен салыстырғанда тым аз.

Сол тұстағы грамматикалық норманың мысалы ретінде шығыс септігінің *дын/дін* түрінде келуін «Бұл кеткендін қайтпассын», ілік септігінің *ым/ім* тұлғасында /бізім, менім/, егістіктің өткен шақ мағынасы *ғай/гей* формасында «*қалиға қабылан жау тигей ме?*»/ берілуін, екінші жақ бұйрық райдың *ғыл* түрінде ұшырауын келтіруге болады.

2. Әдеби тілдің XVІІІ ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі екінші кезеңіне қатысты үлгілерге Бұхар, Тәтіғара жыраулардың шығармалары жатады. Әдеби тілдің лексикалық құрамында бұрынғы кезеңдегі жаугершілік тақырыптан гөрі күнделікті тұрмыс-салт тақырыптарына байланысты лексикалық топтар актив жұмсалады. *Семіз жарару байда бар, құйрығы бітеу қойда бар* /Бұхар/; *Кез болып қой-бұзауға шамаң келсе, біреуге тамақ үшін жағынарысын* /Шал/ т.т.

Жыраулар туындыларының негізгі – ақыл-өсиет айту, адамзат, қоғам туралы толғану болғандықтан, *әділдік*, *адамдық*, *жарлылық* тәрізді дерексіз ұғымды білдіретін атаулар мен араб, парсы сөздері бұл кезеңде молырақ кездеседі.

XVІІІ ғасырда және оған дейінгі дәуірлерге жыраулық

дәстүр басым болса, ендігі жерде ақындар әлеуметтік үнге ие бола бастайды, олардың тақырыбы – қуаныш, реніш, мұң-мұқтаж, арман-тілек, өз ортасы, айналадағы табиғат көріністері болды. Бұл кезеңде бел ала бастаған ақындық дәстүр поэзияның тақырып өрісін кеңітіп, сөзді әдеттегі номинатив мағынасында жұмсау өріс алды. Кірме сөздердің көбі араб, парсы және орыс тілдерінен алынды.

Бұхар өзіне дейінгі ауызша әдеби тіл дәстүріне жинақтаушы болса, жыраулықтан ақындыққа бет бұрған Махамбет, Дулат тәрізді аса көрнекті ақындардың шығармалары ұлттық жазба әдеби тіліміздің жалпыхалықтық тіл негізінде өркен жаюына құнарлы топырақ болды.

3. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ әдеби тілінің дамуындағы аса бір бетбұрыс кезең болды. Бұл дәуірде қазақтың жазба әдеби тілі халықтың мәдени өмірінде кең қолданыс тапты. Әдеби тілдің нормалану үдерісін танытатын үлгі нұсқалардың түрлері көбейді. Бұл кезеңдегі әдеби тіл үлгілері өзінің мазмұны жағынан азаматтық, діни, функция жағынан көркем әдебиет және оқу-білімге, іс қағаздарына қатысты әдебиет болып түрлене түсті. Әдеби тіл функционалдық стильдерге тарамдала бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақтың ұлттық әдеби тілі үшін күрес кезеңі болды. Яғни ұлттық әдеби тіліміз көне жазба әдеби тіл негізінде ме, әлде жалпы алықтық ауызша әдеби тіл негізінде дамуы қажет пе? деген мәселе күн тәртібіне қойылды. Міне, осы кезеңде қазақ халқының ұлы ағартушы демократтары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев жалпыхалықтық тіл негізіне арқа сүйеді, халықтың көп ғасырлық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілін көркем тіл кестесіне түсіріп, жаңа өң беріп, қуатын арттырды. Сөйтіп, Ыбырай мен Абай халықтық тілдің тұрақты әрі ортақ белгілерін өздерінің көркем туындыларында молынан пайдаланды. Ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалап, әдеби тілдің жаңа сапада дамуына жол салды. Ыбырай Алтынсарин жалпыхалықтық тіл мен ауызша қызмет еткен төл әдеби тілдің нормаларын арқау ете отырып, проза жанрының, ғылыми стильдің, ал Абай өз қарасөздері мен поэзиясында публицистика мен көркем әдебиет стилінің негізін салды. Сөйтіп, олар әдеби тілдің жанр жағынан түрлене түсуіне зор үлес қосты.

4. Қазақ әдеби тілі қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде ерекше қарқынмен дамыды. Әдеби тіл халыққа білім берудің, мәдени, рухани мұраларды жасаудың қуатты құралына айналды. Қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік қызмет етті. Көркем сөз зергерлерімен қатар ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлері де әдеби тіл нормасының тұрақталуы, қызметінің жан-жақты күшейе түсуіне белсене ат салысты. Әдеби тілдің жазбаша түріне сәйкес шаршы топ алдында жиналыста, радио мен теледидар алдында, сахнадан т.б. сөйленетін ауызша түрінің де қызметі кеңейе түсті. Әдеби тілдің бірсыпыра нормалары кодификацилау арқылы тұрақты сипат алды: қазақ тілінің грамматикалары жазылып, емле ережелері белгіленді, орфографиялық, орфоэпиялық және түсіндірме сөздіктері құрастырылды. Сөйтіп, әдеби тіл нормаларының тұрақталуына саналы түрде араласу жан-жақты сипат алды. Бұл соңғы кезеңдегі әдеби тіліміздің даму қарқыны біркелкі емес, сондықтан оны да бірнеше белестерге бөліп қарауға болады.

§ 2. Қазақ әдеби тілінің тарихи арналары

Қазақ халқының халық болып, жеке мемлекет құрып, тарих сахнасынан орын алуы XV ғ. аяғында Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған бірнеше тайпалардың Өзбек хандығынан бөлініп көшіп, Жетісудағы өзге тайпалармен бірігіп, қазақ хандығының құрылуымен байланысты екендігі тарихи әдебиеттерден белгілі. Басқаша айтқанда, Қазақстан тарихшыларының көрсетуінше, XV ғ. дейін қазақ халқының өз алдына жеке мемлекеті болмаған, әлі өз алдына жеке халық болып құрылмаған. Әрине, қазақ халқын құраған белді-белді ру-тайпалардың бұдан бұрын да тарихтан белгілі екені еленбей отырған жоқ. Әңгіме олардың халық болып бірігіп құрылуында болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы болып құралғанға дейін оның әдеби тілі болды деп тую шындыққа сай келмесе керек. Өйткені әдеби тіл – ру-тайпа тілі емес, жалпыхалықтық сұрыпталған тіл, жалпыхалықтық сипаты бар мәдени өмірдің құралы. Сондықтан XV ғ. бұрын қазақ халқының өзіне ғана тели аларлық әдеби тілі болды деуге ешбір қисын жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, жалпы тіл сияқты әдеби тіл де бір кезеңнің

жемісі емес. Әдеби тіл бір күнде немесе бір жылда туып, жасала қоймайды. Жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасқан әдеби тілдің өзі кейде сол халықтың халық болып қалыптасқан кезеңінен кейін тууы не халықтың өзімен бірге қалыптасуы мүмкін. Онда да әдеби тіл жоқ жерден жасала қоймайды. Сол халықты құраған ру-тайпалардың тілі немесе оған дейін тайпалық одақтардың тілдік үлгілері мен дәстүрлері әдеби тілдің қалыптасуына, өркендеуіне негіз болады. Міне, осы жағынан әдеби тіл қалыптасқанға дейінгі тілдік материалдардың әдеби тілді қалыптастырып, дамытудағы рөлін, оның тарихи негіздері мен арналары ретінде әдеби тіл тарихы мәселелерін қозғағанда айтпай кетуге болмайды. Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің негізі, қайнар көзі ерте кезеңдердегі қазақ халқын құраған ру-тайпалардың, одан кейінгі XIV–XV ғ.ғ. қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілі, халық ауыз әдебиеті (фольклор) тілі және көне, ескі түркі жазба ескерткіштерінің тілі болды.

1. Қазақ халқын түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын (ж-мен сөйлейтін) тайпалар одағы құрады. Қыпшақтардың нағыз дәуірлеп тұрған кезі – XII–XIV ғасырларда хатқа түскен «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.), «Тержуман турки уа араби» (XIII ғ.), «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» (XIV ғ.) т.б. сияқты сөздіктер сол дәуірлердегі сөйлеу тілінің ескерткіштері болып саналады. XI ғасырдағы қыпшақтардың сөйлеу тілінің табиғатын М.Қашғари сөздігінен де байқауға болады. Мәселен, «Кодексте» қазіргі қазақ тілінде кездесетін *ағаш, аманат, ант, ачув (ашу), бірлік, бүтүнлік, емгек (қиындық), жете (ақыл, ес), ұғат (ұят)* т.б. сөздер кездеседі. Абу Хайанның «Китаб ал-идрак» атты еңбегін зерттеген М.Мәженованың есептеуінше, сөздікте 3500-дей қыпшақ сөздері араб тіліне аударылған. Соның 56,5 пайызы тұлғасы мен мағынасы жағынан қазіргі қазақ тілімен бірдей (*өзен, еңкі, бешік, ине, бұйда, төшек, киіз, бөрі*). Ал «Китаб ат-тухбаны» зерттеген Т.Арыновтың көрсетуінше, бұл сөздіктің 75-80 пайызы қазақ сөздерімен бірдей түсіп жатады екен (*бұрау, көже, күндеш, қолаңса* – басқа түркі тілдерінде кездеспейді).

Қазақ әдеби тіліне негіз болған ескі қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшелігіне сөз басындағы **б** дыбысы орнына **м** келуі (мұрын - бұрын, мойын - бойын), **ғ**, **г** дыбыстары орнына у (тау), **и** орнына **ж** (жақсы), **ш** орнына **с** (жас -иаш), **ч** орнына **ш**

(шал-чал), д орнына т (тау-даг) келуін жатқызуға болады.

2. Қазақ әдеби тілін қалыптастырудың алғашқы лабораториясы қазақтың бай, көркемдігі мен бейнелігі жағынан дүние жүзінің ешбір жазба әдебиетінен кем түспейтін ауыз әдебиеті болды. Қазақтың ауыз әдебиеті (фольклор) өз тарихын өте әріден бастайды. Түркі, монғол тайпаларының ертегі мен эпосының түп тегі сақ, хун, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманында басталып, X-XVIII ғасырларға дейін үздіксіз дамуда болған. Қазақ тілі тарихы үшін бір кезде Дешті қыпшақ ұлысынан кірген тайпаларға - бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ XIV-XVI ғасырлардағы тарихи оқиғаларға байланысты туған жырлар мен аңыз-әңгімелер тілінің орны айрықша. Соңғы кездегі әдебиет зерттеушілері «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар» жырлары түркі халықтарының тайпалықтық дәуірінде өмірге келген деп көрсетеді.

Зерттеуші Ә.Қоңыратбаевтың жазуына қарағанда, қазақта 300-дей эпостық жыр бар. Бұған батырлар жырынан басқа «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты лиро-эпостар да кірген болуы керек. Қазақ әдебиетінде эпос өте қомақты жанр. Оның тілі - әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті тіл.

Ауыз әдебиеті дегенге шартты түрде авторы бимәлім халық туындыларымен қатар аты белгілі ақын-жыраулар шығармаларын да жатқызуға болады. Өйткені екеуі де ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған. Екіншіден, бірі екіншісінің заңды жалғасы, сусындар бұлағы. О баста фольклорлық туындыларды да белгілі адамдар шығарған, жүре келе авторы ұмытылып, халық игілігіне айналған. Ауызша таралғандықтан өңделіп, өзгеріп, бізге бірнеше вариантта жеткен.

Ауыз әдебиетінің көркемдік-эстетикалық дәстүрі ауызша әдеби тілден көркемдік-тілдік жағынан жалғасын тапқан. Мәселен, ауыз әдебиетіне тән көркемдеуіш-бейнелеуіш тәсілдің бірі – стереотиптік формулаларды (тұрақталған тіркестерді) еркін қолдану. Ол тіркестер жырдан жырға көшіп отырады. Мысалы, *буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды, қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды; кірпігінен мұз қатып, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып; қоңыраулы найза қолға алып,*

қоңыр салқын төске алып т.т. сияқты штамптар «Қобыландыдағы» аламанға жел берген, азды көпке теңгерген, керегесін отын қып, туырлығын тоқым қып деген тіркестер Махамбетте де бар. Қазақтың ауыз әдебиеті мен ауызша тараған авторлы әдебиетінің мазмұны, яғни шығарманың сюжеті, мотив, образдары жағынан бірдей болмағанымен, тілдік көрінісі, яғни поэтикасы жағынан ілектестік бары сөзсіз. Қазақтың ауыз әдебиеті бай дегенде, олардың санының шексіздігімен қатар, жанрлық жағынан алуан түрлілігі еске алынады. Фольклор қазынасында тек батырлар жыры мен лиро-эпостар ғана емес, шешендік сөздер, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер тағы басқа бар екені белгілі. Жыр жанрының өзі батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары болып әлденешеге бөлінсе, тұрмыс-салт жырлары өз ішінен жар-жар, сыңсу, естірту, жоқтау, бет ашар т.б. болып кете береді. Бұлардың аса бай екенін мынадан көруге болады. Әдебиет және өнер институты ауыз әдебиеті қазыналарынан жуық арада 100 томдық жинақ шығаруды жоспарлап отыр. Бірақ қазақ лингвистикасында бұл фольклорлық туындылардың тілі әлі күнге зерттеу нысанына көп алынбай келеді. Қазіргі таңда зерттелгені – «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Алпамыс», «Қыз Жібек», ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер тілі ғана («Ер Тарғын», «Қобыланды» жырларының тілі зерттелу үстінде).

3. Қазақ халқы немесе оны құраған ру-тайпалар өздерінің жазу тәжірибесінде бірсыпыра ғасырлар бойына түркі тілдес халықтар сауатты ұрпақтарына жақсы таныс болған, белгілі дәрежеде нормаланған көне түркі әдеби тілі аталған тілді пайдаланады. Бұл тілді пайдаланушылар – Орхон, Енисей өзендері алқаптарын, бір кездегі Батыс Хун мемлекетінің ұланғайыр территориясын, Орта Азияның батыс алқабы мен Шығыс Түркістан өлкесін жайлаған түркі тайпалары еді. Олардың қолданған тілінің ескерткіштері ретінде V-VIII ғ.ғ. тасқа ойып жазылған сына жазуларын, одан кейінгі X-XIV ғ.ғ. қыпшақ бірлестігі дәуірінде көне қыпшақ тілінде жазылған көптеген көркем әдебиет шығармалары мен әр түрлі сөздіктерді айта аламыз. Бұлар қазақ әдеби тілінің бір арнасы болып есептеледі. Алайда бұл ескерткіштердің тілін қазіргі түркі халықтарының біреуінің әдеби тілі ретінде қарау дұрыс болмаған болар еді,

бұлар қазіргі бірсыпыра түркі халықтарына ортақ дүниелер. Дей тұрсақ та, көне түркі (Орхон–Енисей, Талас) ескерткіштерінің грамматикалық құрылысын, фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын талдап қарасақ, қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларының көбі сол тілмен сәйкес келетіндігін көреміз. Бұл әдеби тіліміздің нормаларының қалыптасуында көне түркі тілі үлкен орын алғандығын байқатады.

Мәселен, көне түркі тіліндегі дауыстылардың жуан-жіңішке болып төрт жұп құрайтыны (**а – ә** (е), **ы – й** (і), **о - ө, ү – ұ**), үндестік заңының сол кезден басталып осы кезге жеткені, көне түркі сөздерінде **с** мен **ш** (іш – іс, кіші – кісі, аш – ас), екінші буында **ү, ұ** дыбыстарының орнына қысаң **ы, і** дыбыстарының келуі (үчүн – үчін, тоқұз – тоқыз), жуан буынды сөздерге қосымшаның да жуан түрінің жазылуы, керісінше (оғылыңа, тұтдым, беглер, өзүм) т.б.

Морфология саласында тәуелдік, жіктік жалғауларының 3-жақтағы формалары, септік жалғаулары көрсеткіштерінің ұқсастығы, сілтеу, жіктеу, сұрау есімдік формаларының бірдейлігін келтіруге болады. Әрине, көне түркі сөздерінің барлығының тұлғасы қазіргі қазақ тілімен бірдей түсе бермейді, әлденеше ғасыр өткендіктен, бұлардағы *тағ, мүгіз, өгүр* сияқты сөздер қазіргі тілде *тау, бауыр, мүйіз, үйір* болып өзгерген.

Сына жазулы ескерткіштер тіліндегі көптеген сөздер мағыналық және тұлғалық жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдерімен, соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен ұқсас келетіні байқалады. Олар, әсіресе, туыстық атаулары (*аға, қатұн, қыз, іні, сіңілі*), табиғат құбылысына байланысты сөздер (*иер, тағ, қар, таш-тас, күн, суб*), әлеуметтік қатынасқа байланысты сөздер (*ел, қан, бек, бай, күн*), жан-жануар атаулары (*ат, бұқа, бөрі, қой*) т.т.

Зерттеушілер Ә.Құрышжанов пен М.Томанов ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөзді, кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөз деп 397 сөзді, ешқандай ұқсастығы жоқ сөздер деп 311 сөзді тізіп көрсетеді. Міне осы көрсетілгендер Орхон-Енисей, Талас ескерткіші тілінің қазақ әдеби тілінің бір арнасы екендігіне біздің көзімізді жеткізеді. Тек бұл айтылғандар ғана емес, сөз саптау өнерінің, өрнекті сөз кестелеу, ойды образбен жеткізу, көркемдеу тәсілдерінің ортақтығы – түркі тілі дәстүрінің қазақ тілінде үзілмей, өзара үндестік, жалғастық табуының

айғағы.

Мұндай ұқсастық ортақтық XI-XII ғ.ғ. Қарахан әулеті дәуірі ескерткіштері Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» (1069) дастаны, М.Қашғаридің «Дивани лұғат ит-түрік» (1072-74), Ахмет Югнакидің «фибат – ул хакайк», Қожа Ахмет Яссауидің «Дивану хикмет» атты шығармалары тілінен байқалады.

«Құдатғу білік» түркі жазба әдеби тілінде жазылған тұңғыш көркем шығарма. Автор өз шығармасын Қашғардан Амударияға дейінгі ұланғайыр территорияны билеген Қарахан мемлекетінде өмір сүрген барлық түркі тайпалары түсінетін тілде жазғанын айтады.

М.Қашғаридің «Диван лұғат ит-түрік» тек сөздік материалы бойынша емес, ондағы келтірілген әдеби үлгілерге 300-дей өлең, 300-ге тарта мақал-мәтел, көркем теңеулер мен қанатты сөздерден қазіргі әдеби тіліміздің бұдан бірнеше ғасырлар бұрынғы бастау көзін көруге болады. Ондағы

«Алып Ер Тоңа өлді му?

Әсіз ажұн қалды му?

Адлік өчін алды му?

Әмді иүрэк иыртылар» деген үзіндіден ол үлгілердің қазақ тілінде қаншалық жақындығын байқау қиын емес.

Қ.Яссауи «Хикметінің» лексикасына көз жіберсек, оның тілі XII ғ. өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпаларының сөйлеген тілі екендігі айқын көрінеді. Мысалы, *айақ (азақ емес), қой (қоз, қод емес), қара иүз (қара бет), көңіл құшы, ит нәфсі, иолдан азу, иан беру, қол құшыру, баш ұру* т.с.с. Бір сөзбен айтқанда, бұл шығарманың тілін де қазақ әдеби тілінің бастау көздерінің бірі деуге әбден болады.

Монғол шабуылынан кейінгі дәуірде туған (XIII-XIV) әдебиет те көптеген түркі тілдеріне ортақ. Бұл кезеңдегі Хорезмидің «Мұхаббатнамесі» (1353), С.Сарайдың «Гүлстаны», «Кодекс Куманикус» сияқты қыпшақ ескерткіштерінен қазақ тіліне ортақ жайларды байқаймыз. Мысалы, «Мұхаббатнамедегі» мына жолдардан:

Әгер мың иыл тірілсә Хатәми-тай (Атымтай)

Сенің атың эшіткеч йерлер өпкәй

Ұлұс тұттың камұқ ғақылық күйден

Черік те қан тамар қылычың үчінден»

қазақ поэзиясымен үндестік яғни өлең құрылысы, сөз саптау орнегі, образды ой беру жүйесі ұқсас екендігі айқын көрінеді.

XIV ғ. көркем туындылармен қатар қазақ тіліне тіпті жақын тұратын екі ескерткіш бар. Оның біреуі - өткен ғасыр басында Сарайшық қаласынан табылған қыш құмыраға жазылған жазу. Онда «Құдатғу біліктен» алынған мынадай нақыл сөз бар: *«Адам көркі иүз болұр, иүз көркі ағыз болұр, ағыз көркі тіл болұр, тіл көркі сөз болұр»*.

Екінші ескерткіш – 1391 жылы Ақсақ Темірдің Тоқтамыс ханды шабуға бара жатып, Ұлытаудың Алтын шоқысына тас үйдіріп, онда жазу қалдырған. Оны 1935 жылы Қ.Сәтбаев тауып, Санкт-Петербурдағы эрмитажға жіберген. Тастағы жазу төмендегідей; *«Тарих иеті иүз тоқсан екіде (1391) қой иыл мизаның (маусым) айы Тұранның сұлтаны Темірбек иүз мың черік білэ Тоқтамыс хан білэ санычмақға иүрді. Бұ иердін өтүб белгі болсұн теб бу обаны қобарды Тәңрі нисбет бергей иишалла тәңрі бу кішіге рахмат қылғай бізні дұға білэ иат қылғай»*.

Қорыта айтқанда, орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі, көркемдік дүниесі қазақ әдеби тілінің бастауынан, қайнар көзінен хабар береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ әдеби тілінің қалыптасып, даму тарихы туралы ғалымдардың пікірі қандай?
2. Әдеби тілдің тарихи арналарын атаңыз.

Реферат тақырыбы:

1. Жыраулар тілі мен эпос тіліндегі ономастикалық атаулар
2. Ауыз әдебиеті мұралары мен жыраулар поэзиясы тілінің ортақ әдеби тіл үлгісі, поэтикалық тіл құралдары, грамматикалық ерекшеліктері

III. XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§ 1 XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілін сипаттайтын нұсқалар

Қазақ халқының жеке ел болып, халық ретінде тарих сахнасынан орын алуы тарихи әдебиеттерге қарағанда, XV ғасырдан басталады деп жүрміз. Дегенмен, оның халық ретінде қалыптасу процесінің аяқталуы XVI ғ. ішінде. Бұл кезеңдегі қазақ әдеби тілінің көрсеткіші боларлықтай хатқа түскен қиын тағдыр (үнемі көшпенді өмір, атыс-шабыс, отырықшылық кәсіптің аздығы) олардың жазба ескерткіштерді жазып не жазылған шығармаларды көшіріп таратып, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуге мүмкіндік бермеген болуы керек. Сондықтан бұл дәуір тілін сипаттағанда, негізінен, аталған кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларының бізге ауызша жеткен үздіктерін тілге тиек етеміз. Сондай-ақ қазақ тіліне тым жақын тұрған бірлі-жарым шежіре типті тарихи шығармалар мен қолда бар ресми құжаттар тілі сөз болады. Бұлардың шығармаларының сақталуы белгілі кезеңдегі тарихи оқиғалармен, хандардың жөнсіз қылықтарымен, ел қорғау тақырыптарымен байланысты еді. Мәселен, XV ғ. Едіге бидің бүлігі Сыпыра жырау толғауын туғызса, X-XII ғ. Есім ханның әділетсіздігі Жиёмбет сөзін, Абылайдың әрекеті Бұхар өлеңдерін дүниеге келтірді. Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқалар өз толғауларын көбіне ел билеуші хандарға арнай айтады. Асан толғауларында Жәнібек хан, Шалкиізден Би Темір, Жиёмбеттен Ер Есім, Марғасқадан Тұрсын хан деген билеуші аттарын кездестіреміз.

XV-XVII ғасырлардағы әдебиет үлгілері 2-3 түрлі жанрда кездеседі. Оның бірі – дидактикалық толғау, яғни ақыл-кеңес, насихат, екіншісі – арнау толғау, олар нақтылы бір адамға не бір оқиғаға арналады, үшіншісі – портрет өлеңдер, яғни белгілі бір оқиғаның, батырдың портретін жасайды. Сөйтіп, XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілін танытатын үлгілерге, бір жағынан, ақын-жыраулардың туындылары, екінші жағынан билер мен шешендердің сөздері, үшінші жағынан ауыз әдебиетінің лиро-эпостық, батырлық жырлары жатады. А. Байтұрсынұлы эпостық жырларды «Ертегі жыр» деп атап, ауыз

әдебиеті үлгілерінен бөліп, мұнда жазба әдебиет белгілері бар екенін көрсетеді¹⁸. Ондағы бірінші дәлелі – олардың тарихилығы, онда тарихта болған оқиғалар мен тарихи тұлғалардың кездесетіні, халықтың рухының көрінетіндігі, сондай-ақ олардың көп өзгеріске түспейтіндігі. Ал өлеңмен айтылуына келгенде, ол кезең үшін жазып таратудан гөрі ауызша айту және оны өлең қылып жаттау арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тиімді болған. Осымен байланысты бір ескертетін мәселе мынадай. Әдетте, әдеби тіл тарихын XV-XVII ғасырлардағы аты мәлім жыраулардың бізге жеткен шығармаларының үздіктерінен бастап жүрміз. Ал эпоста жазба әдебиеттің белгілері болса, ауыз әдебиетіне кірмейтін болса, оны әдеби тіліміздің басы деуіміз керек болады. Тіпті, бірқатар эпостық жырлар аталған жыраулардың туындысы болуы да мүмкін. Бұл дәуір тілінің ерекшелігі сол, қазақ халқының халық болғанға дейінгі Орта Азиялық түркі әдеби тілінің дәстүрі аталған кезеңде де қазақ жазбаларында көп уақыт берік сақталып отырды. Екінші жағынан, ақын-жыраулар шығармаларында сөйлеу тілінің элементтері, нормалары берік орын алып, осы кезден бастап қазақ әдеби тілінің жазба және ауызша түрі қатар өмір сүрді. Аталған дәуірлердегі ақын-жыраулардан өлең-жырлары ішінара сақталып, бізге өз аттарынан жеткені – XV ғасырдан Қазтуған мен Асан қайғы, XVI ғасырдан Доспамбет пен Шалкиіз (Шалгез), XVII ғасырдан Жиёмбет пен Марғасқа т.б. өлең-жырларының тақырыбы мен идеясы сақталып, мазмұны біршама дұрыс жеткенімен, олардың тіліндегі кейбір жеке сөздер мен фразалар біралуан грамматикалық тұлға-тәсілдер өзгеріп, соңғы дәуірлерге жуықтап жеткенін көреміз. Дегенмен, олардың тілінде «көненің көзіндей» өткен дәуірлерді елестететін лексика-фразеологиялық тіркестер, грамматикалық тұлға-тәсілдер кездеседі. Сөз етіп отырған дәуірлердегі әдеби тіл үлгілерінің тілін құрылымдық қабаттарға қарай толық сөз ету мүмкін емес. Оның себебі – бұл үлгілердің кезінде хатқа түспей, бізге ауызша жетуінен. Бұл үлгілердің грамматикалық құрылысын да сол жырлар туған кезеңдегі түрі деп сипаттау қиын. Сондықтан аталған кезеңдегі әдеби нұсқалардың тіл ерекшелігін сөз еткенде көбіне-көп тілге

¹⁸ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989. –444 б.

тиек ететініміз – лексика саласы. Ал оның өзгеріске жиі ұшырайтыны да, сонымен қатар, көне дәуір куәсіндей сақталып қалатыны да белгілі.

Шешендік-дидактикалық толғауларда ой түйіндерін білдіру үшін көбінесе аналогияға барады. Мәселен, Асан қайғы «*Әр нәрсенің қадірін бастан кешкен білер*» деген «философияны» айту үшін *қырда жүрген дуадақтың су қадірін білмейтінін, көлде жүрген қоңыр қаздың қыр қадірін білмейтінін*, тағы сол сияқтыларды келтіреді. Мұндай аналогияға табиғат құбылыстары, жан-жануарлар, аң-құс, төрт түлік мал атаулары пайдаланылады.

Жыраулар тілінде көп кездесетін лексиканың бір түрі – қоғамның әлеуметтік құрылысы мен жауынгерлік тақырыбына байланысты сөздер: *жұрт, халық, хан, қарақшы, қызметші, құл, дұшпан, жау, ер, батыр, би, бай, жамандар, жақсылар* сияқты әлеуметтік атаулар, *садақ, қылиан, ала балта, қандыауыз, жебе, жезайыр* сияқты қару-жарақ атаулары жиі ұшырайды. Сол сияқты *жақсылық, жамандық, әділдік, нәпсі, жан, дәулет, бақыт, пейіл, ақыл, сыпайылық* сияқты абстракты ұғым атаулары кездеседі. Бұл дәуір шығармалары тілінде образ жасауда сөздерді эпитетпен келтіру үрдісі басым (*ақ орда, сары ала ту, егеулі найза, жапалақ ұшпас жасыл тау, саздауға біткен сары ағаш*). Сөздердің генетикалық қабаттары жағынан қарастырғанда, негізгі қабаты қазақтың төл сөздері, содан кейін араб және парсы сөздері екенін байқаймыз.

Бұл дәуірдегі ақын-жыраулар шығармаларынан мысал ретінде мына бір шумақтарды келтіре кетейік. XV ғ. Асан қайғы Сәбитұлының айтқаны дейтін:

Қарындасын жамандап

Өзіңе туған табылмас

Адам әзіз айтар деп

Көңіліңді салмағыл ... деген жолдарда қазіргі тілімізден бөлектенетіндей жөнді ештеңе таппаймыз. Болмаса XVI ғ. басына жататын Шалкиіз Тіленшіұлынан алынған мына жолдарда:

Көктеп мінген еріңнің

Астында көп жүгірер күлік бар

Көп сандықтың ішінде

Көбе бұзар жебе бар

Көрінгеннің бәрін кісі деменіз
Көпе күндіз тал түсте (көпе көріне)

Тараңдап түзге кетер кісі бар дегенде кейбір көне сөздер қылаң береді.

Тілдік жағынан біраз өзгешелеу келетін әдеби тіл ескерткіштері – шежіре аталатын әдебиеттер. Бұлар көп болған болуы керек, бірақ көпшілігі жиналмаған, сақталмаған. Сондықтан біздің қолымыздағының көнесі – XVI ғ. Қадырғали Жалаиридің шежіресі. Қадырғали – Тәуекел ханның жиені. Қасым қаласының ханы болған Ораз-Мұхаммедтің әрі тәрбиешісі, әрі биі болған. Орыс патшасы Б.Годунов тұсында қолға түсіп, Мәскеу түбінде тұрып қалған. Шығарма сол кезде яғни 1600 жыл шамасында жазылған (1854 ж. Березин бастырған, тілі туралы бірінші сөз қозғаған Шоқан). Шежіре дәстүрлі көне түркі әдеби тілінде жазылған, дегенмен автор ана тілінің элементтерін молынан кіргізіп отырған. Тілі шағатай ескерткіштеріне қарағанда, әлдеқайда түсінікті. Бір мысал: «*Жаһан ішінде дүнияның бұрычын кездім мен көб кітабларды оқуб һәм білдім мен әділ уа инсаф хабарын хәм көрдім*». Сөз жоқ, қазіргі әдеби тілімізбен бірдей деуге тағы болмайды, одан белгілі ерекшеліктері бар. Фонетика–орфография саласында қазіргі **с, ж, у**, дыбыстары келетін сөздерде **ш, й, ғ, г** әріптері жазылған (*баи, беи, иол, иоқ, тағ, бағ*). Сөз соңында езулік **ы, і** дыбыстары келетін жерге еріндік **ұ, ү** жазылған (*артұқ, отыз*), үндестік заңы сақтала бермейді.

Грамматикада ілік, табыс септіктерінің **н** дыбысынан басталатын варианты (*артұқ, орусның*) орын алған, келер шақ есімше **ар** жұрнағымен қатар **ұр/үр** қосымшасы арқылы да жасалған, есімшенің **мыш** формасы, барған соң орнына *барғач*, мен көмектес септігі қосымшасы *бірлән, білән, бірлә* арқылы берілген, есімшенің **тын** (*баратын*) жұрнағы **тұрған** сөзімен келіп отырады. Бұл ерекшеліктер одан кейінгі, тіпті XIX ғ. екінші жартысындағы ескерткіштерде де кездеседі.

Екінші бір шежіре – Әбілғазы Баһадүрханның «Түркі шежіресі» атты кітабы. Автор Хиуаның ханы (1603-1664). Өмірінің соңғы жылдары жазып, аяқтай алмаған, баласы Ануш аяқтаған. Бұны XVIII ғ. бас кезінде швед офицері Тобыл қаласынан тауып, немісше, французша, 1726 жылы орысшаға

аударылған. Алғаш 1825 жылы Қазанда Румянцев бастырып шығарды. Мұның тілі «Жамиғат тауарихтан» да түсінікті, мұнда да жоғарыдағы ерекшеліктер сақталынады. Оны байқау үшін мына үзікті келтірейік: *«Ел халқы иұрыттан көңіліні суытды кетейік демекден гайри сөзні айтмады бір кеткен тобының артындан қудыра кіші ибердұм аны қайтарұб алұб келкенче екі үч бөлекі кетді...»*¹⁹.

Шежіреде кездесетін көптеген фразеологизмдер қазіргі қазақ тілінде көп өзгеріссіз (мағыналық, құрылымдық) сақталған. Мәселен, *аяғына жығылу, қамын жеу, үміт ұзу, ажалы жеткен, таң қалу, бас ұру, аузы ала болу, жүрегі жарылу, ант беру, өш алу, көз тігу т.т.* Қорыта айтқанда, бұл екі шежіре XVI-XVII ғ.ғ қазақ әдеби тілінің жайын танытатын тілдік материал болып табылады.

§ 2. XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілі

XVIII ғасыр қазақ даласының өз ішінде болсын, сыртқы мемлекеттермен болсын саяси-экономикалық қарым-қатынастың аса бір күрделі кезеңі болды. XVIII ғасыр қазақ халқының сыртқы жауларға, жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресінің шешуші кезеңі болды. Сондай-ақ бұдан құтылу үшін солтүстіктегі қуатты көрші – Ресей империясымен одақтасу ниетін көздеп, кіші жүз, орта жүздің Ресейге «өз еркімен» қосыла бастау тұсы болды. Дегенмен бұл кезде әлі де қазақтың ұлан-байтақ даласын хандар билейтін. XVIII ғ. II жартысында Кіші жүз өлкесін Нұралы хан, Орта жүзді Абылай хан биледі. Қазақстанның оңтүстік аудандарын 1790 жылдарда Қоқан хандығы басып алды. Бұл хандардың ел билеу, үкім-жаза қолдану, сыртқы елдермен қарым-қатынастарды реттеп отыру, алым-салық жинау т.б. сияқты түрліше дәстүрлі тәртіп таралғылары әлі де бар болатын. Бірақ бұл қазақ тарихындағы хандық дәуірдің ең соңғы өмір сүрген кезеңі болды, яғни бұл тұста хандық өктемдіктің жойылуына барлық ішкі-сыртқы жағдай түгел жасалған-ды. Қазақтың билеуші топтарының ескі хандық дәуірді сақтап қалуға жасаған іс-әрекеттері де, қоғамның

¹⁹ Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992. –Б.205.

даму екпіні мен қатты қысымшылық туғызған шаруалар көтерілістері де (Кіші жүз қазақтарының Сырым Датов бастаған қозғалысы) осы тұсқа сай келеді. Бұл кезеңде қазақ жері Батыс өлкесінен бастап Ресей патшалығының қоластына кіре бастаған еді. Бұл жағдай елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық күй қалпында өзгеріс-жаңалықтардың пайда бола бастауына бірден бір себепші болғаны аян. Әсіресе, Ресеймен сауда жасау күшейді, осыған орай айырбас сауда туды: қазақ қой мен жылқысын, тері-терсегі мен жүн-жыбырын, әр алуан аң терілерін орыс купецтерінің матасы мен былғарысына, үй-іші бұйымдары мен айна-тарағына айырбастады. Дала тіршілігіне ақша да келе бастады. Жәрмеңке, айырбас орындарының (меновые дворы – мұнайлар) саны артты. Сауда-саттықтың етек алуында қазақ жеріне осы тұста патша үкіметі тарапынан орнаған қалалар мен қамалдардың рөлі күшті болды (Петропавл, Орынбор, Семей, Орал). Негізгі шаруашылық түрі бұрынғыша мал өсіру болып қалса да, егіншілік кәсібінің айтарлықтай жайыла бастауы XVIII ғ. II жартысында көзге түсті, бұған Қазақстан жеріне осы кездерде келіп қоныс тебе бастаған орыс шаруаларының кәсіп әрекеттері де әсер етті. Егіншілікпен айналысқан аудандарда қазақтар отырықшы тұрмыс қалпына, тұрғын үй мен мал қораларын салуға ұмтыла бастайды.

Қазақ халқының бұл кездегі мәдени рухани дүниесінде мынадай жайттар бар еді: азаматтық білім беретін мектептер жоқтықтан сауаттылар саны мейлінше аз. Сауаттылардың өзі мұсылманша оқып, араб жазуымен хат танығандар еді. XVIII ғ. соңғы жылдарында әр жерде Ресей үкіметі тарапынан ашылған «горнизондық» мектептер, Омбыдағы 1789 жылы ашылған «Азия мектебі» әскери мекемелерге кадрлар, әкімшілік орындарының тілмаштары мен писарьлар дайындады, бірақ бұларда негізінен билеуші топтардың балалары оқыды және олар өте аз болды. Әдебиет нұсқалары халық арасына аз тарады. Баспа орындары, кітап бастырып шығару дәстүрі, сондай-ақ шығармаларын қолжазба ретінде жазып қалдыру немесе тарату дәстүрі де болмады. Міне, осындай саяси, әлеуметтік, экономикалық іс-әрекет, күй-жағдайлардың баршасы тілде көрініс бермей қалмады. Бұл кездегі қазақ тілі өзінің сан саласында, әсіресе лексика-фразеология бөлігінде осы дәуірдің сипаты мен күйін

көрсететін жағдайда болды.

§ 3. XVIII ғ. қазақ тілін сипаттайтын нұсқалар

Бұл кезде қазақ даласында баспа орындары, кітап шығару практикасы болмағанымен, оқу-ғылым жоқ болғанымен, сөз етіп отырған дәуірдегі тіліміздің жай-күйін, әсіресе лексикасы мен фразеологиясын, сондай-ақ кейбір грамматикалық категориялар мен нормаларын танытатын үлгі нұсқалар бар еді. Оған, ең алдымен, көркем әдебиет үлгілері жатады. XVIII ғ. – қазақ поэзиясының кең өріс алған тұсы. Бұл, бір жағынан, әріден келе жатқан жыраулық дәстүрдің одан әрі дамып, жаңа қырларынан көрінген кезеңі болса, екінші жағынан, ақындар мектебінің күш ала бастаған шағы болды.

Қазақ әдебиеті ескерткіштерінің авторы беймағлұм, жалпыхалықтық болып кеткен фольклорлық сипаттан авторлы дәрежеге, яғни белгілі бір шығарманың нақтылы авторы, ол автордың өзіне тән ерекшелігі болу дәрежесіне жеткен тұсы – осы кез. Зерттеушілердің басым көпшілігінің тұжырымы бойынша қазақ әдебиетіндегі авторлық Бұқар жыраудан (1685–1777) басталады. Бұл дәуір ақын-жырауларының ішінен бізге уақыт жағынан жақындауы да, шығармалары толығырақ сақталғаны да, сондай-ақ әдеби тілдік жағынан көбірек сөз болғаны да – Бұқар жырау. Бұқар – қазақ поэзиясында бұған дейін болмаған жаңа тақырыпты, яғни халықты бірлікке шақыру, осы бірліктің ұйытқысы хандық жүйені нығайту сияқты қоғамдық мәні бар тақырыпты көтерген ақын, Оған дейін де, сөз жоқ, жеке ақындар, жыраулар болған, тіпті кейбіреулерінің (Асанқайғы, Шалғиіз, Сыпыра) аты-жөні де, кейбір солар айтыпты-мыс деген өлең, әңгіме жолдары да халық жадында қалған, бірақ олардың өмір сүрген кезі, суреткерлік талғам-идеясын танытатындай дәрежедегі өлең-жырлары ұмыт болғандықтан, ешбіреуін де әдебиет тарихын зерттеушілер қазақ әдебиетінің белгілі бір дәуірдегі уәкілі дей алмай жүр. Зерттеушілер Бұқармен тұстас жасаған Ақтамберді, Тәтіғара, Жанкісі, Көтеш, Үмбетей, Шал ақындарының болғанын айтады. Сөз етіп отырған дәуірдегі көркем әдебиет бір ғана жанр поэзия

түрінде өмір сүргені көрінеді. Поэзияның өзі де бұл күндегідей әр алуан салалы емес, көбінесе дидактикалық және әлеуметтік мазмұны өлең, толғау түрінде сақталған.

Әдеби тілдік нұсқаның екінші түріне ауыз әдебиетінің мол қорын да жатқызуға болады, Бірақ, өкінішке орай, олардың сол тұста жазылып алынған варианттары болмағандықтан, пәлендей эпостың немесе ертегінің я болмаса тұрмыс-салт лирикасының XVIII ғ. жырланған, айтылған түрі тілі жағынан мынадай болып еді деп сипаттай алмаймыз. Осы күнгі өзіміз оқып біліп жүрген эпостардың, халық өлеңдерінің, ертегілерінің т.б. фольклорлық мұраларының көпшілігінің тілі дәл солардың туған кезіндегі немесе тіпті XVIII ғ. түрінде деуге болмайды. Негізгі желісі сақталуы сөзсіз, сондықтан да оларда бірен-саран көне дәуірді көрсететін архаизмдер, ескі грамматикалық тұлғалар, синтаксистік тәсілдер ұшырасады, бірақ ең көлемді эпостық жырлардың да, прозамен берілген ертегілердің де ауызша тарауы нәтижесінде және жеткізушілердің өз тарапынан өзгерістер енгізуінің салдарынан олардың тілі жазылып алынған (XIX–XX ғ.ғ.) дәуірдің тілдік нормаларын негіз еткендігі көрінеді.

XVIII ғ. тілді көрсететін нұсқалардың үшінші бір саласы – ресми іс-қатынас қағаздары. Бұлар хан-сұлтандардың, кейінірек келе старшиналардың орыс патшасына, орыс әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан арыз-өтініштері, мәлімдемелері, хаттары, үндеулер т.т. Бұл жазбалардың құнды бір ерекшелігі – хатқа (қағазға) түскендіктен, сол тұста қазақ даласында болған тілдің бір көрінісін көрсететін материал болып табылады. Төртінші – бұл дәуірде қазақ өлкесін орыс үкіметі тарапынан танып-білу әрекеті қызу жүрді. Сондағы орыс саясатшыларының, ғалымдарының, қызмет бабындағы чиновниктерінің т.б. орыс тілінде жазып қалдырған материалдары ішінде жекелеген қазақ сөздері (көбінесе атаулар) кездеседі. Басылмағанмен қолжазба күйінде жинақталған бірнеше орысша-қазақша сөздіктердің де болғаны мәлім. Міне, бұлар да сөз етіп отырған дәуірдегі тіліміздің лексикалық құрамын айқындауға аз да болса септігін тигізетін материалдар болады.

§4. XVIII ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы.

Қазақ тілінің төл лексикасы

Сөз етіп отырған дәуірдегі әдеби тіл лексикасының негізі – қазақтың төл сөздері. Екінші қабатын құрайтындар – араб-парсы сөздері. Орыс сөздері жоққа тән, өте сирек. Қазақтың төл лексикасын құрайтын элементтердің ішінде көбірек қолданып, едәуір тұрақталған саласы – жауынгерлік лексика. Бұлардың ішінде қару жарак, жаугершілік киім-кешек атаулары мен ел қорғау, батырлық қасиеттерге байланысты жеке сөздер – бір сала. Мысалы: *сауыт, оқ, найза, кіреуке, шығыршық (сауыттың көзі), дабыл, дулыға, берен, жебе, күдері, мылтық, қол, батыр, байтақ, бұлу, азамат, жаулық, елдік, біту*. Мұндағы көптеген атаулардың тұрақты эпитеттері бар, мысалы: *қоңыраулы найза, берен сауыт, болат найза, кіреуке тон, көк дабыл* т.т. жауынгершілікке байланысты сөз тіркестері дамып тұрақталады. *Жаулық сағыну, жер тұлдану (жау әскеріне толу), батыр шыққан даңқынан, найзасының ұшына жау мінгізу. Ал бұлардағы ежелгі дұшпан, қоңыраулы найза қолға алу, күдеріден бау тағу, қол қашыру, темір жұмсап, оқ ату, қалмақты қуып қашыру* тәрізді тіркестер фольклор қорынан ауысқан деуге болады.

Жауынгерлік лексика-фразеологизмдердің бір қатары бұл күнде архаизмге жатады. XVIII ғ. қазақ даласында әскери техника баяғы орта ғасырлық дәуірлердегі күйінде болғандықтан, қару-жарак, киім-кешек атаулары сол көне қалпында сақталған. Мысалы, *кіреуке сауыт, күдері бау, қоңыраулы найза, дулыға, дабыл (барабан), жебе*. Жауынгерлікке байланысты архаизмдердің бірі – *бұлу* етістігі. Бұқарада:

Кіші қара қалмақ *бүлерде*

Еңсесі биік, кең сарай

Мортық болар бүлген соң.

Бұл етістік күні кешеге дейін қолданылған. Мұны біз XIX ғ. ақындардың барлығынан дерлік, Ыбырай, Абайлардан да табамыз. Ол «жеңілу, бүліну, ойраны шығу» мағынасын береді. *Бұлу* етістігі – қазақ тілінде ертеден, ауыз әдебиетінен келе жатқан сөз: «*Бүлген елден бүлдіргі алма*» (мақал). *Осы айтқаным болмаса, тұғырға сұңқар қонбаса, Ноғайлы елің бүледі* (Қамбар).

«Әскер» мағынасындағы қол сөзі де XVIII ғ. осы ұғымды білдіруде жиі қолданылған сөз, әскер, армия, солдат сөздері әлі жоқ. Сондай архаизмдердің бірі – байтақ сөзі, бұл – ел деген мағынаны береді.

Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгембай (Жанкісі).
Байтаққа бөліп береді,
Батсалық сүрсәна;
Байтағымсың ішінде

Он сан елім ноғайлы деген жолдардан *байтақ* сөзін кездестіреміз (С.Сейфуллин, Батырлар жыры жинағы). Қазірде бұл сөз *байтақ ел*, *байтақ жұрт* тәрізді плеоназм жолымен жасалған тіркесте ғана қолданылады, сондай-ақ *ұлан байтақ жер* сияқты тіркесте де келе береді. Ертеректе, тіпті XVIII ғ. бұл сөздің жеке қолданылғанын байқадық.

XVIII ғ. әдебиеті өкілдерінде қазақ қауымының әлеуметтік жағдайына байланысты сөздер де бұл тұстағы лексиканың бір тобын құрайды. Бұл кездегі әлеуметтік топтардың атаулары: *хан*, *қараша*, *батыр*, *бек*, *қосын*, *құл*, *күң*, *кедей*, *жарлы*, *байғұс*, *молда*, *ақсүйек*, *қара*. Мұндағы *хан* сөзі сол кезде өмір сүріп тұрған билік иесін білдірсе, соған қарама-қарсы әлеуметтік топ *қара*, *қараша*, *қараша халық* деген атаулармен берілген. *Қара* сөзі, тегінде, ақсүйек титулы жүрген жерде соған антитип ретінде жиірек қолданылған:

Ақ сүйекті қор тұтқан
Қараны онан зор тұтқан (Бұхар)

Ал қалған жағдайда көбінесе бұл кезде *қараша* варианты актив термин болған, бұл – *хан* сөзінің анти типі:

Ханның жақсы болмағы
Қарашаның елдігі немесе
Уақытыңыз толғанда,
Қарашаң қашар қасыңнан (Бұхар).

Бұл сөз осы мәнде XIX ғасырда да жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған. Ал бұл кездегі шығармаларда кездесетін *құл*, *күн* сөздері өздерінің тура номинативтік мағыналарында қолданылған, өйткені XVIII ғ. қазақ жерінде *құл*, *күң ұстау* немесе қолға түскен әскери тұтқындарды *құл*, *күң* есебінде сату бар болатын. Сондай-ақ бұл сөздерде *құл* сөзінің

құдайдың құлы тәрізді ауыспалы мәнде қолданылуы да орын алады.

Экономикалық жағынан тәуелді топтардың бұл кезде кездесетін атаулары – *кедей, жарлы, байғұс*. Бұл үшеуі де мағына жағынан дифференцияланбаған, синоним сөздер. Үстем таптарды бейнелейтін *бай, бек, би, батыр* сөздері XVIII ғ. ақындарында да бар. Бұлардың соңғысы (батыр) XIX ғ. екінші жартысындағыдай емес, өзінің тура мағынасында да, жалпы билеуші үстем таптың атауы ретінде де жұмсалғаны көрінеді. *Бек* сөзі бұл кезде сиректеу ұшырасады. Онда да белгілі бір әлеуметтік топты білдіруден гөрі «*жалпы ел билеуші, хан*» деген жалпы ұғым атауы сияқты. *Абылай-ау, Абылай, Момынға келіп бек болдың* (Бұқар).

Әңгіме етіп отырған әдебиетте жиі қолданылатын әлеуметтік лексикаға жататын сөздердің бірі – *алаш*. Бұл сөздің о бастағы (ауыз әдебиетіндегі) мағынасы – «*халық, қазақ халқы*».

Бұл хабарды Әзімбай

Алашқа тегіс жүргізді («Қамбар»).

Оның тұрақты эпитеттері де бар: он сан алаш, алты алаш. Бұқар шығармаларында да *алаш* сөзі негізінен осы көрсетілген мағынада қолданылған:

Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып.

Сонымен қатар бұл сөздің қазақ тілінде «*жау, өзге жұрт*» деген де мәнде қолданылғандығы байқалады:

Өзіңмен бірге туысқан

Алаштан бетер жат болар (Бұқар).

Алаш сөзінің жақын синонимдері ретінде *жұрт, халық, үш жүздің баласы* деген жеке сөздер мен тіркестер де кездеседі. Бұлардан басқа Бұқар өлеңдерінде *азаткер* (құл сөзінің антиподы. Мысалы: *Бір көшеге сыймайды Азаткер де құлыңыз, қызметкер* – «жалшы» мағынасында. *Әбілмәмбет патшаға қызметкер болып тұр едің*), *бикеш* (*Байлар қызы бикештер*), *шора* (*Байлар ұғлы шоралар*) сөздері кездеседі. Сірә, бұл сөздер Бұқардың өзінің туындылары болуы да ықтимал, өйткені бұларды (окта-текте *қызметкер* сөзі болмаса) Бұқар тұстас ақындар шығармаларынан кездестіре бермейміз.

XVIII ғ. екінші жартысында қазақ даласында сауда-саттық

жандана түскенімен, сол тұстағы әдеби тілдік материалдарда осы салаға қатысты жеке сөздер мен тіркестер ұшырайды (саудагер, біреудің хақын жеу т.б.). Бұл кезде ақшаға, әр алуан өлшемдерге, сауда-саттық бұйымдарына байланысты сөздер халықтың сөйлеу тілінде орын алғаны сөзсіз, бірақ ол кездегі ақындар шығармашылығындағы тақырыптың тарлығы мен мұраларының аз сақталғандығынан, олардың әдеби тілдегі көрінісін көрсету өте қиын.

Бұл кезде егіншілік кәсібі, отырықшылық там-тұмдап пайда бола бастағанымен, Абылай сарайының маңында жасап өткен ақындар тілінде бұл салаға қатысты лексика-фразеологиялық қабат кездеспейді. Мұның да бір себебі жоғарыдағы жағдайлармен байланысты болса керек. Керісінше, қоғам өмірінің бұл екі саласы да XVIII ғ. ақындарының тілінен гөрі халықтық жырларда көбірек ұшырайды: *Қара қасқа тұлпарға арпа-бидай асатты* («Қамбар»); *Тікендерін сұрасаң, шекер менен шай болған* (сонда). Сондай-ақ «Қыз Жібек» жырынан *қара нан, сексен аршын, қант пен шай, пұл, диқан* сөздерін, *деміне нан пісу* сияқты тіркестерді, «Айман–Шолпан» жырынан *баға – бұл, қант – шай, тоқаш* т.б. кездестіреміз. Бұл құбылыс негізінен XIX ғ. әсері. Өйткені осы жырлардың біздің қолымызға тиген варианттары – XIX ғасырда жырланғандар, ал бұл кезде қазақ тілінде сауда-саттық пен егіншілікке байланысты сөздер едәуір орын алған болатын. Тарихи лексиканың келесі бір тобы – сот, әкімшілік құрылысына қатысты сөздер. XVIII ғ. қазақ әдебиеті тілінен бұларды да аз табамыз. Билік системасы хандық болғандықтан, көбінесе *хан, ханзада, төре* сөздері ғана бар. Ал Бұқарда бірер жерде кездесетін *патша* сөзін орыс патшасы мағынасында емес, қазақ хандарының бірі Әбілмәмбетке қарата, *хан* дегеннің синонимі ретінде қолданады, ал ханның синонимі кейде *төре* сөзі болып кетеді. Өйткені бір жерде «Әбілмәмбет патшаға қызметкер болып тұр едің» болып келсе, екінші жерде «*Арқада Әбілмәмбет төренің түйесін баққан құл едің*» дейді.

Билеуші, өктем топтардың атауларынан *бай, қожа* деген сөздер ғана ұшырасады. Өзге әкімшілік инстанциялары, олардың басындағы адамдардың атаулары жоқ. Сот, билікке қатысты сөздер де шағын, олар: *би, дау, төре* (төрелік бер мағынасында). *Төрде отырған қарт бабаң, Төресінен жаңылар малдан соң*

(Бұқар), *пара* сөздері. Бірер жерде ғана *қазыға салу* (қазы) сөзі Бұқарда кездеседі, бірақ оның мұсылманның діни заңы – шариғатпен төрелік айтатын адам деген терминдік мәнде емес, «әділдігін, түзулігін айту» мағынасын береді. Бұл кезде әлі сот, судья сөздері жоқ. Осы күнгі заңға қатысты сөздердің бірі – *арыз* XVIII ғ. әдебиетінде де, ауыз әдебиетінде де бар, бірақ бұл әділет орнына берілетін *арыз* деген мәнде емес, жалпы кімге де болса айтатын *шағым, өтініш* деген мағынада:

Арызға келді балаңыз

Рұхсат бата бер ата («Қыз Жібек»).

Халық ауыз әдебиетінде де сот-билік саласындағы сөздердің саны мен түрі осылар ғана (*би, билік, төрелік, дау, арыз*). Фольклорлық шығармалар тілінде де, XVIII ғ. ақындарының тілінде де қазақтың төл сөздерінің ішінде оқу-ағартуға қатысты сөздер жоққа тән. Бұлардағы оқу-білім саласын қамтитын сөздер бірен-саран араб-парсы сөздері ғана.

§5. Араб-парсы элементтері

XVIII ғ. қазақ әдеби тілі сөздік құрамының екінші бір қабаты – араб-парсы сөздері. Бұл кезде халықтың сөйлеу тілінде де, ауыз әдебиетінде де, ақындар шығармаларында да (әсіресе Бұқар мен Шалда) араб-парсы төркіндес сөздер едәуір орын алған. Олардың өзін екі топқа бөлуге болатын тәрізді: бірі қазақ тіліне ертеден еніп сіңісіп кеткен және жиі қолданылатын сөздер. Мысалы, Шал ақын мен Бұқарда кездесетін *дүние, момын, мақұл, аман, мейман, несібе, несіп, әйел, дәулет, қыдыр, бақ, құдай, жала, пара, заман, жаза, уағда, молда, құдірет, пейіл, ақшам, насық, қаза болу, арам, мәлім, амал, бекет, қайыр, құрмет, байғұс, абырой, ар, халық, сабыр, әлем, өмір, адам, ажал, бақ, бақыт, дүние, уақыт, мезгіл, ақы, дос, арам, дауа, мысал, дұшпан, залым, шартарап, бекер, күмән* т.б. сөздер қазақ тіліне ерте замандарда еніп, сіңісіп кеткен сөздер. Бұлар ауыз әдебиетінде де батыл және жиі қолданылған. Мұндай сөздердің қазақ лексикасына етене болып кеткендігі сонша, бірқатары өзара қатар келіп, көркемдеу тәсілінің бірі – синонимика ретін түзейді. Мысалы, Бұхарада:

Уақытым менің өткен соң,

Мезгіліміз жеткен соң ...

Екеуі де араб-парсы элементінен жасалған синонимдік *бақ-дәулет, абырой-ар, алла-тағала, амал-айла* тәрізді қос сөздер де осы іспеттес. Ал көпшілігі қазақтың төл сөзімен қосақтаса айтылып қос сөз қатарын түзеп кеткен: *аман-сау, бос-бекер, кедей-кепшік*. Бірқатарынан туынды тұлғалар да жасалған: *қайырлы, дүниелік, мақұлдау, амандасу, амандық, несібелі, жалақор, бақсыз, бақытты, құрметті, қадірлі* т.б.

Араб-парсы сөздерінің екінші тобы – халық тіліне сіңісіп кетпегендер, бұлар жеке діни сөздер мен кейбір абстрактілік ұғымдарды білдіретін сөздер. Мысалы: *арсы-күрсі, маһи, лауғы, гайбат, (жамандау), һәммәт (ынжық, қор)* т.б. ислам дінінің түрліше ритуалдарына, сенімдеріне, уағыздарына байланысты *иман, намаз, ұжмақ, құбыла, әулие, ахрет, пір, мешіт, сәлде, төрт шадияр, хақ жолы, фәни* тәрізді сөздер Бұқар мен Шал шығармаларында ұшырасады. Олар сол кезде халық тілінде де қолданылған болуы керек, бірақ бұлардың активтік дәрежесі жоғары көрсетілген топтан әлдеқайда төмен болған сияқты, өйткені бұл кезде қазақ арасында ислам діні ХІХ ғасырдағыдай етек алмаған болатын. Патша үкіметі Қазақстан жерінде мешіттер салдырып, құранды тегін таратуға ұйғарғанымен, бұл әрекеттердің ешбірі де әсерлі нәтиже бере қоймағаны мәлім.

XVIII ғ. ақындары тіліндегі араб-парсылық элементтердің қолданылу сипатының өзі біркелкі емес: жоғарыдағы жалпыхалықтық тілде ертеден келе жатқандары (*өмір, дүние, пайда, дәулет, бақыт* сияқты) өлең-жырлардың өн бойында қолданылса, діни және сіңіспеген кейбір сөздер белгілі бір шығармалар ішінде ғана, яғни діни тақырыпты қозғағандарында қолданылған. Мысалы, көбінесе жауынгершілік тақырыптағы мұралары сақталған Тәтіғара, Жанкісі, Ақтамберділерде иран сөздері өте-мөте сирек. Бұқардың «Керей қайда барасын?» сияқты қазақтың ел ішінің өзаралық қарым-қатынасын жырлайтын шығармаларында бірде-бір арабизм–парсизм жоқ, керісінше, «Ей, айтшы, алланы айт» сияқты ислам дінін уағыздаған өлеңнің бір өзінде 20 шақты сөз кездеседі және олардың көбі *мұсқан (кітап), кәләм (сөз), лаухы, наубат* тәрізді көпшілік тілге сіңіспеген сөздер.

XVIII ғ. жазған қаламгердің игілігінде халық тіліне сіңіспеген әсіресе діни мазмұндағы араб-парсы сөздерінің сирек

немесе молынан қолданылуы олардың ұстанған идеологиясы мен жырлаған тақырыптарына тікелей байланысты. Әдебиет танушылардың зерттеулеріне қарағанда Бұқар – феодалдық-хандық қоғам мүдделерін жоқтаған ақын. Ол бұл идеологиясына ислам дінін арқа сүйеу етіп соны уағыздайды. Өзінің өмірді, қоғамды тануында діни дәлелдерге жүгінеді. Сондықтан оның шығармаларында жоғарыда көрсетілген тікелей ислам дініне қатысты араб-иран сөздері көбірек орын алған. Ал Бұқардың кіші замандасы Шал ақында мұндай емес, онда кездесетін шығыс сөздері халық тіліне сіңіскен дүние, момын, мақұл, дәулет, несібе, әйел сияқты сөздер, өйткені ол ислам дінін пір тұтып уағыздаған емес, керісінше:

Мекке менен Медине жолдың ұшы
Иман таба алар ма барған кісі немесе
Қой, сиырын қамасын молда өзі

Ұжмақ көрер бір жан жоқ бұл кісіден, - деп дін сөзін күмән етіп, келеке қылған ақын?.. Сондықтан, оның өлеңдеріндегі *ұжмақ, иман, хақ* деген бірен-саран сөздер осы мақсатта ғана жұмсалған.

Бұхарда бірер жерде ғана *сия, дәуіт, қалам, әлім, ғалым* деген оқу-ағартуға қатысты 4–5 араб-парсы сөздері бар. Сірә, Бұқар мұсылманша көзі ашық адам болса керек. Қанша діндар болса да мұсылманша сауаты жоқ, ислам діні негіздерінен бейхабар қарапайым ақылгөй араб-парсы лексикасын бұлайша пайдалана алмаған болар еді.

§6. Орыс сөздері

Қазіргі қазақ лексикасының мол бір қабаты - орыс сөздері немесе орыс тілі арқылы енген шет тілі (көбінесе интернационалдық) сөздері болса, біз талдап отырған әдеби тілімізде бұл қабат өте жұқа, тіпті жоққа тән екені көрінеді. Шығармалары талданып келе жатқан ақындардың ешқайсысынан осы күнгі русизмдердің ешбіреуін кездестіре алмаймыз. Тіпті фольклорда кездесетін *шай, самаурын, тарантас, пәуеске* тәрізді күнделікті тұрмысқа қатысты (бытовая лексика) сөздер де жоқ. Бұған қарағанда, *шай ішу* (оның жабдықтары: *самаурын, поднос* т.т.) немесе орыстар қолданған көлік түрлері XVIII ғ. қазақ

жерінде аса етек ала қоймаған болуы керек.

§7. Архаизмдер

Қазақтың XVIII ғ. әдеби тілінде қазіргі лексикалық нормамыздың тұрғысынан қарағанда архаизмге жататын бір алуан сөздер тобы бар. Жауынгершілік тақырыпқа байланысты көнерген сөздерді жоғарыда айтып өттік. Бұдан бір жарым, екі ғасыр бұрынғы қолданылған қару-жарақ түрлері жойылып, жана түрлері шыққандықтан, оның атаулары да архаизмге кеткендігі даусыз. Бұдан басқа да көнерген немесе бұл күнде пассив сөздерді ұшыратамыз. Бұхарда қолданылған *талыс*, *шөңшік* деген сөздердің архаизмдер екенін бірнеше зерттеуші атап кеткен болатын. Екеуі де мал терісінен істелінетін ыдыс жабдықтары. Металл, шыны материалдары кем, тар дәуірлерде мал терісі әр алуан ас-су жабдықтарын, киім-кешек, төсеніш-жастаныштар жасауға пайдаланылатын бірден бір материал болған. Экономикалық даму дәрежесі әлі өте төмен қазақтың феодалдық қоғамында XVIII ғ. өзінде әлі де осындай жабайы құрал жабдықтардың болғанын сол кездің тілдік фактілері де дәлелдейді. Мысалы: *дүр*, *талық*, *манат*, *көрпелдес*, *түкпе*, *ортық* сөздері мен *тіркеусіз қайту*, *дулап жүру*, *байсал табу*, *байсалды үй*, *баршындау*, *кебелеу*, *мамыр асу* тіркестері қазіргі актив қорға кірмейді. Бұлардың кейбіреуін кітап шығарушылар түсіндіріп отыруға тырысқан. Мәселен: *мамыр-сабыр*, *көрпелдес-күрпілдек*, ал көпшілігі ешбір түсініксіз қалпында оқылып келеді. Бұлардың әрқайсысының төркіні мен мағынасын дұрыс талдап табу – болашақ зерттеулердің міндеті.

§8. Сөз тудыру тәсілдері мен грамматикалық ерекшеліктері

XVIII ғ. әдебиетінде есім сөз тудырушы жұрнақтардың ішінде көбірек қолданылғаны **-лық** жұрнағы. Бұл жұрнақ арқылы негізінен абстракты зат есімдер жасалған: *жаулық*, *билік*, *жақсылық*, *жамандық*, *ірілік*, *ұрлық*, *құлық*, *кәрілік*, *кемдік*, *елдік*, *жарлық*, *сараңдық*, *зорлық*, *қорлық*, *бірлік*, *жомарттық*. **-Лық** жұрнағынан туынды сын есім жасауға пайдалану бұл кезде мүлде өнімсіз жоққа тән. Бұл ерекшелік ауыз әдебиеті тілімен іліктес,

мұнда да –**лық** жұрнағы *жақсылық, жамандық, жастық, кәрілік, жігіттік, батырлық, байлық, ашықтық* тәрізді зат есімдерді жасайды. Ал оның сын есім болып келуі тек сандық, уақыттық мөлшерді білдіретін жағдайда ғана: *қырық күншілік шөлі бар* («Қыз Жібек»), *Алтыс сомдық әр кезі, Үстіне асыл кигізді* («Қамбар»), *Күндік жер, неше күндік жол, жүз теңгелік опа т.б. некен саяқ* жерлерде *айлық оқ, тебінгілік жүн* тәрізді сын есімдер кездеседі. Бұхарда бұл типтес бір-ақ сөз: *Жаулық* жолын сүйменіз. Қалған жұрнақтардан –**лы**, –**сыз**, –**ыш** (қызғаныш), **ақ** (тілек, қылық, атақ, өтірік) тұлғалы есімдер бар. Бірақ бұлар арқылы жасалған сөздер өте аз. –**Кер** жұрнағы *қызметкер, азаткер, үстікер* сияқты бірер сөзде кездеседі.

XVIII ғ. ақындар тілі мен ауыз әдебиеті тілінен грамматикалық ерекшеліктерді табу өте қиын. Ол жоғарыда айтқан текстологиялық қайшылыққа байланысты: әдеби мұраны жеткізушілер ұйқасқа, өлең өлшеміне байланысты немесе мағынасын білмегендіктен жеке сөздер мен тіркестерді өзгерте алмайтын жайлары болуы мүмкін, ал грамматикалық тұлғаларды өзгерту (мысалы, бір септіктің орнына екіншісін - өз заманында қолданылатынын ауыстырып айту) онша қиын болмайды. Дегенмен, там-тұмдап болса да кейбір морфологиялық ерекшеліктер күні бүгінге дейін сақталып жеткенін байқаймыз. Солардың бірі келер шақ есімшенің барыс жалғаулы тұлғасының (*барарға, айтарға*) өнімді қолданылуы. Мысалы, Бұхарда:

Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес кешерге
Қайырсыз итке мал бітсе
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес ішерге немесе
Келмей тұр аузым *айтарға*

Еңкейіп орақ *орарға* т.т. бұл осы күнгі өнімді у+ға (*баруға, айтуға*) тұлғасының синонимі. Өткен ғасырларда у+ға тұлғасы да қатар қолданылған тәрізді. Мысалы:

Есіл көзден нұр тайса
Бір *көруге* зар болар (Бұхар).

Сондай-ақ осы күнгі у жұрнағы арқылы берілетін қимыл есімдердің орнынан кейде **мақ** жұрнақты тұлға қолданылғаны

көрінеді.

Ханның жақсы *болмағы*

Қарашаның елдігі (Бұқар)

XVIII ғ. әдебиетінде бұл күнде аналитикалық тәсілмен немесе жұрнақтар арқылы жасалатын кейбір етістіктер өзгешелеу тұлғада жұмсалған. Мысалы, Бұхарда: «Даусы қандай *саңқыған*» (саңқылдаған), Айтқан сөзге *түспеген* (түсінбеген). Шалда: «Жатудан жамбастарың *жауырады*» (жауыр болады).

Халық ауыз әдебиетіндегі сияқты да шылау грамматикалық тіркестердің арасында келіп, ерекше экспрессивтік реңк беретін тәсіл түзейді, мысалы, Бұхарда:

Қынайы *да* белін буынған

Жылай *да* жесір қалмасқа

Толғай *да* дәурен сүрмес пе?

Салыстыр: Қызыл *да* жібек қырмызы,

Баян *да* қылып айтайын. (Қамбар).

Бұқар шығармаларында бірді-екілі жерде ұшырасатын *бергіл, ойлағыл* тұлғаларын түсіндіру қиын. Бұлар бұл күнде оңтүстік говорына тән формалар. Бұқардың Абылайға «Сен мен көргенде Түркістанда жүр едің» дегеніне қарағанда, ол Қазақстанның оңтүстік аудандарында болғанға ұқсайды, жоғарғы элементтер, мүмкін осы жағдайға байланысты болар немесе сол кезде етістіктің бұйрық, тілек формалары қазақ жерінің қай түкпірінде де осы тұлғаларда берілген болуы мүмкін. Ауыз әдебиеті нұсқаларынан бұл тұлғалар «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларында жиі кездеседі. Бақытын *ашқыл* баламның; Мәдеткер *болғыл* балама, Іздеп *келгіл* ағанды, Көке болмай жерге *кіргіл* («Қыз Жібек»). Бір құдай жәрдем *бергіл* тіл жағыма («Айман-Шолпан»). Ал «*айтар сөзім осы дүр*» дегендегі **дүр** форманты Бұқар тұсында да қолданылудан қалмаған тәсілдің көрінісі. Бұл XIX ғ. жырлаған ауыз әдебиеті нұсқаларында да бар:

Күдіретіңе алланың

Бенденің жоқ **дүр** көнбісі («Қыз Жібек»).

Кім бай **дүр**,

Кім жарлы **дүр**, тәңірге аян («Айман-Шолпан»).

§9. Фразеологиялық тіркестер

Әдеби тілдің бір белгісі фразеологиялық тіркестердің тұрақталып, образ жасауға қатынасуында. Бұл жағынан ауыз әдебиеті тілі де, XVIII ғ. көркем әдебиет тілі де едәуір материал береді. Бірақ олардың шығармаларындағы тұрақты тіркестер негізінен ауыз әдебиеті дәстүрін сақтайды: ақындар бұрыннан қалыптасқан дайын штамптарды пайдаланады немесе жана тіркестер жасай қалса, оның семантикалық және грамматикалық моделі дәстүрлі тіркестерден алынады. Мысалы, Бұқардағы *Тұрымтайдай ұл, басына дәулет құсы қону, тоят тілеу, тақымы кетпес ұры, найзаны жауға тіреу, жұлдызы оңынан туу, он сан алаш, құдайға құл болу, ақ сұңқар құстай, жалаң аяқ жар кешу* деген тіркестер халық тілінен ұштасады. Сірә, XVIII ғ. ақындар тіліндегі *қаза қалу, жер тұлдану, дау ұру, жандай шабу, уағдадан жылысу, бойынан түңілу, байсал табу, құлық туған құлаша, алтынының буы, дәулет таю, жамандық тұту, бір ауызды болу* тәрізді тұрақты тіркестерді белгілі бір ақынның туындысы деп те, халық тілінің байлығы деп те кесіп айту өте қиын. Өйткені сол тұстағы сөйлеу тілінің байлығы бізге мүлде беймәлім, ауыз әдебиеті тілінің де XVIII ғ. фразеологиялық нормасын белгілеу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан қазір біз тек бір-ақ фактіні батыл көрсете аламыз. Ол қазіргі әдеби тіліміздің байлығы мен көркемдігін, образдылығын танытатын фразалық, идиомалық тіркестердің сөз етіп отырған дәуірде орын алып, тұрақталған тіл элементтері болғандығы.

§10. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы эпистолярлық нұсқалардың тілі

Жоғарыда көрсеткеніміздей, XVIII ғ. II жартысындағы қазақ даласындағы тіл практикасының бір түрі – хан, сұлтан және кейбір старшиналардың орыс әкімшілік орындарына және бір-бірлеріне жазысқан әр алуан қағаздарының тілі болды. Бұлар көбінесе орысша **прошение, уведомление, донесение** деп аталған құжаттар мен ресми хаттар. Бұлардың мұрағаттарда

сақталғандарын «Материалы по истории КазССР»²⁰ деген атпен профессор М.П. Вяткин 2 том қылып жариялағандықтан, олардың тілі туралы сөз ету мүмкіндігі бар. Ең алдымен, бұл ресми құжаттарды жоғарыда сөз еткен көркем әдеби нұсқалардан бөліп қарайтын себептеріміз бар. Біріншіден, бұлар әдебиеттің өзге жанрына – ресми-эпистолярлық жанрға жататын нұсқалар болса, екіншіден, пайдаланылған тілі жалпыхалықтық қазақ тілінен өзгешелеу болды. Бұл құжаттардың тілі мен стилі жөнінде алғаш дұрыс сипаттама мен құнды пікірлер айтқан профессор М.П. Вяткин болды. Ол кісі бұл документті жариялаумен байланысты жазған алғы сөзінде былай деп көрсетеді: «Хандардың хаттарын жазған қазақтар емес, татар молдалары, патша үкіметінің агенттері болатын, сондықтан да еңбекшілердің көтерілістерін «оңбаған» халықтың бөліктері немесе тіпті кәдімгі ел талдау деп сипаттаған. Тілі жағынан алғанда қазақ феодалдары атынан жазылған бұл құжаттар тілі арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар элементтері басым, ал қазақ тіліне тән элементтер әлдеқайда аз. Орта Азия халықтары тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер араласқан бұл татар тілі хандар канцеляриясы практикасында ұзақ уақыт берік сақталып, ресми хат-хабарлардың барлығында қолданылды. Бұл тіл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды. XVIII ғ. мен XIX ғ. қазақ даласында қолданылған кеңсе тілі туралы қазақ лингвистері де осындай баға береді.

Абай дәуіріне дейінгі хан-сұлтандардың түрліше грамота-хаттарына келсек, – деп жазады академик І. Кеңесбаев, – олар сол кезде мода болған ресми-эпистолярлық стильдің сынықтары болатын. Мұнда шағатай, татар, араб-парсы элементтері басым болды».

Бұл кеңсе қағаздары тілінің Орта Азиялық түркі тілдеріне ортақ ертеден қалыптасқан стилі болды. Ол стиль кеңсе жазбалары тілінің лексика-фразеологиялық құрамында, грамматикалық тәсілдерінде, тіпті орфографиясында орын алған, өзіне тән норма-ерекшеліктерімен белгіленеді. Ең алдымен, орта ғасырлардан бастап біз сөз етіп отырған XVIII ғ. мен XIX ғ. дейін

²⁰ Вяткин М.П. Материалы из истории КазССР. –М.-Л, 1940.

әрбір дәрежедегі лауазымды әкімдерді дәріптейтін тұрақты эпитеттердің қолданылу шарты болды. Бұл жалғыз ортаазиялық феодалдық қоғамдағы түркі халықтары тілінде ғана емес, өзге де халықтар, оның ішінде орыс тілінде де орын алды. Мысалы, жоғарыда аталған құжаттардағы *ғизатлу*, *хұрметлу* (*уважаемый*), *мархабатлу* (*милостивый*), *сағадатлу* (*блаженный*) тәрізді сын есімдер осындай тұрақты стильдік элементтер. Бұлар түгелімен дерлік араб сөздерінен түркі жұрнағы лұ (лы) арқылы жасалған. Бұлардан басқа арабтың ғали және хазірет деген сөздері өте жиі қолданылып, біріншісі, «жоғары, биік» деген компонентті білдірген. Мысалы, *ғали кәһәли уа ғали жәһәли* (высокостепенный и высокодостойный); екіншісі, «его (ее) превосходительство, величество» деген ұғымды білдіреді. Демек бұлардың әрқайсысы белгілі бір эпитетті білдіретін дәрежеде тұрақталып, стильге тән нормаға айналғаны байқалады.

Хан, сұлтан, би, старшиналардың атынан жазылған түрліше қағаздардың атаулары да бірқыдыру дифференцияланып, нормаланғаны сезіледі. Мысалы, жоғары орындардан бір нәрсені сұрай, өтіне жазылған қағаздар (прошение) **ғарыз**, **ғарызнаме**, **ғарызахуал**, **ғарызхал** деп берген, тіпті олардың өзіне тән всеподданейшее, всенижайшее тәріздес эпитеттердің де баламасы сияқты сөздер қолданылған: *табиғна ғарызнаме* - всеподданейшее прошение. Бірдеңені білдіру үшін жазылған қағаздар (донесение, уведомление) **иғлам наме** деп аталған. Бұлардан басқа **хат** (письмо) деген термин осы күнгідей **хат** түрінде әлі қалыптасып болмағаны байқалады. Мұның мағынасы жоғарғы документтерде үш-төрт сөзбен берілген: *мәктәбә*, *күтәбту*, *китәб* және *хат*. Әкімшілік орындарының түрліше бұйрық-жарлықтары (повеления, приказы, указы) *ярлұқ*, *әмір ярлұқ*, *фарман* түрінде кездеседі, қазақша *бұйрық* сөзі әлі жоқ. Мұның біріншісі түркі тілдерінде ежелден келе жатқан *ярұқ-ярлұқ-жарығ* (жеті жарғы), *жарлық* сөзі де, екіншісі осы мағынаны білдіретін араб сөзі, бұл көбінесе хан, сұлтан, қазылар тарапынан берілетін указ дегенге сай келеді. *Фарман* сөзі *пәрмен* түрінде халық тіліне де енсе керек: *Патшадан пәрмен болған соң* («Қамбар»), бұл сөзді Н.И.Ильминский де сөздігіне (1861)

пәрмен-повеление деп енгізген ²¹.

Кейбір әлеуметтік-әскери терминдерді араб-парсы сөздері арқылы білдіріп, бір ізді қолдану тенденциясы бар. Мысалы, қазақтың хан-сұлтандары мен патша үкіметінің жергілікті администрациясына қарсы әрекет етушілерге *харамилер (разбойники)* деген ат қалыптастырған. Бұл сөзді осы мағынада бірнеше документтен табамыз. Жазбаларда «көпшілік халық» дегенді білдіретін бірнеше сөз қолданылған: *уұрт, халық, қара халық, ел (ауыл мағынасында), жамағат*. Мұндағы *уұрт* – этникалық тұтастық ретінде біріккен топ мағынасында жұмсалғанға ұқсайды: *қырғыз-қазақ уұрты, күллі уұртымыздың жамағатлары* т.т. «Жамағат» сөзі община дегенге дәл келеді. Билеуші топтың антиподы ретінде *қара халық (простой народ)* дегенді қолданылған. Осындай терминделген сөздердің қатарына *харакат-поведение, поступки, гаскер (кейде ласкер)-войско, саудагер-купец, мал-товар, шабуыл-набеги, елші-посланец, депутат, сахара-степь, баж-налог, мехкеме-учреждение, бастық, хакім-начальник, тұтқын-пленные, астрахат-спокойство, қияпат-предательство* сөздері жатады. Бұлардың көпшілігі араб-парсы сөздері болса, *елші, мал, кеңес, бастық, тұтқын* дегендер – түркі сөздері.

Қазақ жерінің Ресей империясына бағынуына байланысты көптеген жаңа ұғымдарды атау қажеттігі туады, бұлардың да бірқатарына араб-парсы сөздері алынып, тұрақтана бастағаны байқалады. Мысалы, *подданство, подданий* деген ұғымдар *рағаятлік, рағаят* сөздерімен беріліп отырған. Сондай-ақ патша үкіметі тарапынан салынған пограничная линия, қала атаулары да шама келгенше аударылып аталған. Мәселен, жоғарыдағы *пограничная линияны* барлық документтерде де *сархад* деп беріп отырған. Ал *кішкене қаланы* (городок) *қала*, кәдімгі *үлкен қаланы* (город) *шаһар, крепосты* бірде *қала* (Ор қаласы – Орская крепость) деп, бірде *крепос, крепии* деп орысша атаған. *Фортост* аударылмай *форбос* түрінде қолданылған.

Өткен ғасырлардағы кеңсе-қатынас қағаздары тілінің лексикалық құрамындағы тағы бір ерекшелік, жоғарыда

²¹ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1987.

көрсетілгендей, тек зат, құбылыс, атаулары ғана емес, түрліше көңіл-күй, амал-әрекетті білдіретін сын есім, үстеу, етістіктердің бірқатары жат тілдік (араб-парсы) сөздермен берілгендігінде: *атақ-единодушно, гаяндур-аян, бәңә асыд болынды-мноу получено, махзун қылдыңыз-огорчили меня, гадаулік қылу-действовать враждебно, офат олынды-скончался*. Мұндай етістіктер көбінесе аналитикалық жолмен негізгі араб-иран сөзі, көмекшісі түркі етістігі арқылы жасалған. Кеңсе қағаздары тіліндегі лексикалық ерекшеліктің бірі – ондағы көптеген номинативтік атаулар мен сын-амал, іс-әрекетті білдіретін сөздердің араб-парсы элементтері болып келетіндігінде.

Сөз жоқ, бұлардың лексикасының негізгісі – түркі элементтері. Бұлардағы түркі тіліндік лексика негізінен сол кездегі қазақтың жалпыхалықтық тілі мен көркем әдебиет тілінен (ауыз әдебиеті мен ақындар шығармалары) емес, басым көпшілігі орта азиялық әдеби тіл (шағатай) мен татар тілдерінен. Мысалы, қазақша е етістігі *ер*, **бол** етістігі *ол* түрінде оғыз тілдеріндегіше берілген: *хайран олдым (болдым), иазған ердім (едім), кіріфтар олынмыш, ада қылу, үшбу, үздендіру (отвернутся), ұғланларым, өфкә (өкпе), дост кібік (сияқты)*. Сонымен қатар таза қазақ тілі элементтері мүлде жоқ деп айтуға және де болмайтын тәрізді. Мұндағы біраз жеке сөздер мен сөз тіркестері татарша-шағатайша орфографиямен жазылғаны болмаса, қазақ тіліне тән немесе ортақ элементтер. Мысалы, *йұрт, кіші жүз, ақсақал, қара халық болып, төре, шабуыл, атыстырып-шабыстырып, қабыл көру, елші қылып, сізге қандай дұшман болса, бізге сондай дұшман, көріп оқұб мазмұнын аңғардық, бұрынғы болып өткен* т.б. документтің бір жерлерінде *ерді, олды, олмұш* болып келсе, келесі бір жерлерінде және көбірегі *еді, болды* түрінде қыпшақ тілдерінде келеді.

Бұл стильдегі өзге түркі тілдік элементтер лексика саласынан гөрі грамматика (әсіресе морфология) саласында көбірек орын алады. Есімдіктердің септелген түрлері **бәңә, бенім, бенден** деп көмекшісі **дайу** түрінде есімшенің **ған** жұрнағының орнына **мыш** жұрнақтары түрі (*бенім, есіміме түзілmiş, жәбір көрмей, кіріфтар олынмыш*), III жақ жіктік тұлға **дүр** формантымен келеді: *мағлұм олынадүр, оңайдүр, хан деп бюлмесдүр*. Етістіктің III жақ көпше жіктік тұлғасында **лар**

жалғауы келеді: *хан ясадылар, айталар, кеттілер, т.т.* У жұрнағының орнына **ғу** формасы келеді: *дұсманлық, қылғушы, иурғуші*; етістіктің тілек, қалау, өтініш мағынасы –**ғай** тұлғасымен берілген: *иібіргәй едіңіз (жіберіңіз), инанқой ерді (сеніселік)*, есімшенің **тұғын, тын** тұлғалы түрінің орнына **тұрған** сөзі келеді: *шабуыл қыла тұрған*. Шылаулардың қолданылуында біркелкілік жоқ, арабтың **уа, һәм** шылаулары жиі қолданылған, осы күнгі **мен** шылауының орнына **бірде, бірлән,** бірде **иле,** бірде **илән** тұлғалары келеді: **шейін** шылауының орнына **ше** (*бұ уақытқа ше*) қолданылады: парсының **би, на** префикстері жиірек кездеседі: *бихисаб, бинаһият, нәмәқұл* т.б.

XVIII-XIX ғ. эпистолярлық материалдарының тілін қазақтың жалпыхалықтық тілінен қашықтатып әкеткен жағдайлардың бірі – олардың орфографиясы: бұларда шағатайша-татарша жазу нормасы бойынша сөз басындағы **ж** әріпінің орнына **и** әрпі (*иоқ, иазған, иыл т.т.*) жазылды. Жалғау-жұрнақтар қазақ тілінің үндестік заңын сақтамай, тіркеліп жазылады *бізлер, сүйікпү, иүзнің* т.б. араб-парсы сөздері көбінесе өз тілдеріндегі тұлғасы бойынша жазылады: *ғарыз, һеш, һакім, фарзандлар* т.б. осылардың баршасы кеңсе-қатынас қағаздарының стилін ұзақ уақыттар бойы дәстүрге айналдырып, оларды жазба тілдің өзгеше сипатты түріне жатқызуға мәжбүр етті.

Бірнеше ғасырлар бойы түркі тілдеріне тән болып қалыптасқан ресми-эпистолярлық стиль, сөз жоқ, әдеби, оның ішінде жазба әдеби тілдің бұтағы. Бірақ бұл XVIII ғасырдан көп бұрын-ақ қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінен айтарлықтай алшақтап кеткен әдеби тіл болды. Сөйтіп, біз талдап отырған дәуірде қазақ қоғамында екі әдеби тіл өмір сүрді: бірі – қазақтың жалпыхалықтық тілінің негізінде пайда болған қазақтың ауызша әдеби тілі, екіншісі – жалғыз ғана стильде жұмсалған көне (ескі) қазақ жазба әдеби тілі.

Бақылау сұрақтары:

1. XY-XVIII ғасырлардағы қазақ әдеби тілін сипаттайтын нұсқаларды атаңыз.
2. XYIII ғ. қазақ әдеби тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерді атаңыз.
3. XYIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы

эпистолярлық нұсқалардың тіл ерекшеліктерін атаңыз.

Реферат тақырыбы:

1. ХУ-ХУІІ ғғ. қазақ әдеби тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері

2. Қадырғали Жалаиридің «Жамиғат-тауарих» шежіресінің қазақ әдеби тіліне қатысы

ІІІ. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§1. Қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қазақ әдеби тіліне әсері

ХІХ ғасырдың І жартысы патша үкіметінің Қазақстан жерін отарлау іс-әрекетінің ең бір шешуші кезеңі болды. Қазақ даласының көптеген жері Ресей империясының құрамына кірді, ел басқару билігін патша үкіметі өз қолына алды. Ол үшін 20-жылдарда хандық үкіметті жойды да, 1822 жылы устав бойынша ел басқару мен сот-билік жүргізудің жаңа тәртібін енгізді. Бұл жаңа устав бойынша елді әкімшілік округтер басқаратын болды. Әкімшілік округ болыстарға, болыс ауылдарға бөлінетін болды.

Бұл кезде Қазақстанның оңтүстік өңірі әлі де болса Орта Азия хандықтарының билігінде болатын. Патша үкіметі Әбілхайыр ханның немересі Бөкей сұлтанның өтінішін қанағаттандырып, Жайық пен Еділ аралығындағы бос жерді оған беріп, онда хандық үкіметті сақтап қалды. Бірақ ол үкімет толықтай патша әкімшіліктерінің бақылауында болатын.

Бұрынғы ата-бабаның әдет-ғұрпымен соттап жазалайтын билердің үстіне ірі қылмыстар (кісі өлтіру, барымта т.б.) мен саяси қылмыстарды қарайтын Ресей империялық сот жүйесі келді. Осыған орай, қазақ даласында ел билеу, әкімшілік істеріне қатысты көптеген жаңа атаулар пайда болды.

Экономикадағы өзгеріс те елеулі болды. Әсіресе саудасаттық күшейді. Саудаға қазақ байлары араласа бастады, көтерме сауда шықты. Қазақ жерінде ашылған жәрмеңкелердің саны

көбейе бастады. Қазақ даласы экономикасында екінші елеулі өзгеріс – егіншіліктің әрі қарай дами түсуі, егістік құралдарының жабайы түрлерінің келе бастауы болды. Қазақ даласындағы мұндай саяси-экономикалық өзгерістер қоғам өмірінің күллі саласын қамтығаны аян. Қазақ қоғамында әлеуметтік топтардың ескілері ыдырап, жаңа түрлері пайда болды. Сауданың пайда болуына байланысты саудагерлер, алыпсатар, өсімқорлар шықты. Қазақ жерінде құлдардың әлеуметтік тобы жойыла бастады. Сұлтандар жанындағы төлеңгіттер кете бастап, олар әлеуметтік топтан гөрі жеке руға айналды. Батырлар мен билердің әлеуметтік сипаты біраз өзгерді. Жатақ, ұсақ қолөнершілер пайда болады.

Бұл кезде қазақ тілінде баспасөз, кітап шығару ісі әлі жоқ еді. 1822 жылғы Устав бойынша қазақтарға балаларын орыс мектептерінде оқытуға құқық берілді, бірақ Орынбор, Омбыдағы әскери мектептерде оқушылардың саны тым аз болатын.

Патша үкіметі XIX ғасыр ортасына дейін қазақ жеріне ислам дінін тарату саясатын ұстады. Екатерина II-нің 1783 жылғы указы бойынша мемлекет есебінен мектептер салынып, діни кітаптар бастырылып таратылды, қазақ татарлары мешітке молда, тілмаш ретінде кеңінен пайдаланылды.

Қазақ халқының XIX ғасырдың 20-40 жылдарында оның батыс, орталық аймақтарында мекендеген елдердің өмірінде өшпес із қалдырған тарихи оқиғалар ретінде Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі мен Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық қозғалысын атауға болады. Бұның екеуі де қалың бұқараны қозғалысқа түсірген, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық сипат алды.

Міне, осындай саяси, әлеуметтік және экономикалық хал-жағдайлар мен өзгеріс-жаңалық, іс-әрекеттер сол тұстағы қазақ әдеби тіліне әсерін тигізбей, із қалдырмай кетпеді.

XIX ғасыр – қазақ көркем әдебиетінің қаулап дамыған кезеңі. Бұл тұста ақындар мектебі өмірден берік орын алады. Ақындардың ішінде әлеуметтік-азаматтық тақырыптарды кеңінен жырлап, даңқтары қазақ даласына кең жайылғандары да, ауыл, ру арасындағы, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды жырлаудан аса алмаған белгілі өлкеге ғана танымал болғандары да бар. Өткен ғасырлар өсиет сөз айтатын дидактикалық

толғаулардың орнына кең көлемдегі әлеуметтік мәселелерден бастап, аумақтағы күнделікті тұрмыс жайттарына дейінгі тақырыптарды жырлаған өлеңдер туындады.

Қазақтың төл әдеби тілін бұл кезеңде де көркем әдебиет, оның ішінде поэзия танытты. Сол әдебиетті тудырушылардың өмір сүріп, шығармашылық қызмет етуі ғасыр басынан 60-70-жылдар арасын қамтиды. Олар – Махамбет Өтемісұлы (1804-1846), Алмажан Азаматқызы (1823 -1887), Дулат Бабатайұлы (1802-1871), Сегіз сері Жақшақ (1818-1854) және ақындар мен шығармашылық кезеңі сәл кейіндеу танылған Шортанбай Қанайұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Сүйінбай Аронұлы сияқты ақындар. Бұлардың туындылары ХІХ ғасырдың екінші жартысына да ұласады. Сол сияқты бұлардың ішінде үлкен әлеуметтік үнімен, поэтикалық дарынымен танылып, мұралары мол сақталған Махамбет, Дулат, Шортанбайлар да, тақырып аумағы әлдеқайда тар, бірақ өлең-жыры бұқара мұңына үндесіп, халық жүрегінен орын алған Алмажан, Сүйінбай, Шернияз, Шөже тәрізді сөз шеберлері де, көбінесе эпикалық жыр тудырушы, сақтаушы, таратушы ретінде қызмет еткен Жанақ, Нұрым, Абылдай ақын-жыраулар да болған.

Аталған сөз шеберлерінің барлығы да көркем әдебиеттің бір ғана саласында поэзияда қызмет еткенімен, поэзияның өзі ол тұста жанрлық жағынан тарамдалып ілгеріледі. Айтыс жанры етек алды. Поэзия тілінде жарыспа суреттермен айту тәсілі орнына көп сөзділік азайып, өлең идеясын бірден білдіретін амалдарға көшеді.

ХІХ ғасырдың І жартысындағы қазақ поэзиясында нақтылық басым бола бастайды. Соған орай біреуді немесе бір нәрсені суреттеуде қолданылатын сөздер мен тұрақты тіркестер өмір шындығына қатысты болып келеді. Сөйтіп, поэзияда әрбір портрет пен сурет өмір шындығы арқылы жырлана бастағанына байланысты әдеби тілде күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің мол байлығы еркінірек қолданыс табады.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдеби тілді танытатын көркем әдебиет үлгілерінен басқа жоғарыда қоса талданып кеткен ресми-документтер тілі болды. Басқа әдеби стильдер әлі туа қойған жоқ. Бұл кезеңдегі әдеби туындылар да бізге ауызша жетті. Әйтсе де олар әлдеқайда дәлірек және

толығырақ жетті. Мұның тіл тарихын танып-білуде мәні зор.

Сөз болып отырған кезеңде қазақ көркем әдебиеті өзінің алдындағы қазақтың ауызша әдеби тілін пайдаланды, соны әрі қарай дамыта түсті, жазба тілге біртабан жақындатты, жазба әдеби тілді қалыптастыратын белгілерді айқындай түсті.

§ 2. XIX ғасырдың I жартысындағы әдеби тілдің лексикасы

XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамына келсек, оның негізі – қазақтың жалпыхалықтық тілінің төл сөздері, келесі қабаттары- араб, парсы сөздері мен бұл тұста көбейе түскен орыс сөздері.

Ал қоғамдық өмір мен тұрмыс-салттың сан алуан салаларына қарай талдасақ, бұл кездегі әдеби тілді сипаттайтын лексикалық топтарды: жауынгершілікке, әлеуметтік құрылыс пен әкімшілік сот істеріне, сауда-саттық пен шаруашылыққа, дінге, оқу-білімге қатысты лексика деп талдауға болады.

Жауынгерлік лексика

Жауынгерлік лексикаға қару-жарақ аттары, соғыс-ұрысты бейнелейтін есімдер мен етістіктер жататыны белгілі. Бұл сонау батырлар туралы эпостардан, Абылай тұсындағы жорық-ұрыстарға келіп ұштасқан қоғам өмірінің бір құбылысын бейнелейтін лексикалық топ болатын. Осы топ XIX ғасырдың I жартысында да елеулі орын алады. Бірақ мұндағы жауынгерліктің сипаты өзгеше, бұл кезде фольклордағыдай немесе XVIII ғасырдағыдай елді сыртқы жаулардан қорғау мотиві емес, хан-сұлтан билігіне қарсы қазақ еңбекшілерінің күресі. Жауынгерлік лексика бұл тұстағы барлық ақындардың шығармаларында молынан кездесе бермейді, негізінен, Махамбет, Нысанбай, Дулат ақынға ғана тән.

Мұнда ең алдымен қару-жарақ атаулары мол. Оның бір тобы сол көтеріліс кезінде жұмсалған әскери жабдықтардың атаулары болды. Олар найза, қылыш, мылтық және әлі де қолданудан қалмаған садақ. Бұл қару-жарақ атауларын ақын әр алуан эпитеттермен қолданады: *алты құлаш ақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза, егеулі найза, балдағы алтын құрыш, болат (қылыш), білтелі мылтық* т.т.

Ал *садақ, садақтың кіріс, сүңгі, жебе, қорамсақ, адырна, сауыт, күдіре бау* сияқты ертедегі қару-жарақ атаулары Махамбет ақында тек өзі араласқан жорықтар картинасын беру үшін емес, жалпы образ жасау үшін де қолданылады.

Көтеріліске қатысушылардың атаулары әскер, ауыр әскер, қол, найза ұстаған ерлер, қасыма ерген жолдастар, аламан сияқты сөздер болып келеді. Мұнда қалың бұқараны халық, астана жұрт, алты сана алаш, аса жұрт, қара қазақ баласы деп атау жиі кездеседі.

Жауынгерлік лексика Махамбеттен басқаларында, әсіресе, XIX ғасыр орта тұсынан әрі асатын әдеби тіл нұсқаларында, бірте-бірте кеми береді. Бұл саладағы біраз сөздерді Дулаттан кездестіреміз. Оның көбі де Дулаттың «Еспембет» атты батыр туралы дастанында қолданылған. Бұл атаулар жоғарыда келтірілген ертедегі қару-жарақ аттары: *кіреуке, жеңсіз берен, адырна, бадана көзді тоғыз тор сауыт, сапы, сары ырғай, садақ, толғаулы найза, алмас семсер, тұтамдап жанған оқ, білтелі мылтық, барабан*.

Әкімшілікке қатысты лексика

Махамбет, Шернияз, Алмажан шығармаларында әкімшілікке байланысты сөздерден сол тұстың ел басқару жүйесі мен әлеуметтік құрылысын *білдіретін хан, ханзада, ханым, ханшы, төре, сұлтан, би, қазы, ақ сүйек, бай, кедей, қараша, қара қазақ, қара жұрт* сөздері бар. Бұларда, әсіресе, Шерниязда, билеуші топ пен тәуелді қалың бұқараны қарама-қарсы қойып ажырата көрсету тенденциясы күшті.

Мысалы Махамбетте:

Ақ сүйектің баласын

Қара ұлына теңгердік т.т.

XIX ғасыр орта тұсынан бастап қазақ даласына ене бастаған жаңа ел билеу системасына байланысты туған жаңа атауларды Махамбет, Шернияз тілдерінен молынан кездестіреміз. Олар *майор (-майыр), аға сұлтан, болыс, старшын, елу басы, он басы т.б.*

Аға сұлтан, қазының

Ел сілкінді ісінен...

*Майырдың алса бұйрығын
Ел пысығы жортады (Дулат)*

Ендігі байға мал бітсе

Елубасы, онбасы...

Старшын, болыс болам деп.

Әкімшілік системасында пайда болған өзгерістермен байланысты осы кезде *атқа мінер, ел пысығы, парақор, пара* сөздері шығады.

Сот істеріне қатысты сөздерден бұрынғысынша *би, қазы, шаригат, атишпан айып, ақ, қара, жүгініс, төре беру, даулы болу, даугер* сөздерімен қатар, *жар салу, абақты* сияқты бірен-саран жаңа сөздер қолданылған.

Сауда-саттық пен шаруашылыққа қатысты лексика

Бұл кезде қазақ тіліне сауданың, оның ішінде орыс саудасының күшеюіне байланысты бұрыннан бар *сауда, саудагер, базар* сөздерінің үстіне *теңге, сом, тиын, қарыз, бұл, несие, өсім, кір, жабағы жүн сату, пайдаға мал бақтыру, піркәшік* сияқты сөз тіркестері жиі қолданылады. Базардан сатып алынатын шай, қант, өрік, мейіз сияқты тағамдардың үстіне осы дәуірде арақ келгені әдеби тілде көрінеді.

Арақ ішкен маспен тең (Дулат)

Егіншіліктің тілдегі көрінісі *егінші, арық қазу, масақ теру, нан жеу, өгіз айдау, егін салу, шығыр айдау* тіркестерінің әдеби тілде қолданылуынан байқалады.

Ылау міну, ат жалдау, кіре тарту сықылды жаңа сөз орамдары осы тұста пайда болады.

XVII ғасырдың 2–ширегінен былай қарайғы кезеңде қазақ даласының экономикалық өмірінде болған үлкен жаңалықтың біреуі алым-салық төлеу болды. Сол кездің тілінде бұған қатысты *қара шығын, алым, салық, шаңырақ немесе түтін салығы, шығын, зекет, хайыр, қағаздату* сөздері пайда болады.

Қара шығын алымы

Бай, кедейге бірден боп

Шаңыраққа салығы (Дулат).

Оқу-білімге қатысты лексика

Көркем әдебиетке жататын нұсқаларда бұл салаға жататын сөздер тым аз. Барларының өзі араб-парсы тілдерінен енгендер: *хат, қалам, сия, молда*.

Ал 50-70-жылдардағы әдеби үлгілерде оқу ағартуға байланысты сөздер мен тіркестер айтарлықтай көбейеді. Олар туралы XIX ғасырдың елуінші жылдарындағы әдеби тілді әңгімелегенде әдейі тоқталамыз.

Араб-парсы элементтері

XIX ғасырдың I жартысындағы көркем әдебиет тілінде араб және парсы сөздері едәуір орын алады. Олар, ең алдымен, абстракт ұғымдарды білдіретін *арман, ақыл, көңіл, зейін, мұң, дәулет, пайда, қайрат, сабыр, қадір, мағына, күнә, уағда, хал, қасиет, дәурен, залал, рұқсат, талап* сияқты сөздер тобы. Бұлар – жалпыхалықтық тілге ертеден сіңісіп, қалыптасқан элементтер. Ислам дініне қатысты арабизмдер мен парсизмдер Махамбет, Шернияз, Алмажан тілдерінде аса көп емес және олар да халық тілінде қалыптасқандар: *молда, дұға, құрбан, аруақ, періште, садаға, құдай*. XIX ғасырдың I жартысында патша үкіметінің қолдауымен ислам дінінің қазақ жерінде кең тарауына қарамастан, жоғарғы қаламгерлер тілінде араб-парсы элементтерінің көп көрінбеуі – олардың тақырыбына да байланысты болса керек. Мысалы, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» шығармасында бірде-бір араб-парсы сөзі жоқ.

XIX ғасырдағы Абай, Ыбырайға дейінгі қазақ әдеби тілінде араб-парсы элементтерінің қаншалықты орын алуы кейбір жеке қаламгерлердің жырлаған тақырыбы мен ұстанған идеологиясына тікелей байланысты. Араб-парсы сөздері, әсіресе, Шортанбай, Дулат тәрізді ақындар тілінде молынан қолданылған. Бұлардың қаламынан шыққан әдеби нұсқаларда араб және парсы сөздерінің жоғарыда көрсетілген жалпыхалықтық тілге еніп кеткендерінен басқа, таза діни ұғымдарды білдіретін, халық тілінде сирек немесе мүлде қолданылмайтын қыруар сөздер бар. Мысалы, Шортанбайда: *гасима, муһмин, раббы, хатым, гайбат, жаббар, тәкбір, кәмірһе, биқана* т.б. Дулатта: *шафағат, кәмәл, фұрқан, гаран, гафыл* т.б. Қазақ тіліне бұрынырақ еніп, фонетикалық

жағынан қазақыланып кеткен сөздердің өзі Дулат, Шортанбай шығармаларында өздерінің бастапқы тұлғасында кездеседі. Мысалы, *газан (азан), гақыл (ақыл), гаділ (әділ), харам (арам), руза (ораза) т.с.с.*

Орыс тілі элементтері

Бұлар XIX ғасырдың I жартысындағы әдеби тілдің 1-тобында талданған нұсқаларда өте аз. Махамбет өздеріне патша үкіметі тарапынан қарсы жіберілген орыс әскерін *солдат* деп атайды. Сол сияқты бірер жерде *срок* сөзі кездеседі. Мысалы:

Хан сөзіне сенгенім

Он күн *срок* бергенім (М.Өтемісов, 1962).

Шерниязда да орыс сөздері бірен-саран. Мәселен,

Мойнында Исатайдың болып тұрды.

Ұстаған қысы-жазы *расхотым* деген сияқты.

40-50-жылдардан бері қарай қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамына орыс сөздері кіре бастайды. Олар хандық өкімет жойылғаннан кейінгі Орталық Қазақстандағы жаңа ел билеу системасына байланысты жаңа *самауыр, кір, піркәшік*, шаруашылықта *тарантас* тәрізді сөздер. Бірақ орыс сөздері сан жағынан әлі аз. Қалыптасуы ауызекі сөйлеу нормасы бойынша, XIX ғасырдың II жартысына дейін қазақтың сөйлеу тілінде *комендант, саха, борана, пикет, хутор, чашка, стакан, поднос, кристал, солдат, поштабай, сот, атпекет* сөздері болды, бірақ олар әлі әдеби тілге енбеген болатын.

Бақылау сұрақтары:

1. XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі қоғам жаңалықтарының көрінісін атаңыз?

Реферат тақырыбы:

1. Махамбет тіліндегі тарихи сөздер
2. XIX ғ. I жартысындағы әдеби тіл дамуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар

IV. XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Қазақ даласының саяси-әлеуметтік, экономикалық-мәдени өмірінде XIX ғасырдың II жартысының орны ерекше. Бұл кезде, яғни XIX ғасырдың 60–жылдарында қазақ жерін Ресейдің отарлауы толықтай аяқталады. Ресейдің қол астына қараған қазақ даласында жергілікті халықтың патриархалдық тұрмыс-күйі бірте-бірте өзгеріп, көшпенді ел там-тұмдап отырықшылыққа ауысып, егін шаруашылығымен шұғылдана бастайды. Ресеймен сауда-саттық әрі қарай ұлғаяды. Қалалар саны көбейеді. Әр жерден кен көздері ашылып, некен-саяқ өндіріс орындары пайда болады. Қазақ қоғамының құрылысы өзгереді. Жаңа әлеуметтік топтар пайда болып, кейбір көнелері тарих төрін босатады.

Қазақ өлкесіндегі бұл әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мәдени-рухани өмірінде де өзгерістер туғызады. Ең алдымен, қазақ халқы орыс мәдениетімен және оқу-білімімен жақындасады. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда 100 шамалы екі кластық уездік және бір кластық болыстық мектептер болып, оларда 4000-ға жуық бала оқиды. Қазақ тілінде тұңғыш баспасөз органдары мен кітап шығару ісі де осы кезеңде пайда болды. Орыс ғалымдары тарапынан қазақ тілінің грамматикалық құрылысы зерттеліп екі тілді сөздіктер көптеп шығарылды. Ауыз әдебиеті мұралары жинастырылып, баспа бетін көре бастады. Қазақтың жаңа жазба әдебиеті пайда болды. Сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысы ислам дінін қазақ даласында уағыздаудың өте-мөте етек жайып күшейген тұсы болды. Осыған байланысты бұл кезеңде ислам дініне қатысты, соны уағыздайтын әдебиет қауырт дамып кетті, мұсылманша оқу да (ауыл молдалары мен медреселерде) бұл тұста едәуір жанданды.

Бұл кезеңдегі басты жаңалық – көркем әдебиеттің жазба түрі бой көтерді. Шығыс және орыс әдебиетінің туындылары қазақ тіліне аударылып, баспа бетін көрді. Бұл дәуірді ерекшелейтін оқиға Ыбырай, Абай тәрізді ағартушыларымыздың дүниеге келіп, өз халқының ғылым-білімге деген талпынысына жол көрсетіп, өз шығармаларында қазақ тілін қалайша ұстартып, қалай пайдаланудың жолын салып берді.

Талданып отырған кезеңде қазақ тілінің хал-жағдайын

көрсететін төмендегідей әдебиет нұсқалары бар еді:

1) Халықтың сан ғасырлық ауыз әдебиеті шығармалары. Бұлардың басым бөлігі бұрыннан ауызша сақталып келе жатса, осы кезеңде хатқа түсіп, баспа бетін көргендіктен, көп жағдайда осы дәуірдегі тілдің ізі сақталып отырды. Бірқатары осы кезде туды. («Бекет батыр», «Айман-Шолпан», т.б.)

2) Қазақтың тарихи көркем әдебиет дәстүрін әрі қарай жалғастырған жеке ақындар шығармалары. Бұлар идеологиялық жағынан әр түрлі болып келеді. Мәселен, Майлықожа, молда Мұса, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Бала Ораз шығармаларында заман қайшылықтары сыналып, халық мүддесі сөз болады. Ал Дулат, Шортанбай, Мұрат, Нысанбай, Әбубәкір Кердері, Досқожа, Базар шығармаларында капитализмнің қазақ жеріне кіргізген өзгерістерін сынға алып, халқының болашағына аландаушылық мотивтері басым болып келеді. Сонымен қатар Сүйінбай, Жамбыл, Шөже, Біржан, Ахан, Жаяу Мұса, Мұхит сияқты халықтың демократиялық мүдделерін сөз еткен ақындар шығармалары халық арасына кең тарады.

3) Ыбырай, Абайдан басталған жаңа демократиялық жазба әдебиет өкілдері - Абай шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Әріп, Көктай шығармалары болды.

4) Бұл кезеңде шығыс әдебиетінің озық үлгілерін («Шахнаме, «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Бозжігіт» т.б.) жырлайтын, ислам дінін уағыздайтын («Сал-сал», «Зарқұм», «Жұм-жұма», «Қырық қадис») кисса аталатын әдебиет күрт дамыды.

5) Қазақ тілінде тұңғыш мерзімді баспасөз «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» және облыстық ведомостылар (ондағы қазақша материалдар) шығып тұрды.

6) Патша үкіметінің әкімшілік орындарының жергілікті әкімдермен жазысқан ресми құжаттары мен хат-хабарлары болды.

7) XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс ғалымдары тарапынан басылған ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ тілінің грамматикаларындағы екі тілді сөздіктердегі материалдар.

8) Медицина, ветеринария, шаруашылық тақырыптарына арналған көпшілік қолды кітапшалар мен христиан дінін насихаттайтын әдебиеттер.

Бұл нұсқаларды тілдік жағынан 3 топқа бөлуге болар еді.

а) Қазақтың жалпыхалықтық тілінде жазылған нұсқалар. Бұған ауыз әдебиеті, жеке ақындар шығармалары, хрестоматия, сөздіктер, баспасөз бен азаматтық тақырыптағы кітапшалар тілі жатады. Мұны ескі қазақ әдеби тілі деп атауға болады.

ә) Жалпыхалықтық тіл мен көркем әдебиет тілін одан әрі дамытып, жаңа сапаға көтерген Ыбырай, Абай шығармаларының тілі. Мұны жаңа қазақ әдеби тілі деп атауға болады.

б) Негізі жалпыхалықтық тіл болғанымен, онда түркі әдеби тіл дәстүрі сақталған әр түрлі әдебиет тілі. Бұған діни қиссалар, кейбір аударма әдебиет, ресми іс қағаздары тілі жатады. Бұларды «кітаби тіл» үлгілері деп жүрміз.

§1. Ескі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы

Қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы сөздік құрамы үш қабаттан тұрады: негізгісі – жалпыхалықтық қазақ тілі сөздері. Екіншісі - араб және парсы сөздері, үшінші – орыс сөздері.

Бұл кезеңдегі әдеби тілдің сөздік құрамы сол дәуірдегі қазақ қоғамы өмірінің әр алуан жақтарын суреттей алатын дәрежеде молығып, тұрақтала бастады. Әсіресе, жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер қоғамның әлеуметтік құрылысы, ел билеу – сот системасы, жаңа экономикалық қарым-қатынастар мен сауда саттық ісі, оқу-ағарту саласында пайда болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы өзгереді. Хандық жүйе жойылды, құл мен төлеңгіт категориялары тарих төрінен кетті. Демек, бұларға байланысты сөздер мен тіркестердің қолданылуы сирей бастайды, олар көбіне-көп ауыспалы мағынада қолданыла бастады.

Сондай-ақ сұлтан, төре, би сөздерінің мағыналары жартылай өзгерді. Сұлтан, төре ертеректе ақсүйек, хан тұқымының атауы болса, бұл тұста барлық әкім атауының жалпылай атауы ретінде қолданылған. Керісінше, би сөзі әкімшілік термині ретінде қалыптасады, бұл үш жылға сайланып қойылатын ұсақ-түйек азаматтық істерді қарайтын әкімшілік орнының атауы.

Мынау жалған дүниеде

Малы көп кісі би болар (Шортанбай)

Сол тұстағы қазақ қоғамының әлеуметтік және әкімшілік құрылысын бейнелейтін көптеген жаңа сөздер әдеби тілден орын алып, кейбіреулері терминдік мәнге ие болды. Олар: *санат (сенат), болыс, старшын, ауылнай, майыр, жандарал, ұлық, атқамінер, аттабар, хәкім, дуан, үйез, поштабай, шен, жатақ, малай, қоңсы, тамыр.*

XIX ғасыр екінші жартысында сот-жазалау системасында үлкен өзгеріс болғаны мәлім. Осымен байланысты *билік, бітім, дау, жүгініс, ат-шапан, айып, барымта, ұрлық, қазы, абақты, тұтқын, іс, арыз, пара сөздері, закон, сот, статья, положение* тәрізді орыс сөздері терминге айналады.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының экономикалық өміріндегі жаңалықтың бірі – халықты қанаудың одан әрі күшейіп, жаңа түрлерінің шығуы болды. Мысалы, *сауын, жүн беру, ат майын беру* – малы жоқ кедейлерге байлардың малдың сүтін, жүнін, күшін, уақытша пайдалануға беру арқылы қанауы, *ортақтасу* - күш-көлік байдікі, жұмыс - кедейдікі, *лау, лаушы*. Сондай-ақ ресми алым-салық жүйесі пайда болды: *түтін салығы, қара шығын, бедерлі қағаз (подорожная), зекет* т.б. Осылардың бәрі әдеби тілден орын алып, мұндағы әрбір құбылыс өз атымен аталды. Экономикалық жағдайға байланысты терминдер сол кездегі баспасөзде көбірек қолданылады. *Өсім (аренда), пайда (борыш), бексел, қарыз (взаем), зедетке (задаток), дүкен (лавка), салық (налог), пайда (прибыль), тауар (товар)* т.т.

XIX ғасырда айтарлықтай жанданған оқу-ағарту ісінің қоғам өміріне зор ықпалы тиді. Ол тілден де орын алды. Бұл кездегі қазақтың көркем әдебиетінде жиі қолданылып, нормаға айналған *кітап, сабақ қалам, сия, молда, медресе сөздерімен қатар оқу-білімге қатысты әріп, нау, лұғат, насихат, сөз, дәптер, хат, мағына* сөздерін де кездестіруге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі араб-парсы сөздері өткен дәуірлерге қарағанда айтарлықтай мол. Бұған себеп болған, біріншіден, бұл тұста қазақ даласында ислам дінінің етек алып кең жайылуы болса, екіншіден, мұсылманша оқудың біраз жанданғаны және көркем әдебиет уәкілдерінің өздерінің мұсылманша сауатты болуына да байланысты болса керек. Бұл тұстағы көркем әдебиеттен бұрын көп кездеспеген

гаусар, бешәне (себен), уәж, шахмат, сақы (мырза), сүннет, парыз, үзір, гасыл, перизат, зайғы, нәубат, ықырам, гарпат, кәусер т.б. сөздерді ұшыратамыз. Бұл кездегі әдеби тіл лексикасындағы араб-парсы сөздерінің ара салмағы барлық қаламгерлерде, олардың барлық шығармаларында бірдей емес. Мысалы, араб-парсы сөздері молынан кездесетін автордың бірі Ақан серінің кейбір шығармаларында («Құлагерде») көптігі сондай, Жаяу Мұсада да баршылық. Керісінше, Сүйінбай, Шөже, Біржан тәрізді қаламгерлер де араб-парсы сөздері басқаларға қарағанда әлдеқайда аз, барларының көпшілігі жалпыхалықтық қорда бұрынан барлар.

Ескі төл әдеби тіліміздің грамматикалық құрылысы, негізінен, қазіргі тіл нормаларынан алшақтамағанмен, XIX ғасырдың II жартысындағы әдеби тілдің морфологиялық құрылысында кейбір ерекшеліктер де бар.

1. Тұйық етістіктің мақсатын білдіру үшін барыс септікте қолданылатын түрі қазіргі у-ға емес, көбіне **ар**-ға болып келеді. Мысалы,

Берерге ғылым жазып адам керек (Ақан Сері)
Жаны жоқ кеудесінде адам деуге (Біржан)
Оқ таппайсың атарға лайық болса (Майлы)

2. Бұйрық райдың екінші жағы **-қын** жұрнағы арқылы жасалатын үлгі бар.

Әңгіме айтқын дегенде... (Майлы)

Сөзіме құлақ салғын, ей, Тезек төре... (Сүйінбай)

Бұл форма, негізінен, оңтүстіктен шыққан ақындарда диалектілік форма болуы мүмкін.

3. Кейбір грамматикалық тұлғалар екі вариантта, яғни толық және ықшамдалған түрінде кездеседі.

Мен// менен, да// дағы, дай// дайын, тын// тұғын.

§2. Қисса аталған әдебиеттің әдеби тілдегі орны

XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиеттің бір түрі – қисса аталатын туындылар. Бұлар о баста ислам дінін насихаттауға арналған кітапшалар түрінде таралып, аттары «қисса» деп аталуы XIV ғасырдағы Рабғузидің «Қиссасул Әнбия» (Әулиелер тарихы) кітабына еліктеуден туған сияқты. Діни

әдебиеттердің қауырт дамуының тарихи себептері бар. Біріншіден, XIX ғасыр басында мұсылман елдерін дін арқылы басқару саясатын ұстап, құранды және басқа діни кітаптарды үкімет есебінен бастырып таратып, мешіт-медреселерді салдырып, бала оқытуға өзі ұйытқы болды, бірақ кейін ол саясатын өзгертіп, миссионерлер арқылы христиан дінін насихаттау саясатын өрістетті. Екіншіден, патша үкіметінің бұл соңғы саясаты оған қарсылық ретінде мұсылман жұртында діни әдебиеттердің күрт дамуына әсер етті. Кейін осы қисса деген грифпен азаматтық тақырыптағы шығыс әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің қазақша жырланған нұсқалары жарық көре бастады. Осы үлгімен қазақтың ауыз әдебиеті шығармалары да жеке кітап болып жарияланды.

Жалпы «қисса» – араб сөзі, тарих, әңгіме деген мағына береді. Алайда қазақ топырағындағы жарық көрген қиссалардың бәрі де өлеңмен жырланған шығармалар болып келеді, тек дәстүрлі жырдан айырмасы бұларда белгілі сюжетке құрылған оқиғалар жырланады. Ол тұста көркем әдебиеттің роман, повесть, әңгіме жанрлары әлі өмірге келмеген кезде сюжетті шығармалардың баршасын «қисса» деп атауға мәжбүр болған сияқты.

Қиссалық әдебиеттерді әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар идеялық бағытына, мазмұнына және көркемдік құндылықтарына қарай 3-ке бөліп қарастырады. Тілдік жағынан да бұлар 3-ке бөлініп тұрады.

1. Мазмұны, негізгі идеясы жағынан дінді, діни моральды уағыздайтын, тілі жағынан түркі әдеби тіл дәстүрін сақтаған қиссалар, олардың лексикасында араб, парсы сөздері молынан кездеседі, грамматикасы мен орфографиясында түркі әдеби тіліне тән формалар толығынан дерлік сақталып отырады. Бұл топқа «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Кербаланың шөлінде», «Тамымдер», «Адам», «Анхазірет Расулдың Мегражға қонақ болғаны», «Бозжігіт», т.б. жатады.

2. Мазмұны жағынан шығыстық сюжетке құрылған немесе еркін аударылған, идеясы адамгершілікті, махабатты, ерлікті жырлайтын, лексикасы негізінен қазақтың төл сөздерінен тұратын, бірақ орфографиясы мен грамматикалық құрылысында ішінара түркі әдеби тіліне тән жазба дәстүр кездесетін қиссалар.

Бұған «Жүсіп-Зылиха», «Қисса-и Рүстем», «Қисса-и Қожа Ғафан уа Һәм Сәдуақас», «Таһир», «Үш қыз», «Қисса-и Серғазы» т.б. жатады. Бұлардың тілінің өзінде де шығарушының кім екендігіне қарай аз-кем ерекшеліктер байқалады.

3. XIX ғасырдың екінші жартысында «қисса» деген грифпен басылған ауыз әдебиеті үлгілері мен кейбір ақындардың шығармаларын шартты түрде 3 топқа жатқызуға болады. Бұл топқа «Ер тарғын», «Қисса-и Қыз Жібек», «Қисса-и Рүстем», «Қисса-и Алпамыс», «Қисса-Айман-Шолпан», «Қисса-и Шортанбай», «Шортанбайдың бала зары», «Өсиетнама» т.б. жатады. Бұлардың лексикасы түгелдей қазақ сөздері мен қалыпты тіркестерінен, образды сөз қолданыстарынан тұрады, тек орфографиясы сол кезеңдегі жазба дәстүрді сақтаған.

Бұлардан басқа сол тұстағы қазақтың жазба әдебиетке деген құштарлығын пайдаланып, көр-жерді «қисса» деген атпен бастырып, ел арасына таратып пайда таппақ болған «қарап тұрғанша бір қисса жаза салдым» дейтін ақынсымақтар да болған. Оларда не сюжеттік мазмұн, не өлендік қасиет болмайды, әншейін құр насихат, бос сөз болып келеді. Ондайларға «Мақулат», «Әдебі бала», «Егіз бала, көп кеңеш» тәрізді кітапшаларды мысал етуге болады.

Қиссалық әдебиет «қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен молықтыру ісіне себін тигізді». Сондай-ақ қиссалардың қазақ әдеби тілін дамытуға да қосқан үлесі мол.

§3. Қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болуы

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдеби тілі стильдерге тарамдалу жағынан едәуір алға басты. Көркем әдебиет стилінен басқа стильдер де туа бастады. Солардың бірі қоғамдық-публицистикалық стиль. Бұл стильдің пайда болуы қазақ тілінде мерзімді баспасөз органдары «Түркістан уәлаятының газеті» (Туг, 1870-1883), «Дала уәлаятының газеті» (Дуг, 1888-1902), «Торғай» газеті т.б. басқа облыстық ведомстволардың шығып тұруымен байланысты. Бұлардың біріншісі Ташкентте шықса, екіншісі Омбыда шығып, Қазақстанның бірсыпыра жеріне тарайды. Бұлар патша үкіметінің ресми органы болғандықтан,

оның негізгі программасы – үкіметтің қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтарын, сот орындарының үкімдерін, сауда хабарларын, Ресей мен басқа мемлекет өміріндегі оқиғаларды шаруашылық хабарларын жазып тұру болды. Сонымен қатар, бұларда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиетіне қатысты материалдар да жарияланды. Материалдар мазмұнына қарай 2 топқа бөлінді. Ресми материалдарға үкімет бұйрықтары, кейбір саяси-экономикалық шолулар жатса, ресми емес бөліміне жай корреспонденциялар, тарихи мақалалар мен көркем әдебиет үлгілері жатты. Соған лайық бұл газеттерден 3-4 түрлі стильге жататын материалдарды табуға болады: ғылыми стиль, қоғамдық-публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі және ресми іс қағаздары стилі.

Лексикасы, негізінен, қазақтың төл сөздері, бірақ араб-парсы элементтері мен орыс сөздері көркем әдебиет стиліне қарағанда едәуір көп. Дегенмен бұл стильдегі араб және парсы элементтері уақыт ілгеріленген сайын сан жағынан азая бастағаны байқалады. Газеттің лексикасы, негізінен, орыс тілінен енген сөздер есебінен және жалпыхалықтық қазақ сөздері есебінен байып отырған.

Талдап отырған дәуірдегі көркем әдебиет стилінен публицистикалық стильдің үлкен айырмашылығы грамматикалық құрылысында болды. Соңғы стильде ортаазиялық жазба тіл дәстүрі орын алды. Яғни осы дәуірде қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен көркем әдебиетте өзге түркі тіліндік тұлға-тәсілдер пайдаланылды, олардың бастылары.

1) III жақ жіктеудің көпше тұлғасына **лар** жалғауын тіркеу. Төменде аталған адамдар қызмет орнына *беклер* немесе *дүр* форматын қосу: *Малбасы өседүр, жер өсмейдүр.*

2) Өткен шақтық есімшенің **мыш** тұлғалы түрін қолдану: *Өтmiş жылдар, айтылмыш* адамдар.

3) **Ыс/іс/с** жұрнақты ортақ етіс тұлғасының көптік мағынаны білдіру үшін қолданылуы. *Бұл екеуі көп зәрушілік кіріседі.*

4) **Бұл, осы** есімдіктерін өзге тілдерге тән кою, *үшбу, мәзкүр* дублеттерінің қолданылуы.

5) **Мен** шылауымен қатар оның *бірлән, бірлә, илан, илә, білә* дублеттерінің, бірақ пен паралелль *ләкін, шейіннің* орнына *ше* шылауларының қолданылуы. Сондай-ақ араб тіліндік *қадар*,

хұсыс, һәм шылауларының қолданылуы.

Бірақ бұл грамматикалық ерекшелік қатаң және бірден-бір қолданылған норма емес, бұлардың халық тіліндік варианттары да қоса пайдаланылған.

Тұңғыш баспасөз органдары газеттер арқылы пайда болған қоғамдық-публицистикалық стильдің қазақ әдеби тілінің әрі қарай дамуында орны ерекше болды. Бұл стильдің тууы қазақ әдеби тілінің аясын кеңітті, ғылыми стильдің пайда болуына алғышарттар жасады, ғылыми терминология жасау әрекеті көріне бастады. Сонымен қатар бұл стиль сөздік құрамымыздың орыс тілі арқылы толығыу принципін ұстап, оның алғашқы ізін салды.

§4. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы қазақ ағартушыларының қызметі

Бұл кез Ресейде капитализмнің дамуымен байланысты. Оның отар елдерде де саяси-әлеуметтік маңызы бар прогрестік шаралардың іске аса бастаған шағы еді. Қазақ халқының алдыңғы қатарлы орысша оқыған бөлігі Қазақстанның артта қалуын жоюдың бір жолы ретінде орыс халқының мәдениеті мен техникасының табыстарын үйренуге шақырды, қазақ балалары үшін мектеп ашып орыс тілімен қатар ана тілін үйретуді көздеді. Ана тілінде оқытатын мектеп ашу деген сөз, бір жағынан, қазақтың сол тұстағы шағатай әдеби тіл әсерінен әлі құтылмаған жазба тілін халықтың ауызша әдеби тілі мен сөйлеу тілі негізінде қайта құру деген сөз еді. Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсынан бастап, қазақ қоғамының тарихи даму факторларына байланысты жазба әдебиет тіл мұқтажы күшейеді. Ол тілді екі жерден іздеу керек болады: не бұрыннан қолданылып келе жатқан, бірақ қазақ мәдениетінде қызмет аясы бұл кезде тарылған ортаазиялық жазба әдеби тілді пайдаланып, соны жандандыру немесе жаңа жазба әдеби тілдің ірге тасын қалау.

Мұндай ардақты мақсат жолында қызмет ету құрметі қазақтың ұлы ағартушылары Ыбырай мен Абайдың үлесіне тиді. Ы.Алтынсарин бірінші болып өз халқын орыстың озық мәдениетіне жеткізудің негізгі күрескері болады. Қазақ халқының экономикалық және рухани дамуын тездетудің негізгі құралы етіп ол барлық қазақ ауылдарында орыс-қазақ мектептерін ашу

міндетін қойды.

«Қырғыз хрестоматиясын» құрастыру, жазу үстінде Ыбырайдың үлкен-үлкен принципті, қазақ халқының болашағы үшін маңызы орасан зор мәселелерді шешуіне кедергі келтірді. Оның бірі – қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің болашақ даму бағытын айқындау еді. «Қырғыз хрестоматиясына» кіргізген өзінің төл әңгімелері мен өлеңдерін, сондай-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін халықтың сол кездегі сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілінің негізінде жазды. Сөйтіп, ол әлденеше ғасыр бойы ауыз әдебиет тілі мен сөйлеу тілі дәрежесінде қалып бара жатқан қазақ тілінің ұлттық жазба әдеби тілі ретінде дамуына негіз қалады. Міне, осы өзі негізін салған жазба әдеби тілде ол қазақша газет шығару мәселесін де күн тәртібіне қойып, оның алғашқы үлгісін өз қолымен жасады. Осы тілімен ол «Шариат ул - ислам» атты ғылыми-көпшілік кітап жазып, онда ислам шарттарын көпшілік халыққа қарапайым қазақ тілінде түсіндірді. Ыбырайдың бұл қызметі өз кезінде-ақ әділ бағаланып, өзінен кейінгі оқыған жастар арасында қолдау тапқанын көреміз. Мәселен, Ыбырайдың өз көзі тірісінде 1884 жылы «Оренбургский листок» газетіне басылған «Әдебиет тұрғысынан қазақтар үшін Алтынсариннің маңызы» деген мақалада Ыбырайдың ағартушылық қызметін, ақындығын және қазақ жазба әдеби тілін жасаудағы жұмысын төмендегіше бағалаған:

«... Орыс мектебі бізге Алтынсаринді берді, ол орыс тәрбиесінің жемісі еді. Оның біз фанатизм мен надандыққа қарсы шыққан, қазақтарды оқу-білімге, жаңа өмірге жетелеген алғашқы қаһарман деп танимыз. Оны біз Шекспир, Байрон, Гете, Пушкин және басқа орыс классикалық әдебиетінен сусындаған халық ақыны деп білеміз... Алтынсарин бірінші болып қазақтың жазба тілімен жазып көрді және алғаш рет орыс әліппесін беріп қойған жоқ, халқына арнап оның бірінші грамматикасын берді. Алтынсарин шығармалары тілдік, баяндау және қолданған әдістері жағынан таза халықтығымен, шынайылығымен, қарапайымдылығымен және терең мазмұндылығымен ерекшеленеді».

Ыбырайдың тұстасы А.Алекторов өзінің «Письменная литература киргизов» деген мақаласында: «Наиболее блестящим представителем киргизского народа со стороны литературного

творчества может быть назван И.А. Алтынсарин, справедливо считавшийся Пушкиным киргизов», - деп жазды.

1888-1902 жылдар арасында шығып тұрған «Дала уәлаяты» газетінің бетінде қазақ әдеби тілінің жайы, оның болашағы кең талқыланып, келелі пікірлер айтылғаны белгілі. Мақала авторларының бірі – Асылқожа Құрманбаев: «Қазақ тілі турасында» деген мақаласында қазақ халқының шаруашылық, өмір тіршілігіне сай өзге түркі халықтарынан тілі де өзгешерек дамығанын айта келіп, қазақ тілі туралы өз тілін ғана емес, өзге де көптеген шығыс тілдерін жетік білетін, сондықтан оларды өзара салыстыруға мүмкіндігі болғаны, белгілі Ыбырай Алтынсарин «қазақ тілінің байлығы соншалық, онымен кез-келген тақырыпқа кітап жазуға болады», - деуі... қазақ тілінің байлығын Алтынсарин сөз жүзінде ғана дәлелдеп қойған жоқ, таза қазақ тілінде орыс әрпімен «Қырғыз хрестоматиясы» атты кітап жазу арқылы іспен көрсетті. Бірнеше жүздеген беттен тұратын бұл кітапта бірде-бір қазақтікі емес сөз жоқ, ал «Сөз басы», «Түлкі мен қарға», «Жаз» т.б. өлеңдері өз тіл элементтерінен, қазақ поэзиясы мен сөз саптауының тамаша үлгісі болып табылады». Одан әрі автор өз мақаласын «Қазақ халқы мен оның тілін құрметтеушілерге марқұм Алтынсариннің салған жолымен жүрсе жарайды», оның қазақ тілін жөндеп, оның ережесін бір ізге келтірудегі бастаған ісін әрі қарай дамытса жарайды, - деп қорытады. «Қазақ тілі турасында бес-алты сөз» деген мақаласында Д.Сұлтанғазин қазақ тілінің өзге түркі тілдері сияқты жеке тілі деген пікірлерінің қате екенін, олай болғанда қазақтарға өз тілімен сөйлеп, жазғанда басқа бір тілмен жазуына тура келер еді, ал бұл халықтың сауаттанып, ғылым-білім алуына үлкен қиындық келтіреді деп көрсетеді.

«Сондықтан, - деп жазады ол – «Қырғыз хрестоматиясы» авторы марқұм Алтынсариннің көрсеткеніндей, қазақтарға өз ана тілін дамыту әрі пайдалы, әрі өте қажет».

Кейінгі кездегі Ыбырай шығармашылығын сөз еткен әдебиетші, тілші ғалымдарымыздың еңбектерінде де Ыбырайдың қазақтың жаңа сападағы жазба әдеби тілін қалыптастырудағы қызметі мен алатын орны кеңінен көрсетіліп келеді.

Қазақтың жаңа демократиялық бағыттағы поэтика тілін қалыптастыруда Ыбырай Алтынсариннің кіші тұстасы Абай

Құнанбаевтың сіңірген еңбегі бір төбе. Абайдың мүлдем жаңа сипаттағы поэзия жасаудағы үлгі қолданған тілі халқымыздың әлденеше ғасыр бойы сұрыпталған ауызша әдеби тілі мен сол кездегі сөйлеу тілі еді. Осы екі арнаны сарқа пайдаланып ондағы қарапайым сөздерді талай саққа құбылту арқылы өзінің образ жасау мақсатына шеберлікпен пайдаланады.

Абайдың қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы тындырған қызметі мен алатын орны бірсыпыра зерттеушілердің еңбегінде ілгерілі-кейінді жан-жақты сөз болғаны мәлім. Сонау 30-жылдардың орта кезінде-ақ профессор Қ. Жұбанов қазақ тілшілерінің арасынан бірінші болып Абайдың қазақ әдеби тілін жасаудағы қызметін дұрыс көрсеткен болатын. Қ. Жұбановтың сөзімен айтсақ, «Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, онда ақымыз кететін түрі жоқ». Абайдың «әдеби тіл жасаудағы еңбегін» автор одан әрі былай түйіндейді: «Әдебиет тіліндегі халық үлгісінің басы артық қосарларын жоюмен қабат, шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерін қуып, әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тіліміздің іргесін қалады».

«Абай да, -деп жазды академик жазушы М. Әуезов, Пушкин сияқты, өз еңбектерінде бізге грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры жағынан қазақтың бүгінгі сөйлеп жүрген әдеби тілінің қалпынан көп айырмасы жоқ тіл үлгісін қалдырды²². Сөйтіп, қазақтың ұлы ағартушылары Ы.Алтынсарин мен А. Құнанбаев XIX ғасырдың 80-жылдарында-ақ қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалып, оның болашақ даму бағытын айқындап берген болатын. Барша зерттеушілердің пікірінше де, Ыбырай мен Абай өз творчестволары арқылы қазақтың жаңа сападағы көркем әдебиет тілін жасап, әдеби тілдің көркем әдебиет стилін қалыптастырады. Сонымен бірге, кейінгі кездегі зерттеулер олардың публицистикалық стильдің де негізін қалады деп айтуымызға мүмкіндік беретін тәрізді. Ыбырайдың әртүрлі

²² Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство, 1954, №4.

тақырыпқа жазған ғылыми-публицистикалық мақалалары мен қазақша шығарған қолжазба газеті, Абайдың ғылыми-дидактикалық тақырыптағы «Қара сөздері» біздің жоғарыдағы пікіріміздің дұрыстығына айқын дәлел бола алса керек. Бұл ағартушылардың өз кезінде жазысқан хаттары, Абайдың өз қолымен тізген Қарамол съезіндегі «Ережелері» бізге әдеби тілдің тағы бір жанры – ресми іс-қағаздары жанрының алғашқы үлгілерін көз алдымызға келтіргендей болады. Мұның бәрі айналып келгенде, екі ұлы кемеңгердің бірін-бірі толықтыра отырып, қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалады деген тезисті тағы да дәлелдейді.

Ыбырай мен Абай негізін қалаған бұл әдеби тіл үлгісі олардан кейін сол қалпында сақталып, өз дәрежесінде одан әрі дами берген жоқ. Олай болатын объективті жағдай да жоқ еді. Әрине, олардың идеясын, салған үлгісін әрі қарай жалғастыруға талаптанушы жекелеген қайраткерлер болды. Бұл орайда, «Дала уәлаяты» газетінде қызмет еткен А.Кұрманбаев, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаевтарды атауға болады. Бірақ олардың пікірлерінің қалың көпшіліктен қолдау тауып, жұртшылықты жұмылдыратындай қауқары бола алмады. Оған, әрине, ұлттық баспа орнымыздың болмауы, көпшілік халықтың жаппай сауатсыздығы әсер етті. Оның үстіне, XIX ғасырдың аяқ кезінде басталған «жәдид ағымы» да өз қырсығын тигізді. Сөйтіп, қазақ тілшілерінің дұрыс көрсетіп жүргеніндей, ұлы ағартушылардан басталған жаңа жазба әдеби тіл үлгісі тек XX ғасыр басындағы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қолдау тауып, қазіргі ұлттық жазба әдеби тіліміздің дамуына кең жол ашты.

Бақылау сұрақтары:

1. Қиссалардың әдеби тілде алатын орнын түсіндіріңіз.
2. Аталған кезеңде қандай функционалдық стиль пайда болды?
3. Жазба әдеби тіл қалыптастырудағы қазақ ағартушыларының қызметін атаңыз.

Реферат тақырыбы:

1. Алғашқы қазақ баспасөзінің тілі

Ү. XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§1. XX ғасырдың бас кезіндегі (1900-1920) қазақтың жазба әдеби тілі

XX ғасыр – шырғалаңы көп ірілі-уақты оқиғаларға толы ғасыр болды. Бұл ғасырда екі үлкен дүниежүзілік соғыс, бірнеше төңкеріс өтті. Әсіресе дүниені дүр сілкіндірген Ресейдегі Қазан төңкерісі қоғамның бейбіт дамуын асты-үстіне шығарған үлкен өзгерістер әкеліп, оның зиянды зардаптарын талай халық, талай ұлт бастарынан кешірді.

Оның басты себебі бұл ғасырдың өзі кеңес өкіметі құрылғанға дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі ұлттық деген төңкерастың, тіл саясатының өзгеріп тұруымен байланысты еді. Әдеби тіл дамуының өткен тарихын сөз еткенде ғасырлар, 50-60 жыл өлшемдері негізге алынса, XX ғасырдағы әдеби тіл тарихы ондаған жылдар өлшемімен баяндалуға тиісті болып келеді. Өйткені кеңестік дәуірде тіл саясаты қоғам дамуының әрбір қалтарысында жаңа көзқарасқа негізделіп өзгеріп отырады. Сондықтан XX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің тарихы 1968 жылғы оқулықта «XX ғасырдың басындағы», «20-30 жылдардағы» және «1940 жылдардан кейінгі әдеби тіл» деп 3-ке бөлініп қарастырылған болатын²³.

Біздіңше, жоғарыдағы бұл жүйелеуге сәл өзгеріс енгізіп, аталған ғасырдағы әдеби тіл тарихын ғасыр басындағы (1900-1920), 20-30-жылдардағы, 40-50-жылдардағы, 60-80-жылдардағы, 90-жылдардан кейінгі деп 5-ке бөліп қарау дұрыс сияқты көрінеді. Өйткені бұл бөліктердің әрқайсысындағы экстралингвистикалық жағдай, тіл саясаты, тілдің даму қарқыны бірдей емес. Мәселен, XX ғасырдың 20-30 жылдары болса, қазақ әдеби тілі дамуындағы «алтын ғасыр» (кезең) деп саналса, 40-50-жылдар, керісінше, әдеби тіл дамуына кері әсерін тигізген кедергілер мен қыспақтардың орын алған жылдары болды, өзге кезеңдер де сол сияқты.

Әрине, бұл бөлімде бүкіл бір ғасырдағы қазақ әдеби тілінің

²³ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968.

өсу, даму, оның стильдерінің жетілу тарихына қатысты барлық мәселелерді қамти алдық дей алмаймыз. Бұл – күрделі де қиын мәселе. Өйткені әдеби тіл тарихының кеңестік дәуірі оның бұрынғы ғасырлардағы тарихы сияқты жеке монографиялық дәрежеде зерттелген емес. Сондықтан бұл еңбекте мұндай күрделі тақырыптың кейбір мәселелері, атап айтқанда, сөз болып отырған кезеңдердегі әдеби тілге қатысты тілден тыс, бірақ соның дамуына әсер еткен экономикалық, саяси жағдаят та, әдеби тіл стильдерінің саралануы, оның қоғамдық қызметінің кеңейту-тарылуы, әліппе, емле, грамматикалық құрылысының жетілуі тәрізді мәселелер талданып, оқу құралы көлемінде сипатталды.

XX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің дамуы да әр түрлі қалтарыс-бұлтарыстарға тап болды.

§2. Ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар

XX ғасырдың басында Ресейде ірі-ірі тарихи оқиғалар орын алды. Ресейдің империализмге өтуі оны революциялық қозғалыстың, қанаудың орталығына айналдырды. Оған себеп болған жұмысшыларды қанаудың шегіне жетуі, шаруалардың қайыршылануы еді. Өлкенің шет аймақтарында тұратын қараңғы халықтың хал-жайы бұдан да ауыр еді. Ресейде өтіп жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне де өз шарпуын тигізді.

XX ғасыр басында қазақ елінің де экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қалалардағы өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, темір жол жүйесінің келуі далаға капиталдың ағылуын күшейтті. Сауда-саттықтың өріс алуы Ресейдің ірі қалаларын қазақ жерінде ашылған жәрменкелермен байланыстыра түсті. Қазақ кедейлері отырықшылыққа көше бастады, күнелтіс үшін қосымша табыс іздеп, қалаларға, темір жол бойларына ағылды. Қазақтың негізгі кәсібі – мал шаруашылығына дейін өзгеріске ұшырады, ол натуралды түрден товарлы шаруашылыққа айнала бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі толық күшіне енді.

Ірілі-уақты қақтығыстардан үлкен дүмпуді сезе бастаған патша үкіметі шегіне жетіп шиеленіскен қайшылықтарды бәсеңдетуге тырысты. Мұның негізгі түйінінің бірі жермен

байланысты еді. Патша үкіметі қолға алған жер саясатының түйіні қазақтың шұрайлы жерлерін мемлекет қарамағына алып, Орталық Ресейден қоныс аударушылардың жаңа легі пайда болды. Енді халықтың «ақ патша» деген сенімі мүлде азайды, ояна бастаған қазақ халқы бостандық жолындағы күрес, саясат мәселелеріне құлақ түре бастады.

1905 жылғы орыс революциясы жеңіске ұшырағанына қарамай, халықты бас бостандығы жолындағы күреске ұмтылдырды, оларға аздаған болса да саяси бостандықтар алып берді.

XX ғасырдың басында қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстармен қатар түрлі саяси-идеялық бағыттар да кең өріс алды. Мұның негізгі себебі – қоныс аударушылар келуімен байланысты елдің ата-қонысынан айрылуы, халықты орыстандыру саясатының ашықтан-ашық сипат алуы болды.

XX ғасыр басындағы ағартушы-демократтардың үлкен тобы, негізінен алғанда, өмір жаңалықтарына бейімделуге, жерге орналасып, мәдениетті елдер қатарына жетуге, өнер-білімге шақырды. Өз шығармаларында халық тұрмысындағы ірілі-уақты қайшылықтарды бейнелеп, ел алдындағы маңызды проблемаларды көтерді. Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б өз ұлтының сана-сезіміне сәуле шашып, қазақ халқының азаттық, бостандық, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін ұлттық баспасөздің, ұлттық басылымдардың қазақша шығуына ат салысты.

Сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттап, халық санасын оятуда, әлеуметтік мәселелерді шешуге ұлттық баспахана мен ұлттық баспасөз ашу қажеттігін жақсы түсінген. М.Сералин, Ш.Бөкеев, Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. қазақтың көрнекті зиялылары ана тілінде баспасөз ашып, оқулықтар жазып шығару жұмысын қолға алды.

Қазақ тілінде толыққанды тұңғыш басылымдар дүниеге келе бастады. Бұларға 1911-13 жылдары 17 саны шығып тоқтап қалған «Қазақстан» газеті, 1913-18 жылдары үзбей шығып тұрған «Қазақ» газеті жатады. Бұлар қазақ халқының бостандығы мен қазақ жерлерін біріктіру, қазақ тілінің өркендеуін түпкі мақсаттарына айналдырды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының көрнекті

өкілдері іс-қағаздарын қазақша жүргізу мәселесін де қолға алады. Қазақтың Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов т.б. оқыған зиялы қауымының көрнекті өкілдері Қояндыда жиналып, 17 қазан манифесінде жарияланған бостандықты іс жүзіне асыруды сұрап патшаның атына петиция дайындады. Айта кететін жайт, кейінгі шыққан зерттеулерге қарағанда, Қоянды жәрмеңкесінен Петербургке жөнелтілген петицияның саны үшеу екендігі анықталып отыр²⁴.

Бұл еңбектегі деректерге қарағанда, бірінші петицияға 16 000 адам қол қойған. Петициядағы негізгі талаптар мыналар: салықты азайту, ұждан бостандығы, қазақ арасынан муфти сайлау, орталық үкіметтегі халық өкілдігіне депутаттар сайлау ... т.б. Жоғарыдағы петицияға қосымша ретінде Ресей ішкі істер министрлігіне мына төмендегідей хат (№ 2 петиция) жіберілген. Бұл арызда алғашқы петицияға қарағанда нақты 13 талап қойылған. Оның үшеуі біздің сөз қылып отырған тақырыбымызға байланысты, атап айтқанда:

1. Жергілікті бастықтар қазақ тілін білетін болсын, олар білімді адамдардан сайлау жолымен қойылсын. Білімді адамдар бізде баршылық.

2. Іс-қағаздары қазақша жүргізілсін. Песір, стражник, шабарман сияқты кіші қызметкерлер тек қазақтардан болсын.

3. Учаскелердің мировой судьялары қазақша жақсы білетін болсын. Тергеу қазақша жүргізілсін, адвокаттар қазақша білетін болсын.

XX ғасырдың басында Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде еліміздің тарихы, шаруашылық жағдайлары, мәдени өмірі мен ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) туралы көптеген құнды мақалалар басылған.

Мәдениеттің басқа салаларындай, әдебиетте де жаңа бетбұрыс, соны бағыт-бағдар байқалды. Ресейдің шет аймағында жатқан қазақ халқы Қазан төңкерісіне дейін де ұйқысынан ояна бастағаны мәлім. Өйткені бұл кезде ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілік пен салт-санасын, әдет-ғұрпы мен шаруашылығын күн

²⁴ Тайшыбаев З., Дулатбеков Н.О. Ж.Ақбаев. Алматы: Жеті жарғы. 1997. –Б.32.

санап өзгертіп бара жатқан, капитализмнің қазақ даласына ене бастауымен санаспаққа болмайтынын халық түсіне бастады. Егер бұрын хат білген қазақтар, С.Торайғыров айтқандай, «Зарқұм», «Сал-сал», «Алпамыс» т.с.с. эпос-жырларды, «ұшы-қиыры жоқ түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттарды» оқып, бұған «көздерін жұмып, нанып, мейірімі қанып, кеукілдей түсіп, шұлғысып, мүлгісіп отырса, XX ғасырдың басында Ыбырай, Абай іргетасын қалаған, әр алуан жанрлы, тақырып, мазмұн жағынан да қанатын кең жая бастаған реалистік бағыт-бағдарда жазылған туындыларды оқитын болды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ыбырай, Абай негізін қалаған дәстүрді жалғастырушылардың: Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғұмар Қараш, М.Әуезовтердің т.б. ағартушы бағыттағы көптеген ақын жазушыларымыздың алатын орны айрықша. Олар Абай дәстүрін жалғастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге түр жағынан түрлендіріп, мазмұн жағынан байытып, дамыта түсуге де ықпал етті.

Ағартушылық, азаматтық идеялардың халық арасына кең тарауына сол кезеңде көптеп ашыла бастаған мектептер мен түрлі оқу орындары, баспа мен баспасөз ісінің жолға қойылуы зор ықпал етті.

1914-15 оқу жылында жалпы білім беретін мектеп саны 2006-ға жетіп, оларда 105,1 мың оқушы оқыды. Сонымен бірге қазақ балалары Орынбор, Ташкент, Троицк, Уфа, Қазан, Самарқанд, Бұқара, Омбы т.б. қалалардағы орта дәрежелі медреселер мен оқу орындарында оқыды²⁵.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік маңызы зор үлкен проблема болса, оны өзінің шығармаларында да, іс жүзінде де қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин еді де, кейін XX ғасырдың басында осы салада нақты іс істеген, өзгелерге

²⁵ Мажитаева Ш. XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілі. Қарағанды: ҚарМУ, 2007. –Б.14.

сонысымен үлгі көрсеткен ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол халықты оқу-білімге шақырған, оның қажеттілігін түсіндірген жалаң үгітші ғана емес, қазақ арасында мектеп ісін жолға қоюға күш жұмсаған, бала оқытып, ұстаздық жасаған, жазу тәртібін түзген, сауат ашатын әліппе, мектеп оқулықтарын жазған, оқытудың әдістерін көрсеткен әрі ғалым-ағартушы, әрі нағыз практик.

Қазақ зиялылары арасындағы халықтың назарын көп аударған әлеуметтік, қоғамдық проблеманың бірі – қазақ қыздарының бас бостандығы үшін күреске, білімге ұмтылуы. Бұл күрестің қанат жайғаны сонша, ол халық арасындағы әңгімеден баспасөз бетіндегі негізгі проблемаға, көркем шығармалардың басты тақырыбына айналды.

Бұл тақырыптың әдебиеттегі көрінісі – «Бақытсыз Жамал», «Қыз көрелік», «Қалың мал», «Қамар сұлу» романдары, «Шұғаның белгісі» повесі мен «Надандық құрбаны», «Манап», «Еңлік - Кебек» пьесалары және «Бейшара қыз» т.б. әңгімелері.

§3. Қазақ әдеби тілінің дамуын танытатын жазба нұсқалар

XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген прозалық шығармалар, ауыз әдебиеті шығармалары мен шығыс әдебиетімен тақырыптас қисса-дастандар, оқу-педагогикалық сипаттағы кітаптар, аударма әдебиет үлгілері, жеке ғылым саласы бойынша жарияланған ғылыми-көпшілік әдебиеттер, ресми материалдар мен әдебиеттер, газет-журналдар беттеріндегі публицистикалық материалдар сол тұстағы әдеби тіліміздің сапалық жағынан өсіп, стильдік жағынан саралана түскенін танытады. Алайда, аталған жазба әдебиет нұсқалары мазмұн жағынан ғана емес, тілдік ерекшеліктері, әдеби тілге тән сипаты, оның әрі қарай дамуына үлес қосуы жағынан да әрқелкі болды.

Мәселен, XX ғасыр басында халық арасында ерекше сұраныс туғызып, бірнеше рет басылым көрген қисса-хикая аталған поэзиялық шығармалар мазмұны жағынан діни наным-сенімді, азаматтық, адамгершілік қасиеттерді насихаттап, оқиғасы көбінесе қиял, ертегі іспеттес, көркемдік сапасы төмен болуына қарамастан, қазақтың жазба әдеби тілінің даму

тарихынан белгілі дәрежеде орын алды.

XX ғасырдың алғашқы 10-15 жылында да қисса аталған әдебиет көптеп шықты. Бұған Мәулекей, Қашафатдин, Ғали Махмұдов сияқты татар молдаларымен қатар, Әріп Тәңірбергенов, Ақылбек Сабал, Жүнісбек Шайхисламов тәрізді қазақ ақындары да белсене араласты. Бұл дүниелердің бәрі бірдей емес. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілер әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық, көркемдік құндылығы жағынан қиссаларды 3-ке бөліп қарайды. Тілдік ерекшеліктері жағынан да бұларды 3-ке бөліп қараған жөн сияқты (діни сарындағы қиссалар, азаматтық тақырыптағы қиссалар, халықтық туындылар).

Бұлардың тілінде ортаазиялық түркі әдеби тілінің әсері молынан кездеседі, идеялық мазмұнында, өлең құрылысында жаңалық болмағанымен, оларды әдебиет тарихынан шығарып тастауға әсте болмайды.

Қазақ әдебиетінде проза жанрының тез өркендеуіне XX ғасырдың басында қоғам өміріне батыл араласа бастаған баспасөз ісінің жедел өркендеуі ерекше ықпал етті. Сол кезеңде жарық көрген газет-журнал беттерінен көркем әңгіме, очерк, шебер аудармаларды жиі кездестіруге болады. Мысалы, «Айқап» журналы бетінде Ә. Ғалымовтың «Бейшара қыз», Ж.Тілеулиннің «Ат үстінде көрген түс», С.Торайғыровтың «Ауырмай есімнен жаңылғаным» т.б. әңгімелер жарияланды.

XX ғасыр басындағы нағыз қазақ романының үлгісі дерлік шығармалар – С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» т.б. болды. Бұл шығармалар тілі көркемдік құралдарға бай, халық тілінің небір шұрайлы, образды сөз тіркестері шебер пайдаланылған.

Қазақ әдеби тілін қалыптастырып, дамытуда мерзімді баспасөздің ерекше рөлі болғаны сөзсіз.

XX ғасыр басында бірер саны шығып, әр түрлі себептермен жабылып қалған «Серке», «Қазақ», «Мұғалім», «Сары Арқа», «Тіршілік», «Үш жүз» т.б. газет-журналдарды есептегенде, 1911-13 жылдары 17 саны шығып тоқтап қалған «Қазақстан» газеті, 1911-15 жылдары шығып тұрған (барлығы 88 нөмірі шыққан) «Айқап» журналы, 1913-18 жылдары үзбей шығып тұрған «Қазақ» газеті қазақтың жазба әдеби тілін дамытуда,

оның кейбір стильдік тармақтарын жетілдіруде зор қызмет атқарды. Бұл газет-журнал беттерінде әдебиетіміздің әр түрлі жанрлары сараланып, қалыптаса бастады, публицистика тіліне тән көптеген сөздер, сөз тіркестері, грамматикалық тұлғалар тұрақталды. Бұл кездегі жазба әдеби тілді сипаттайтын нұсқалардың қатарына аударма әдебиеттер де жатады.

1903 жылы Қазанда Молданияз Бекімов аударған А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» қазақ тілінде басылып шықты. Бұл аударманың тілінде орыс тілінің әсері айқын сезіліп тұрады.

Бұл тұста шығып тұрған газет-журналдар көркем аудармаға үлкен мән беріп отырады. «Айқап» журналы мен «Қазақстан», «Қазақ» газеттерінің беттерінде орыс әдебиетінің көрнекті қайраткерлері И.А. Крылов, Л.Н. Толстой, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.П. Чехов т.б. белгілі ақын-жазушылардың шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып отырды. Көркем аударма тілін қалыптастыруда, оны жетілдіруде бұл тәжірибенің зор көмегі тиді.

Бұған мысалға «Афат яки холера әңгімесі» (10905), «Қышыманың турасында» (О чесотке, 1906); «Адамның чумасы турасында» (1911); «Арақ у яки арақтың зарары» (1907); «Жамандату қойдұрғұ турасында» (Сибирская язва, 1902); «Малда болатын жұқпалы аурулардың һәм оларға қарсы қалай ғамал қолдану хақында» (1911) т.б. келтіруге болады²⁶.

Аталған кітапшалар тілінің қазақ әдеби тіліндегі ғылыми стильді қалыптастыруда белгілі рөл атқарғанын, ғылымның осы салаларындағы кейбір терминдер мен сөз орамдарының кейінгі әдебиеттерде кең орын алғанын баса айтуға тиіспіз²⁷.

Қазақ әдеби тілін дамытуда ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқу-педагогикалық әдебиеттер мен қазақ тілі жайындағы еңбектердің де маңызы ерекше.

²⁶ Құрманбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басы). Канд. дисс. автореф. Алматы, 2003. –23 б.

²⁷ Мажитаева Ш., Рапишева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу тарихы. Бішкек, 2006. 114 б.

§4. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет стилінің жетіліп, жанрлық жағынан дамуы

XX ғасырдың екінші жартысындағы ақындардың шығармаларын зерделеп карағанда, Абайға дейінгілер, оның тұтастары, өз заманының қайшылығы мен кемшілігін көре білді, бұрынғы елдің елдігін сақтаған әкімшілік жүйе мен салт-дәстүр шайқалып, халық бұрынғы жол-жоралғыны да дұрыс тұтына алмай, капитализм әкелген «жаңалықтарды» да түсіне алмай басы дал болған еді. Бұл өзгерістер патша үкіметінің отаршылдық саясатының кең көлемде жүруімен, елдің өз тәуелсіздігінен айрылуымен байланысты жүргізілгендіктен, Дулат, Шортанбай, Мұрат тәрізді ақындардың халқы, ұлтының болашағы үшін қан жұтуы да түсінікті, өз заманының қайшылығын көрсете отырып, оның болашағы өздері шет-жағасын көрген өткен хандық дәуірмен байланыстыруы да орынды еді.

Ал Ыбырай, Абай болса, өз дәуірінің жарамсыз жақтарын көріп отырса да, болашақтан үміт күтіп, жалпы өркениетті елге айналудың қажеттілігін түсініп, қоғамды кері емес, ілгері сүйреуге ниет қылды. Бұл жолдағы олардың сүйенгені – оқу-білім, халықтың көзін ашу, өнерлі елге айналдыру болды.

Халықтың көзі ашық, сауатты ұрпақтары көбейсе, қоғам дамуына яғни өркениетті ел қатарына қосылуға талап қылар деп болашақтан күдер үзбеді.

Қазақ әдебиетінде бұрын поэзия, дастан, поэма, өлең басым болса, XX ғасырдың басында көркем проза дами бастады. Осы кезеңде прозалық туындылар – публицистикалық, философиялық, ғылыми шығармалар, шешендік сөздер, новеллалар, әңгімелер, повестер, тіпті алғашқы роман да туып, оның жанрлық түрлері, формалары, стилі қалыптасып, мазмұны байыды.

Қазақ көркем прозасының басы – Ы.Алтынсарин әңгімелері мен Абайдың қара сөздері екенін білеміз. Олар орыстың классикалық әдебиетінен үлгі алып, орыстың ұлы ақын-жазушыларының дәстүрлеріне сүйенді.

Прозалық шығармалар алғаш көрінгенге дейін көркем әдебиет тілі поэзия негізінде қалыптаса бастады. Кейіннен проза тілінде дами түскен көркем әдебиет тілінің біраз элементтері ең

әуелі әріде – ауыз әдебиеті үлгілерінде, беріде – алғашқы жазба ақындар шығармашылығы да көрінді.

Кеңестік саясат үстемдік етіп тұрған кезеңде қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілер революцияға дейінгі ақын-жазушылар сөз болғанда, оларды «таптық көзқараспен» деп екіге бөліп тастау үрдісі орын алғаны белгілі. Оларды реакцияшыл (керітартпа) дегенде айтар уәжіміз – «олар өз шығармаларында бұрынғы хандық дәуірді аңсады, жаңа прогресті түсінбеді, дінді уағыздады» деген сияқты айыптаулар болып келді. Ол ақындар сол тұстағы орыс әкімшілігінің озбырлығын, қазақтың өз ішінен шыққан болыс-билердің сатқындығын көрмей, сынамай тұра алмады, олардан түңілгені де болды, халықтың сенімі – дінді аяқ асты етуге төзе алмады. Бірақ дінбұзар молдасымақтарды, надандықты сынап, оқу білімге, өнер үйренуге шақырғаны да рас. Олардың мұрасы тілдік жағынан сөз болғанда да осы бөлуден әрі аса алмай, «реакцияшыл» ақындардың шығармаларында ортаазиялық түркі әдеби тілі әсері молынан кездеседі, сондықтан оларды «кітапшыл» ақындар деп бөлек қарау орын алғаны жасырын емес. Бұл арада олардың шығармаларының тілдік ерекшелігін бөле-жара сөз етіуіміз де сол жағдаймен байланысты, әйтпесе, ол ақын-жазушылар да өз шығармаларында туған халқының басындағы ауыр халге жаны ауырып, оның болашағына алаңдаушылық танытып, қайтсек соны дұрыс жолға саламыз деп, дұрыс жол іздеу мәселесін көтерді. Сондықтан біз де XX ғасыр басындағы көркем әдебиетті «Түркі әдеби тілі дәстүрін сақтаған» және «Ыбырай, Абай дәстүрін дамытқан» әдебиет деп екіге бөліп қарастырдық²⁸.

§5. Түркі әдеби тілі дәстүрін сақтаған әдебиет

XIX ғасырдың екінші жартысында баспа бетін көрген көркем әдебиет үлгілері, негізінен, қисса аталған өлең-жырлар мен Дулат, Шортанбай тәрізді бірер ақын туындылары еді. Ал XX ғасыр басында қиссалармен қатар жекелеген ақын,

²⁸ XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана: Елорда, 2001. –296 б.

жазушылар шығармалары баспадан өз алдына кітап болып көптеп шыға бастады. XIX ғасырдағы ақын-жазушылардың өз жанынан шығарма жазғандары жоққа тән, олар араб және парсының, қазақтың ертедегі ауыз әдебиеті нұсқаларын аударып, қайта жырлап «қисса» деген атпен кітап етіп бастыратын еді. XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туды, бірді-екілі прозалық шығармалар (роман, повесть), драмалық шығармалар көріне бастады. Бірақ олардың шығармаларында тақырыптық, ұқсастық орын алды.

XX ғасырдың басында қазақ тілінде 200-дей кітап басылды, соның 70 шамалысы – қазақ ақын-жазушыларының дастан, поэма, роман түріндегі күнделікті өмір тақырыбына жазылған шығармалары. Қ.Кемеңгеров «Қазақ тарихынан» деген еңбегінде «Қазан төңкерісінің алдында шыққан кітаптарды медресе бітірген қазақ мұғалімдері мен шәкірттері жазды, бір Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан басқа орыс школдарынан шыққан азаматтардың қазақ тілінде жазған әдеби кітаптары болмады, әдебиет сынымен тексерген, төңкеріс алдында сын көтерерлік 20 шақты-ақ кітап болды» деген дерек келтіреді. Бұлардың ішінен тақырыбы, мазмұны, көлемі жағынан айтуға тұрарлықтай мыналар:

1) «Насихат қазақия» (Өлеңдер жинағы, авт. Құрымбайұлы, Қазан, 1900, 20 б.).

2) «Әдебиет қазақия» (Өлеңдер жинағы, авт. Әбубәкір (Кердері), Қазан, 1902, 43 б.).

3) «Гүлқашима» (поэма, авт. М.Сералин, Орынбор, 1903, 97 б.).

4) «Манзумат қазақия» (өлеңдер жинағы, авт. Н.Наушабаев, Қазан, 1903, 72 б.).

5) «Жас өмірім яки жастықтағы ғафлет (өкініш)» (роман, авт. А.Жандыбаев, Қазан, 1907, 15 б.).

6) «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (өлең, әңгіме, авт. М.Көпеев, Қазан, 1907).

7) «Жақсы үгіт» (Өлеңдер жинағы, авт. Мақаш Бекмұхаметов, Қазан, 1908, 24 б.).

8) «Насихат қазақия» (Мақалалар мен өлеңдер, авт. Зейнулғабиден қажы Әміреұлы, Әл-Жауһари, Уфа, 1909, 32 б.).

9) «Қазақтың айнасы» (Өлеңдер, авт. Мақыш Қалтаев,

1910, Қазан).

10) «Назым» (Өлеңдер, авт. Асылбек бин Сабал, Қазан, 1911, 22 б.).

11) «Ызың» (Өлеңдер, құраст. Елеусін Бұйрин, Орал, 1912, 27 б.).

12) «Қалың мал» (Роман, авт. Спандияр Көбеев, Қазан, 1914, 83 б.).

13) «Жинаған терген» (Өлеңдер, авт. Бекет Өтегілеуов, Орынбор, 1914, 60 б.).

14) «Надандық белгісі» (Драма, авт. Көлбай Тоғысов, Уфа, 1915, 40 б.) т.б.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ақындарының барлығы дерлік өз шығармаларында қазақ қоғамындағы мәдени мешеулікті сынауға бар ақындық таланттарын жұмсады, қоғамдық өмірдегі надандыққа байланысты ескі әдет-ғұрыптарды да аяусыз мінеді.

Өмір құбылыстарын тануда кейбір қайшылықты пікірлері болғанымен, ақындар төңкеріс қарсаңындағы қазақ қоғамының аянышты халін көріп, қайткенде оған азды-көпті пайдамды тигіземін деп тырысты.

XX ғасыр басында азды-көпті өлең жазып, оларды кітап етіп бастырып, халық арасында атағы шыққан ақын-жазушылардан Ақмолда, Әбубәкір, Нұржан, Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Мақыш т.б. мұсылманша оқыған, діни тәлім-тәрбие алғандар еді. Бұлардың кейбірі Бұхара, Троицкіде мектеп, медресе бітіргендер еді.

Олардың әдеби мектебі, оқып үлгі алған әдебиеті араб, парсы, татар, әзірбайжан, Орта Азия халықтарының ескі әдебиеті, шығыстық әдеби дәстүр болатын. Сондықтан олар өз шығармаларында ертедегі шығыс әдебиетінде кездесетін араб, парсы сөздерін және діни лексиканы көбірек қолданды.

Мысалы, үлкенді-кішілі 8 кітап бастырып шығарған Мақыш Қалтаевтың «Насихат қазақия» жинағына кірген бір өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

Отан үшін аяп, мал қызғанба

Пайдагерлік лайықдыр әрбір жанға

Ата, ана, қардаш, кібік, мілләт сүйсін

Болмаса адам болып кірме санға

Таракки деген сөзді масқара етпе
Мілатқа қызмет ет, қырын кетпе...

Болмаса Н.Наушабаев өлеңдерінің көпшілігі ислам дінінің мән-жайы, парыз-қарызы, заң-шариғаты, жақсылық-жамандық жайында болып келеді. Мұсылманшылық парызын түсіндіре келіп:

Ықыласпен хақ жолына болғыл іңкәр,
Жеткізер патша ием *пәруардігер*» - деп кеңес береді.

XX ғасыр басында қазақ тілінде шыққан кітаптардың көпшілігінің тіліне араб, парсы, шағатай, татар, өзбек сөздері жиі араласқан. Қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың тілі олардың авторлары татар, башқұрт немесе мұсылманша оқыған молда болғандықтан ғана шұбарланып кеткен жоқ. Көп жағдайда кітап теруші, басушылар татар, башқұрт болғандықтан олар қазақша жазылған кітапты да татаршалап, түркішелеп басып шығарып жүрді.

Мұндай ортаазиялық түркі әдеби тілінің әсері Қазан төңкерісі алдында жарияланған қиссалар мен прозалық шығармаларда да орын алды. Бұл әсер, әсіресе, көркем әдебиеттерден гөрі газет-журналдардың, оқулық т.б. зерттеу еңбектердің тілінде көбірек байқалады. Өйткені ол тұстағы қара тани білген қазақтардың қай-қайсысы болсын сауатын татар молдаларынан ашты.

Бұл жерде ескерте кететін жағдай: ескі мұраларда кездесетін тілдік ерекшеліктер екі түрлі. Бірі - таза тілдік, екіншісі - орфограммалық ерекшеліктер. Бұл арада ортаазиялық түркі әдеби тілі дәстүрінің XIX ғасыр мен XX ғасыр басында үзілмей сақталғанын да есте ұстау қажет.

Аталған ақын-жазушылар шығармаларында орын алған түркі әдеби тілінің орфографиялық дәстүрі, негізінен, төмендегідей болып келеді.

1. Шет елдерден, әсіресе, араб, парсы тілдерінен енген сөздер сол тілдердегі негізгі тұлғаларын сақтап қолданылған. Мысалы, *дост*, *раст*, *гумыр (өмір)*, *гадет (әдет)*, *уагда (уәде)*, *тағылым (тәлім)*, *шағыр (шайыр)*, *хисаб (есеп)*, *хызмет (қызмет)*, *фиғыл (пейіл)*, *фікір (пікір)* т.т.

2. Жүйелі түрде болмаса да, кейбір шығармалар тілінде **ж**

әрпі жазылатын орындарда **и** таңбасы, **с** әрпі орнына **ш** таңбасы жазылып кететін сөздер кездеседі. Мысалы, *йахшы (жақсы), йаздым (жаздым), мышал (мысал), йолдаш (жолдас)* т.б.

3. Түбір мен қосымшаның жігінде үндестік заңының сақталмауы яғни түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса да, оған ұяңнан не үндіден басталатын қосымша қосу тәжірибесі орын алған. Мысалы, *баслық (бастық), насихатлық (насихаттық), қысда (қыста), перзентлер (перзенттер)*. Бұл – сол тұстағы қиссаларға да тән.

Ол тұста баспадан шыққан ақын-жазушылар шығармаларында морфологиялық тұлғалар, негізінен, бүгінгі әдеби тіліміздегідей. Дегенмен ара-тұра түркі жазба әдеби тілі нормасының элементтері де кездесіп қалады.

Мәселен, есімшенің *-ар/-ер/-р* жұрнағы кейбір шығармаларда *-ұр, -ыр* формасында ұшырайды.

*Бейқам боп жата берсең, қор **болұрсың***

Жау жоқ деп ойламаңыз жар астында... (Ақмолда)

*Ана залымларның жауызлығы тисе екі дүниеде обалына біз **қалұрмыз*** («Қыз көрелік»).

Көне түркі әдеби тілі элементтерінің бірі – етістіктің II жақтағы өткен шақ формасы *-дыр, (-дір)*. Бұл да некен-саяқ поэзиялық шығармаларда кездесіп қалады. Мысалы:

- *Соның үшін бір-бірін әуел баста*

*Көріп білу **лайық-дыр** һәрбір жасқа* («Манзума») немесе

- *Отан үшін күш аяп, мал қызғанба,*

*Пайдагерлік **лайықдыр** әрбір жанға* («Насихат Қазақия»).

Прозалық шығармаларда есімшенің *-ған (-ген)* жұрнағының орнына кейде *-мыш (-миш)* тұлғасы кездесіп қалатынын көреміз.

Ғасыр басындағы көркем әдебиет шығармалары тілінде көне түркі әдеби тіл дәстүрінен сақталып қалған формалардың бірі - *бірлән*. Бұл сөз кейін қазақ тілінде *мынан >менен >мен* жалғаулығына айналды.

- *Сонда Ғайникамал бірнеше күнлер пароход **бірлән** жүріп...*

Ижтихад бірлән оқып... т.т. немесе «Капитан қызы» аудармасында:

- *Мен басқыш **бірлән** Мәрияның бөлмесіне келіп кірдім.*

Мәрия бірлән көрістім түрінде кездеседі.

Сол тұстағы поэзиялық шығармаларда аталған тұлға кездеспейді.

Ал енді *ләкин, һәм, уа* шылауларына келсек, олар, негізінен, прозалық шығармаларда, олардың өзінде де тым сирек кездеседі, автордың көне жазу дәстүрін сақтау тәжірибесінің нәтижесінде қолданылып кеткен тәрізді.

Бұл тұстағы көркем туындыларда бүгінгі әдеби тіл нормасымен салыстырғанда оғаштау көрінетін синтаксистік ерекшеліктер де кездеседі, олар сөйлем құрауда да, сөз тіркестіру жүйесінде де байқалады.

XX ғасыр басындағы поэзиялық, прозалық шығармаларға тән лексикалық ерекшеліктер – олардағы араб, парсы және орыс сөздерінің көбірек кездесуі, сондай-ақ автордың шыққан жеріне қарай диалектілік ерекшеліктер, кейде бірен-саран көршілес түркі тілдері элементтерінің ұшырасуы.

Араб, парсы, кейде орыс сөздерінің кездесуі, көбіне, діни ұғымға, рухани өмірге байланысты болып келеді. Олардың өзін қазіргі тілімізге мүлдем кездеспейтін, қазір тұлғасын өзгерткен және қазірде актив қолданылып жүрген деп 3-ке бөліп қарауға болады.

1) Қазіргі тілімізде кездеспейтін, тек мұсылманша оқыған қожа, молдалардың сөйлеу тілінде ұшырасып қалатын сөздер: *нигмет (бақыт), сияқтық (қаралық), матлық (міндеттілік), саһуат (қателік), шаригат (жол), сахып (қожайын), мұтлақ (еркін), хурият (бостандық)* т.т.

2) Кейбір араб, парсы сөздері ол тұста қазіргідей тұлғасын өзгертпей, сол тілдегі тұлғасында қолданылған. Мысалы, *фәнде, ынсаф, меһір, халал, ұжмах, харыф, һөнер* т.т.

Орыс тілінен енген сөздер көбіне-көп қазақ тілінше айтылу тұлғасы сақталып жазылған. Мысалы, *болоснай, нашандік, мирауай, содия, приканишк, песір* т.б.

Қорыта айтқанда, ғасыр басындағы көркем әдебиет туындылары өз кезеңінің өмір шындығын суреттеуде, жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан әдеби тіл нормаларын бір жүйеге түсіруде, сондай-ақ қазақ тілінің лексикалық байлығын қағазға түсіріп, кейін олардың тіліміздің сөздік қорын молайтуына тигізген пайдасы үлкен болды.

§6. Ыбырай, Абай дәстүрін дамытқан әдебиет

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ыбырай, Абай қалаған дәстүрді жалғастырушы Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, С.Көбеев, А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин М.Әуезовтердің т.б. ағартушы бағыттағы көптеген ірі ақын-жазушыларымыздың алатын орны айрықша.

1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі –Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі - Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал», үшіншісі – «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатовтың публицистикалық-лирикалық жинағы.

Қазақ халқының ояну кезеңі туралы кезінде Қошке Кемеңгеров: «1905 жылға дейін парсы, араб тұрмыстарынан алынған, шала тілмен жазылған қиссалар шығып, көбінде діншілдік рухы ұран болды. Қазақтың білім-өнерге шақырған, ескілікті мінеген әдебиеті 5-ші жылдан кейін туа бастады.

Алғашқы кезде татар, исламдық әсері күшті болды. Міржақыптың «Оян, қазақ!»-та жол басы сайын қосқан арап сөздерін азсынып, орыс сөздерін қосуы жоғарыға дәлел. Жалғыз-ақ Ахмет Байтұрсынов нағыз қазақ тілімен «Қырық мысалды» жазып шығарды.

Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстық жұмбақтарына кездесіп, даң болып тұрған кезінде «Қырық мысал» мен «Оян, қазақ!» дөп келіп, әлеумет жұмбақтарын шешкендіктен, елді оятқан үлкен күш болды. Тапқақты сүйетін қазақ бұл екі кітапты үлгі орнына ұстап, мысал орнына айтатын болды», - дейді.

Қазақ поэзиясының тарихы өте әріден басталатындығы және оның дәстүрге бай екендігі көпшілікке мәлім, бірақ қазақ әдебиетінің халықаралық атағын роман шығарды.

Сонымен, Қазан төңкерісіне дейін Ыбырай. мен Абайдың дәстүрлерін жалғастырушы демократшыл ақындар проза саласында күш сынап көрмек болып, сол кездегі қазақтың өмірінің материалдары негізінде роман жазуға кіріседі. Кейіннен, яғни 1912 жылы «Қыз көрелік», 1913 жылы «Қалың мал», 1914 жылы «Қамар сұлу» романдары, 1915 жылы «Шұғаның белгісі» атты повесть жарыққа шықты.

Әдебиет түрлері мен жанрларының өзгеріп өсуі, оның

мазмұны мен идеясының жетілуі қоғам өзгерісіне тығыз байланысты. Өйткені әрбір қоғамдық формация көркемөнерге жаңа мазмұн мен идея ғана әкеліп қоймай, оған жаңа түр де беретіні белгілі. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқы өміріндегі ақын-жазушылар шығармаларында негізгі проблемасына айналды, олардың көп сөз еткен негізгі көкейтесті мәселесінің бірі болды. Бұл тақырыпта жазбаған жазушылар – жоқтың қасы. XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде қазақ әйелі жөнінде алты-жеті роман, повесть, поэма жазылды. Олардың көрнектілеріне Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», Спандияр Көбеевтің «Қалың малы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» т.б. жатады. Бұларда қазақ халқының ауыр тұрмысының ащы шындығы айқын суреттеледі.

Роман – сан қырлы жанр. Оның қасиеттері қазақ романында біртіндеп көрінеді. Алғашында ол тұрмыстық роман жанры сипатында дүниеге келді. Кейін тарихи революциялық, роман-эпопея, психологиялық жанр өресіне көтерілді.

«Бақытсыз Жамалдың» жаңашылдығы – оның мұнан былайғы қазақ романынан тақырыбы мен проблематикасына бастама болуында ғана емес. Ол көркем прозаның тілі мен стилі қандай арнада даму керектігіне бағыт сілтеді. Роман жанрына көтеріңкі әуен, салтанатты сарыннан гөрі объективтілік, қоңыржай еркін әңгіме көбірек тән екенін көрсетті.

Қазақ көркем прозасының басы – Ы.Алтынсарин әңгімелері мен Абайдың қара сөздері екенін білеміз. Олар орыстың классикалық әдебиетінен үлгі алып, орыстың ұлы ақын-жазушыларының дәстүрлеріне сүйенеді.

Крылов мысалдарын аударып, сол мысалдар тілімен ауылдың байларын, үстем тап өкілдерін, қоғамдық ортадағы ұнамсыздықты сынау Абай мен Ыбырайдан бастау алады. Абай мен Ыбырайдан басталған бұл дәстүрді XX ғасыр басында С.Көбеев, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев сияқты ақындардың әрі қарай дамытқаны белгілі. Бұлар мысал тілімен қоғамдағы шындықты, әділетсіздікті, замандастары бойындағы надандықты, тоғышарлықты, көрсеқызарлық пен өзімшілдікті тұспалдап сынаудың қолайлығын ұқты.

Қазақ тіліндегі алғашқы көркем үлгілерінің бірі ретінде 1903

жылы А.С.Пушкиннің қазақ тіліне аударылған «Капитан қызын» (аударған М.Бекимов) атауға болады. Кейіннен, шамамен 1908-1909 жылдары Ш.Құдайбердиев А.С.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» («Метел») атты повестерін өлеңмен аударған. Кіріспе өлеңінде Ш.Құдайбердиев А.С.Пушкиннен қалай аударғанын сөз етеді:

«Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін,
Қазақтың шағылдырар надан көзін,
Ғылымнан көзілдірік кимеген ел
Туралап көре алмас деп күннің көзін.
Сүйтсе де кете қойман шетке басып,
Айтармын алыстамай, шын жанасып.
Әншейін ертеқ айтып отыр демей,
Жүрекке тыңдағайсың ақылдасып.

Сол 1909 жылы ел-жұрттың құлағын елең еткізіп, көкейіне қозғау салған, ой-санасына пәрменді ықпал еткен, зор әдеби жоралғы – Ахмет Байтұрсынұлының кітабы — «Қырық мысал» деген атпен Петерборда жарық көрді. Бұл кітапта Ахаң Крыловтың екі жүзге жуық мысал өлеңдерінің ішінен қазақ елінің ахуалына, қазақтың мінез-құлық психологиясына, дүниетаным, ойлау қабілетіне жақынырақ келеді-ау деген қырық мысалды тандап алып, оны асқан шеберлікпен тәржімелеген әрі оны қайта жаңғыртып тың үлгіде қазақша жырлаған.

«Қырық мысалға» дейін де Крылов мысалдарының Абай, Ыбырай аударған аудармалары болған. Ахаң Крылов мысалдарының құрылыс ерекшелігін сақтауға тырыспаған. Ой дәлдігін, мазмұн дәлдігін, кейде сөзбе-сөз дәлдікті ұстанған. Мәселен, Крыловта 12-13 жолдан тұратын мысал түрлері бар, ал қазақша ондай өлең өлшемі болмағандықтан, оны Ахаң он бір буынды төрт жолды өлең үлгісімен аударған.

«Айқап» журналында, «Қазақ» газеті беттерінде роман жарысы туралы мақалалар жарияланып тұруы әдебиеттің бүл жанрының тез дамуына өз үлесін қосқаны сөзсіз. Мұндай жақсы романдарға бәйге жариялаған азаматтар қатарында А.Оразов, Е. Мамановтарды айрықша атап өту ләзім.

Сонымен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде роман, мысал, лирикалық поэма, әдебиет сыны туындап, қалыптасуға

бет алды, себебі «қазақ кеңес әдебиеті тақыр жерден өсіп шығып, гүл жарған құбылыс емес, керісінше құнарлы әдеби топырақтан нәр алған, соның бар жақсы қасиеттерін бойына дарыта дамытқан, сөйтіп соны сапаға ие болған жаңа әдебиет».

§7. Көркем әдебиет тілінің лексикалық құрамы

Көркем шығармаға қойылатын шарттар мен талаптар өте көп, соның ең бастысы – тіл шеберлігі. Әрбір жазушының өзіндік ерекшелігі, кейіпкерлері мен образдары, тақырыбы мен идеясы – барлығы да оның тілі арқылы көрінеді.

Кейінгі кезде жеке шығармалардың не бір автордың тілін таза әдеби тілдің даму заңдылықтары тұрғысынан да талдап, сондай-ақ оны эстетика тілі ретінде, жалпы образ жасаудың, көркемдіктің құралы ретінде де талдап жүр. Көркем әдебиет тілін образ жасаудың құралы тұрғысынан алып талдау лингвистикалық зерттеудің нысаны болып саналатыны мәлім.

Көркем туындылардың лексикалық ерекшеліктерін зерттеушілер кез келген шығарманың мазмұны мен түрін бірдей қарастырып, жазушының халық тіліндегі өзінен бұрынғы сөз байлығын, сөз өрнегін қаншалықты, қалай пайдаланғанын, өзі халықтың тіл мәдениетін ілгері дамытуда не қосқанын айқындайды.

Грамматикалық құбыластарды түгелдей әдеби тілге ғана тән деп қараймыз. Себебі көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктері жалпыхалықтық тілде кездесетін фактілердің барлығын да керегінше қолдана беруден бас тартпайды.

Көркем шығармада қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер аз. Кез келген шығарма тек қана авторлық баяндаудан ғана емес, кейіпкер тілінен де тұрады. Ал кейіпкерлер әр жастағы, әр мамандықтағы білімдері де әр түрлі деңгейдегі адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да әрбір нақтылы көркем шығармада кейіпкер сөзінің өзіне тән әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы болады. Кейіпкер тілінде кәсіби сөздер де, жергілікті тіл ерекшеліктері де, жаргондық сөздер де ұшырасып отырады. Көркем әдебиет стилінің екінші бір ерекшелігі – оның көп стильді болып келетіндігі.

Зерттеушілер әдетте жазушы өзінің шығармасында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, қанатты сөздерді қаншалықты, қалай пайдаланды, оларды қаншалықты, қалай байытты, оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарастықты, соны тексереді. Өйткені тіл – көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы. Демек, адам ойын, сезімін, әсерін, ісін, жазушы осы арқылы бейнелейді.

Мысалы, «Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып, жол салып, тасты жарып» дегенде Абай «асау» сөзін Терек (өзен) сөзімен тіркестіріп, өзеннің көркем бейнесін жасайды. Әдетте «асау» сөзі *асау ат, асау бие* сияқты құрамда кездесетін болса, көркем әдебиетте «асау жел» (Иса), «асау қиял» (Жамбыл), «асау жүрек» (Абай) тәрізді тіркестер кездеседі.

Осындай метафоралық тіркестерді, бейнелі еөз орамдарын, троптарды ХХ ғасырдың басында Абай дәстүрін жалғастырған ақын-жазушылардың шығармаларынан да жиі кездестіруге болады.

Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров – өз шығармаларында Абайды үлгі, өнеге тұтқан адам. Абайда бір сөздің алдына әр түрлі эпитет қойып, құбытып, әртүрлі мән беріп қолдану жиі кездеседі (*ыстық жүрек, ит жүрек, мұз жүрек, жылы жүрек, жау жүрек, ет жүрек, асыл жүрек, керілген жүрек, ызалы жүрек, ынталы жүрек, жас жүрек, ауру жүрек, қан жүрек, жаралы жүрек, сорлы жүрек, жалын жүрек, үрпиген жүрек, гаділетті жүрек, ақ жүрек*, - деп жиырма үш түрлі айтқан).

Бұл сияқты бір сөзге түрлі мән беріп көріктеулер С.Торайғыров поэзиясында да аз ұшыраспайды. мысалы, ақын «көңіл» сөзін мынадай тіркестерде қолданған:

«*Үмітті көңіл* шегініп,

Жылады сорлы егіліп».

«*Емізiкті ез көңiл,*

Бiрақ әлi сөнген жоқ»

«Оқыт бiздi, әкетай!

Қам көңiлiм болсын жай».

«Шалқиды шар тарапқа *сорлы көңiл»*

«Суытты кейбiрiнiң *жылы көңiлiн».*

Бұлар жоғарыда айтқанымыздай, біздіңше, Абайға еліктеуден, Абай дәстүрін меңгеруден туған.

Сонымен бірге Сұлтанмахмұт шығармаларында халық тілінің мағыналары кеңейтілген сөздері, жана атаулар мен сөздер, сөз тіркестері, фразеологиялық тіркестер де кездеседі.

Мысалы, *таза көңіл, қара жүрек, нұрлы жүз, бұзық жол, жылы жауап, ащы қайғы, сәулелі кісі, уыз қойын, суық дауыс, сасық дау, ыстық жан, тұщы еті* т.б.

Көркем шығарма тілінің көпшілік мойындаған бір құндылығы – автордың онда мақал-мәтелдерді өз орнымен қолдануы.

Сұлтанмахмұт шығармаларында ақынның өз ойынан туған не өзгеріске түсіріп қолданған мақал-мәтелдері көптеп кездеседі. Б.Кенжебаев бұларды тек төркіндеріне қарай үш топқа бөледі: 1. Қазақтың халық мақал-мәтелдері мен шешен, кесек сөздері; 2. Абайдың мақал-мәтелдері мен мақал сөз болып кеткен өлеңдері; 3. Орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер.

Теңеу арқылы С.Торайғыров кейіпкердің әдетін, қимылын, іс әрекетін, қалыпты күйін шебер суреттейді: *аш қасқырдай жалаңдайтын әдеті, қыз айттыра келген сыпайы құдадай, сең бұзғандай болып, бүйідей тиіп, қарақшыдай шоқиып, ағаш арбаша салдыратып азан айтып*. Табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқырман қауымға әсер етерліктей етіп беру мақсатымен: *сексендегі кемпір-шалдай* тіс біткені қираған... *қара абдыра, кесек байлаған қойша* мойнындағы қылышы салбырап, мойнындағы қылышын *әлдилеген баладай* алдына өңгеріп т.б.

Б.Майлин осы сияқты халық тілінде қалыптасқан теңеу, эпитеттерді, әсіреулер мен литоталар (*сексендегі шал, сегіздегі баласына дейін, жүн қылып жібергендей, аяқ-бас, бас-аяқ болу, кебісін тастаған жерге бара алмайтындар*), метонимиялар (*дорба ауыз, қара бұжыр, бұрыл сақал, сүйіскен жүректер, тік аяқтар*) жиі әрі ұтымды жұмсауымен ерекшеленеді.

Автор кейіпкерге мінездеме беру, кейіпкердің ішкі сезімдерін бейнелеу үшін де эпитеттерді жиі әрі ұтымды жұмсайды: *теке көз, шалбар бет, жамаулы күні, жамаулы терезе, түлкі көз, оқты (оқсыз) көз, отты (отсыз) көз, сіріңке қара жігіт, ноқталы бет, өмірінде су тимеген саусақ, шатпа тіл,*

қанталаған көз, тасыған көңіл, секіртпе күлкі, ынтыққан тілек, сыпылдаған саусақ, ашулы сөз т.б.

XX ғасырдың басында шыққан көркем әдебиет тілінде араб және парсы сөздері, диалектизмдер, терминдер, көне түркі және орыс тілдерінің, татар және өзбек тілдерінің элементтері кездеседі. Сөз болып отырған жылдардағы көркем әдебиет шығармаларында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде еніп, байырғы болып кеткендерін санамағанда, ауызекі тілде сирек ұшырайтын кітаби тіл элементтері кездеседі: *таусылмас тұказибан* (түпсіз өтірік), *хикмет, шаһбаз, сақалды перғауын, рисаласы, шәриф (қадірлі), тәкбір, рушді сыныф* (араб сөзі -5-7 көлеміндегі класс), *игдади сыныф* (араб сөзі – 10 класс көлеміндегі оқу), *хатта, мехнат, шәһәр, дару, ғайры, жамизат, мәтбуғат, бихисап, һәмән, марһәмәт, влаһим, жаһан, һеиш* т.т.

Жазушылар фразеологизмдерді әр түрлі жолмен жұмсап пайдаланады. Соның бірі – тілімізде фразеологизмдерді авторлық өңдеумен өзгертіп қолдану. Оларды бұлай қолдануда арнайы мақсат болады. Осындай жолдармен әр жазушы тұрақты сөз тіркестерін жасап, фразеологиялық қорды дамытуға да ат салысады.

Б.Майлин теңеуді, ең алдымен, кейіпкерлердің бет-пішінін, сыртқы көрінісін, портретін жасау үшін пайдаланады: *жайылып біткен шырпыдай бет-аузы, тамшыда қатқан сүмбідей болып мұрты сорапып, бұқаның мойныиша қыржиып*. Жазушы теңеуді адам сезімдерін көңіл-күйлерін, психологиялық халін, әсерлері мен ойларын нақтыландыру амалы ретінде қолданады: *етіне біз сұғып алғандай, денесіне суық су құйып жібергендей* т.б.²⁹

Сонымен бірге, көркем әдебиет шығармаларында кеңсе, іс қағаздары стилінің элементтері де кездеседі. Бұл сол кездегі іс қағаздарының атаулары, бір жағынан, тілімізде бар сөздерден жасалынса, екінші жағынан, орыс тілінен дайын күйінде алынған: *куәлік, копия, кнеге, песір, ғарыз, қарсы ғарыз, түрмеге отырық қағаз* (отношение деген мағынада), *рапорт, өмірбаян, протокол, шабарман, крестьянский начальник, төре. болыс, сайлау, шарға түсу, расход шығу, мәжіліс, метрический книга,*

²⁹ Каримов Х. Бейімбет Майлин әңгімелеріндегі эпитет, теңеу және троп//Тіл және әдебиет мәселелері. Алматы, 1963. –Б.69-70.

маслихат ету, ауылнай, дауысқа салу, қол көтеру, сөз берілу, кабинет, хатишы, анықталсын, тыңдалсын, тексерілсін, мәжіліске салынсын, революция, параграф, квартал, дәптер, баяндама, материал, бюро, агент, мелітсе (милиция), мекеме, жоспар т.б.

С. Торайғыров пен Ш. Құдайбердиев, С.Көбеев т.б. өз шығармаларында әр түрлі термин сөздерді қолданған. Мысалы, жазушының көркем шығармаларынан әдебиеттануға байланысты *роман, фельетон, басня, журнал, газета, редакция* т.б., ал өнеркәсіп пен техникаға байланысты: *атом, бомба, телеграф, телефон, пароход, аэроплан. электричество, машин, планета, пулемет, снаряд, поезд, завод, магнит* т.б., ғылым мен мәдениетке байланысты: *агроном, география, университет, стипендия, семинария, доктор, больница, автономия, уез, полиция, милиция, миссионер, офицер* т.б., әлеуметтік-қоғамдық ғылымдарға байланысты: *революция, идея, идеалист, капиталист, капитал, социализм, дух* т.б. көптеген орыс тілінен енген сөздерді кездестіруге болады.

Халық тіліндегі мақал-мәтелдер С.Торайғыров шығармаларында кездеседі. Мысалы, «Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт», «Сегіздегі бала, сексендегі шал», «Жалғыз қаздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», «Арсызға алты күн мейрам аз» т.б.

Қазан төңкерісіне дейінгі көркем әдебиет стилінде қазіргі әдеби тілімізден ерекше кейбір синтаксистік конструкциялар, жалғаулықтар кездеседі.

Ілік жалғаулы сілтеу есімдіктері (сол, ол) **үшін** шылауымен тіркесіп, **соның үшін, оның үшін** конструкциялары түрінде қолданылған.

Оның үшін конструкциясы қазіргі тіліміздегі себеп, салдар мағынасын білдіретін **себебі, өйткені, сондықтан** жалғаулықтарының қызметінде қолданылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі өткен шақ есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен* тұлғасының орнына *-мыш* тұлғасы жүрген. Ол «Қамар сұлуда», «Үлгілі балада», «Бақытсыз Жамалда» кездеседі.

Бұл *айтылмыш* артықшылығының үстіне Жамал сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды (М.Д.).

Неге тұрсын, құлағын тігіп ентелеп *тұрған* құдалар

айтылмыш күнде сап ете түсті. (С.Т).

-*мыш* тұлғасы барлық жерде анықтауыш қызметінде жұмсалған.

§8. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз

Қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызмет аясының кеңеюіне, функционалдық стильдерінің дамып, жетілуіне ұлттық баспасөздің үлкен әсері болғаны сөзсіз.

XX ғасыр басында қоғамдық өмірге белсене араласқан газет-журналдар мыналар: "Айқап" журналы, "Қазақстан", "Қазақ", "Бірлік туы", "Ешiм даласы", "Қазақ газетi", "Сары Арқа", "Серке", "Алаш", "Тiршiлiк", "Үш жүз". Солардың iшiнде басқалармен салыстырғанда, ұзағырақ уақыт шығып тұрғандары – "Айқап" журналы мен "Қазақстан", "Қазақ" газеттері.

М.Сералиннің басқаруымен және редакторлығымен елімізде қазақ тілінде 1911 жылдан бастап шыққан "Айқап" журналы мен 1913 жылдан А.Байтұрсынов және М.Дулатовтың редакторлығымен "Қазақ" газетінің шыға бастауы қазақ халқы мәдениетінің тарихында ерекше оқиға болды.

"Айқап" журналы – 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейін Троицк қаласындағы "Энергетика" баспаханасында оқырмандардың өз күшімен алғаш айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрған қазақтың тұңғыш журналы³⁰, 88 санынан кейін қаржының тапшылығынан жабылды.

"Қазақстан" газеті 1911 жылы алғаш Бөкей ордасында, кейіннен 5-санынан бастап Оралда шыға бастаған. 1913 жылға дейін оның 18 саны жарық көрген (редакторы Е.Бурин)³⁰.

Аталған басылымдардың қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда, ғылыми, мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күресуде алатын орны зор. Дегенмен "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің көздеген мақсаттары мен ұстанған принциптері арасында, сонымен бірге тілінде де айырмашылықтар болды. Бұны кезінде М.Әуезовтің "Қазақ" газетіне: "Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан

³⁰ Айқап. Құрастырушылар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. –Алматы, 1995. –Б.9.

оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған "Қазақ" газеті болатын" - деп берген жоғары бағасы айқын аңғартады

Тек Қазақстан егемендік алып, дербес мемлекет болғалы "Қазақ" газеті қолымызға тиіп, ондағы көтерілген мәселелермен танысуға, оның тілін, грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіншілік туды. Айта кететін жай - осыдан 5-6 жыл бұрын жарыққа шыққан Ө.Әбдімановтың "Қазақ" газеті (Алматы, 1993) деген кітабында газеттің өмірге келу себептері архивтік материалдар арқылы сипатталған, сонымен бірге А.Байтұрсынов бастаған зиялы азаматтардың ұлттық баспасөз ашу жолындағы күресі жан-жақты қарастырылған.

Сонымен, төңкеріске дейінгі шыққан газеттердің ішіндегі беделдісі де, таралымы молы да "Қазақ" газеті болды, өйткені Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. қазақтың зиялы азаматтарының ерен еңбегі мен іскерлігі "Қазақ" газетін сол кездегі шығып тұрған газет-журналдар арасында көркемдігі мен сапалылығы және таралымы жағынан алдыңғы қатарға шығарды. Мәселен, "Айқап" журналы 900-1200 тиражбен шығып тұрған болса, "Қазақ" газеті 3 мыңнан астам тиражбен шығып тұрған.

XX ғасыр басында қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерін, негізінен, үш мәселе ойландырды: жер мәселесі, оқу-ағарту ісі, қазақ еліндегі басқару жүйесі. Өйткені "жаңа ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айрылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады".

Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Сералин. Ж.Қошығұлов т.б. ұлтының сана-сезіміне сәуле шашып, қазақ халқын азаттық, бостандық, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін ұлттық баспасөздің, ұлттық басылымдардың қазақша шығуына ат салысты. «Өйткені, -дейді А.Байтұрсынұлы, - басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген газета һәм кітаптар халыққа тарап оқылмайды. Халыққа тарампаған газета һәм кітаптан пайда болады деп айта алмаймыз» (Қазақ, 1913, № 1).

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында басылған редакциялық хабарда өзінің көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыты туралы былай деп жазылған: «Бұл газетаның мақсұты – жұрт пайдасына

көз болу; қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету; басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу; күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету; адам һәм мал дәрігерлік жайынаи жазу».

Ал газетке не себептен «Қазақ» деп ат берілгенін газеттің бас редакторы А.Байтұрсынов былай деп түсіндіреді: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенше істеп кетелік».

Бұл екі басылым бірыңғай жол ұстанып, бағдарлама белгіленгенмен, кейбір мәселелерді көтеруде олардың көзқарастарында қайшылықтар да болғаны байқалады.

«Айқап» журналы қазақ қоғамы алдында тұрған ірі-ірі мәселелер мен проблемаларды қозғаған шығармаларды жариялап тұрған. Бірақ кейде көркемдік шешімге онша мән бермеген де тәрізді. Журналда 1911, 1912 жылдары жарияланған әңгімелер осындай. Бірақ кейінгі сандарында құрылысы мен пішіні қарабайыр шығармалар кәдімгідей азая бастайды. Көркемдік дәрежесі тәуір, көлемді шығармалар көбейді.

Мерзімді баспасөз беттерінде сол дәуірдегі әлеуметтік жайларды ашып көрсетіп, ғасырлар бойы қалыптасқан феодалдық-патриархалдық құрылысты сынаған, әйел тендігі мәселесін көтерген, жастарды өнер-білімге шақырған, қазақ халқының ауыр да азапты тұрмысын суреттеген, қала салып, егін егіп, отырықшы болуға үгіттеген шығармалар жарияланып тұрды. Бұл мерзімді баспасөз беттерінде публицистикалық очерктермен қатар ғылыми-көпшілік мазмұнды мақалалар, ауыз әдебиетінің үлгілері т.б. материалдар басылып тұрды.

Осы жылдары Шәкәрім Құдайбердиев «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде көтерілген мәселелерге белсене араласып, бірнеше мақалалар жазды. Олар: «Біздің

мұқтаждарымыз», «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» деген мақалалары «Айқап» журналының 1912 жылғы 3-4 сандарында басылды. Ал «Жазу мәселесі», «Барша қырғыз білімділеріне ашық хат» атты мақалалары 1913, 1914, 1915 жылдары «Қазақ» газетінде жарияланды.

«Қазақ» газетінің алғашқы санынан бастап «Қыр баласы» атты жамылғы атпен Ә.Бөкейханов үзбей мақалалар жазып, ең күрделі және өзекті мәселелер бойынша негізгі авторға айналды. «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейхановтың көтерген негізгі тақырыбы – жер мәселесі, ұлттық мемлекеттік бірлік мәселесі болды.

Негізі XIX ғасырдың екінші жартысында қалана бастаған қоғамдық-публицистика стилі XX ғасырдың басында шығып тұрған мерзімді баспасөз арқылы одан әрі дамыды.

Ұлттық мерзімді баспасөз тіліміздің қолдану аясын ғана кеңейтіп қоймайды, оның нормалық жүйесінің, грамматикалық құрылымының, сөздік құрамының дамуына да үлкен әсер етеді.

Бұл жерде С.Мұқановтың 1935 жылы шыққан кітабында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті туралы төмендегі пікірін келтіргенді жөн көрдік: «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындады, сонымен қатар, «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспа сөз «Қазақ» газеті ғана болды. ...көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды³¹.

Шындығында, «Қазақ» газеті «Айқап» журналына карағанда таза әдеби тілмен жазылған, «кітаби тіл» элементтерін аз қолдануға тырысқан.

Сөз болып отырған жылдары жиі қолданыста болған *шаһар, кент, тілмаш, шайыр, мілләт, низам, нәфин, ғайри, матбұғат, тәржіман, уәзипа, муафиқ, әбтәһи, фітінә, шар, салу, ғұмымы, үшбу, уа, бәлкі, ләкин, мәшһүр, пристав, Государственная дума, воевод, губерна, земство, мұжық, казенный сот, даверный сайлау, крестинанск начальнигі, губернский жыйылыс, ағылан ету, жер жұмысының чиновнигі, бидің знагы, степной положение* т.б. көптеген сөздер, сөз тіркестері мен грамматикалық формалар уақыт талабына сай қазіргі қазақ тілінде актив қолданудан шығып,

³¹ Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1935. –Б.52.

көне сөздерге не архаизмдерге айналды. Енді біреулері (*әкім, кент, үшбу, хұқық, басқарма, төраға, би, тілмаш, тәржімелеу, парыз, һәм, т.б.*) біраз мезгілден кейін қайта жаңарып, жаңа мазмұнда тілімізге оралды, бұл – тіл тәжірибесінде болып тұратын құбылыс. Ал, *қарындас, пікір, ақсақал, сәулет, айтыс, жарыс, құрал, сайлау, сөз, шәкірт, мүлік, жолдас, орталық* т.б. мерзімді баспасөз беттерінде сөз болып отырған жылдары басқа мағынада қолданылған болса, қазіргі қазақ тілінде жаңа мағынаға ие болды. Мәселен, «қарындас» деген сөз сол жылдары «ағайын, туысқан» мағынасында жұмсалды. Мысалы:

...солай болғанға қазақтар өздерінің *қарындасы* болған татарлардың қызметін пайдаланатын еді (Айқап, 1914, № 1).

«Айқап» журналында қазіргі қазақ тілінде әбден қалыптасып, байырғы сөздей болып кеткен *есеп, әмір, мақсат, ақы, әділет, тәлім, ақыл, үкім, әдет, әліпте, әріп, әйел, мөр, мәлім, әскер* сияқты араб сөздері жазба тілдегі түрінде берілген *хисаб, зұмыр, махсұт, хақы гаділет, гақыл, тағылым, хүкім, хүкімет, гадет, аліфби. гаял, мүһр, мағлум, гаскер* т.б.

Араб, парсы сөздерінің түсінікті болуын ойластырып, кей тұстарда жақша ішінде оның орысшасын не қазақшасын беріп отырған. Ал кейбір жерлерде қазақ халқының тұрмысында кездеспеген, бұрын болмаған ұғымдарға, атауларға ол кезде бірден балама табу қиын еді, сондықтан тілімізде жоқ ұғымдар көбінде түсіндірме, суреттеме жолмен беріледі.

Думада қазақ сияқты жетім жұрттар жайынан екі-ақ орында сөйлеу реті келді: "бірі депутаттар қазаққа баса көктеп, қорлық қылып отырсың" - деп үкіметтен жауап сұрағанда, мұны орысша *запрос* дейді. Екінші қазақты айдап бағып жүрген министрствоның бір жылғы расходын дума бекітерде, мұны *бюджет преписі* дейді (Қазақ, 1913, 18 февраль). Өсиет қалдырушы адамның өтінуі бойынша һәм оның рұқсатыменен "қол қойдым" деп бұл адамға законда "*рукоприкладчик*" деп ат қойылған. Жоғарыда айтылған *өсиетнаманы жазушыны закон переписчик* деп атайды. Бұлардың қолдарын қойдырған соң, өздері *жазу білген* (грамотный) үш адам қол қою тиіс. Бұл үш адамды (свидетели) куәлар деп атайды (Қазақ, 1913, №1). *Народный сот* дегеніміз қазақтың ғадетіндегі қағидалар бойынша айтылатұғын билік (Айқап, 1913, № 20). ... министрлер Советі ұнатып

шығарған инструкция, яғни насихат бұйрығы (Айқап, 1913, №1). "Сен монғолым патша болдың ғой" деп, монғол жеріне орыс байлары сауда қылатын уағда қағаз жасады. Мұны орысша *торговый договор* дейді (Қазақ, 1913, № 13). Дума болғаннан бері патшалықтың бір жылда ұсталатын шығынын, жыл сайын дума бекітеді: мұны *бюджет* дейді. Осы бюджет думада қаралғанда болған әңгімені *бюджетный прение* дейді (Қазақ, 1913, №19).

Ал параход, теплоход, поезд, самолет, телефон, электр шамы т.б. осы сияқты ұғымдарды оқымаған қараңғы халықтың түсінуі үшін, "Айқап" журналында жарияланған "Дала, қала" деген мақаласында Мағжан Жұмабаев "атсыз арба", "майсыз шам", "неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал" т.б. сөздермен түсіндірме жолы арқылы береді:

Оның (қаланың) баласы білімді, ойлы. Ол таң қаларлық істер істейді. *Отты дүние* айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын *атсыз арба* жасайды. *Майсыз шам* жандырады. *Неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал* жасайды, *қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араласады* (Айқап, 1912, № 1, 101-б.).

А.Байтұрсыновтың "Шаһзаман мырзаға" деген мақаласында да осындай сөздер қолданылған:

Бұл неше түрлі машина, *от кеме, от арба* жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. *Жел кемесі* болса да, *от кеме*ні іздеген, *ат арбасы* болса да, *от арбаны* іздеген, енді *көк кемесін* іздеп жатыр (Айқап, 1912, № 1).

Егер «Қазақ» газеті жаңа ұғымдарға атауларды өз ана тіліміздің сөздік қорынан іздеп, алуды ұсынса, «Айқап» журналы редакциясы орыс сөздерін кеңінен қолдануды, орыс тіліндегі термин сөздерді тілімізге енгізуді мақсат еткен. Мәселен, *заң, жоспар, мүше* сөздерімен *закон, план, член* деген орыс сөздері қатар қолданылады.

Мекемелердің, жоғары дәрежелі оқу орындарының атаулары түгелімен орыс тілінде берілген: *городской училище, молочно-сельско-хозяйственный школ, учительский семинария, комерческий семинария*.

Сонымен қатар, «Айқап» журналында кірме сөздерді жалғаусыз зат есім формасында да қолдану кездеседі. Мысалы: *Ауропаның зор қалаларының көшелерінде осы электрик арбалар адамдарды алыб жүреді*.

Сол сияқты кейбір әкімшілік орындары мен қызмет адамдарын нақты әрі дәл беру үшін кейбір орыс сөздері мен сөз тіркестері аударылмай әдейі сол қалпында берілген: *Государственнойа дума, консул, депутат, отставка, судийа, Статски советник, рапорт, пособийе, двухклассный школ* т.т.

Қорыта айтқанда, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің ХХ ғасырдың басындағы қазақ публицистика стилінің ғана емес, жалпы әдеби тіліміздің қандай деңгейде, қалай дамығанын, нормасының қалыптасу тарихын зерттеуде де маңызы зор.

§9. Мерзімді баспасөз беттеріндегі кейбір грамматикалық ерекшеліктер

Тілдің грамматикалық құрылысы жетіледі, өзгереді дегенде, негізінен, сөз тудырушы, сөз байланыстырушы амалдардың активтенуін не жетілуін түсінеміз. Осы тұрғыдан алғанда, ХІХ ғасырдағы жазба әдеби тілде қолданған жалғау-жұрнақтардың біраз өзгеріске ұшырағанын айтуымыз керек.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында шығып тұрған «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газеті» беттерінде көмектес септіктің жалғауы дыбыс үндестігіне қарай құбылып отырмағандықтан, басқа варианттары жоқ болды да, тек бір ғана - *менен* түрінде қолданылды.

«Айқап» журналында қазіргі қазақ тіліндегі көмектес септіктің қосымшасы және ыңғайластық мағына беретін *мен/бен/пен* шылауының орнына барлық жерде оның толық түрі *менен/бенен/менен* қолданылған.

Жиырма сегіз *хәріппенен* жазғанымыз жарамды-ақ болсын, *соньменен* жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы-ақ болсын, бірақ жақсыдан да жақсыны іздеу, алға басу, ілгері басу керек дейсіз ба?!

Ал «Қазақ» газеті беттерінде *мен /пенен* тұлғалары жарыса қолданылған.

Өзіміздің қазақтың нағыз қара *тілімен* жазып тұрса, «Қазақ» газеті қалың жұртымыздың оқып тұруына оңай түсінікті болар еді (Қазақ, 1913, 18 февраль).

Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын *келетін, баратын* тұлғалы есімшелер «Айқап» журналында көбінде *келетұғын,*

баратұғын түрінде қолданылады да, *тын/тін* қосымшасымен сирек кездеседі, ал «Қазақ» газетінде керісінше, *тұғын* тұлғалы есімше өте сирек кездеседі де, көбінесе *тын/тін* қосымшасымен қолданылады.

Мал-мүлкі түгіл, жан-жамағатына ие бола алмайтұғын жамандар дүниеде аз ба? (Айқап, 1913. №20). Жалғыз-ақ түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір-ақ түрінде кіріседі. (Қазақ, 1913, 18 февраль).

Қазіргі әдеби тілдің нормасынан шығып қалған *үшбу, һәм, мыш, дур, ләкин* уа сияқты бір кездегі көне түркі әдеби тіліне тән формалар «Айқап» журналында жиі қолданылып отырады, ал «Қазақ» газетінде осылардың ішінен тек *һәм* жалғауын ғана кездестірдік.

Әбілхайыр хан, баласы Ералы һәм ру басылары үшбу Татишев алдында ант бергендер (Айқап, 1913, № 17). .. әуелгі екі хәрні бүтін ғаламға бірдей қараңғы түнді жарық етуші «Ай» демек-дур (Айқап, 1913, №17). Ләкин, әлі күнгіше бүкіл қазақ болып мәслихатқа келген іс жоқ (Айқап, 1913, №1). Алдыңызға үшбу журналымды саламын, кішкене екен деп қоңыраймаңыздар (Айқап, 1911, № 1, 1-б). Мұндағы қазақ байларының қолынан бір мұғалима ұстау келеді, нұлы да һәм жетеді (Айқап, 1914 № 1).

«Қазақ» газетінде бұл шылаулардың орнына қазақ тілінің өзіндік *яки, я, бірақ* шылаулары қолданылған.

XX ғасырдың басындағы публицистика тілінде қимыл есімі ретінде (көбіне қазіргі қазақ тіліндегі **-ү** тұлғалы тұйық етістіктің мәнінде) мына төмендегі формалар қолданылды:

1. Барыс жалғаулы **-ар, -ер, -р, -с** жұрнақты есімше мен **керек** сөзінің тіркесі қолданылды:

Күллі жұрт болып сұрауға керек. "Ойбай, ана жылда ду-маға пәленше-түгеншелер барған, олар да түк бітірген жоқ" - деген үмітсіздікті тастап, халқымыздың қатарға қосылуын ой-ларға керек (Айқап, 1913, № 20). Отырықышылыққа айналғанда көп болып айналу керек, бір болыс елден кем болмасқа керек (Айқап, 1914, № 1). Ондай үйдің бағасы әлденеше миллион бо-ларға керек (Қазақ, 1913, № 1). ... салыстырып, өлшеп, жерді бе-ру-бермес пікірді соған тіреп айтарға керек (Қазақ, 1913, № 30).

2. Барыс жалғаулы есімшелі тіркес:

Біздің хукімет жоғарыда айтылған жерлердегі шәһәрлерге

консул **қойарға** ықтиарлы екен (Айқап, 1911, №1). Осы сенің айтқан сөзіңнің бәріне де түсіндім, үлгі берелік, сүт ақталық, халыққа қызмет қылалық дегенің бек тиімді, бірақ соны **істерге** мойным жар бермейді (Айқап, 1911, №20).

3. **Үшін** шылаулы келер шақтық есімшелі тіркес:

Қытай хукіметіне айтқанын **тыңдатар үшін** біздің хукімет те гаскер жинауға қол қойды (Айқап, 1913, № 17). Соның үшін қолынан келетін өнерпаз мырзаларға ескертемін, біздің нотаға салдырып ала алсақ жақсы болар еді, **ұмытпас үшін** (Айқап, 1913, № 17).

4. Үшін шылаулы **-мақ, -мек** формалы тіркес:

Әбілхайыр ханның һәм жұртының жай-жапсарын **білмек үшін**, ..., олардан ант **алмақ үшін** (Айқап, 1913, № 17).

5. **-Мақ, -мек, -пақ, -пек** формалы етістік пен **керек** сөзінің тіркесі:

... бізге **больсты, ауылнайды, мүфтиді, депутатты хукімет** өзі қалап қойсын **демек керек** не йақи басқа жол керек не? (Айқап, 1911, № 1). Қазақ байғұс жері кеткен соң қалайша күн көріп, тамақ асырауға һәм былайғы елден қалыспай ретке **кірмекке керек** (Айқап, 1912, № 1). Не жерін айырып қала алмай, не басқа жақтан орын ала алмай Басқұдықтың 120 үйі жатыр, бұларға не **қылмақ керек** ?

6. Шартты рай формалы етістік пен **керек** сөзінің тіркесі:

...қазақ та бір миллят, ұлықтан оның да өзіне айырым бір әдебиеті **боларға керек** екені біраз **аңлатсақ керек** (Аймақ, 1912, №1). Ойлап келгенде мал да сол кесіптен **шықса керек?!** (Айқап, 1914, № 1). Оқып шыққан жастарымызды қазақ жолбасшы **қылса керек** еді (Қазақ, 1913, 10 февраль).

Қазіргі тіліміздегі **өте, аса, тым** демеуліктері келетін орындарда журналда күшейткіш мәнді **бек** демеулігі алынған:

"Бұл істің, әсіресе, көңілді қанағаттандыратұғын жері - қазақтар осыған **бек** риза болып жатыр һәм хал-ауқаты артыла бастағанын көзіміз көріп тұр" - депті (Айқап, 1913, № 20).

Қазіргі әдеби тілдің нормасынан шығып қалған **үшбу, һәм, мыш, дүр, ләкин, уа** сияқты бір кездегі көне әдеби (шағатай) тілге тән формалар "Айқап" журналында жиі қолданылып отырады, ал "Қазақ" газетінде осылардың ішінен тек **һәм** жалғауын ғана кездестірдік:

Әбілхайыр хан, баласы Ералы **һәм** ру басылары **үшбу** Татишев алдында ант бергендер (Айқап, 1913, № 17). ...әуелгі екі хәрпін бүтін ғаламға бірдей қараңғы түнді жарық етуші "Ай" демек-дүр (Айқап, 1913, № 17). **Ләкин**, әлі күнгіше бүкіл қазақ болып мәслихатқа келген іс жоқ (Айқап, 1913, №1). Алдыңызға **үшбу** журналымды саламын, кішкене екен деп қоңыраймаңыздар (Айқап, 1911, №1). Мұндағы қазақ байларының қолынан бір мұғалима ұстау келеді, пұлы да **һәм** жетеді (Айқап, 1914, № 1). **Шенки** ол манағы жазуында орысша аз болғанда 8-10 жыл оқымай, өзіңе керекті білім алып болмауын айтады. (Айқап, 1912, № 1).

"Қазақ" газетінде бұл шылаулардың орнына қазақ тілінің өзіндік **яки, я, бірақ** шылаулары қолданылған:

Бірақ жазудың аты жазу да, істің аты іс (Қазақ, 1916, № 16, 258-б.). Қалада оқыған қазақ балаларының көбінесе көкірек аурулы болып **я** елге қайтып, **я** өле беретіндері осыдан екен (Қазақ, 1916, № 1).

Талғау мәнді **я** шылауы **йа, йаки** түрінде кездеседі:

... орысша оқығандарымыз орыс **йаки** басқа Европа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, ... (Қазақ, 1913, 18 февраль). Жұмысқа мінген малдарымыз жайылғанда **йа** болмаса суатқа барарда ағашқа түспей тұра алмайды (Қазақ, 1915, №128).

Сонымен бірге осы кезеңдегі мерзімді баспасөз беттерінде қазіргі тіліміздегі **сондықтан** шылауының орнына **соның үшін, аның үшін** шылаулары қолданылған.

Соның үшін онда орысша білгендер ғана сөйлесер де, білмегендер тілсіз куә болып қарап тұрар, - деп... (Айқап, 1915, 259-б.).

"Қазақ" газетінде **сондықтан** шылауымен қатар **сол себепті** шылауы да кездеседі:

Сондықтан бюроға кісі жіберу керектігі жазылған еді (Қазақ, 1916). **Сол себепті** отан қорғау үшін жұмыскер шақырылу жолында күтілмеген аянышты уақиғалар болды (Қазақ, 1916, 328-б.).

Қазіргі әдеби тіліміздегі **туралы, жайлы, жөнінде, жайында** қатыстық шылауларының орнына **тақырыпты, турасында** қолданылған, сонымен бірге **туралы, жайлы** варианттары да кездеседі:

Түркістан жағынан едәуір сома тапсырған һәм бұл жұмыс тақырыпты басшылық қылып жүрген Қожахмет ақсақал да, Түркістаннан кісі қойылса Мұстафа болуын жән көрген еді (Қазақ, 1916, 347-348-б.).

Сондықтан военный цензура положениесі жүріп тұрған кезде мемлекеттің соғыс туралы көздеген мақсатына залал келтіретін сөзді, хабарды газет-журнал түгіл жай хатқа, телеграммага жазса, военный цензура сөз иесін сотқа бермекші (Қазақ, 1914, 111-б.).

XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінде де тіліміздің ең тұрақты, өте баяу өзгеретін саласы – грамматикалық құрылысында да елеулі ерекшеліктер бар. Мәселен, қазіргі әдеби тілдің грамматикалық нормасына жатпайтын, ерсі болып көрінетін, сөйлеу тіліне тән құрылымдар көп кездеседі:

Қазақтың білімді адамдары жамандық істесе де, халық оған сүйінеді, келістіріп істеген себепті (Айқап, 1911, 66-б.). Алыңыз сіз Қытайды, ол патшалы халық тұрғалы менен көп жыл бұрын, ақмақ-надандығына қарасаңыз мың жылғысынан да жаман (Айқап, 1913, №1). Біз зажапланамыз, мұжықтарға осынша кеңшілік кімнен берілді? (Айқап, 1914, №1, 216). Қазақтарға қалатұғын жердің шамасын анықтап білу үшін, жер министрінің әмірі мен әртүрлі жұмыстар болады. Жердің түрін, түгін, елінің ыңғайын, жігін, жанын, малын, шаруа қалыбын білуге (Айқап, 1913, 77-б.). Алайық: шаңырақ бар және жібек матаның бір түріне "чай" деп айтылады...(Айқап, 1912, №1). Менің ойым бұ-дүр, айтып қалайын... (Айқап, 1912, № 1). ...расходы жоқтықтан "Айқап" журналы тоқтап қалса, қайтадан ортамыздан ер көңілді, арыстан жүректі данышпан ер шығып, журнал яки газетке басшы болмағы қиын-дүр (Айқап, 1911, № 1). Томнан жер алып, Семей хатында боламын деген, көпірсіз суға арба салғанмен бірдей, мұнан түк пайда шықпайды, босқа арам тер болғаннан басқа (Қазақ, 1913, 34-б.). Қазақ жерінде отырықшы норманы алу керек нағыз жері жақсы қазақтар я жерді арықпен суаратын қазақтар (Қазақ, 1913, 44-б.).

Осындай құрмалас сөйлемдердегі бағыныңқының ба-сыңқының алдында тұрмай, оның соңында келуі сөз қылып отырған кезеңдегі мерзімді баспасөз беттерінде жиі кездеседі.

Бұл сол кездегі жазба әдебиетке ауызекі сөйлеу тілінің тигізген әсері екендігі сөзсіз.

XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттерінде де деп-ке аяқталатын сөйлемдерді кездестіруге болады.

Акад. І.Кеңесбаев бұл құбылысты ауыз әдебиет пен ауызекі сөйлеу тілі ықпалымен байланыстырса, Р.Сыздықованың пікірінше: "Сөйлемнің деп дәнекеріне аяқталуы Абай тұсындағы күллі қазақ прозасы тіліне тән: бұл тәсіл көркем әдебиет стиліне жататын Ыбырай әңгімелерінде де, қоғамдық публицистикаға да жататын баспасөз тілінде де, қазақша қарасөзбен жазылған өзге үлгілерде де (тіпті христиан дінін уағыздаған миссионерлік әдебиетте де) - барлығында қолданылған"³².

Мерзімді баспасөзден мысал келтірейік:

Отырықшы норма қазақ сонымен күн көреді деп көзі жеткендіктен шығарған норма емес, қазақтың жерін көбірек алу үшін шығарған һәм көбірек алғанда қазақтың ырзалығымен алдық деп көрсету үшін шығарған норма деп /Қазақ, 1913, №19/. Сібірде, Степной облыстарда һәм Түркістанда мал бағамын десе, отыз алты жылға торғсыз арендаға мал бағатын жер берілсін деп /Қазақ, 1913, № 37/. Адам туған жеріне барып тұрып, жұртына қызмет істеймін десе, сонан соң кіріссін деп /Айқап, 1914, №1/. Біз ойлаймыз, бұл жақыннан болжағандық деп /Айқап, 1914, № 1/.

Бұл фактілерден деп-ке аяқталған сөйлем түрлерінің XX ғасырдың басындағы қазақ жазбаларына да тән нормативтік құбылыс болғандығын көреміз.

§ 10. Ғылыми-көпшілік әдебиет тілі жайында

"Ғылым тілі" дегенді зерттеушілер жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметінің үлкен бір саласы деп түсінеді.

Ғылыми әдебиет тіліне байланысты жазылған мақала, зерттеулердегі пікірлерге қарасақ, ғылыми стильдің ерекшеліктеріне көбіне мыналар жатқызылады:

1. Ғылым, әдетте, зерттеу объектілерінің, табиғаттың, қоғам

³² Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993. –Б.87.

дамуының т.б. заңдылықтарын айқындау үшін керекті талдау, топтастыру, салғастыру материалдарына негізделген қорытындылар жасауды керек қылады. Олар ғылым түрінің ерекшеліктеріне қарай кейбіреуі сол ғылым (мысалы, химия, физика, математика) мамандарына арналса, бірқатары, әсіресе қоғамдық ғылымдар жайындағы әдебиеттер, оқулық, оқу құралдары көпшілікке арналады. Сонымен қатар олардың тілінде елеулі айырмашылық болады.

2. Ғылыми әдебиеттер қағидалары, тұжырымдары әдетте зерттеу жұмыстарында тәжірибеде бар объективті шындықты уағыздайды. Сондықтан оның тілі жинақы, стилі "қатаң", сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары дәлме-дәл, тап-тұйнақтай болуға тиіс. Ғылыми прозаның тірегі - логикалық объективті байлам, бірізділік және дәлділік.

Сөз дәлдігі – әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми стиль, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа. Дегенмен сөз дәлдігі барлық стильдердің ішінде, ең алдымен, ғылыми стиль мен іс-қағаздар стиліне тән.

Тілші ғалымдарымыздың көбі ғылым тілінің дүниеге келуін жазба әдеби тілдің қалыптасуымен байланыстырады. Өйткені жазу-сызуы болмаған не кенжелеп қалған тілде ғылым тілінің дүниеге келуі мүмкін еместігі – ақиқат. (Сауранбаев Н., Балақаев М., Кенесбаев І., т.б.)

Қазақша ғылым тілін қалыптастыруда XIX ғасырдың екінші жартысында шығып тұрған мерзімді баспасөздің де орны ерекше. "Түркістан уәләяты газетінің" (1870-1882), "Дала уалаяты газетінің" (1888-1902) беттерінде медицина, ветеринария, шаруашылық мәселелеріне арналған шағын мақалалар кездеседі.

XX ғасырдың басында қазақша ғылым тілін жасау осы жоғарыда келтірген дәстүрді жалғастырады. Ғылыми жетістіктерді түсіндіруде ана тіліміздің ішкі мүмкіншілігі барынша пайдаланылып, тілде жоқ ұғымдар көбінде суреттеме жолымен беріледі. Мәселен, XX ғасыр басында шығып тұрған "Айқап" журналында **трамвай**, **микроскоп** деген ұғымдар былайша түсіндіріледі:

*19-ыншы ғасырда **електірік** (електірічестуо) деген жат бір нәрсе білінді. Бұл **елетірік күшімен** қандай алыс жерден сөйлесуге болады. Сағатына 9-10 шақырым жер жүретін **от***

*арбалар шықты. Ауропаның зор қалаларының көшелерінде осы **електірік арбалар** адамдарды алыб жүреді. Мұны **трамбай** деп атайды.*

*Бірақ бұл тесіктер жабайы көзбен қарағанда көрінбейді. "**Микроскоп**" деген бір аспаппенен қарағанда көрінеді. **Микроскоп** өз алдына бір машина, жай көзбен қарағанда көрінбейтұғын кішкене нәрселерді қарауға істеп шығарған (Айқап, 1913, № 1).*

XX ғасырдың басы қазақша ғылым тілінің қалыптасуындағы айрықша кезең болып табылады. Мәселен, 1905-1907 жылдардағы Ресей империясын қамтыған төңкеріс Қазақстандағы қоғам өміріне де демократиялық, әлеуметтік-саяси өзгерістер әкелді. Осы төңкеріске дейін қазақтарда ұлт тілінде жазылған бірде-бір оқулық болмаса, төңкерістен кейін ана тілінде газет, журнал, кітапшалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазуға мүмкіндік туды.

XX ғасырдың басында да жеке ғылым салалары бойынша кітапша түрінде жарияланған ғылыми-көпшілік еңбектер бар. Олардың көбі медицина тақырыбына арналған. Мысалы 1903 жылы 2-рет басылған «Арақ у яки арақдың зарары яки арақ ажал» деген 24 беттік кітапшаны алуға болады.

Мұнда арақтың шығу тарихы, оның адам ағзасына тигізетін зиянды әсері, одан сақтанудың жолдары баяндалған Мұсылмандарға арақ ішудің күнә екендігі ескертілген. Дегенмен лексикасында араб, парсы сөздері жиі ұшырайды, орфографиясында түркі әдеби тіл дәстүрі сақталған.

Кітапта кездесетін араб және парсы сөздері басқа әдебиеттерде көп ұшырамайтын *хасыл, муафих, міллат, астығымал, тәсір, міржағат* тәрізді діни, кітаби сөздер. Керісінше, орыс сөздері тым аз, кітаптың өн бойында *испирт, нар, әдіріс, лафка* деген 4-5 сөз ғана кездеседі. Мұның бір себебі кітаптың мұсылман қауымына арналып, арақ ішуді діни түсініктер арқылы қойғызуды мақсат етуінен де болар.

Кітаптың грамматикалық құрылысында кездесетін бірен-саран ерекшеліктер түркі әдеби тілі дәстүрімен байланысты. Араб тілінің **һәм, уа, ләкин** сияқты жалғаулықтары қазақ тілінің өзіндік **осы, және, сондықтан** тәрізді жалғау-шылауларымен қатар қолданылған.

Кітаптың орфографиясында сөз аяғында **п** орнына **б**, көптеген

жағдайда **ш** орнына **ч** жазу сияқты араб жазуына тән ерекшелік орын алған. Сол сияқты түбір мен косымшаның жігінде үндестік заңының сақталмауы, көптік жалғауының бірін ғана (**лар//лер**), септік жалғауларының **ның//нің, ны//ні** варианттарының кездесуі мұнда да бар. XX ғасыр басында әдеби тілімізді сөйлеу тіліне жақындату тенденциясының орын алғанын байқатса керек.

Алайда XX ғасырдың бас кезінде кітап, баспасөз ісін өркендетуге ұлттық баспахананың жоқтығы үлкен кедергі болды. Қазақтың ақын-жазушылары өз шығармаларын бастыруда татар баспаханаларына кіріптар болды. Сондықтан татар тілінің басқа түркі тілдеріне тигізген ықпалы зор болды.

Қазақтың зиялы қауым өкілдері оқулықтарды, оқу құралдарын, ғылыми шығармаларды жалпыхалықтық әдеби тілде жазуға тырысты. Ғылым-білімнің дамуымен байланысты, тілде жаңа ұғымдар, оларды белгілейтін жаңа сөздер (неологизмдер) туып отыратыны белгілі. Ал ғылымның белгілі бір саласында пайда болған сол жаңа сөздердің ұзақ не қысқа ғұмыры болуы сол ғылымдардың өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты екені де сөзсіз. Мәселен, 1912 жылы Қазанда А.Васильевтің "Букварь для киргизов" деген әліппесі шықты. Оның соңында бір беттік "Грамматика на казахском языке" деген бөлімінде қазіргі "дыбыс" деген мағынада "дауыс" сөзі қолданылған. Сонда *дауысты дыбыс - оңай дауыс, дауыссыз дыбыс - қиын дауыс* боп алынған. Ал А.Байтұрсынов 1912 жылы Орынборда шыққан "Оқу құралында" бұларды *дауысты, дауыссыз дыбыс* деп алған.

А.Байтұрсыновтың жасаған қазақ лингвистикасы терминдерін арнайы қарастырған Ш.Ш.Жалмахановтың тұжырымдауынша, ғалым "Тіл-құрал" оқулықтарында (1914, 1915, 1925 жж.) 310 лингвистикалық термин қолданған болса, оның 118-і (38,5%), қазіргі тіл білімінде сол күйінде жұмсалып жүр екен де, 192-сі (61,5) қолданылмайды.

Басқа түркі халықтарына қарағанда, қазақ тілінде қоғамда пайда болып жатқан ұғымдарға атау жасауда, қалыптастыруда қазақ зиялыларының ұстанған принциптерінің негізі дұрыс болғандығын өмір көрсетті.

Зерттеушілердің қай-қайсысы да А.Байтұрсыновты қазақша ғылым тілінің негізін қалаушы ретінде көрсетеді. Онын басты

себебі Ахаңның тіл білімі мен әдебиет терминдерін өзі жасап, жазған оқулықтарында өз қолдануында ғана емес, оның басқа ғылым салаларынан да қазақша термин жасау мен өзге тілден термин қабылдауда үлгі көрсетіп, термин жасау тағылымын қалдыруында деп есептейді.

Ахаң жасаған атаулардың жасандылығы білінбейді, ұғым мен атаулардың соншалықты жақындығы, атаудың дәлдігі, қысқа да нұсқалығы тәнті етеді. Ахаң тағылымы ғылымды ұлт тілінде сөйлету арқылы ұлт мәдениетін, ұлттық сананы, ұлттық таным деңгейін жоғары сатыға көтеру болатын. А.Байтұрсынов алға қойған бұл мақсатты оның замандастары мен шәкірттері іске асыра білді. Мысал ретінде 1914 жылы жарық көрген М.Дулатовтың есеп оқулығындағы мына атауларды келтіруге болады: *есеп сатысы* (таблица), *түзу сызық*, *тік бұрыш кесе сызық*, *қатар сызық*, *сызғыш*, *тік бұрыш*, *деректі сан*, *төрткіл*, *шаршы*, *көбейту*, *шегеру*, *ондық (жүздік)*, *бөлімдер* т.б.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы ғылыми-көпшілік кітапшалар мен газет-журналдардағы мақаллаардың ғылымдық жағын былай қойғанда, тілдік жағынан бұлардан қазақша ғылыми терминдердің қалыптасу жолын байқаймыз.

§ 11. Ресми іс қағаздары стилінің кейбір көріністері

Ресми іс қағаздары, ресми құжаттардың стилі қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан стильдік тармақтардың біріне жатады, оның ішінде қазақ әдеби тілінде алғаш пайда болған стильдік құбылыстардың бірі – кеңсе тілі.

XVIII ғасырдың II жартысындағы ресми қағаздар үлгілері Россия архивтерінде сақталған. Олар, әрине, қазіргі уақытта жаңа ұғым, жаңа қолданыстармен толықты, жетілді. Бұл құжаттардың тілі Р.Сыздықованың, Б.Әбілқасымовтың еңбектерінде жан-жақты талданған.

«...Қазақша ресми іс қағаздары» стилі екі түрлі арнадан сусындады. Оның бірі – сонау көне дәуірлерден бермен қарай үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми документтер үлгілері. Сонымен қатар XIX ғасырда қазақ жерінің Ресей мемлекеті қол астына өтуімен байланысты орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары мен қатынас

қағаздары қазақшаға аударылып, қазақ ішіне тарады».

Тіл жағынан алғанда, қазақ феодалдары атынан жазылған бұл құжаттар арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар тілі элементтері басым, қазақ тіліне тән элементтер әлдеқайда аз. Орта Азия тіліне тән архаизмдер мен арабизмдер араласқан татар тілі хандар канцеляриясы практикасында ұзақ уақыт берік сақталып, ресми хат-хабарлардың барлығында қолданылды. Бұл тіл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды.

Сөз болып отырған ғасырлардағы құжаттардың тіл ерекшеліктері жайлы осындай пікірді І.Кеңесбаев та айтқан болатын: Абай дәуіріне дейінгі хан-сұлтандардың түрліше грамота хаттарына келсек, олар сол кезде мода болған ресми-эпистолярлық стильдің сынықтары болатын. Мұнда шағатай, татар, араб-парсы элементтері басым болды.

XX ғасыр басындағы іс қағаздары да, негізінен, аударма материалдар болып келеді. Бұл кездегі іс қағаздары стилі XIX ғасырдың екінші жартысындағыға қарағанда, едәуір дамып жетілді. Дегенмен "XX ғасырдың бас кезіндегі қазақша іс қағаздарының тілінде көне түркі әдеби тілдік дәстүрлі грамматикалық формалар мен сөз өрнектері көп уақыт сақталып келді. ... олар уақыт озған сайын, қазақ арасынан шыққан оқыған интеллигенттердің саны көбеюімен байланысты өзгеріске ұшырап, ондағы өзге тілдік элементтер халықтық формалармен алмастырыла бастады".

Әрине, бұл кездегі кеңсе стилінің тілін қазіргі кеңсе тіліндей болмады деп кінәлауға болмайды. Сондықтан: «XVIII ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында халықтық тіл негізінде пайда болған әдеби тіл осы кеңсе тілі арқылы тағы да бір саты жоғары көтеріле, күрделене түсті» -деген тұжырым шындыққа келеді.

Аталған кезеңдегі ресми іс қағаздары тілінен байқалатын лексикалық ерекшеліктер бір қыдыру, олардың мәтіндерінен араб-парсы сөздері, көне түркі тілінің және орыс тілінің элементтері, диалектизмдер, қазіргі тілде айтылмайтын терминдік атаулар, татар, түркі тілдерінің элементтері де кездеседі. Бұл кездегі әдеби тілде лексикалық жарыспалылық (варианттылық) айтарлықтай орын алған (*низам/заң /закон;*

мерзім /уақыт/ мезгіл /срок; баб/статья; шығын/ расход; айып /штраф; мәлішер/норма, жыйылыс/собрание, жоба/ проект т.б.

Қазан төңкерісіне дейінгі ресми іс қағаздары тілін талдау үшін сол кездегі қолданыста болған бірнеше құжаттарды, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған басқа да ресми іс қағаздары тілін алдық. Мәселен, Қазақстан Республикалық Орталық архивінен 1903 жылғы бірнеше приговордың (пірігауардың) үлгісін келтіріп, оның тілдік ерекшелігіне талдау жасауды жөн көрдік. Бұл приговор екі тілде жазылған. Жалпы көлемі бір беттен аспайтын (екінші бетінде адамдардың қолы қойылған) бұл құжаттардың сол жағында орыс мәтіні де, оң жағында араб жазуымен басылған оның қазақша аудармасы берілген. Аударма құжатта татар тілінің элементтері бірден байқалады. Бұл - бір жағынан, сөз болып отырған кезде аудармашылар көбінде сол ұлттан болуына байланысты шығар деп ойлаймыз.

Алдымен осы құжаттардан кішкене үзінділер келтірейік (араб жазуынан транслитерациялап бердік):

ПІРІГАУАР

а) 1903 -чы жылында ағустың 28 күнінде бізлер төменде қол қойғучы ... ойазының ...болосының ...чі ауылының үй иеллері хисабындағы ыхтиары бар адамлар ойанай сиазда болыб бізнің ауылының істаришынына уч жылға 1903-1906 чы жылларға жалуане кисбек тұрасындағы жауабын киңесіб сойласу һәм істанной положениениң 75 чі статиасы бойынча ауылдың көбдігін һәм халықдың ауқатын аңғарыб байқаб бұлайча тоқтам қылдық: ... һәм халықдың үстуне тұсатұғұн ақчалар менен бірге жинарға кирек ұшбуның раслыгына қол қойамыз.....

ә) ... 1903 чы жылында ... күнінде бізлер томенде қол қойғучы ... ойазының ...болосының ...чы ауылының үй иеллері ауылнай сиазда болыб ауқатқа қарай падишаһлық һәм халықдың үстіне тұсатұғұн ақчаларны раскладке қылыб бөлмек учун істенной гинирал гүбірнатырының жетісу облысының ойаннай гүбірнатырының атына 1897 жылы 16 ынчы ғынуарда 427 нчі номірдағы бұйрыгының 3 інчі пункіті бойынча бізнің ауылдағы һәр бір үй иеллерінің ауқатын кисим қылдық малына қарай қой

хисабында һәм егіннан унурунан һаракатдан сауададан һәм ғары бұған ұқсаслардан алған фйдаларуна қарай инеде ...қойдан кем болған үй иеллері болса олардан ... басқа салықларны алмасдыққа ... төменде көрсетуі бойынча кесим қылдық.

б) 190.. чы жылында күнде бізлер томенде қол қойғучы ... ойазының ... болосының ...чй ауылының үй ийеллері хисабындағы ыхтиары бар адамлар ойанай сиазда болыб бізнің ауылның істаршынына үч жылға 1903 - 1906 чы жылларға жалуане кисбек турасындағы жауабын киңасыб сөйласдық һәм істпнной положениенің 75 інчі істатійасы бойынча ауылдың көбдігін һәм халықдың ауқатын аңғарыб байқаб бұлайча тоқтам қылдық: бізнің ауылның істаршынына ... тенгадан жалуане жылына кисим қылдық һәм бұл ақчаларны жылсайын болатұғын халықдың үстүне тұсатұғұн ақчалар менен бірге жинарға кирек үшбуның растығына қол қойамыз

Бұл құжаттар тілінде татар тілінің ықпалы бірден көзге түседі. Мәселен, татар тіліне тән мына төмендегідей орфографиялық, грамматикалық белгілерді атап өтейік:

1. Түбірге қосымша қосылғанда үндестік заңының сақталмауы. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *тиісті, ұқсастар, ақшаларды, біздің, жылдар, себепті, адамдарды, растығына, халықтың* т.б. сөздер бұл құжатта *тіишлы, ұқсаслар, ақчаларны, бізнің, жыллар, сәбәблі, адамларны, бізнің, жыллар, сәбәблі, адамларны, раслығына, халықдың* түрінде жазылған.

2. Қазіргі тіліміздегі емле заңдылығы бойынша **ш** боп жазылатын жерде **ч** әрпін жазу, **ы, і** орнына **у, ұ, п** орнына **ф, е** орнына **и, ә** жазу, **в** орнына **у** жазу орын алған. Мысалы: *ақча, бұлайча, барчамыз, жалуане (жалование), кесим, кинәсиб, кесбек, уйбырнайлар (выборные), файда, бұлайча, үстүне, еки, исим т.б.*

3.Сөз соңында ұяң **б** сақталып беріледі (*болыб, қылыб, көбдігі, байқаб, аңғарыб, сойлесіб* т.б.).

4. Араб, парсы сөздері түпнұсқа тілдегіше тұлғалары сақталып жазылған: *рамаат, хисаб, файда, һәрәкет, ыхтиар* т.б. Айта кететін жай – бұл құжатта араб, парсы сөздерінің өте аз қолданылғандығы, оның үстіне орыс сөздерінің жиі кездесетіндігі – құжаттың стильдік ерекшелігіне жатады.

5. Орыс сөздері ауызекі сөйлеу тілдегі қазақша қалыптасқан

түрінде берілген. Мысалы: *ауылнай сиаз, ауғұс, ғынуар, ойаз, болос, ойазнай, начәлник, жалобын (жалуане), раскладке, істатиа, істаршіна, істіпной положение, генерал гүбірнатр, нөмір, песір, пункт т.б.*

Ресми іс қағаздары стиліне тән кейбір қазақша атаулардың да қалыптаса бастағаны осы құжаттың лексикасынан байқалады. Орыс тіліндегі атаулардың баламасы ретінде алынған бірсыпыра терминдер кірікпей, біраз уақыт өткеннен кейін қолданыстан шығып қалып отырды. Ал араб-парсы сөздеріне келсек, олардың саны тым шамалы. Терминдер, негізінен, қазақтың байырғы сөздерінен жасалған. Бұл құжаттағы ол сөздер: *төменде қол қойғучы* (нижеподписавшие), *қол қойамыз* (подписываемся), *төлеу* (платеж), *кесім қылдық, тоқтам қылдық* (постановили), *жасауылдарды жалдамақ* (наем рассылных), *ауқатына қарай* (сообразно благосостоянию), *үй иелдері* (кибитковладельцы), *ақча* (сумма), *бір ынтымақда болыб* (единогласно), т.б.

Бұл құжатта әскери, әкімшілік орындарының аттары, лауазым атаулары және басқа да қоғамдық-саяси лексика аударылмай орысша алынып, ауызекі тілде айтылуы бойынша жазылған: *ойазной начәлник, істіпной генерал гүбірнатыр, істіпной положение, жалуане, раскладке, писер, истатиа, податной инспектор* т.б.

Сонымен қатар орыс тілінің ықпалы құжаттың лексикасынан ғана емес, сөйлем құрылысынан да байқалады. Құжаттың сөйлемдері өткен ғасыр жазбасындай тым шұбалаңқы, өйткені жіктері тыныс белгілерімен ажыратылмаған, бірнеше сөйлемдерге бөліп айтуға боларлық жайттарды көсемше арқылы тіркестіріп, шектен тыс шұбалтып, түсінуге ауырлау берілген. Сонымен бірге орысша мәтінге байланысты аударылғандықтан, қазақша сөйлем тәртібі бұзылып берілген. Бірнеше мысал келтірейік:

1903 інчі жылында ауғұстың 28 күнінда бізлер төменде қол қойғучы ...ойазының ...болосының ...чі ауылының үй иеллері хисабындағы адамлар ауылнай сиазде болыб ... ойазнай начәлникдің һәм податнай инспектірдің алдында бізге қараған ауылдың қазақларын рамат һәм халықдың үстүне тұсатұғұн ақчалардан төленбей құтқармақ туғырасындағы жалыбын сойласыб кенгесдик қайсы адамлар кедей болған сәбәбли бұл ақчаларны төлеуге

миндатлы болмаса керек әлі жоқ болған сәбәбли біздің ауылдың ішінен табылады мұндайлардан 125 кіші бұл сәбәбден барчамыз бір ынтымақда болып бұлайча тоқтам қылдық төменде аталмыш адамларны барша үч жылга шейүн 1904 - 1906 жылларга шейүн падишаһлық һәм халықдың үстүне тұсатұғұн ақчалардан толеудан уибу піріғауар бойынча құтқардық һәм құтқарамыз қойлары ... дан кем болса

Енді бұл приговордың морфологиялық құрылысының қазіргі тілден айырмашылығына келсек, қазіргі қазақ тіліндегі у тұлғалы тұйық рай етістіктің мәнінде бұл құжатта мына төмендегі формалар қолданылған:

1. Барыс жалғаулы **-ар, -ер, -р** жұрнақты есімше мен **керек** сөзінің тіркесі арқылы:

... халықдың раскладкесі бойынча рамат һәм халықдың үстіне тұсатұғұн ақчалар менен бірге жинарға керек ...

2. **Үшін** шылаулы келер шақтық **-мақ, -мек** формалы тіркес:

... ауқатқа қарай падишаһлық һәм халықдың үстүне тұсатұғұн ақчаларны раскладке қылыб болмек учун.

... һәр ауылга тиушлы ақчаларны болуб салған сомның ири малды қойга хисаб қылыб қойды ақчага исаб қылыб салмақ учун ...

3. Барыс жалғаулы есімшелі тіркес:

... қойдан кем болған үй иеллері болса олардан ... басқа салықларны алмасдыққа...

4. Шартты рай формалы етістік пен **керек** сөзінің тіркесі:

... басқа салықларны алмасдыққа басқа пірығауар жасалса керек...

Осы сияқты жиі қолданылатын бірнеше тіркестің орнын -у формалы етістіктің бір өзі ауыстырады, қазір тармақталып, бірнеше пункт болып берілетін заң, ережелерде де, қаулы-қарарларда да үлкен қызмет атқарады. Сонымен бірге бұл құжатта өткен шақтық есімше мен **себәбли** сөзді тіркес себеп бағыныңқының баяндауышы қызметінде қолданылады:

... қайсы адамлар кедей болған себәбли бұл ақчаларны толеуге миндатлы болмаса кирек әлі жоқ болған себәбли...

Сонымен, бұл қазақша іс қағаздарында қазақтың жалпыхалықтық лексикасымен бірге көне түркі әдеби тілдік

дәстүрлі грамматикалық формалар мен сөз өрнектері сақталғанын көреміз. Дегенмен, олар уақыт өткен сайын өзгеріске ұшырап, ондағы өзге тілдік элементтер халықтық формалармен алмастырылды.

Енді "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті беттерінде басылған ашық хат, құлақтандыру, жарлық, қаулы, телеграммалар т.б. ресми құжаттар үлгілеріне көңіл аударайық:

Қазақ өкілдерінің қаулысы

Орал, Торғай, Семипалат, Ақмола обылыстары Орынбор *духовный собранийасына* қарауға, *Туркестанский край* өз алдына муфти болуға, муфти болсын, қазы болсын бес жылға уақытша сайлануға, төменгі имам, молдалар сегіз жылға руханилардың бәрін де (муфти қазы, имам һәм молдаларды) халық сайлап қойыуға. *Уездный қазы* болуға, *губернийалық* жыйылыс болуға. Мысалы, *уездной сыйаз* секілді *губернский* жыйылыста член һәм секретарь болуға. Духовной мекемеде *члендер*, *секретарьлар*, *қазылар* болуға барлық *руханиларға уәзипа* берілуге, *неке*, *талақ*, *мирас*, *мектеп*, *медресе*, *ғұшыр*, *зекет*, *фидийа*, туған балаларды жазу, өлген адамдарды жазу. *Рухани* басқармасына берілуге сөз бірікті.

Біздің қазақтың жері хақында думаға қазақтан депутат алыну сөз болып жатыр. Бұл турада думада сөз болған екен /Айқап, 1914, 211-б/.

Қазақ тілінің ол кездегі сөз байлығы барлық әкімшілік терминдерін аударуға жете бермегенін осы қаулыдан көруге болады.

Бұл құжатта ислам дініне байланысты діни ұғымдар араб-парсы сөздерімен (*муфти қазы*, *имам*, *медресе*, *ғұмыр*, *зекет*, *фидийа*, *мирас*, *молда*, *уәзипа берілу*, *мектеп* т.б.) берілсе, қазақ сөзімен білдіруге келмейтін кейбір есімдерді орыс сөздерімен (*духовный собранныйа*, *уездной сиаз*, *член*, *Туркестанский край*, *секретарь*, *облыс переписі*, *статический партыйа*, *переселенческий артель*, *крестианский начальник*, *подрайонный чиновник*) берген.

Араб-парсы, орыс сөздері құжатта ауызекі сөйлеуде қалыптасқан тұлғаларымен жазылған. Орыс тіліндегі әкімшілік орындарының аттары, лауазым атаулары аударылмай алынған

және сын есімдер мужской род тұлғасымен берілген: *духовной собраныйе, статический партија* т.б. Құжаттарда лексикалық жарыспалылық (варианттылық) кездеседі (*санақ жұмысы/ перепись жұмысы, жыйылыс/ собраныйе*). Бұл - әдеби тілдің әлі де нормаға түсіп қалыптаспағандығының белгісі. Егер XIX ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөз беттерінде және 1910 жылы Қазанда шыққан "Орысша-қазақша сөздікте" **начальник** сөзі *бастық, әкім*, ал **чиновникті** - *төре* деп қазақшалау орын алса, талдап отырған құжаттарда бұл сөздер орысша қолданылған.

ТЕЛЕГРАММА

Заречная Словодкадан Орынборға Кәдірбаевқа. Нөмірі 89. Алынды. 17. 07.

Екінші қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша 11-24 июнь-де - "Алаш Орда" Алаш қаласында іске кірісті. Сібір һәм Башқұртстан автономияларымен ынтымағы бір.

Алаш Орданың обласной һәм уезный советтерін құруыңыз жөн. Олардың ағзасы азында үштен кем, көп болғанда бестен артық болмасын. Осыған ұқсас управалардың, ол жоқ жерде комитеттердің көрсеткен ағзаларын "Алаш Орда" бекітеді. Бір ағза милиция (ел қорғаушылар) жұмысын басқарады. Екіншісі елден салық жияды.

Жергілікті "Алаш Орда" советтері уақытша қазақ халқының саяси һәм мәдени істерін қарай тұрады. Бірақ олар земский һәм шаһар самоуправлениелерінің ісіне қол сұқпауы керек.

Бұл телеграмма да аударма болғандықтан, орыс сөздері сол қалпында аударылмай алынған (нөмір, совет, самоуправление т.б.). Дегенмен кейбір ұғымдарды қазақ не араб-парсы сөздерімен беруге тырысушылық байқалады (*милиция - ел қорғаушы, солидарность - ынтымақ, не менее, чем... - азында ...кем, член - ағза, собирать налог - салық жинау, руководить - басқару, местный - жергілікті, временный - уақытша, политические и культурные дела - саяси һәм мәдени істер, не вмешиваться - қол сұқпау*)

Аударма іс қағаздары мен қазақ баспасөзіндегі жарияланған

материалдарды салыстыра қарасақ, біріншісінде түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталғанын, сөйлем құрылысында қазақ тілі грамматикасының қалыпты жүйесі сақталмағанын аңғарамыз. Дегенмен лексикасында шет ел сөздерін (араб-парсы, орыс) шама келгенше қазақша аударып беруге тырысушылық байқалады. Ал екіншісінде, керісінше, сөйлем құрылысы жатық болғанымен, мекеме, лауазым аттарын аудармай орысша беру тәжірибесі орын алған, дегенмен мұнда да орыс сөздерін қазақша беру тенденциясы бар.

Бакылау сұрақтары:

1. Ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасуы мен сипатының басқа кезеңнен ерекшелігі қандай?
2. Жазба әдеби тіл қалыптастырудағы Ы.Алтынсарин мен Абайдың орнын түсіндіріңіз.

Реферет тақырыбы:

1. XX ғ. бас кезіндегі қазақ әдеби тілі
2. Қазақ әдеби тіліндегі кітаби тіл дәстүрі

ҮІ. 1920-40 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§1. 1920-30 жылдардағы саяси-әлеуметтік жағдай

Қазан төңкерісінен кейінгі 2-3 жылға созылған азамат соғысының дүрбелені мен шырғалаңы қазақ жеріне де зор зиянын тигізіп, елді үлкен күйзеліске ұшыратты. Тек 1920 жылы ғана халық еңсе көтеріп, бүлінген шаруасын қалпына келтіріп, дербес ел болу жолын ойлай бастады. Қазақтың алдыңғы қатарлы оқығандарының, әсіресе Алаш ардагерлерінің табанды талабы нәтижесінде 1920 жылы Қазақстан автономиялы республика болып жарияланды.

Елдің бүлінген шаруасын қалпына келтіру, ашаршылықпен күрес, елді басқару жүйесін қайта құру сияқты экономикалық және әкімшілік шаралармен қатар, жас үкіметтің бірінші кезектегі қолға алған шаруасы – сауатсыздықты жою мәселесі

болды. Ол үшін патшалық Ресей кезінде сөйлеу тілі дәрежесінен аса алмаған қазақ тілін өмірдің барлық саласына қызмет ететін тілге айналдыру қажет болды. Осы мақсатпен 1923 жылы қараша айында тіл туралы тұңғыш декрет қабылданды. Онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болып, мемлекет тілі боп жарияланды. Декретте көрсетілгендей, мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде, ұйымдарда іс қағаздарын орыс тілімен бірге қырғыз (қазақ) тілінде де жүргізу көзделеді. Ана тіліміздің қолдану аясы кеңіді. Қазақ тілінің жан-жақты дамып, арта түсуіне байланысты ол күнделікті саяси, мәдени, ғылыми, үгіт-насихат жұмыстарында, оқу-ағарту ісінде кең қолданылатын болды. Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізу жұмысы қолға алынды. Қазақ тілі барлық бастауыш, орта мектептерде, жоғары дәрежелі оқу орындарында оқытылатын міндетті тіл болды. Қазақ тілін қазақ оқушыларымен бірге республикамыздағы орыс және басқа ұлт оқушылары да оқитын болды. 20-30-жылдарда қазақ тілі білімпаздарының, қазақтың оқыған азаматтарының алдында халықтың сауатын ашуға, жастарға жүйелі білім беруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жасау, сол кезде қолданылып келген араб әліпбиін жетілдіріп, жаңа емле ережелерін түзу, термин қабылдаудың принциптерін айқындау, сөйтіп әдеби тілдің фонетикалық, грамматикалық нормаларын тұрақтандыру тәрізді сан салалы міндеттер тұрды.

Егер Қазақстанда 1900 жылы 797, 1911 жылы 1246 мектеп болса, 1921 жылы 1911 жылмен салыстырғанда мектеп саны екі есе көбейді.

Дегенмен, сауатсыздар саны әлі де жоғары болды, мәселен, 1924 жылы сауатсыздар саны 84,5 пайыз болса, 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда хат танымайтын 14 жастан 16 жасқа дейінгі ересек балалардың 72% -ы хат танымайтын.

Бұл кезде мектептерді тиісті оқу құралдармен, әдістемелік нұсқау, бағдарлама, көмекші құралдармен қамтамасыз ету жайы да тым төмен деңгейде болды.

Республикада мұғалімдер даярлайтын курстар, педагогтік техникумдар ашылып жатты.

1927жылы қазақтың драма театры ұйымдастырылды. 1928 жылы Қазақ мемлекеттік университеті ашылды, онда алғашқы кезде бірнеше бөлімі бар бір ғана факультет жұмыс істеді,

жатақханасы жоқ болды. Студенттердің 60 пайызы қазақ жастары болды.

Отызыншы жылдардың аяғында Қазақстанда 16 жоғары дәрежелі оқу орындары болды, онда 6 мыңдай адам оқыды.

Мерзімді баспасөз беттерінде берілген мәліметтерге қарағанда, жоспар бойынша 1932 жылдың бірінші қазаны «жаппай сауаттанудың актық мерзімі» деп белгіленсе де, отызыншы жылдардың аяғында халықтың тек 65 пайызы ғана сауатты болды.

Республикада баспа жұмысы дамыды. Республиканың сол кезіндегі орталығы Орынборда Қазақстан баспасы құрылды. Қазақстанның губерниялық, ірі қалаларында баспаханалар ашылды. Сонымен қатар Мәскеуде, Қазанда, Ташкентте қазақша кітаптар шығару жұмысы ұйымдастырылды. 1921-27 жылдары қазақ тілінде 272 кітап басылып шықса, 1937 жылдың аяғында дейін жаңа әліпбимен 409 түрлі 6 млн. 829 мың дана кітап басылып шықты. Республикада осы кезде 1334 кітапхана жұмыс істеді.

1920-30 жылдардағы мерзімді баспасөз беттерінде ең көп талас, әр қилы пікір туғызған мәселе – әліпби туралы мәселе болды.

Сол жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалалардың енді бір тобы термин қабылдау принциптерімен байланысты еді. 1920 жылдары термин алудың ғылыми негізі әлі айқындала қойған жоқ еді. Сондықтан жаңа терминдерді көп жағдайда ғылымның әр саласынан ана тілінде жазыла бастаған мектеп оқулықтары авторларының, аудармашылар мен журналистердің өздері жасауға мәжбүр болды.

Төңкерістен кейінгі 10-15 жылда мәдениет, ғылым-білім, әдебиет саласында қол жеткен жетістік 30-жылдардың аяғына қарай өзінің өсу, даму қарқынын сақтай алмады. Партияның ұлт республикаларын дамытудағы бұрынғы ұстанған саясаты өзгерді, енді олардың өзіндік саясат жүргізіп, өз экономикасы мен мәдениетін дербес басқару мүмкіндігі тежелді, барлық әкімшілік басқару жүйесі бір адамның яғни И.В.Сталиннің шексіз билік жүргізуіне соқтырды, оның жеке басына табыну үрдісін туғызды.

Партияның 1934 жылғы XVII сиезінде жасаған баяндамасындағы Сталиннің «социализм жолымен ілгері басқан

сайын тап күресі күшейе түседі» деген тезісі «теориялық бағдар» ретінде басшылыққа алынып, жергілікті жерлерден тап жауларын тауып, оларды әшкерелеу науқаны қолға алынды. Орталықтан басталған бұл науқанның Қазақстандағы жаңғырығы тым күшті болды. Ең алдымен, алғашқы соққыға «ұлтшылдар», яғни бұрынғы «Алаш» партиясының мүшелері мен оны қолдаушылар тап болды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, Жанша және Хәлел Досмұхамедовтар, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов т.б. қуғындауға алдымен ұшырады.

Одан сәл кейін 1937-38 жылдары «халық жаулары» деген ешбір дәлелсіз сорақы айыптаумен республикада кеңес өкіметін өз қолдарымен орнатқан жоғарғы партия, кеңес қызметкерлері, ғылым мен әдебиет, өнердің көрнекті қайраткерлері жазықсыз жазаға тартылды. Бұл науқанның қасіретіне 110 мың зиялы ұшырап, оның 27 мыңнан астамы атылып кеткен. Бұл орны толмас қасіреттің Қазақстан экономикасы мен мәдениетіне, ғылым-біліміне, әдебиетіне, халықтың санасына тигізген зиянды әсерін ешнәрсемен өлшеуге болмас еді.

Қазақтың зиялы қауымының бас көтерген өкілдері айдалып, атылып кеткеннен кейін әдебиетіміз бен ғылымымыз, мәдениетіміз бен білім салалары біраз тоқырап қалды. Әдеби тіліміздің де тынысы тарылып, қоғамдық қызметі шектеле бастады. Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқытуға баса көңіл бөлінді. Ал орыс мектептерінде, керісінше, қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы жарлық шығарылды.

Тіл туралы тұңғыш декрет жиырманшы жылдардың басында қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып жарияланса да, отызыншы жылдардың екінші жартысында қазақ тілі тағдыры дағдарысқа душар болды. Қазақ тілі ресми тіл болуы, ғылым тілі болуы осыған байланысты оқу-оқыту тілі болуы қызметінен біртіндеп айрыла бастады.

§2. Әдеби тілдің нормалану, стильдерінің саралану үрдісі

Қазақ әдеби тілі лексикасын нормаландыру әрекеттері 20-жылдары қолға алынса да, ол өте баяу жүргізілді. Оның үстіне қазақ тілінің қоғамдық қызмет аясы әлі тар еді. Қазақтың ғылыми тілінің, яғни ғылыми стильдің дамуына қазақта ғылыми-

техникалық әдебиеттердің аздығы үлкен кедергі келтірді. Бұл кезеңде оқулықтар, негізінен, орыс тілінен аударылды, ол аудармаларда көптеген кемшіліктер жіберіліп, оқушылардың түсінуіне ауырлық келтірді. Дегенмен ғылыми стильдің дамуына марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары мен оқулықтардың қазақ тілінде көп тиражбен басылып шығуының едәуір маңызы болды.

Қазіргі тіліміздегі көптеген терминдер бірден осы күйінде жасалынып, қолданыс тапқан жоқ. Алғашқы оқу-педагогикалық, ғылыми-техникалық салалардың терминдері, негізінен, 20-жылдары жасалына бастады. Термин жасауда нақты принциптер болмағандықтан, әркім терминді өз бетінше жазды. Осы кездегі термин жасаудағы негізгі көзделген мақсат олардың қалың бұқараға түсінікті болуы еді.

Алайда, 20-жылдардың басында термин жасау ұстынымдарының ғылыми негізі сараланып, жүйелене қойған жоқ еді. Бұған, әрине, білікті маман кадрлардың жоқтығы үлкен кедергі болды.

Өз кезінде Ы.Алтынсарин қазақ тілінің грамматикалық терминдерін жасауда ана тіліміздің бар мүмкіншілігін пайдаланудың үлгісін көрсеткен еді. Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімінің қазақ тілінде өрбуіне, зерттелуіне, оның қазірде қолданылып жүрген ғылыми терминдерінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосты. Оның термин алуда ұстанған принципінің дұрыстығына – ол жасаған терминдердің әлі күнге дейін тілімізде қолданыс тауып жүргендігі дәлел ³³.

А.Байтұрсынов лингвистикалық терминдерді жасауда негізгі екі принципті ұстанған, бірі – ана тіліміздің бар мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану, екіншісі – өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен әдеби тілдің дамуына керекті, жаңа ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау³⁴.

Егер отызыншы жылдардың ортасына дейін термин сөздер аударылып алынса, отызыншы жылдардың ортасынан бастап советизмдер мен интернационалдық терминдер сол қалпында аударылмай қабылданды.

³³ Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997. -238 б.

³⁴ Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы, 1998.

1920-30 жылдары XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан көркем әдебиет, ғылыми-публицистикалық, ресми іс қағаздар стильдері одан әрі жүйелініп дамыды.

20-жылдары қазақша ғылым тілінің дамып қалыптасуына мерзімді баспасөздің, оқулықтар мен оқу құралдарының, сөздіктердің тигізген әсері зор. Ғылымның әр түрлі саласына жататын терминдер мерзімді баспасөз бетерінде жарияланып тұруы арқасында бір жүйеге түсіп тұрақтала бастады. Мәселен, қазақша ғылым тілін жасау мен қалыптастыру ісімен 20-жылдары Қазақ АССР Оқу Комиссариаты, оның жанындағы Академиялық Орталық (Ақцентр) шұғылданды.

Әдеби тілдің публицистикалық, ғылыми-көпшілік стильдері дамыған сайын терминдер тұрақталып орныға бастады. Сол кезеңдегі терминология саласында істелінген жұмыстардың қазіргі терминологияның қалыптасып дамуына алғышарт болғандығы белгілі.

Көркем әдебиет стилі әрі қарай дамыды, әдебиетте бұрын болмаған роман, повесть, драматургия, сын жанрлары пайда болып, әдеби тілдің арнасын кеңейтті.

Осы жылдары баспасөз бетінде көбірек көрінген, шығармалары жарияланып тұрған ақын-жазушылар: И.Байзақов, А.Тоқмағамбетов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев т.б. болды.

Жиырмамыншы-отызыншы жылдары Пушкин, Л.Толстой, Крылов, Гоголь, Горький тағы басқалардың шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Бұл кезеңдегі ресми іс қағаздарының тіліне тән құбылыс – бір мағынаны, ұғымды атау үшін бірнеше синонимдердің, вариант сөздердің қолданылуы болды: *арыз-өтініш, хабарладыру-құлақтандыру, жоспар-план, үзіліс – демалыстыныс, құқ- құқық-қақы- право;*

§3. Жазу жүйесін жетілдіру мәселелері

Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қазақ оқығандары, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді

ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа әліпби қабылдауды не осы жазуды біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Бірақ бұл мәселе көп уақыт бойы өз шешімін тапқан жоқ.

Тек А.Байтұрсынов 1910 жылдардан бастап араб жазуының таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Бұл туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. Оның жобасы бойынша, араб әліпбиіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір басы артық таңбаларды шығару, сөздің түгелдей жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші таңбасын қою ұсынылады, қазақ тіліндегі **ы, е, и, о, ұ, ү**, дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіленеді.

Дегенмен, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданды.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезінде қазақ жазуының негізінде қандай әліпби қолайлы деген мәселенің төңірегінде қызу айтыс болды. А.Байтұрсынов әліпби жайында баяндама жасап, онда ол: "Жақсы әліппенің қасиеттері жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым артық әліппеміз тұрғанда, босқа латыншыл болудың қажеті не? Латынның керегі жоқ... Латынды ауызға алу еріккендік... Латынды орыс халқы алмағанда біз неге аламыз? Әріпке қызығып бүкіл мәдениетімізден айырылып қаламыз ба? Латынның кемшілігі – кейбір әрпінің үш-төрт түрлі жазылуы, басқанда қосылып кететіндігі" - дейді /ЕҚ., 1924, 2 шілде/.

Сөзінің соңында ол: «...жаңа әріпке көшеміз, латын әрпін аламыз деген әңгімені біржола доғару керек» деген үзілді-кесілді ұсынысынан кейін Қазақстанда латын әліпбиіне көшу туралы қозғалыс бірсыпыра уақыт кең өріс ала алмады.

Бірақ сол тұстағы орталық басылымдарда және түркі баспа сөзінде араб графикасын тастап, латын алфавитіне көшу туралы пікірлер, ұсыныстар да бел ала бастады.

Жиыrmасыншы жылдары араб жазуын жетілдіру не өзге графикаға алмастыру мәселесі тек жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі тілдес республикалар көлемінде қозғалды.

Москвада "Жаңа алфавит жөніндегі орталық комитет" құрылып, түркі халықтары жазуын латын графикасына көшіру туралы жоспарлы жұмыс жүргізді. Қазақстанда да сондай комитет жұмыс істеді.

"Жизнь Национальностей" деген орталық журнал бетінде жиыrmасыншы жылдардан бастап араб алфавитін тастап, латын графикасын алу мәселесі көтерілді. Алфавит өзгерту туралы әр түрлі көзқарастар болды. Мақала авторлары екі алфавитті ұсынды: бірі - латын графикасы негізінде жасалған алфавит те, екіншісі - орыс алфавиті.

Түркі тілдес республикаларда, оның ішінде ең бірінші болып Әзірбайжанда 1922 жылы "Латын әліппесін жүзеге асыратын комитет" құрылды. Бұл комитет латын алфавитімен тиісті әдебиеттер шығара бастады. Комитеттің қалауы бойынша Әзірбайжандағы кейбір мектептерде латын алфавитімен сабақ жүргізілді.

Қазақстанда әліпбиді өзгерту мәселесінің қайта көтеріліп, шешуші бағыт алуына 1926 жылы Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық түркология сиезінің тигізген ықпалы зор болды.

Сиезде басқа мәселелермен қатар негізгі мәселе ретінде күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, емленің негізгі принципті мәселесі қойылды. Бұнда сиезд делегаттары екіге бөлініп, бірі бұрыннан қолданылып келе жатқан араб графикасын реформалап қолдануды жақтаса, екінші тобы араб жазуын тастап, латынға көшуді ұсынды. Бұл мәселе төңірегінде қызу айтыс, пікір-таластар болды. Араб алфавитін қолдаушы Қазақстаннан барған өкілдер: А.Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Әзиз Байсейітов, татар ғалымдары Алпарұлы мен Ә.Шараф. Араб пен латын әріптерін салыстырып артық-кем жақтарын сипаттап

көрсетіп, арабтікін тастап, латындікін алуға түк себеп жоқтығын айтқан, жан-жақты жасалған баяндама Ә.Шарафтікі болды. Ол: "... біздер сөз қылып отырғанымыз - "әліпби қалау" мәселесі емес, "әліпби алмастыру" мәселесі, "әліпби қалау" деген мен "әліпби алмастыру" деген екеуі бір емес", - деп ашық айтады.

Арабшылдардың келтірген дәлелдеріне қарамай, латын графикасына көшуді үкімет орындары белсене қолдағандықтан, сиезд көпшілік дауыспен латын жазуына көшуді ұсынады.

3-4 жылға созылған республика баспасөзі бетіндегі айтыстың қорытындысы 1927 жылы әуелі Ташкентте, одаң соң Қызылордада өткен жазу (графика) мәселесіне арналған конференцияларда талқыланады.

Жаңа алфавит жөніндегі үкімет комиссиясы конференция материалдарымен жалпы жұртты, халықты таныстыру мақсатында оны "Әліппе айтысы", "Жаңа әліппе жолында" деген атпен 1927 жылы жеке кітапшалар етіп бастырып шығарады. Алайда бұл кітапшалар кейіннен ондағы баяндама жасап, сөз сөйлеген адамдардың көпшілігіне "халық жауы" деген негізсіз айыптау тағылуымен байланысты ұзақ жылдар бойы жұрт көзінен таса кітапханалардың "жабық қорында" жатты. Еліміздегі қайта құру, жариялылық процестерінің арқасында бұл кітапшалар көпшілік қауымның қолына тиді. Дегенмен олар өз кезінде араб графикасымен басылғандықтан, бүгінгі оқушының, әсіресе жастардың, оқуына үлкен қиындық келтіретінін ескеріп, "Әліппе айтысы" деген кітапшаны қазіргі графикаға түсірдік /Қарағанды,1990/. Кітапты қайта шығарудың тағы бір себебі - оқырман қауым сол тұстағы араб және латын жазуын жақтап, не қарсы шығушылардың пікірлерін оқып, екі алфавиттің артық-кем жақтарына өздерінің көзі жетсін деген ой болды. Бұл кітапшада Ә.Байділдаұлының "Қазаққа араб әліппесін тастап, латын әліппесін алу керек" деген баяндамасы мен оны жақтап, не оған қарсы шығып сөйлеген адамдардың сөзі жинақталған. Айтысқа қатысушылардың ішінде араб әрпін жақтағандары: А.Байтұрсынов, І.Ахметов, Е.Омаров, Ә.Байтасов т.б., ал латын

алфавитін жақтағандары: Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанов, Ә.Ермеков т.б.

Арабшылардың араб графикасын жаңа түркі (латын) графикасымен салыстырғанда пайдалы жағы деп келтірген дәлелдері:

1/ араб алфавиті қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алады;

2/ араб алфавиті оқуға, жазуға, сауат ашуға қолайлы;

3/ өнер құралдарына орнатуға қолайлы;

4/ көзге көркем көрінеді;

5/ араб әрпімен жазғанда қол сағат тілінің бағытымен бірдей оңнан солға қарай жүреді;

6/ жазу машинасына, баспа машиналарына орнатуға араб алфавитінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық.

А.Байтұрсынов баяндамасында: "Латын әрпінің араб әрпінен көзге көрініп тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса екен. Онда ел көңілденіп, әсіресе сауаттылары көңілденіп, қолдап, жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықшылығы, пайдалығы жоқ. Қайта араб әрпінен гөрі толып жатқан кемдігі, кеселдігі бар" - дейді.

Ал латын алфавитін жақтаушылар араб әрпі сауат ашуға, оқуға, жазуға қиын, себебі:

1/ бір әріптің 4 түрі бар;

2/ араб әрпінің көбі бір түсті;

3/ жазу оңнан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай жазылады. Бұл - жазуда да, баспа жұмысында да қиыншылық тудырады.

4/ ғылыми кітаптарда (алгебра, геометрия, физика т.б.) пән белгілері латын әрпімен жазылады, араб әрпі бұған жарамайды;

5/ араб әрпі нотаны жазуға да жарамайды;

6/ араб әрпі баспахана жұмысында көп қиыншылық туғызады: теру, басу, жөнінде қымбатқа түседі.

Ахмет Байтұрсынов пен Телжан Шонановтың баяндамалары басқаларымен салыстырғанда толық, дәлелді, жан-жақты болды..

Т.Шонанов латынды алу мәселесінің тарихына тоқталады, бұл – тұрмысқа қажет болғандықтан туып отырған мәселе, латын алфавиті қазақ тіліне үйлеседі, оқуға жеңіл, мәдениет жағынан Европа халықтарымен жақындасуға болады, мәдени мұрамыз арабшылдар айтқандай көп емес, оларды жаңа алфавитке қайта бастыру қиын емес деген қорытынды жасайды. Сөзінің соңында Бакуда өткен Бүкілодақтық I-түркологиялық сиездің қаулысына сүйеніп, "... бұдан былай латын әліппесін керек пе, керек емес пе деген таласты қойып, латын әліппесін қалай еткенде дұрысырақ жүзеге шығаруын сөйлесуіміз керек, сонымен қатар бірте-бірте латынша әліппе кітапшалар шығара беру керек. Іске кірісуге мезгіл толды. Жер-жерде латыншылдар ұйымын ашу керек. Латын әліппесін алғашқы кезде іске асыруға осы ұйымдар керек болады"- деп жаңа алфавитті алу-алмау туралы айтыстың пайдасыз екендігін білдіреді. Шындығында, жер-жерде ұйымдар ашылып, латынды насихаттаған жұмыс күшейді.

1929 жылы 24 қаңтарда «Жаңа алфавит туралы» қаулы шығып, латын әліпбиі қабылданды. Көп кешікпей Қызылордада ғылыми конференция шақырылып, онда емле мәселесі қаралды. Латын әліпбиіне қосымша қазақтың өзіндік дыбыстарын белгілеу үшін 6 белгі алынды. Бірақ бұл әліпби құрамындағы әріптер қазақ тілінің дыбыстық жүйесін әлі де болса дәл бере алмады. Әріптердің санының көп болуы оны үйренуді қиындатады деген пікірлерден соң, оған көптеген таңбалар енгізілмей қалды.

1929 жылы қабылданған қазақтың жаңа алфавитінде 29 әріп болды: а, в, с, d, з, е, ә, g, ğ, h, i, j, k, l, m, n, n, o, ө, p, q, r, s, t, u, v, у, z, ь.

Сонымен қатар қазіргі у дыбысын белгілеу үшін 4 таңба қолданылды. Мәселен, қосар "uv" түрі жуан дыбысты у-ды, ал "уу" түрі жіңішке сөздерде қолданылды. Мысалы: **aluv - алуу, turuv - тұруу, kelyv - келуу, beryv - беруу.**

Жарты дауысты "j" мен "b", "i" әріптері қосақталып толық дауысты қазіргі "и"-дің орнына қолданылды. Мысалы: **qjmyja - қыймыйа, syjyr - сыйыр, syjyr - сыйпыр, әksija - әксiя,**

ekvivalent - екуйуалент, tekniјke - текнйке, nәtijceli - нәтйжелі т.б.

Жаңа әліпбиге көшу дегеніміз тек әріптерді ауыстыру емес, жаңа алфавитке сәйкестендіріп жаңа емле ережелерін жасау мәселесін қажет етті.

Орталық Атқару Комитетінің президиумы мен Халық Ағарту Комитетінің шешімі бойынша емлені реформалау үшін ғылыми конференция 1929 жылы Қызылорда қаласында шақырылды. Онда жаңа алфавитке сай жаңа емле қабылданды: 1. Қазақ емлесінің негізі дыбыс жүйесінше болу керек; дыбыстың өзгеруі осы күнгі халық тілінде айтылған, естілген күйінде жазылуы керек.

2. Шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесімен жазылуы керек, аяғы қазақтың сөз жүйесіне көшу керек. Шеттен кірген сөздерді қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен сөз жүйесі негіздеріне бағындырып жазам деп орынсыз шет сөздердің түбірін бұзуға болмайды.

3. Шеттен кірген сөздерді дұрыс жазу ережесі жасалғанда, ол сөздерді қалың бұқара жеңіл ұғып алатын болсын, шапшаң хат танып, жазу үйренуге, халықтың жалпы сауаты ашылуына қиындық келтіретін болмасын, бұл үшін кірген сөздердің орфографиясы қазақ тілінің заңына қайшы келмеуі шарт.

4. Жалпы европалық сөздерді алғанда, олардың тек түбірлері ғана алынады, осы қаулыда көрсетілген дыбыс жүйесіне бағындырылады, сөз жүйесі ретінен түбірге жалғанатын жалғау жұрнақтары қазақ тілінің заңына бағындырылады.

Осы емле негіздеріне сүйеніп, 1929 жылы 29 маусымда қазақ тілінің жаңа емлесі бекітілді.

Жаңа емледе 30 ереже болды, оның 12-і қазақтың төл сөздерін, қалған 18-і шет тілдерден кірген сөздерді жазу жөнінде.

Бұл емле ережелерінде көптеген қайшылықтар бар екенін көруге болады. Мәселен, шетелден кірген сөздерді өзгертпей жазу керек делінген, бірақ оларды бұлай жазуға жаңа қазақ /латындаған/ алфавитінде әріп таңбалары жетіспеді, сондықтан ол

сөздерді дұрыс жазу мүмкін емес еді. Екінші жағынан сөздер фонетикалық принцип бойынша, қалай естілсе солай жазылады делінді. Сондықтан да әркім өз естуінше жазды.

Осы жылдардағы баспасөз беттерінде, оқулықтарда, тіпті бір кітаптың өзінде бір сөз әр түрлі жазылып жүрді. Мәселен, "пролетариат" сөзі бірде "*пурлытарыйат*", бірде "*пурелетарийат*", бірде "*пыролетарыйат*" деп, "география" сөзі - *жағырапия, жаграпыйа, жаграпия* болып, "*минута*" - бірде *менот*, бірде *мөнет*, кейде мінет деп жазылады. Ал терминология комиссиясы оны "*мүйнет*" деп алған. Ай аттары да әр түрлі боп жазылды: *январь* - *генуар, ғынуар, иануар, жануар, жанбар, небірал, ағыс, ағұс* делініп, ал "большевик" - *болиебек, балиебек, балиабек, телеграмма* - *телігірам, тілігірам, телегірам* т.б. болып жазылды.

1926-30 жылдары түрліше айтылып, жазылып жүрген варианттар туралы проф. Қ.Жұбанов: "Кейбір сөздер, мәселен, тұрмыста ең көп айтылып, көп жазылатын сөздердің бірі - "коммунист" деген сөз 16 түрлі боп жазылады, о санға о сөздің ішіндегі әріптерінің саны да жетпейді. Оны біреулер "кәмөнес" деп жазады, біреулер "кәмүнес" дейді, тағы біреулер "кәмүніс" деп жазады. Әркім өзінше жаза береді. ... Міне, емле осы сықылды күйде болған соң ешбір сөзді дұрыс жазуға болмайды" - деп қынжылады.

Көптеген қазақ сөздері де түрліше айтылып, жазылып жүрді: *жана, және, жәнә; бұлай, былай; тұмақ, тымақ; әне, әні; қазір, қазыр, кәзір, әзір; жай, жәй; едәуір, недәуір, әдеуір; әбден, әбдән, абдан; кітап, кітәп; іштеме, ештеме, іждеме; мыйсал, мысал* т.б. Осы сияқты айтылуы әртүрлі болғанымен, мәндерінде айырма жоқ көптеген сөздердің жазылуын бір ізге салу керектігі туралы мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар, пікірлер жарияланып тұрды.

1929 жылғы емледегі шешілмеген тағы бір мәселе - кіріккен және біріккен сөздердің емлесі. Мұндай сөздердің жазылуында бірізділік болмады. Оларды біреулер қоспай бөлек жазса, енді

біреулер қосып жазды, ал кейбіреулер арасына сызықша қойып жазды. Мысалы: *жаздың күні, жазды күні, жаздыгун; аш көз, аш-көз, ашкөз; жазгытұр, жазгы тұрым, жазгы тұр, жазгы-тұрым; жар қанат. жар-қанат, жарғанат* т.т.

Т.Шонанұлы өзінің бір мақаласында балалардың 26 сөзден 124 категе дейін жіберетіндігіне, олардың сөйлемнен сөз, сөзден дыбыс қалдырып жазатындығына, сөздердің, сөйлемдердің арасын ажыратып жаза алмайтындығына тек емле, грамматикадағы кеткен кемшіліктер ғана емес, ана тілін оқыту әдісінің дұрыс еместігінен деген қорытындыға келеді.

1929 жылғы қабылданған алфавит, емле, термин алуда кеткен кемшіліктерді түзеп, өзгерістер енгізу туралы мәселе көп ұзамай-ақ көтеріліп, күн тәртібіне қойылды.

Мерзімді баспасөз беттерінде 30-жылдардың басында-ақ емле, алфавит жобаларын ұсынған, көпшіліктің талқысына пікір алысу ретінде жазылған мақалалар жариялана бастады. Мәселен, Ә.Садуақасов, С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Х.Басымов, Бекенов т.б. өз емле, алфавит жобаларын ұсынды.

Бұл жобалардың алған негіздері бойынша қазақ тіліндегі сөздер интернационалдық сөздер мен терминдердің жазылуына ұқсастырылды, әріп таңбасын 29-дан 25-ке дейін /дәйекшіні алу арқылы/ қысқартуды ұсынды.

Сонымен, 1929 жылы Орталық жаңа әліпе комитеті қабылдаған алфавит пен емле қазақ әдеби тілінің өркендеу аумағына қарымы жетпеді. "х", "ф", "h", "в" т.б. әріптердің интернационалдық сөздерді дұрыс беру үшін алфавитке енгізілуі қажет деген мақалалар жариялана бастады. Бұл әріптер 1938 жылы шыққан "Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы" қаулыда қабылданды.

Осы қаулы бойынша бұрын "*собет, багон, текнике, зауыт, ыстанса, қалқоз, Ауropa, (Ебропа, Жауropa), пебірал, жануар (гынуар), Орманын, пырагырам, кәмөнес, аутыр, сатсыйалишыл, кәмійтет, Ленінгірат* т.б. мыңдаған кірме сөздер мүмкіндігінше орыс тілінде жазылуына жақындатылып

жазылатын болды: *совет, вагон, техника, совхоз, завод, станция, колхоз, Европа, феврал, иануар, Орманов, коммунист, автор, социалист, революция, комитет, процент, зоотехник, фабрика, программа* т.б.

Осы қаулы бойынша алфавитке, емлеге біраз өзгерістер енгізілді. Мәселен, қысқа у-ды таңбалайтын "v" өз мағынасын өзгертіп, қазіргі "в" әрпін таңбалайтын болады. Қосар-дара "уу, үу, у, ый, ій, й" әріптері кездесетін сөздерде осы он әріптің орнына тек 2 әріп "и, і" алынды да оқу-жазуды недәуір жеңілдетті. Мысалы: *Бйғалій - Бигали, інстійтұт - институт, теорійа - теория, қыйқұу - қиқу, көрүү - көру* боп жазылатын болды.

Дегенмен термин сөздерді дұрыс жазу үшін алфавитте **ц, ч, ш, э, ю, я** т.б. әріп таңбаларының жоқтығы, орыс тілінде термин сөздер бір түрлі, қазақ тілінде бір басқа боп жазылуы балалардың сауат ашуына, оларды дұрыс жазып, айтуына, орыс тілін үйренуге үлкен кедергі болады, латын жазуын сақтап, осы әріптерді оған қосу негізсіз, сондықтан қазақ халқы басқа да түркі халықтарымен бірге орыс графикасын алғаны жөн деген мемлекет тарапынан жасалған ұсыныстан соң мерзімді баспасөз беттерінде жобалар жарияланды. 1940 жылдан бастап Қазақстан орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшті. Бұл алфавитте 42 әріп таңбалары болды, олардың 33-і орыс алфавитінен алынды, ал 9-ы - қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын таңбалайтын әріптер. 1957 жылғы орфографиялық конференцияға дейін бұл әріптер алфавиттің соңында, орыс таңбаларынан кейін, беріліп келді.

1940 жылдары қазақ жазуы орыс графикасына негізделген алфавитке көшкеннен кейін, орыс тілінен және шеттен кірген басқа да халықаралық сөздер орыс тіліндегідей таңбаланып жазылатын болды.

Сонымен, айналдырған жиырма шақты жылдың ішінде алфавитті 3 рет өзгерту /араб, латын, орыс/ әдеби тіліміздің дамуын тежегені сөзсіз.

Кейінгі жылдары кейбір түркі тілді республикалары латын графикасына көшті, біздің ғалымдарымыздың арасында араб, көне түркі әліпбиіне, латын жазуына қайта көшу жайлы пікірлер болды (Ө.Т.Қайдари, Ә.Жүнісбеков).

§ 4. Қазақша ғылым тілін дамытудағы А.Байтұрсыновтың орны

Ахметтану ілімінің негізі "Ақ жол" газетінің 1923 жылғы 4 ақпандағы санында "Аханның 50 жылдық тойы" деген атпен жарияланған М.Әуезовтің мақаласынан бастап қаланды деуге болады. Сонымен бірге сол кезде А.Байтұрсыновтың өмірі, қызметі, тіл зерттеудегі еңбектері жайлы М.Дулатов, Е.Омаров, С.Сейфуллин, С.Садуақасов, Т.Шонановтардың мақалалары жарық көрді.

Әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне "ұлтшылдар", "кеңес өкіметін құруға қарсы әрекет етушілер" деген айып тағылып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратқаннан бергі 80-жылдардың аяғына дейін аты аталмай, еңбектері дұрыс баға алмағандардың біріне қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, ағартушы педагог, ірі қоғам қайраткері А.Байтұрсынов жатады. Елімізде болған жариялылық, демократиялық процестерінен бергі он жылдан аса уақыт ішінде А.Байтұрсыновтың мұрасын жан-жақты зерттеген көптеген еңбектер жарияланды. Оларға Ә.Қайдари, Р.Сыздықова, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Біләловтердің зерттемелері жатады.

А.Байтұрсыновтың еңбегін арнайы жинақтап, оны алғаш қазақ қауымына таныстырған ғалым Р.Сыздықованы ерекше атап айту орынды. "Ахмет Байтұрсынов" деген кітапшада (Алматы, 1990) автор XX ғасырдың бас кезінде қазақ тілінің тұңғыш оқулықтарын жазып, графикасын реттеуші, сол арқылы қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы, ағартушы-ғалым, ірі мәдениет және қоғам қайраткері, тамаша публицист әрі ақын А.Байтұрсыновтың өмірін, еңбектерін алғашқылардың бірі болып талдады. Талдау барысында ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен

жасаған еңбектерін толық көрсетіп, былайша санамалап көрсетеді: "... тұңғыш қазақ лингвисті өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін "Оқу құралды" жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін "Тіл - құралды" жазған; үшінші - тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін "Тіл жұмсарды" жазған, төртінші - сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін "Баяншыны" жазған". Р.Сыздықова "Ахмет Байтұрсынов" деген кітапша мен "Тіл тағылымы" деген Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілі мен оқу-ағарту еңбектері жинақталып басылған кітаптарға жазған алғысөзінде ғалымның қазақ тілі грамматикасына қатысты категорияларға қазақша термин ұсынғандығын, осы күнгі қолданылып жүрген *"зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш"* деген т.б. сан алуан лингвистикалық терминдердің көбі А.Байтұрсыновтікі екендігін тұңғыш атап көрсетеді.

А.Байтұрсыновтың қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін ахметтануға ерекше ат салысып жүрген ғалым-терминолог Ө.Айтбаев өзінің мақалалары мен "Қазақ сөзі" деген еңбегінде жан-жақты көрсетеді: "А.Байтұрсынов жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері күні бүгінге дейін рухани мұхтаждығымызды өтеп отыр. Бүгінгі үздіксіз өрістеп отырған терминологиялық процесте бұл әлі күнге теңдесі жоқ үлгі болып есептеледі". "Біздің ендігі мақсатымыз - дейді ғалым - А.Байтұрсыновтың көрсетіп кеткен үлгісін жаңа заман талабын ескере отырып, саналы түрде тиімді пайдалану".

Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімінің қазақ тілінде өрбуіне, зерттелуіне, оның қазірде қолданылып жүрген ғылыми терминдерінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосты. Оның термин алуда ұстанған принципінің дұрыстығына ол жасаған терминдердің әлі күнге дейін тілімізде қолданыс тауып жүргендігі дәлел. Ғалымның термин жасаудағы ұстанған негізгі принципі ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану, ал "Айқап" журналындағы мақалаларында *грамматика, фонетика, морфология* т.б. халықаралық сөздерді

де қолданған. Бұдан оның орыс тілі арқылы кіретін интернационалдық терминдерден бас тартпайтын принципін де байқаймыз.

А.Байтұрсыновтың "Тіл құралы" - қазақ тілінде жазылған тұңғыш грамматика, өйткені XIX ғасырдың екінші жартысында басылып шыққан Н.И.Ильминскийдің "Материалы к изучению киргизского наречия", П.М.Мелиоранскийдің "Краткая грамматика казак-киргизского языка", В.В.Катаринскийдің "Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис" т.б. еңбектері орыс тілінде жазылған еді, сондықтан оларда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ болатын.

А.Байтұрсынов лингвистикалық терминдерді жасауда негізгі екі принципті ұстанған еді: бірі - ана тілдің бар мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану, екіншісі - өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен әдеби тілдің дамуына керекті, жана ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау. Ол "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті беттерінде жарияланған мақалаларында, "Оқу құралы", "Тіл - құралы", "Тіл жұмсар", "Баяншы" деген еңбектерінде тілімізде бұрыннан бар сөздерді белгілі ғылыми ұғымды білдіретін атау ретінде қолданады. Мәселен, *әріп, емле, дыбыс, ноқат, үтір, буын, әліппе, дәйекші, дауысты дыбыс, сөз, сөйлем, жұрнақ, қатаң /ұяң/ дыбыстар, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, есімше, демеу, жалғау, одағай, атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес, рай, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш* сияқты лингвистикалық терминдердің, *айшық, тармақ, шумақ, бунақ, буын* секілді әдебиеттану ғылымының, *әдіс, әдісқой, жалпылау әдісі, жалқылау әдісі, сауаттау әдісі* сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін жасаған терминдер. А.Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің ішкі байлығын молынан пайдаланғандығы бірден байқалады.

"Тіл құралдың" маңызын кезінде М.Дулатов жақсы түсініп, ерекше бағалаған: "Орысша грамматиканы, арабша наху сарфты жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер, үстірт қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

"Тіл-құралдың" артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен түзіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша наху сарфты жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз, мұнда наху сарфта...һәр нәрсе қазақша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгертілмей, өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін һеш нәрсе алынбаған. Мұнда қолданған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуін көрінер; һәрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен оқытамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын дегенде, бұлардың бәрінің негізі "Тіл-құрал" /наху-сарф/ екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді, міне бұ да көңілдегідей болып шықты".

Тағы бір айта кететін жайт – Бүкілодақтық түркологтардың I сиезінің КСРО-да тұратын түркі халықтарының ғылыми терминологиясының жасалуына тигізген ықпалы үлкен болғандығы. Сиезде енді араб-парсы сөздерін алуды тоқтату, олардан баз кешу, бұрыннан алынған жалпы халыққа түсініксіз араб-парсы сөздерін болса ана тілінен, болмаса орыс тілінен баламасын тауып алмастырып алу, термин жасау процесінде түркі халықтары өз ана тілінің ішкі мүмкіншіліктерін барынша пайдалану, керек жерінде бір-бірінен терминдерді алу, төменгі басқыш мектептерде терминдерді аударып алу, ал жоғары басқыш мектептерде советизм мен интернационализмдерді аудармай алу керектігін ескертті.

Ғылымның әр түрлі саласына жататын терминдерді ұлт тілінде жасаудың, ұлт тілінің ғылым тіліне айналуының маңызын А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары дұрыс түсінді.

Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Е.Омаров, С.Қожанұлы, Ж.Күдерин сияқты зиялыларымыздың оқулықтары мен оқу құралдары соған дәлел бола алады.

Тілімізде термин жасаудағы ұстанған негізгі принциптері жөнінде А.Байтұрсыновтың 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық I Түркологиялық сиезде жасаған баяндамасында анық айтылған: "Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды; басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен

шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып жіберу дәрежеге жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, шетел сөздерін амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды.

Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тойында (Орынборда 1924 жылы өткен сиезді айтып отыр -Ш.М.) қабылданғаны айтылады. Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді. Құрылтай /сиезд/ қарары да осы негізде болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын".

Сонымен, А.Байтұрсынов - қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым.

Бакылау сұрақтары:

1. XX ғ. 20-30 жылдарындағы әдеби тілдің нормалану үдерісін түсіндіріңіз.
2. Қандай функционалдық стильдер сараланды?
3. А.Байтұрсынов терминжасамда қандай принциптерді ұстанды?

Реферет тақырыбы:

1. XX ғ. басындағы әдеби тілдің стильдік тармақтарын қалыптастырудағы қазақ зиялылары еңбектерінің орны
2. А.Байтұрсынов – филология терминдерінің негізін қалаушы

ҮІІ. 1940-50 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§ 1. 40-жылдардағы тіл саясаты

1941-45 жылдардағы фашистік Германия бастаған соғыс ел өміріне үлкен өзгерістер әкелген, халықты бір ғана мақсатқа – жауды тезірек жену мақсатына еселі еңбек етуге жұмылдырған кезең болды. Соғыс майданында кеңес жауынгерлері өршеленген жаумен аянбай қарсы шайқасып жатқанда ел еңбеккерлері сол соғысқа қажетті нәрселердің барлығын өндіріп, майдан қажетін қамтамасыз етіп жатты.

40-жылдары соғыс-шаруашылық жоспарына сәйкес республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылды. Жаңа кәсіпорындардың, Қарағанды шахталарының, Жезді, Қоңырат, Найзатас, т.б. айыру заводтарының, Текелі және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарының құрылысы жедел қарқынмен жүргізілді.

Соғыс жылдары (1941-45) майданға жақын өңірлерге Қазақстандағы көптеген өнеркәсіп орындары көшіріліп орналастырылды.

Сонымен қатар баспасөз беттерінде келтірілген деректерге қарағанда, көшіріліп әкелінген жиырмадан аса әскери оқу орны соғыс жылдары аз уақыт ішінде 16 мың офицер дайындап шығарған.

Республикаға жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің кәсіпорындары көшіріліп орналастырылды. Республика бірқатар аяқ киім фабрикаларын қабылдады.

Кеңес үкіметі өмір сүрген жылдарда экономика болсын, мәдениет, әдебиет, ғылым болсын, қысқасы өмірдің барлық саласы науқандық ұранмен, партияның кезекті сиезінің не оның Орталық Комитетінің Пленумдарының қаулысын жүзеге асыруға бағытталып, соған бағындырылып жүргізіліп келгені мәлім. Соғыстан кейінгі жылдар халық шаруашылығын қалпына келтіру бесжылдықтары болып жарияланып, бүкіл халық тұралап қалған өндіріс пен ауыл шаруашылығын аяғынан тік тұрғызуға жұмылдырылды. Халықтың рухани өмірі де осы мақсатқа бағындырылды. Бұл жылдары мәдениет пен ғылым, әсіресе қоғамдық ғылымдар, партияның дүркін-дүркін қабылдаған

қаулы-қарарларының әсеріне ұшырады. Биология ғылымындағы вейсманнизм-морганизм (1948-1949), ғылым мен өнердегі космополитизм (1949-1950), мәдениет пен әдебиеттегі ұлтшылдық (1951-1952) сияқты науқандар бірінен соң бірі үзіліссіз жүріп жатты. Орталық Комитеттің 1946 жылғы “Звезда” және “Ленинград” журналдары туралы, “Үлкен өмір” кинофильмі, Мураделидің “Ұлы достық” операсы туралы қаулылары әдебиет пен өнердің дамуына зор зиянын тигізді. Бұл қаулылардың Қазақстандағы жаңғырығы күшті болды. Бұның басы – 1947 жылы қабылданған Қазақстан Орталық Комитетінің “Қазақ ССР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы” қаулысы еді. Аталған қаулылардың қазақ тілін, қала берді, әдебиеттану, қазақ тіл білімін дамытуға тигізген зиянды әсері күшті болды. Тіл білімі оның үстіне “И.В.Сталиннің жаңа оқуы” деген науқанға килікті. Тіл білімінде орын алған марризмге қарсы күрес желеуімен тілші ғалымдар бұрынғы кейбір зерттеу еңбектерінен бас тартуға, тіпті кейбірін маңсұқ етуге мәжбүр болды. Сталиннің “Марксизм және тіл білімі мәселелері” атты кітапшасы тіл біліміндегі жаңа, соңғы сөз ретінде жарияланып, енді сондағы қорытындылар ғана басшылыққа алынуға тиіс болды.

Соғыстан қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру, ірі өндіріс орындарың салумен байланысты республикаға жер-жерден жұмыс күші көптеп келе бастады. Жұмысшылардың қатарына мыңдаған кенші, құрылысшы, монтажшы, машина жасаушы, тоқымашы т.б. өнеркәсіп қызметкерлері келіп қосылды. Міне, осы жоғарыда айтылған жағдайлар, қоғамда болып жатқан өзгерістер тілдің сөздік құрамына өз әсерін тигізбей қоймады.

Соғыс жылдары немесе одан кейінгі он-он бес жылдар көлемінде әдеби тілдің қызмет өрісінің кеңеюі, оның мәдениетінің өсуі, грамматикалық құрылысының жетіліп, емле ережелерінің орнығуы туралы сөз болуы мүмкін емес еді. Керісінше, бұл жылдары, жоғарыда көрсетілгендей, экономика мен демографияда болған өзгерістер нәтижесінде әдеби тіліміздің қолданылу аясы тарылып, лексикамыздың өндіріс және соғыс тақырыбына байланысты жаңа сөздермен, жаңа ұғымдармен, терминдермен толығыуы туралы сөз етуге болады. Мәселен, әр

түрлі өнеркәсіп орындарының көшіп келуіне байланысты мамандық иелерінің аттары, түрлі ғылыми-техникалық атаулар (көбі орыс тілінен сол қалпында алынды), жұмысшы, еңбекші және колхозшылардың патриоттық қозғалыстарына байланысты жаңа атаулар, тың сөз тіркестері, жаңа ұрандар т.б. пайда болды:

Мыңшылар қозғалысы, берсиевишілер, екі жүздікшілер, үш жүздікшілер, көп жүздікшілер, жастар звеносы, жеңіс қоры, звено жетекшісі, станокшы, мұнайшылар, мұнай кәсіпшіліктері, соғыс жағдайы, майдан, майдандық вахта, көмір бассейні, кенші, патриот, совет патриотизмі, патриоттық қозғалыс, жауынгер, жауынгерлік борыш, жауынгерлік тапсырма, жеңімпаз Армия, «Жау берілмесе, құртар болар!», «Екі-үш адам үшін жұмыс істейік!», «Барлығы Отан үшін, барлығы жеңіс үшін!» т.б. мындаған жаңа қолданыстардың пайда болғаны заңды құбылыс еді.

Соғыс жылдары бұрын қолданылатын фашист сөзінің сан түрлі сөз орамына түсіп, актив жиі қолданылғанын көреміз: *қан құмар фашист, фашист қарақшылар, соғыс өртің тұтандырушы фашистер, фашистік шапқышы, фашистік Германия, фашистік билеушілер, фашистік құзғындар, жексұрын қанішер, сұмырай фашист, қорқау қасқыр-фашист, фашистік агрессорлар, фашистік төбеттер, зұлым фашист, сұржылан қандыбалақ герман фашизмі, фашистік жеңдеттер, жыртқыш фашист* т.б.

Соғыс жылдары әскери атак, шен, дәрежеге, әскери мамандыққа байланысты, сонымен қатар соғыстағы қару-жарақтарға катысты т.б. ұғымдардың атауы ретінде тілімізге орыс тілінен көптеген сөздер кірді: *лейтенант, кіші лейтенант, ефрейтор, офицер, старшина, летчик, зенитчик, наводчик, пулемет, танкист, инженер-техник, бортмеханик, политрук, батальон, снаряд, авиация, әскери эшалондар, әскери дивизия, обер офицер, бомбардировщик, бомбалау, блиндаж* т.б.

Соғыс кезінде көркем әдебиеттің очерк, әңгіме, публицистика жанрлары көбірек дамыды. Бұл шығармаларда кеңес армиясының қаһармандық ерліктері суреттеліп, олар газет, журналдар арқылы майдан мен тылға дереу тарап отырды. Сондай-ақ майдан қажетін өтеп жатқан тыл еңбеккерлерінің қажырлы, ерлік еңбектері де бұл очерктерде кеңінен қамтылды.

Соғыс жылдарында қазақ поэзиясы айрықша көзге көрінді. Поэзия жанры бар қыры мен сырын танытты. Жамбыл Жабаевтың “Ленинградтық өренім”, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Саинның, Ә.Сәрсенбаевтың өлеңдері мен Қ.Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыз” поэмасы сол кездің көрнекті туындылары еді.

Отан соғысы кезінде жазылған ірі прозалық шығармалар көп болған жоқ. Бұл кезеңде саяси, көркем очерктер, поэзия дамыды.

Қыркыншы жылдары С.Мұқановтың «Менің мектебім», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім», «Шығанақ», М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы, Ғ. Слановтың «Жанар тауы» т.б. ірі-ірі романдар жарық көрді. Бұған, әрине, 1929-1937 жылдардағы қуғын-сүргіннің, одан кейінгі соғыстың әсері тигені белгілі.

Көркем әдебиет стилінің басқа стильдерден айрықша бір өзгешелігі сол – мұнда халық тілінің барлық байлығы қамтылады. Шығармада халықтық лексикамен қатар диалектілік сөздер, кәсіби лексика, архаизмдер, қарапайым және дөрекі сөздер де қолданылады. Оларды автор кейіпкер образын шынайы, нанымды суреттеп көрсету үшін пайдаланды.

XX ғасырдың 40-50- жылдарында әдеби тілді дамыту мақсатымен жергілікті тіл ерекшеліктерін көркем әдебиетте дұрыс, орынды пайдаланып, шебер қолдану үлгісін көрсеткен Абай дәстүрін С.Торайғыров, С.Көбеев, М.Дулатов, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Әуезов т.б. жалғастырды.

Р.Сыздықова көркем проза тілінде диалектизмдерге стильдік статус беріп, оны орнымен жұмсау тәсілі бірден бой көрсетпегендігі, 10-20-жылдардағы қазақ прозасы тілінде жергілікті элементтер өте сирек кездесетіндігі, олардың өзі стильдік мақсатпен қолданылғандығы жөнінде тоқталып, «Диалектизмдерді көркем проза тілінде алғаш рет әдейі жұмсаған – Мұхтар Әуезов» деген тұжырымға келеді.

М.Әуезовтің диалектизм деген жергілікті ерекшеліктерге көзқарасы көңіл аударарлық: «Қазақта әр облыс арасындағы сөздік айырмашылықтарды диалект деп, оның ішінен кей жолдастардың айтуынша, солтүстік пен шығыс қазақтарының тілін «қазақтың әдебиет тілінің негізі» деп, өзге батыс, Алатау, Сыр өлкелеріндегі қалың қазақ елдері қолданатын сөздерді “диалект” деп атау және сол сөздерді “Әдебиет тіліне қолдану

дұрыс емес” дейтін пікірдің барлығын біз ұшқары, орынсыз байлау деп білеміз” - дей отырып, ол диалектизмдерді әдеби тіл лексикасының молығу көзі ретінде қарауды ұсынады ³⁵.

40-жылдары орыс графикасына көшкеннен былай қарай орыс сөздері автордың сөзінде орыс тіліндегідей жазылатын болды. Егер бұрын «*сатсиализм, сәбет, станса, сех, сапқоз, набірік*» т.б. болып жазылатын болса, қыркыншы жылдардан бастап *социализм, совет, станция, цех, совхоз, фабрика* боп берілетін болды.

Газет беттерінде көптеген сөздердің орысша варианттары да кездеседі: *ұшқыш//летчик, барлау//разведка, жарылыс//взрыв, батыр//герой, тәртіп// дисциплина* т.б.

Соғыс жылдары шығып тұрған газет-журналдардың беттерінде қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс сөздері аударылмай сол күйі алынатын болған:

Алайда трестің басшылығы (трестің бастығы Изюмов, **главинженер** Егеров және....)... конференция қаулыларынан, ...облыстық комитеттің нұсқауларынан... тиісті қорытынды жасамаған. ... Атақты **трактористка**, ССРС Жоғарғы Советінің депутаты, **трактористкалар** арасында стахановтық қозғалысты бастаушы Паша Ангелинаның есімі бүкіл елімізге мәлім. ...Украинаның түрлі қаласында революцияның ұлы қайраткерлеріне, халық **геройларына**, ғылым мен **искусствоның** қайраткерлеріне ескерткіштер қойылды (СҚ., 1941, 21 июнь).

§ 2. Терминжасам мәселесі

40-жылдары, әсіресе соғыс жылдарында, тек Қазақстанда ғана емес, барлық Одақтық республикаларда орталықтан жүргізілген тіл саясатының ықпалымен орыс тілінің және орыс тілі арқылы халықаралық тілдердің сөздері молынан кірді. Бұларға көбінесе саяси-қоғамдық терминдер, соғыс-техникалық, әскери атақ-дәрежеге байланысты термин сөздер жатады. Соғыс жылдары тіл мәдениетіне көңіл бөлуге әрі жағдайдың, әрі уақыттың болмауы бір жағынан, түсінікті де еді.

³⁵ Әуезов М, Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство, 1954, №4.

40-жылдары көптеген терминдердің баламасы бола тұра аударылмай алынғаны жайлы қазақ әдеби тілінің «Ескі сөздік қор өз заманында жеткілікті, толық болғанмен, қазіргі жаңа ұғымдарды атауға сапа жағынан да, сан жағынан да жеткіліксіз болды, *шахта, театр, актер, режиссер, депутат, инженер, роман, пьеса, кафедра, мотор, диалектика, логика, эстетика, проекция, оптика, хлор, академия* т.б. сөздерге қазақ тілінің сөздік қорында сай келетін сөз жоқ, сондықтан оларды сол қалпымен алу керек» -деген қорытынды жасайды³⁶.

Егер соғыс жылдары *план, продукция, союз, бүкілсоюздық, герой, склад, агитатор, агитация* болып алынса, 40-шы жылдардың аяғында бұлар *жоспар, өнім, одақ, бүкілодақтық, батыр, қойма, үгітші, үгіт* болып қазақша аударылып қолданылатын болды.

40-шы жылдары тіліміздегі *-лық/-лік, -шыл/-шіл, -шылық/-шілік, -шы/-ші* жұрнақтарының сөз жасауда актив қолданылғаны байқалады: *жауынгерлік, панфиловшы, стахановшы, бердиевші, саясаттық, гитлершіл, бүкілсоюздық, ерлік, табандылық, батырлық, құмырашы-инженер, әйнекші-инженер, қызметші, қарсылық (көрсету), қой өсіруші, жауапкершілік, айуандық, сүйіспеншілік, мемлекеттік* т.б.

Сонымен бірге орыс тілінің *-щик, -чик, -ель, -ый* т.б. суффикстері арқылы кәсіп иесі, мамандықтың атауын білдіретін сөздер сол қалпында алынып қолданылған: *машинистка, стенографистка, печатник, тракторист, танкист, летчик, бомбардировщик, истребитель, комбайнер, штурвальный, секретарь* т.б.

40-жылдары терминдердің жазылуы қандай принципке сүйенгеніне келетін болсақ, негізгі принцип – терминдердің орысша жазылуын сақтау, сонда олар кейде айтылуы әр түрлі болғанымен, жазылуы орыс графикасына негізделген жаңа әліпби бойынша, орысша қалай жазылатын болса, қазақша да солай жазылды.

Не себептен бұндай принципті ұстанғандық жөнінде М. Балақаев кезінде былай деп жазды: “Солай жазудағы

³⁶ Сауранбаев Н. Қазақ әдеби тілі және оның терминологиясын жасау // СҚ., 1941, 30 май.

мақсаттың бірі – термин сөздердің тұрқын бұзбау болса, екіншіден, бір сөзді әркім әр түрлі жазбай, бір түрлі жазып, олардың емлесін оңайлату еді. ... бұрыннан өзгертіліп айтылып, өзгертіліп жазылып жүрген *станса, Ресей, фабрик, тауар, жагратия* деген сөздер де *станция, Россия, география, товар, фабрика* деп орысшасындағыдай дұрыс жазылатын болды”.

Бұндай принциптің тілімізде бара-бара шетел терминдерінің шектен тыс көбеюіне әкелгені белгілі.

Отызыншы жылдардың аяғында қазақ тіліне орыс сөздері мен орыс тілі арқылы халықаралық сөздердің көптеп кіруіне, әрине, жазуымыздың латын әліпбиінен кириллицаға көшуінің де ықпалы зор болды. Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқытуға баса көңіл бөлінді. Ал орыс мектептерінде, керісінше, қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы №450 жарлық шығарылды (ҚРОМА 1137 қор, 1-тізімдеме, 346-іс, 159 п.).

Әкімет тарапынан жүргізілген осындай орыстандыру саясатының салдарынан мектепке дейінгі балалар мекемелерінде орыс тілі оқытылды. Бұл саясаттың неге әкеліп соқтырғаны баршамызға аян.

Тіл дамуына теріс ықпалдың салдары қандай болды деген сауалға Б.Хасанов: “Казахский язык начиная с 40-хх гг. был ущемлен в развитии, ибо во время многочисленных миграций в годы индустриализации, коллективизации, эвакуации и освоения целины языковые запросы казахов не учитывались, забота о родном языке расценивалась как национализм – обвинение страшнее которого ничего не было для казахов в 30-е и 50-е гг. При этом чрезвычайно важно отметить, что главная причина сужения общественных функций казахского языка – условия многоязычия, при которых главный упор делается в основном на развитие средства межнационального общения – русского языка” - деген өте орынды тұжырым жасайды³⁷.

Шындығында, Тіл туралы тұңғыш декрет жиырмамыншы жылдардың басында қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып жарияланса да, заң, қағаз жүзінде қала беріп, тіл тағдыры созылмалы дағдарысқа душар болып, ана

³⁷ Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. Алматы, 1971. –С.70-70.

тілімізден қол үзіп қала жаздардай дәрежеге жеттік. Өйткені қазақ тілі ресми тіл болу, ғылым тілі болу қызметінен айрылды. Оның бұндай қызметін, орнын орыс тілі басты. Қазақ тілі орыс тілінің көлеңкесінде қалды.

Ғылым тілін жасау ісі 20-жылдарда басталғанымен, Академиялық орталық қазақ тілінде ғылыми тілді тұрақтандырды, жасап бітті деп сол кездің өзінде жазғанымен, шын мәнінде олай болмаған еді.

30-жылдары проф. Қ.Жұбанов жасаған принциптер негізінде ғылым тілін тұрақтандыруға, дамытуға ат салысқан мемтерминком да, 40-50-жылдардағы мемтерминком да қазақ әдеби тілінің тұрақтанған, жүйелі ғылыми терминологиясын жасай алмады.

Сонымен, төңкерістің алғашқы жылдарында көріне бастаған іс қағаздары стилі 40-50-жылдары қазақ тілінің іс жүргізу тілі болудан қалуының нәтижесінде қолданыста көрінуден біржола қалды. Өйткені әрбір тілдің өзінің өмір сүретін әлеуметтік-демографиялық ортасы бар. Ол орта әлсіз болса, тілдің әрі қарай өмір сүруі неғайбіл. Кейбір жағдайларда екі тілдік орта қатар келсе, біреуі әлсірейді немесе жұтылып, мүлдем жоқ болып кетеді. Өткен тарихтан мұны дәлелдейтін мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мәселен, 20-жылдары қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде міндетті түрде оқыту жұмысы қолға алынғанмен, республика халқының құрамында орыс тілді халықтың санының көбеюіне байланысты қазақ тілінің беделі бірте-бірте төмендей берді.

Сталин өлгеннен соң, 1956 жылы өткен партияның XX сиезінен кейін ғана идеологиядағы тар құрсау сәл босансып, еркіндік нышаны байқалды. Алайда тіл білімі саласында осы жағдаймен байланысты тағы бір науқан – «Сталин оқуының» қателігін сынау науқаны басталды. Бұл жылдарда қазақ тілінің дамуы, оның әлеуметтік қызметін кеңейту туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Қайта осы жылдарда бұдан бұрынғы 1920-30 жылдардағы оның мемлекеттік тіл (орыс тілімен қатар) ретінде жарияланып, қолданылу аясының біраз кеңіген, қызмет өрісінің артқан жағдайы біртіндеп кері кете бастады. Оған бірнеше объективті себептер болды. Біріншіден, соғыс жылдары Қазақстанға жау басып алған жерлерден және басқа

республикалардан он мыңдаған адамды қоныстандыру, одан кейінгі тың және тыңайған жерді игеруге, одақтық маңызы бар ірі құрылыстарды салуға «комсомолдық шақыру» жарияланудың салдарынан орыс тілді тұрғындардың саны өлшеусіз көбейіп, республиканың демографиялық жағдайы түбірлі өзгеріске ұшырады. Жоғарыдағы себептермен сол кезеңде Қазақстанға 40 миллион 500 мыңдай, негізінен орыс тілді адам қоныстанған екен, мұның өзі 1959 жылғы санақ бойынша барлығы 3 миллионға жетер-жетпес жергілікті халыққа шаққанда, демографиялық ахуалдың қандай болғанын анық байқатса керек (Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы, 1993. –Б.15,37). Екіншіден, үкіметтің 1960 жылдары ауыл шаруашылығында жүргізген ауыл-селоны орталықтандыру саясаты да өзінің жағымсыз әсерін тигізді. Осы саясат салдарынан ауылдық жерлердегі көптеген бастауыш, жеті жылдық мектептер жабылып, олардағы оқушылар кеңшар, аудан орталықтарында ашылған мектеп-интернаттарға ауыстырылды, тіпті кейбірі орыс мектептеріне қосылып, аралас мектеп дегенді құрады. Кейін мұндай мектептер дәріптеліп, “болашақтың мектебі” ретінде насихатталып, оларға кең өріс ашылды. Ал бұл жағдайлар қазақ мектебі оқушыларының біртіндеп орыс тілді оқушылармен араласуына, кейбірінің орыс кластарына ауысуына, жалпы қазақ тілді ортаның азаюына әкеліп соқтырды. Аралас мектептерде өтетін шаралардың бәрі дерлік орыс тілінде жүргізілгендіктен, оқушылардың сабақтан тыс қатынас құралы орыс тіліне айналды. Үшіншіден, сол кездегі үкімет басшыларының сөздерінде коммунизм тым жақын қалғандай суреттелініп, ал коммунизмде ұлттық айырмашылықтар жойылып, барлық кеңес халқы бір қоғамдық бірлестік – совет халқы дегенді құрайды, олар бір тілде сөйлейтін болса, коммунизмге тезірек жетеміз деген сияқты насихат жиі айтылатын. О бастан көсем сөзін пайғамбар сөзіндей қабылдайтын ұрпақ ол насихатқа шын сенді де. Сондықтан көптеген қалалық жердегі отбасылар, қала, ауыл интеллигенцияның бір тобы қазақ тілінің болашағынан түңіліп, өз балаларын қазақ мектебінен алып, орыс мектептеріне бере бастады. Сөйтіп, қалалық жердегі қазақ мектептерінің толымдылығы азайып, олар өз-өзінен жойылып жатты, ал балабақшалар мен бөбекханалар (яслилер) түгелімен орыс тілінде

жұмыс істейтін. Б.Хасановтың деректері бойынша, тек 1974 жылдың өзінде ғана 679 бастауыш, 128 сегізжылдық қазақ мектебі қысқарып, олар орта мектептерге қосылды.

Аудандардың іріленуі, өлкелердің құрылуымен байланысты қазақ тіліндегі газет-журналдардың саны да қысқаруға ұшырады. Мәселен, 1930 жылдардың аяғында қазақша 193 газет шығып тұрған болса, 1974 жылы оның саны 148-ге дейін азайған.

Бұлардың бәрі ұлттық әдеби тіліміздің жан-жақты, еркін дамуына жасалған жасанды кедергілер еді. Бұл жағдайлар қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясына бұрынғыдан да тарылта түсті.

Бақылау сұрақтары:

1. XX ғасырдың 40-50-жылдарындағы тіл саясаты
2. Терминжасамдағы ұстанған принциптер

Реферет тақырыбы:

1. М.Әуезов және қазақ әдеби тілі

ҮІІІ. 1960-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§ 1. Қазақ тілінің қоғамдық қызметінің тарылу себептері

1957 жылы жеке адамның басына табыну қалдықтарын жою туралы Орталық партия комитетінің қаулысынан соң жұрт қоғамда біраз жаңалықтар болар деп күткен еді. Идеологиялық шылбыр едәуір босаңсып, еркіндік белгілері нышан берді. Бұл әдебиет пен өнердің, мәдениет пен ғылымның дамуына біраз оң ықпалын тигізді.

1960 жылдардағы, одан кейінгі әдебиетте өткен дәуірдегі халық өмірін, оның бостандықты аңсаған үміт-арманын көрсету үлкен орын алды. Бұл тақырыпта І.Есенберлиннің “Қаһар”, Х.Есенжановтың “Ақ жайық”, Ғ. Мұстафиннің “Көз көрген”, “Дауылдан кейін” т.б. көптеген романдар жарық көрді.

Көп ақындардың өлең-жырларында Отан келбеті, бейбіт

өмірдің жарқын істері, еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, ерлік пен еңбек табыстары негізгі тақырып болды.

Әдебиет зерттеушілері “Жаңғыру кезеңі” деп айдар таққан 60-70-жылдарда халқымыздың бастан өткерген кезеңдерін суреттеу кең орын алды. Соғыстан кейінгі жылдары “Абай жолы” эпопеясынан бастау алған аталмыш бағыт өркен жая дамыды. І.Есенберлин, Ә. Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ш. Мұртаза бастаған прозада халықтың тарихы мен оның дара тұлғалы ұлдарының өмір жолын бейнелеуде жанаша әдіс-тәсілдер колданып, адам жанының ішкі психологиялық иірімдерін ашуға талпыныс жасады.

Соғыстан соңғы кезеңде қазақ басылымдарының, оның ішінде газет-журналдардың саны біртіндеп өсуімен бірге оқырмандар саны көбейді. Мәселен, 1940 жылы Қазақстанда әр тілде 36 газет, 26 журнал шықса, 1974 жылы тек қазақ тілінде 148 газет, 20 журнал шығып тұрды. Сол жылғы мәлімет бойынша, “Мәдениет және тұрмыс” журналының таралымы 345,5 мың болса, “Қазақстан әйелдері” 331,5 мың, “Жұлдыз” 200 мың таралыммен шыққан. 1950-60 жылдары аудандық газеттер көптеп шыға бастады.

Осы жылдары миллиондаған таралыммен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, т.б. жазушылар шығармалары оқушыларына жол тартты.

Саяси-қоғамдық әдебиет стилінің дамып, тілінің шыңдалуына марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударудың едәуір ықпалы болды. Мысалы, В.И.Лениннің 45 томдық шығармалар жинағы миллионнан астам таралыммен жарияланса, К.Маркс пен Ф.Энгельстің шығармалары, өзге де саяси әдебиеттер жүздеген мың таралыммен ел арасына сатылды. Бұл әдебиеттердің таралуына олардың халық сұранысына ие болудан гөрі, партия ұйымдарының мәжбүрлеп таратуы себепші болды. Оны халықтың саяси сауаты мен белсенділігінің артуының көрсеткіші деп түсіндірді. Жоғары, орта дәрежелі сауаттылар және кітап оқырмандарының саны көбеюімен байланысты баспасөз және кітап оқырмандарының саны мен сапасы бірдей артты.

Мұның бәрі халықтың рухани дәрежесінің өсуі мен қазақ

әдеби тілінің қоғамдық қызметінің кеңеюін анық көрсетті.

Мерзімді баспасөз бетінде қоғамдық өмірдің сан саласын қамтитын жадығаттар, әсіресе, саяси-әлеуметтік, экономикалық тақырыптағы, мәдениет пен өнерге, ғылым жаңалықтарына қатысты мақалалар жиі жарық көрді. Сондай-ақ мерзімді баспасөз қазақ тілі мен оның жай-күйі, негізгі мәселелері жайында да жиі жазды. Әсіресе, алфавит, емле, терминология, тіл мәдениеті тәрізді қазақ тілінің аса маңызды проблемалары баспасөз бетінде жарық көріп, сол арқылы жұртшылық талқысына түсіп, шешімін тауып жатты.

Бұл жылдары баспасөздің жалпы сауаты артып, шеберлігі шыңдалды, жазу мәдениеті өсті. Өмірде болып жатқан өзгеріс, жаңалықтарды сипаттауда жаңа сөз, жаңа тіркестер туып, тілде бар қарапайым сөздерді термин дәрежесіне дейін көтеріп, грамматикалық тұлғаларды жүйелі жұмсайтын болды.

1960 жылдардан бастап ұлтжанды қазақ зиялылары арасында қазақ тілінің болашағына алаңдаушылық байқала бастады. Сол кездерде “Қазақ әдебиеті”, “Жұлдыз” сияқты қазақ баспасөзі беттерінде қазақ тілінің қызмет өрісінің тарыла бастағаны, қазақ мектептерінің жабылып жатқаны, қазақ ата-аналарының өз балаларын орыс мектебіне беру тәжірибесінің көбейіп келе жатқандығы, қазақ басылымдары мен қазақша кітаптардың таралымының азайып кеткендігі, ақырында, тіліміздегі ғылыми-техникалық, саяси терминдердің орысша нұсқасының аударылмай алынуы үрдіске айналып бара жатқандығы сияқты мәселелер сөз бола бастады. Мұндай қиғаштықтардың бір себебі балаларды жас кезінен өз ана тілінде тәрбиелейтін балабақшалардың жоқтығынан, ірі қалалардағы қазақ мектептерінің тым аздығынан деп түсіндірілді.

Шынында, біз келтірген демографиялық, құрылымдық, саяси себептерді ашып айту ол тұста мүмкін емес те еді, сондықтан мақала авторлары сол құбылыстардың тек салдарын ғана айтуға мәжбүр болды. Бұл тұрғыда бір миллионға жуық тұрғыны бар, қазақ атын алған республиканың астанасы – Алматыда бір қазақ орта мектебі болмай, жаңадан мектеп ашу мәселесінің қаншалықты қиынға түскені нақтылы мысал бола алады. Бұрын жабылып қалған №12 қазақ орта мектебін қайта ашуда қазақтың бір топ зиялылары (жазушылар, ғалымдар, техникалық

интеллигенция өкілдері) талай есікті тоздырды, ақырында, КПСС Орталық Комитетінің араласуымен ғана оны ашуға рұқсат етілді. Бірақ мектеп ашу үшін оған қажетті оқушылар санын толтыру керек еді. Мектептің оқушылар контингентін толтыруда олардың қазақ тұрғындары арасында жүргізген үгіт-насихат жұмысының өзі бір алуан. Соның нәтижесінде мектеп ашуға мүмкіндік беретін оқушылар саны толық қамтамасыз етілгені өз алдына, бірер жыл өтпей-ақ мектепте сынып саны көбейгендіктен, ол екі ауысымға көшірілді. Жүре келе бұл мектептен бірнеше қазақ сыныптары тұрған ауданына қарай басқа аралас мектептерге ауыстырылып, кейін осы сынып оқушылары негізінде бірнеше қазақ мектептері ашылды. Мұның өзі сол кездегі қазақтардың ана тіліне деген құлшынысын байқатса керек.

Нақ осы жылдары (1961 жылдың бас кезінде) Тіл білімі институты бөлек шаңырақ көтеріп, қазақ тіл білімінің сала-саласы бойынша зерттеулер жүргізе бастады.

Әдеби тіліміздің кейбір проблемалық мәселелерін көтеруде, оның даму дәрежесін, бағытын айқындауда 1962 жылы Алматыда өткен “ССРО халықтары әдеби тілдерінің совет дәуірінде дамуы” мәселесіне арналған бүкілодақтық конференциясының зор маңызы болды.

Әрине, конференцияны ұйымдастырушылардың мақсаты Кеңес Одағындағы халықтардың ұлттық әдеби тілдерінің жан-жақты дамуына қолдау көрсету емес еді, қайта сол жылдары көтерілген саяси бағыт – ұлттарды өзара жақындастыру арқылы ұлттық ерекшеліктерді жойып, біртұтас “совет халқы” деген жаңа қоғамдық бірлестікке айналдырудың жолдарын іздестіру еді.

Конференция 1950 жылдары И.Сталин ұсынған “Социализм” дүние жүзі көлемінде жеңгенде дүние жүзі тілдері кірігіп, бір ортақ тілге көшу мүмкіндігін жоққа шығарған жоқ. Ол тілдің қай тіл болатыны айтпаса да түсінікті еді. Нақ осы конференцияда орыс тіліне ерекше мән берілуі, орыс тілінің бір жақты “игілікті әсерін” баға көрсету, орталық лексикалық қор жасау, ғылыми терминологияны, алфавитті бірдейлестіру (унификация) туралы сөз болуы – соның айғағы іспетті еді. Конференциядағы “Орыс тілі және кеңес қоғамы” деген баяндаманың қойылуы да осы мақсатты көздегендігі белгілі.

Ұлттық тілдерді болашағы бар (перспективалы), болашағы

жоқ деп бөлу, сондай-ақ оларды көне жазулы немесе жазуы жас (младописьменный) деп ажырату да осы конференциядан бастау алды.

Негізгі баяндамада да Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы қиыр шығыстағы этникалық топтар мен кейбір түркі, финноугор және кавказдағы саны аз халықтар үшін олардың бас-басына өз жазуын жасауға көмектесудің өзі қате болды, олардың барлық әдебиетті өз тілдеріне аударуы белгілі дәрежеде пуризм элементін туғызды –деп ашық айтылды.

Тілдердің бір-біріне тигізетін әсерін айтқанда, орыс тілінің ұлт тілдеріне тигізіп отырған әсері игілікті (благотворительный) болады да, керісінше, ұлт тілдерінің орыс тіліне тигізетін әсері жағымсыз (отрицательный) болып шығады екен. Орыс тілі ұлт аралық тіл ретінде басқа тілдердің баю көзі деп көрсетіліп, оның ұлттық тілдердің әлеуметтік қызметін тежеп отырғандығы, ол тілдердің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын бұзып, лексикасын шұбарлап отырғандығы туралы бір де ауыз сөз айтылмады.

Мәселен, академик В.В.Виноградовтың жетекшілігімен жасалған ұжымдық баяндамада былай деп көрсетілді: “Для народов Советского союза русский язык имеет особенно важное значение как средство сближения и единения этих народов...как один из основных источников обогащения и развития других национальных языков Советского союза”.

Конференция ұсыныстары, негізінен, тілдердің өзара байланысын, бір-біріне тигізетін әсерін зерттеуге, ұлт тілдері үшін орыс тілін екінші ана тілі ретінде пайдаланып, қостілділікті дамыту проблемасын енгізуге бағытталды.

Дегенмен конференция ұсыныстарында тіл мәдениетін, ұлттық әдеби тілдердің тарихын зерттеу мәселелері де ұсынылды, сонымен қатар, әр жүйедегі тілдерді салыстыра зерттеу, туыстас тілдерді зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдісті кеңінен пайдалану да күн тәртібіне қойылды.

Аталған конференциядан кейін қазақ тілі дамуының көкейтесті мәселелері әр түрлі деңгейде көтеріліп, қазақ тілінің зерттелуіне өз әсерін тигізді. Осы жылдары Тіл білімі институтында салыстырмалы грамматика, тіл мәдениеті, түркология және қазақ тілі тарихы, ономастика бөлімдері

құрылып, аталған салаларда жоспарлы зерттеулер жолға қойылды. Екі томдық ғылыми грамматика, түсіндірме сөздіктің 2 кітабы, қазақ әдеби тілі тарихы тәрізді ұжымдық жұмыстар мен бірнеше монографиялар, ғылыми жинақтар жарық көрді.

1968 жылы баспасөздегі тіл мәдениетіне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция, 1973 жылы диалектология мәселелерін сөз еткен бүкілодақтық конференция, 1973 жылы диалектология мәселелерін сөз еткен бүкілодақтық конференция, 1976 жылы алғашқы түркологиялық съездің (Баку, 1926) 50 жылдығына орайластырылған түркологтардың бүкілодақтық конференциясы т.б. өтті. Мұның бәрі қазақ тілінің әлеуметтік қызметін бірақ көтеріп, тіл білімінің дамуына үлкен әсер етті.

Қазақ тілі дамуындағы келелі мәселелер, әсіресе, тіл мәдениетіне арналған республикалық конференцияда кеңінен сөз болды. Конференцияда тіл мәдениетімен байланысты мерзімді баспасөзде, көркем әдебиетте кездесетін дублет, диалектизммен шектен тыс әуестену, термин қабылдаудағы ала-құлалық, орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтамау, аударма мәселесіндегі кемшіліктер қатаң сынға алынды. Бұл кемшіліктерді жою мақсатында, конференцияның ұсыныстарына сай, 1970 жылдары Тіл білімі институтының тарапынан орфографиялық, орфоэпиялық, әр түрлі ғылым салалары бойынша терминологиялық, екі тілді, синонимдік, диалектологиялық сөздіктер шығарылды, терминология, стилистика, тіл мәдениеті, диалектология салалары бойынша зерттеу еңбектері мен ғылыми жинақтар жарық көрді.

Бұл жұмыстар 80-жылдары одан әрі жалғасты. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің жарық көруі, Қазақ тілінің академиялық грамматикасының алғашқы кітабының (фонетика) жарияланып, қалған бөлімдерінің аяқталуы, 3 томды диалектологиялық сөздіктің жасалып бітуі, әдеби тіл тарихы мен ономастикаға қатысты оқу құралдары мен монографиялардың, екі тілді (орысша-қазақша), терминологиялық сөздіктердің жарық көруі – осы жылдардың жемісі. Сондай-ақ осы жылдары орыс тілінен, орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген бірсыпыра терминдерге ана тілінен балама іздеу, қазақ тілінде оқытатын мектеп, сыныптар ашу жұмысы жалғастырылды. Дегенмен ана

тіліміздің күннен-күнге өрісінің, қоғамдық қызметінің тарыла бастауы қазақ зиялыларының, ұлт жанашырларының тіл тағдырына деген алаңдатушылығын күшейте түсті. Орыс тілі өміріміздің барлық саласына дерлік дендеп еніп, олардан біртіндеп қазақ тілін ығыстырып шығарды. Мәселен, жан-жақты жетілген әдеби тілдің 50 шақты қоғамдық қызметі болатын болса, қазақ тілінде соның он шақтысы ғана қалды. Ғылым толығымен орыс тілінде жазылды, қазақ тіліндегі терминдердің 70-80% орыс сөздері не орыс тілі арқылы енген сөздер болды, ресми іс-қағаздары толықтай орыс тілінде жүргізілді, республиканы айтпағанда, қалалар мен аудан орталықтарындағы үлкенді-кішілі жиындар орыс тілінде өтті. Әсіресе, жас ұрпақ бөбекханалар мен балабақшаларда орысша тәрбиеленді. Бұл жағдайлар ұлтаралық (орыс) тілдің ұлт тілдерін мүлде ығыстырып шығаруына әкелетін алғышарттар еді.

Мұны түсінген қазақ зиялыларының бір бөлігі 80-жылдардың аяғында ана тілінің мүшкіл жағдайын тілге тиек етіп, оны мүлдем құрып кетуден сақтап қалу ұранын көтеріп, бұған қалың көпшілікті жұмылдыра білді. Міне, дәл осы кезде ұлттық ұранды ту қылған желтоқсан оқиғасы халық санасына үлкен сілкініс туғызды. Бұған, екінші жағынан, сол кезде үкімет басына келген М.С.Горбачевтың қайта құру және демократиялық бостандық жайындағы пікірлері де белгілі дәрежеде өз себін тигізгені белгілі. Әсіресе, оның: “Мы, конечно не можем допускать, чтобы самый маленький народ исчез, чтобы был потерян язык самого маленького народа, мы не можем допустить нигилизм по отношению к культуре, традициям, истории и больших и маленьких народов” – деген сияқты ұлт мүддесі жайында айтқан сөздері ана тілімізді сақтап қалу күресінде үлкен демеу болды. Халықтың жаппай белсенділік көрсетуінен сескенген республика басшылығы тіл саясатында белгілі бір “шаралар” жасауға мәжбүр болды. Ең алдымен, республика үкіметі мен Орталық партия комитеті 1987 жылдың 5 наурызында “Республикада қазақ тілін үйренуді жақсарту туралы” және “Республикада орыс тілін үйренуді жақсарту туралы” деген екі қаулы қабылдады. Бұл қаулылардың алғашқысында “қазақ тілінің қоғамдағы рөлінің төмендеп кеткені, қала жастарының өз ана тілін жоғалтып бара жатқаны”

мойындалса да, оның себебін “қазақ тілін оқытудың өз дәрежесінде жүргізілмейтіндігінен, оқу құралдары мен бағдарламалардың жетілмегендігінен” деп тапты. Ал бұл қиғаштықты жоюдың нақтылы жолдары көрсетілмеді, бұл жағдайға келтірген негізгі себеп ашылмады. Бар ұсынғаны – оқулықтарды жетілдіру, қазақ тілін оқытуды жақсарту, қазақ тілін үйренемін деп тілек білдірушілерге ақылы үйірмелер ашу сияқты жалпылама “шаралар” болды. Ал қазақ тілін өзге тілді мектептерде, орта, жоғары оқу орындарында оқыту бұрынғыша ерікті күйінде қала берді. Бұл қаулының бар жаңалығы – “Ұлт республикасында қостілділік өмір заңы (нормасы)” деген тармағы болды. Қазақ тілін дамыту туралы айта отырып, орыс тілін қосақтауды да ұмытпады. Ал “Республикада орыс тілін еркін меңгеру орта мектеп жастары үшін нормаға, жас адамның азаматтық парызына айналуына жетуді нақты міндет етіп қойды. Бұдан қазақ тілін үйренсең де, үйренбесең де – өз еркің, ал орыс тілін үйрену “азаматтық парызың” деген тұжырым шығып тұрғаны айдан анық еді.

Бұл қаулының қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, өрісін кеңейтуге септігін тигізбейтінін жүре келе түсіндік, ал қостілділік идеясының екі тілді қатар қойып, жарыстырып, ақыр соңында оның қазақ тілін құм қаптырып кететінін де кеш ұқтық. Қостілділік идеясын алғашқыда жабыла қолдап, кең насихаттай бастаған зиялыларымыз оның астарын тез түсінді. Бұл тек орыс тілінің беделін арттырып, өрісін одан әрі кеңейтуден өзге ештеңе бермейтін еді. Сондықтан ана тілін сақтап, оның әлеуметтік қызметін кеңейтуге бағытталған күрес тоқтамады. Ақырында, жұртшылықтың ана тілін дамытуға деген ықыласының нәтижесі ретінде 1986 жылы республикалық “Қазақ тілі” қоғамы өмірге келді.

Аталған қоғам жаппай көпшіліктің қолдауымен алғашқы жылдары біраз жұмыстар тындырды. Ана тілінде балабақшалар ашу, таза қазақ мектептерінің санын көбейту, жоғары мектептерде қазақ тілі кафедраларын ашып, қазақ тілін үйретуді қолға алу, қазақ тілін үйретуге қажетті бағдарламалар, оқулықтар, сөздіктер, тілашарлар жасауды жолға қою сияқты мәселелерді күн тәртібіне шығаруға ұйытқы болды. Ақырында, мемлекеттік тіл мәртебесін беретін Қазақ ССР-нің “Тіл туралы заңын”

қабылдаттыруға қол жеткізді.

§ 2. Қазақ әдеби тілінің лексикалық байлығын толықтырудағы көркем әдебиеттің қосқан үлесі

Қазіргі қазақ әдеби тілінің, әсіресе, оның басты тармағы көркем әдебиет тілінің кемелдене дамып отырғандығы әдебиет тарихын зерттеушілер тарапынан айтылып келеді. Сонау пролетарлық әдебиет дәуірінің өзінде Кеңес Одағы әдебиетшілерінің алғы сапында болған қазақтың көркем сөз шеберлері 50-60 жылдардан бастап одақтық әдебиет керуенінің көш бастаушылары қатарына қосылды. Әлем әдебиеттерінің інжу-маржандарын оқыған, тарихи зердеден сабақ алып, аға ұрпақтан тағылым көрген, әдеби тәсілдер мен тіл құралын жетік меңгерген қаламгерлер өз туындыларында халықтың тіл байлығын сарқа пайдалануға ұмтылды. Сол арқылы үнемі дамып, екшелеп, сұрыпталып отыратын тіл қазынасын қозғалысқа түсірді. Тіл қойнауындағы бар асылды жарқырата көрсетті. Бұл істе көркем әдебиеттің байсалды саласы – прозаның қосқан үлесі зор болды. Осы тұрғыдан қарастырғанда проза шеберлерінің өте-мөте өнімді еңбек еткен саласы – тарихи тақырып еді.

Ә. Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Ш. Мұртазаев тәрізді шығармашылық жолы 60-жылдарда басталған қаламгерлердің туындылары Р.Сыздық бастаған бірқатар маман тілшілер тарапынан жан-жақты талдау жасалды. Аталған жазушылардың тарихи тақырыпқа жазылған туындыларында байырғы сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері, ауызекі сөз саптау үлгілері, қарапайым сөздер жиі ұшырасады. Мұндай сөздер, әсіресе, халқымыздың арғы тарихына қалам тартқан Ә.Кекілбаев шығармаларында (“Үркер”, “Елең-алаң”) мол. Мәселен, жазушы “Үркер” романында *аламан* сөзін колданады. *Шапқыншылар, шапқыншылық, қалың қол, әскер* мағыналарындағы *аламан, аламанышылық* – өткен тарихымыздағы белгілі құбылыс. Бұрынғы ноғайлы дәуіріндегі жырлар мен қазақтың жауынгер ақын-жырауларының толғауларында, ортаазиялық түркі (шағатай) тіліндегі ортағасырлық жазбаларда жиі кездесетін сөз. Бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қарағанда жағымды құбылыс болып саналмайды. Ә.Кекілбаев та “Қырқында жау түсірмеген неме

алпысында аламан бастап кімді қырар дейсің” дегенде, бұл сөзді Қайыпқа қатысты солақай ыңғайда қолданып отыр. Дегенмен қазір бұл сөз “аламан бәйге”, “аламан жұрт” деген тіркестерде қолданысқа еніп отыр.

Романда жауынгер, қатардағы әскер мағынасында қолданылатын *сарбаз* сөзі бар. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жасақтарының жауынгерлері сарбаз аталғаны белгілі. Жазушы бұл сөзді осы мағынада туындысында қолданған.

Сөз мағынасының қайта жаңғыруы арқылы қолданысқа түскен сөздердің қатарында *сарбаз* бар. Сол сияқты романда “*бас сардар*” сөз тіркесі кездеседі. Оны жазушы Әбілқайыр ханға қатысты қолданады. Сардар сөзі бүкіл әскердің бас қолбасшысы мағынасында орта ғасырда түркі тілдерінде қолданылған. Қазіргі тілімізде осы мағынада қолданып жүрген “*бас қолбасшы*” тіркесі орыс тілінен калька жолымен аударылған атау, оны жоғарыда *сардар* сөзімен аударсақ, одан ұтылған болар едік.

Сыралғы да – қазақ дәстүрінде бұрыннан бар нәрсе. Диалектологиялық сөздік “сыралғы – аңшыдан, т.б. кәсіпшілерден алынатын үлес, олжа” деген түсінік береді.

Сөздің реті келгенде жазушы қолданатын *сойыл дос, қамшы дос* тіркестерінің тілімізде жасалу мүмкіндігі бар екенін айтқымыз келеді. *Сыралғы дос* тіркесі де сол секілді. Жалпы *сыралғы, жоралғы, бастаңғы* тәрізді тұрмыс-салтқа қатысты сөз тұлғаларының қазіргі қазақ әдеби тілінде өзіміздің байырғы сөздік қорымыз негізінде жасалатын жаңа сөз қолданыстарға үлгі болары сөзсіз.

Романда ұшырасатын *алапа, сияпа* сөздеріне қатысты да осыны айтуға болатын тәрізді. Бұрынғы әдет-ғұрып бойынша берілетін кәделі сыйлықтардың түрін білдіретін сөздеріміздің дәл осы, өзімізге қажетті мағынасын активтендіріп, қайтадан жаңғыртуға немесе тұлғасын пайдалануға болады.

Алапа сөзінің романда келтірілген мағыналарының бірі – “дауда жеңілген жақтан алынатын кесімді мал, дүние мүлік”. Батыс өлкесінде бұл сөз көп уақыт “зарплата” сөзінің орнына да қолданылып келеді. Ал *сияпа* сөзі романда “қонақ күту кәдесіне” қатысты қолданылады.

Тарихи шығарма жазып отырғандықтан жазушының оқиға болып жатқан ортаның әдет-ғұрпын, салтын, адамдардың

жергілікті сөйлеу ерекшеліктерін беруі – қажет нәрсе.

Осы тұрғыдан қарастырған кезде жазушы жергілікті ерекшеліктерді жөнді жерінде ұтырлы пайдаланғандықтан, ол ерекшеліктердің мен мұндалап көзге ұрмай, қалың оқырманға ұғыныңқы, түсінікті контекстерде берілгендігін айтуымыз керек. Жергілікті сөздер мен сөз тіркестерінің басым көпшілігі жазушы құрған контекстерде қолданысқа өзінен-өзі сұранып тұрады. Сол себепті де олардың әдеби тілдік қолданысқа түсу мүмкіншілігі мол.

50-60-жылдардағы әдебиетте өткен дәуірдегі халық өмірін, оның бостандықты аңсаған үміт-арманын көрсету үлкен орын алады.

Жалпы біздің халқымыз үшін іштен түлеу қаншалықты маңызды болса, әдебиетіміздегі “сондай іштей түлеу арнасының кеңіе түсуіне мейлінше табандылықпен үлес қосып келе жатқан азғантай тұлғаларымыздың бірі - Ә.Нұрпейісов. Әдебиеттегі сонылықты біреулер ешкім жазбаған тақырыпты жазу деп түсінсе, біреулер қай тақырыпта жазса да, өзінше жазып, өзгелер бармаған астарларды ашып, өзгелер байқамаған құпияларды паш ету деп біледі. Ә.Нұрпейісов соңғы топқа жататын қаламгер. “Қан мен тер” трилогиясындағы сөз қолданыстардың көпшілігі жергілікті қолданысқа жатады. Олардың ішінде, әрине, әдеби тілде қолданылып жүргендері де, қолданысқа жарамды, ендігі жерде әдеби тілге енгізу керектері де бар. Жергілікті қолданыстағы сөздер арасында байырғы лексикалық қабатқа жататын көне сөздер де кездеседі. Мәселен, “Қан мен терде” *абыз* сөзі бар: Итжемес Сүйеу қарттың *абызындағы* адам (Ымырт, 1966, 56-б.). Түсіндірме сөздікте “ырық, билік” мағынасындағы жергілікті сөз екендігі көрсетіліп, “Қан мен тер” трилогиясынан мысал келтіреді.

“Сергелдең” романында “Осы жігіттің өзінен мүшелі жас үлкен екенін білді” деген сөйлем бар. Осындағы *мүшелі* тұлғасының толымды қалыбы мүшел сөзіне қарағанда жөнді көрінеді. Яғни, *мүшелі жас* деп сөйлеген дұрыс тәрізді.

“Ымырт” романында сақ құлақ саһада шалдар тіркесі бар: “Шай үстінде сақ құлақ саһада шалдар әңгіме айтып, баласын оң босағаға қойып отырған ата-ананың көңілін аулады” Осы тіркестегі саһада “күйдірілген, шыныққан” мағынасындағы араб

сөзі деп ойлаймыз.

Ырдуан арба тіркесі “Ымырт” романында “гері-терсек тиеген алқа бел *ырдуан* өткелден өтер жерде батпаққа батып, бір жағына жанбастап жатып қалыпты” деген жолдарда кездеседі. Диалектологиялық сөздікте *ырдуан арба* (сатылы арба және *ірдабады арба* (үлкен мажар арба) түрінде берілген. “Үлкен арба” – Қызылорда облысында тіркелген. Демек, бұл жерде әңгіме арба жөнінде болар деп ойлаймыз.

Басат. “Қайта, басат-басат ұстасып абыройыңды жауып тұр ғой” “Былтырдан бері Темірке балығы мол көлдер мен босат басаттарды бір өзінің меншігіне дербес қаратып ап, бұларды ашық теңізге айдап салған еді.” “су астында жүргенмен, балық та басқа мақлұқтай ық іздеп, жайылым тандап, теңіз түбінің толқымайтын тыныш жерлерінде қамысты *басаттар* мен *қонақты* көлдерінде жүреді”.

Диалектологиялық сөздікте *басат* сөзінің Аралда қолданылатыны көрсетілген. Анықтамасы: “Басат – теңіздің кең қолтығы, қойнауы (теңіздің құрлық жерге қарай сұғынып, бөлініп шыққан кең қойнауы). Теңіз суы кеміген кезде кейбір жерлердің суы басат-басат болып қалады”.

Иек атпа. “Жаз айларында суы тартылып қалатын кішкентай өзеннің көлге құяр сағасына тақап келе бергенде, алдынан иек атпадан дауыс шықты” (Ымырт, 218-б.). Түсіндірме сөздікте “таяу, жақын жер” мағынасында иек артпа тіркесі бар. *Иек атпа* – жергілікті қолданыс болар деп ойлаймыз.

Салқын сабат. “Бұрын көктем шыға қалың елмен қаптай көшіп, кең жайлау, салқын сабатқа үй тігетін” (Ымырт, 11-б.). Диалектологиялық сөздіктегі “өзен судың жиегіндегі 2-3 метр жатқан сыз жер”, “салқын” мағынасындағы *сабат* сөзіне жақын көктем салқыны туралы сөз болып отыр.

Жоғарыда Ә.Кекілбаев романдағы сөз қолданыс жайында әңгіме еткен кезде *сыралғы* туралы сөз болған еді. Сол сөз “Қан мен тер”-де кездеседі. Бұл жолы ауланған балықтан *сыралғы* сұралады. Түсіндірме сөздікте *сыралғы* түріндегі қатаң қосарынан осы ұяң қосар (сыралғы) қолданысқа жайлы тәрізді.

“Қан мен тер” трилогиясында келтірілген мысалдардан да басқа *жаркемер*, *доласуандық*, *абыржын* тәрізді жергілікті қолданыстар мол ұшырайды.

60-жылдардың өзінде “Табылған теңіз” (1963), “Бұлтсыз күнгі найзағай” (1964), “Белгісіз солдаттың баласы”(1965), “Мылтықсыз майдан” (1967) жинақтарын шығарған көрнекті жазушы Ш. Мұртаза 70-жылдардың аяғында қазақ халқының ұлы перзенті Т. Рысқұловтың өмір жолын суреттеуге арналған шын мәніндегі роман-эпопеяны жазуға кірісті. Лирикалық-философиялық стильде жазылған шығарманың алғашқы кітабы “Қызыл жебе” 1978 жылы жарық көрген болса, “Тамұқ” 1991 жылы басылып шықты.

Жазушы шығармасын арнайы зерттеген Р.Сыздыкова оның көне, сирек, жергілікті сөздерді “әдеби айналымға” түсірудегі ерекше еңбегін атап өтеді. Ғалым “таулы өлке тұрғындары ғана білетін еңлік (эдельвейс) гүлінің қаргүл деген де синонимі бар екенін, ұлар деген құстың қақылықтайтынын, барыстың сипаттама бір атауы сұлтан–шері болатыны, атқұлақ пен гүлқайыр, шырқұйрық пен шәйқұрай деп өсімдік аттарын бейнелеп беретінімізді... Ш.Мұртаза еңбектерін оқи отырып зерделеді” дегендей бақылауларын ортаға салады.

Біз жазушы қолданған көне тұлғалы сөздердің жергілікті атаулардың, авторлық сөз қолданыстардың кейбір ерекшеліктерін байқау үшін роман-эпопеяның Т. Рысқұловтың төңкеріске дейінгі өмір жолын бейнелейтін алғашқы екі кітабын таңдадық.

Жартпаш: “Ізбайша жартпаш Түмейтайды қолынан жетектеп ауылдас отырған ахат қарияның үйіне кетіп еді” (“Қызыл жебе”, 1978, 28-б.). Диалектологиялық сөздікте “Жүгіріп жүрен 3-4 жасар бала” мағынасында жортпашақ (Шымкент) сөзі бар. Жазушы осы мағынада қолданып отыр деп ойлаймыз.

Мардан: “Осыдан осы жолы тірі шығып Саймасайға сәлемдесем, Ақсу-Жабағылы асып кетер едім, - деп армандады тұтқын қамыс марданның үстіне көсіліп жатып” (“Қызыл жебе”, 63-б.). Диалектологиялық сөздікте “бойра, тоқыған қамыс” мағынасында төсеніш атауы бар. Романда да осы мағынада.

Дамбаз: Кесекті ала бергенде домбаз дуалдың түбін тесіп шыққан итқызғалдақты көзі шалды (“Қызыл жебе”, 147-б.). Диалектологиялық сөздікте көрсетілгендей, “балшықтан домбаздап созылған” дуал туралы сөз болып отыр.

Қуыр: Төбедегі түтін тартар жалғыз қуырдың аузынан сүңгілер салбырайды (“Қызыл жебе”, 11-б.). Диалектологиялық

сөздікте “пештің түтін шығатын жері” мағынасында берілген “қуыр” осы болар.

Атырылу, атырыла қарау: Босағада қотыр қабырғаға сүйеп, жүресінен отырған алпамса кісі мазасыз көк шыбын жаққа атырыла бір қарап қалды (Ш.Мұртаза, “Қызыл жебе”, 11-б.). Диалектологиялық сөздіктегі *атырылу* сөзіне Ш. Мұртазаның басқа бір еңбегінен мысал келтірілді: “Үстіне Бадырақ көз мінсе, атырылып ала жөнелейін деп тұр” (Ш.Мұрт. Интерн.наны, 1974, 24-б.). “Қызыл жебе” романында шапшаң, шалт қараған өткір көзқарас туралы сөз болып отыр деп шамалаймыз.

Дуайнат: “Бұрын да айлы түндегі арық қояндай қорқақтап, *дуайнат* өгей шешенің қолына қараған жетім баладай жаутаңдауық болған Алсалай-Сараның ендігі күні халі мүлде мүшкіл” (Ш.Мұрт. Инт.наны, 47-б.). Диалектологиялық сөздікте бұл сөздің Жамбыл облысы Жуалы ауданында қолданылатыны тіркелген. Мағынасы – дөрекі, дүлей (адамның мінезі туралы). Романда осы мағынада қолданып отыр.

Бадашы: Қашқынды қырда отырған бадашы байқаған жоқ (69-б.). Диалектологиялық сөздікте бұл сөз осы мағынада (сиыршы). Шу маңында тіркелген. “Сәлем бердім отырған жылқышы, қойшы, түйеші, *бадашы* шаруа жалпыға” (қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі, 1 кітап, 1996, 106-б.). Бұл сөздің кірме сөз екендігі көпшілікке белгілі. Парсы сөзі. Қазақ, қырғыз тілдеріне өзбек тілі арқылы енген болу керек.

Зау: Ол кешегі өткен Әлімбек батыр жағасын жауға жырттырмаған, қанша сұрапыл соқса да басы жерге иілмеген зау бәйтерек (160-б.). Түсіндірме сөздікте “зәулім, биік” деген мағынасы көрсетілген: “Көз ұшында, зәу биікте бұлдырап, баяу қылқып қырандар жүрді” (Ш.Мұртазаев., Табыл. Теңіз).

Қатыбас: “Күніне кіретін тоқсан тоғыз бәленің бір түрі және мыптықсыз, қылышсыз, ал бірақ ең қатыбас түрі – осы аштық, атасына нәлет” (Қызыл жебе, 2-кітап, 1982, 321-б.). Түсіндірме сөздікте енген “қатыгез, мейірімсіз” мағынасындағы сөз.

Шилеуіт жан: “Биылғыдай шөбі шая құрғақшылықтың өзінде шөлге шыдамды шилеуіт жандарын шүберекке түйіп жауға жалаңтөс аттанып бара жатқан мына жасақтың аттарының бауырынан сипап қалып жатыр” (Қызыл жебе, 2-кітап, 396-б.). Ши көп өскен жердің *шилеуіт* аталатыны түсіндірме сөздікте

жазылған. Жазушы адам жанын шөлге төзімді шиге теңеп отыр.

Ботана: “Шілдеден кейін өзен едәуір тартылып қалса да, *ботана* суы әлі де әулетті”(Қызыл жебе, 2-кітап, 422-б.). Диалектологиялық сөздікте Шымкент жақта “лайлы” мағынасында қолданылатындығы көрсетілген: “Арыстың суы ботана боп ағып отыр” (ДС., 1-кітап, 1996, 132-б.). Түсіндірме сөздікте де “тұнық емес, лай” мағынасында берілген. Ондағы мысалдарда өзен суы *ботана*, *ботана суы* түрінде беріледі. Бұл жерде дағдарыс жазушының ботана суы түріндегі қолданысынан туып отыр. Автор жоғарыдан, таудан ағатын лай су туралы айтып отырған болу керек.

Суды жығып алу: “Аламан-тасыр ашумен келген бойда тоғанды тас-талқанын шығарып бұзып, *суды жығып алмақшы болды*”. (Қызыл жебе, 2-кітап, 137-б.). “Суды жығып алу” жергілікті сөзқолданыс болуы керек.

Ішіне без байлану: “Ішіне без байланды да қалды” (Қызыл жебе, 213-б.). Бұл да сөзсіз жергілікті өз қоланыс. “Қырсығып қалды” мағынасында қолданып отыр. Романда бұлардан басқа көптеген *шипая болу (тарының дән салмауы), тауыс-тамам болу (біту, құру), үрей болу (үрейлену), тәрізді тіркестер; дәу (үлкен), жай (үй)* сияқты лексикалық, *өлегізу (елегізу), әсіл (асыл), нариза (наразы)* секілді дыбыстық ерекшеліктер кездеседі. Ал “арқасынан аяз тескен”, “соры қайнап, сорпасы төгілген бишара”, “бай баласы байға ұқсайды”, “із қалмайды” тәрізді авторлық қолданыстар романда жиі ұшырасады.

Жазушы шеберлігі туралы айта келіп, Р. Сыздық: “Әр өңірдегі халықтың күнкөріс салтына, әдет-ғұрпына, көршілермен қарым-қатынасына қарай жергілікті мақал-мәтелдер, фразеологизмдер де болатынын ескерсек, “жеті күн жауған жауыннан желдіріп өткен су жақсы” деген сияқты мәтелдер егін егіп, оны дария, арықтардан суаратын тұрғындар тілінде бар болуы да мүмкін ” – дейді ³⁸.

Жалпы байырғы сөздік қорға енетін көне сөздер мен бұрын оқырмандарға да, мамандарға да белгісіз болып келген, алайда қолданысқа жарамды жергілікті сөздерді көпшілікке ұсыну ісіне жазушылардың тындырып отырған шаруалары ұлан-ғайыр.

³⁸ Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы, 2005. –Б. 67.

Әдеби тілде баламасы жоқ жергілікті сөздер бірден қатарға еніп жатса, баламасы барларының да әлі сұрыпталудан өтері сөзсіз. Көптеген көркем, айшықты сөз қолданыстардың синонимдік қатарды байытары сөзсіз. Тілдегі сөздің қажетсізі болмайды.

§ 3. 1960-80 жылдардағы баспасөз тілі дамуындағы негізгі факторлар

Қазақ әдеби тілінің әлеуметтік қызметінің кеңейіп, оның грамматикалық құрылысының жетіліп, сөздік құрамының толығында баспа әдебиеттің, әсіресе, мерзімді баспасөздің атқарған қызметі айрықша. Бұған, ең алдымен ана тіліндегі басылымдардың саны өсіп, көптеп таралуы себеп болса, екінші жағынан, ұлт тілінде білім алып, ана тілін еркін меңгерген мамандардың өз тіліне деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы нәтижесін берді.

Соңғы 1960-80 жылдар көлеміндегі мерзім – қазақ тілінің өз мүмкіншілігі арқылы жаңа сөз, төл тілдік термин жасаудағы, бейнелеп айтсақ, өрлеу дәуірі іспеттес. Дәл осы кезеңдерде неологизм жасау, қазақ терминологиясын одан әрі жетілдіру жолында сөз тудырудың төл амал-тәсілдерін қолдану нақты бағдарға айнала бастады. Ал қазақ тілінің сөз жасау жолдары әр алуан: тарих қойнауындағы көнерген сөздердің мағынасын жаңғырту, жергілікті аймақтардағы кәсіби лексиканың, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің мағыналарына терминдік реңк телу, сөз қосарлау, сөз біріктіру, сөз тіркестіру және сөз тудырушы қосымшалардың қызметін пайдалану. Нақ осы тәсілдердің игерілуі арқылы сол жылдары жүздеген жаңа қолданыстар жасалды.

Бұл үдерісте әсіресе күнделікті баспасөздің қызметі айрықша үлкен болды.

Жалпы, тілдік неологизмдердің негізгі жасалу және қолданылу аясы – күнделікті баспасөз тілі. Баспасөздің қалың қауым арасынан кең таралған, бұқаралық, ақпараттық қызметі жағынан аса қуатты құрал екендігі мәлім. Сондықтан да оның әдеби тілдің өзге стильдік тармақтарына, ауызша әдеби тілдің нормасына ықпал-әсері едәуір. Радио мен теледидардан сөйлеген

сөздерден, жиналыс-мәжілістерде жасалған баяндамаларда, сондай-ақ ғылыми әдебиет үлгілерінен де газет-журнал тіліне тән сөздер мен тіркестер, құрылымдар ұшырасып отырады.

Қазіргі қазақ әдеби тілі лексикалық құрамының даму бағытында айрықша аңғарылып отырған сипаттардың бірі – сөздік құрамды байытуды, ең алдымен тілдің өз потенциалдық мүмкіндігін барынша, жан-жақты пайдалану. Басқаша айтқанда, қазақ әдеби тілі дамуы мен қалыптасуының белгілі бір кезеңдерінде орыс тілінен түпнұсқа қалпын бұзбай сөз қабылдау басты тенденция болса, тіл эволюциясының 60-80 жылдардағы күйінде, негізінен, жаңа ұғым, түсінік, зат, құрал-жабдық атауларын қазақ тілінің өз ресурстары (сөз семантикасын жаңғырту, сөз тудырушы формалар арқылы жаңа сөз жасау, сөздерді біріктіру және тіркестіру) арқылы беру және орнықтыру бағдары басым болды.

Бұл үдеріс, ең алдымен, публицистикалық стильде айқын көрінді, осы салада әсіресе, қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық терминдер мен терминдік сөз тіркестерінің мағыналық дефинициясы айқын қазақша баламаларын табу, қалыптастыру бірізді сипатқа түсе бастады.

Қазақ тілінің сөздік қорын байытатын тың сөз жасау тәжірибесі де осы кезде кеңейді. Мысалы, аудармашы І.Жарылғапов енгізген *аялдамада (остановка), балмұздақ (мороженое), көрермен (зритель), жагажай (пляж), басылым (издание)* тәрізді бірқатар сөз тіл қазынасына мерзімді баспасөз арқылы қосылды. Сол секілді журналист Ә. Сатыбалдиев енгізген *жемшөп (корм), қондырғы (установка), тілші ғалым С. Нұрханов есімхана (персоналия), сөзтізбе (словник), қабылхана (приемная)* сияқты сөздер де жаңа сөз тудыру заңдылықтарымен үйлесім тапты. Соңғы жылдары әдеби тілімізден берік орын алып, белгілі қажеттілікті өтеп жүрген тілдік құбылыстардың көбі-ақ әуел баста мерзімді баспасөз тілінде қолданыла бастап, кейін қолданылуы тұрақталып, нормаланып барып, әдеби тілге еніп отырды. Мысалы: *айлық, сенбілік, басылым, үйірме, төреші, бастама, айналым* т.б. Мерзімді баспасөз тілі арқылы ауысқан жаңа сөздер, байырғы сөздердің жаңа мағынада қолданылуы да әдеби тілдің дамуындағы айтарлықтай жетістік болып саналады. Мысалы, *еңбек* сөзі бұрыннан бар сөз болса да, кейінгі

жылдардағы баспасөз беттерінде жаңа мағыналық реңк қосып, басқа сөздермен тіркесу арқылы жаңа қызмет атқаратын болды.

“Социалисттік Қазақстан” газетінің 1969 жылғы бір санында еңбек сөзі мынадай тіркестерде қолданылған: *еңбек өнімділігі, еңбек вахтасы, еңбекті ұйымдастыру, еңбекке деген ынта-жігер, еңбек ері, еңбек адамдары, еңбек ету, еңбектің рахаты, адал еңбек, қажырлы еңбек, еңбек азаматтары, еңбек үлгісі, еңбек дүбірі, еңбек сүйгіштік, еңбек ардагері*, т.т. Дәл осы сияқты *егіс, егін, жарыс, ену, шығу* сияқты сөздерден жасалған тіркестердің неше түрін газет беттерінен жиі кездестіруге болады.

Сөз жасаудың лексика-семантикалық жолы соңғы кезеңдегі мерзімді баспасөз беттерінде өрістей түсті. Мұнда бір жағынан орыс тілінің әсер-ықпалы да байқалады. Мәселен, бұл жылдары спорт ойындарына байланысты көптеген жаңа сөздер туып не көне сөздер жаңғырып, жаңа мағынаға ие болды. Бұлардың қатарына *сөре (старт), мәре (финиш), қарымта (ответный), қарсылас (противник), кезең (первая половина)* т.б. сөздерді жатқызуға болады.

Орыс тілінен тікелей сөз ауысу (заимствование) 20-40-жылдарға карағанда, біраз саябырланғанмен, техника, экономика салаларының терминдері баспасөз бетінен жиі көрініп жүрді. Орыс тілінен кірген сөздерге қазақ тілінің *лық* (варианттарымен), *лы, шы/ші, да-у, лан-дыр* жұрнақтары жалғану арқылы жаңа ұғым, жаңа термин тудыру кең етек алды. Бұл қосымалар жалғану арқылы жасалған жаңа сөздер әдеби тіліміздің лексикасын байытып қана қойған жоқ, аталған жұрнақтардың сөз жасаудағы потенциалдық мүмкіндігін де дамытты. Мысалы, *нұсқаушы, көмекші, насихатшы, облыстық, белсенділік, апталық, прогрестік, ұйымдастыру, көгалдандыру, автоматтандыру*, т.б. Соңғы кезеңде, әсіресе –*шы, ші* жұрнағы арқылы термин жасау кең өріс алды. Мәселен, тек спорт саласында осы жұрнақ арқылы жасалған жүздеген термин кездеседі. *Шабуылшы, қорғаушы, қақпашы, төреші, конькиші, спортшы, бессайысшы, динамошы, т.б.* Баспасөз беттерінде термин жасауда аналитикалық тәсіл де белгілі орын алды: *ғылыми-зерттеу, газет-журнал, халықаралық, өнеркәсіп, балабақша, еңбек кітапшасы, еңбекақы, т. б.*

Орыс графикасына негізделген алфавитке көшумен

байланысты емледе жаңа принцип – морфологиялық принцип үстемдікке ие болды. Аталған принцип бойынша сөздердің ауызекі айтылуындағы көршілес дыбыстардың әсері нәтижесінде пайда болатын дыбыстық құрамы сақталынып жазылатын болды. Бұл принцип, әсіресе, орыс тілінен, орыс тілі арқылы өзге тілдерден еніп жатқан мындаған терминдердің жазылуын бір ізге түсіруде зор мүмкіндік туғызды. Бұл принцип, сол сияқты, екі не одан да көп түбір сөздердің бірігуінен тұратын біріккен сөздердің жазылуында да сақталады. Ал түбірге жалғанатын қосымшалардың жазылуында, негізінен, фонетикалық принцип үстемдік алды. Бұлар – Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы 5 маусымда бекітілген қазақ орфографиясының негізгі ережелерінде, соның негізінде жасалып 1963 жылы жарық көрген “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” толық көрініс тапты. Сөйтіп латын графикасын пайдалану кезіндегі еліміздегі кемшіліктер бірсыпыра түзетіліп, сауатты жазу дәрежеміз біраз өсті. Алайда орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан үндестік заңының бұзылуына, алфавиттегі әріп санының шектен тыс көбейуіне әкеліп соқтырды. Сондықтан емле ережелеріне реформа жасау – күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі.

1930 жылдары академиялық орталық жанында болған терминологиялық комиссияның 1945 жылдан бастап Қазақстан Республикасы үкіметі жанынан құрылуы, оның халық шаруашылығы, ғылым, техника және мәдениет салаларымен байланысты терминдерді бекітетін және оның республика көлемінде қолданылуын бақылайтын мемлекеттік органға айналуы бұл саладағы істердің бір ізге түсуіне септігін тигізді. Соғыстан кейінгі жылдары тоқтап қалған терминком жұмысы 1950 жылдардың екінші жартысында қайта жанданды.

Бұл кезеңде қазақ тілінің сөз тудырушы байырғы жұрнақтарының (-ма/ме, -лық/лік, -ыс/іс, -ым/ім, -шы/ші т.т.) қызмет аясы кеңіп, жаңа сөз тудыруда өнімді тәсілге айналды. Мысалы, *шығарма, бастама, сілтеме, балама, әкімшілік, қырғылық, басшылық, жаратылыс, үзіліс, көрініс, қорғаныс, өнім, түсім, жолшы, тергеуші, зерттеуші, т.б.* жүздеген сөздер де жаңа ұғым атуларына ие болды. Мұндай өнімділігі артып, жаңа сөз жасауға белсенді тартылған жұрнақтар санатына *хана*,

ман-мен, кер-гер және и қосымшаларын айтуға болар еді. Сөйтіп қоғамдық өмір тәжірибесі, әсіресе, орталықтан орыс тілінде шығып жатқан ресми материалдарды сөз тудыру амалдарының кейбір түрлерінің белсенділігін арттырып, нормалану процесін жеңілдетті.

Дегенмен 60-жылдардың басынан бастап мерзімді баспасөз бетінде тіл, жазу мәдениетіне қатысты материалдар жарияланып, қолданылып жүрген емле заңдылықтарындағы олқылықтар, терминжасамдағы ала-құлалық, жарыспалы сөздердің сұрыпталмауы, жергілікті сөздерге шектен тыс әуестенушілік, бір сөзбен айтқанда, әдеби тіл нормасының сақталмауы баспасөздегі тіл мәдениетіне арналған республикалық конференция материалдарында көптеп жарияланды.

Жұртшылықтың мұндай қызу пікірталастары ескеріліп, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институты мен Қазақстан журналистер Одағы бірігіп, 1968 жылы “Тіл мәдениеті және баспасөз” атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференцияға қатысушылар онда мерзімді баспасөзде көтерілген мәселелерді жан-жақты талқылады. Мәселен, емле заңдылықтарының бұзылуы біріккен сөздерді, мекеме, оқу орындарының атауы болатын күрделі сөздерді жазуда, жер-су, халық аттарының транскрипциясында байқалса, әдеби тіл нормаларының сақталмауы әдеби тілде баламасы бола тұрса да, жергілікті элементтерін толғаусыз енгізуден, жарыспалы сөздерді сұрыптамай қолданудан көрінді. Сондай-ақ термин қабылдау мен қолдануда бірізділіктің жоқтығы, яғни аударма үрдісінде ұлттық терминдер жасаудың орнына шетел терминдерін ала салушылық, терминком бекіткен терминдерді әркімнің өз бетінше қолдануы секілді фактілердің белең алып бара жатқаны сөз болды.

Бұл кемшіліктердің негізгі себептері, біріншіден, баспасөз, баспа орындарының бекітілген орфографиялық ережелер мен соның негізінде құрастырылған “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне” сүйенбей, әрбір баспа орнының сөздерді өз бетінше жазуы болса, екіншіден, термин қабылдаудағы 30-жылдары басшылыққа алынған солақайлық, яғни ұлт тіліндегі терминдерді қалыптастыру орнына орыс тілі мен шетел сөздерін ала салу тәжірибесінің етек алуы еді. Үшіншіден, әдеби тіліміз жас,

сондықтан халық қолданысындағы барлық байлығымызды әдеби тілімізге енгізе беруіміз қажет деген теріс тезисті басшылыққа алуымыздың да әсері болды.

Осы мәселелерді жан-жақты сарапқа сала отырып, конференцияға қатысушылар өз ұсыныстарын төмендегіше тұжырымдады:

1. Мерзімді баспасөз, баспа орындарының назары жоғарыда сөз болған, басылым беттерінде жиі кездесіп жүрген қателіктер мен кемшіліктерді жойып, жазу мәдениетін көтеруге аударылсын, ол үшін олар өздерінің күнделікті жұмыстарында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы жарлығымен бекітілген “Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері” мен 1963 жылы “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін” басшылыққа алу ұсынылды.

2. Баспасөз бетінде жарияланып жататын материалдардың көпшілігі аударма әдебиет екендігі ескеріліп, аударма сапасын арттыру, ол үшін сөзбе-сөз аудару мен калькалау тәсілінің ана тілінің стильдік қолданылу аясын тарықтып, қазақ тілінің табиғи сөз тіркестіру, сөйлем құрау заңдылықтарын бұзуға соқтыратынын ескеріп, аударманың негізгі тәсілі ретінде баламалы аударманы алу ұсынылды.

3. Мемлекеттік терминкомның өкілетті құқығын кеңейтіп, оның жұмысы тек терминдерді бекітумен ғана шектелмей, қазақ тілінің жазу мәдениетін дамытуда кездесетін даулы мәселелерді шеше алатын мекеме дәрежесіне дейін көтеру жоғарғы өкілетті орындардан сұралды.

4. Әдеби тілдің нормасын жетілдіруде бейберекет қолданылып жүрген жарыспалы сөздер мен жергілікті ерекшеліктердің әдеби нұсқасын негіз етіп, өзгелерін мерзімді баспасөзде, әсіресе, публицистикалық, ресми, ғылыми стильдерде орынсыз қолданудан бойды аулақ салу дұрыс деп табылды.

5. 1953 жылы жарық көрген “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” кейбір ала-құлалық, кемшіліктер кеткені ескеріліп, оны түзетіп, қайта бастыру ұсынылды. Сол секілді терминология, орфография, пунктуация, тіл мәдениетімен байланысты оқу құралдарын, анықтағыштар, мақала жинақтарын шығарып отыру қажет деп табылды. Бұлардан басқа да практикалық шаралар

ұсынылды.

Конференция ұсыныстарын іске асыру мақсатында Ғылым Академиясы мен басқа да тиісті орындар тарапынан біраз жұмыстар істелді. Атап айтқанда, 1968 жылы “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі” толықтырылып, түзетіліп, қайта бастырылып шығарылды. Тіл білімі институты жанынан Терминология және Ономастика, Тіл мәдениеті бөлімдері құрылып, тіл мәдениетіне, терминология теориясына қатысты зерттеулер жүргізіліп, бірнеше монографиялар жарық көрді. Қазақ тілі мен әдебиетінің өзекті мәселелерін сөз ететін “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы дүниеге келді. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарларының филология сериясы қоғамдық ғылымдардан бөлініп, өз алдына отау тікті. Сөйтіп, баспасөздегі жазу мәдениетіне арналған конференция әдеби тіліміздің келелі мәселелерін күн тәртібіне қойып, олардың бірте-бірте шешілуінде белгілі дәрежеде рөл атқарған, баспасөздегі жазу мәдениетін арттыруда едәуір үлес қосқан игілікті шара болды.

60-80-жылдардағы баспасөздің қазақша публицистика (көсем сөз) стилін жетілдіруде ғана емес, қазақ әдеби тіліміздің қандай деңгейде екенін көрсетуде де тигізер пайдасы үлкен.

§4. Ғылым тілі мен стилінің дамуына кері әсер еткен кейбір жағдаяттар

Соғыс жылдарындағы еліміздің батыс аудандарынан Қазақстанға көптеген зауыт, фабрикаларды, әртүрлі кәсіпорындар мен ғылыми зерттеу мекемелерін көшіру, соғыстан кейінгі республикада жүргізілген бүкілодақтық құрылыстар салу, ақырында тың, тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде орыс тілді өзге ұлт өкілдерінің көптеп келуі Қазақстандағы демографиялық ахуалды күрт өзгертіп жіберді. Мәселен, 1939 жылы бүкілодақтық санақта республика халқының 38 пайызын құраған қазақ саны 1959 жылғы санақта 29,8 пайызға бір-ақ кеміді, сөйтіп, ол өз Отанында азшылық болып қалды.

Осы өзгерістермен байланысты орысша оқытатын мектептер саны жедел өсті. Соғыс кезінде Мәскеу, Ленинград сияқты ірі ғылым орталықтарынан көшірілген ғылыми мекемелерде істейтін атақты ғалымдар республикадан ғылым ошақтарын ашып, өз

ғылыми мектептерін қалыптастырып, ғылыми кадрлар даярлай бастады. Ғылымға келген жас ғалымдар кейін Мәскеу, Ленинград, Киев, Новосібір сияқты ғылыми орталықтардан аспирантура бітіріп, өз жұмыстарын орыс тілінде жазып, сол қалаларда қорғады. Сондықтан техника, жаратылыстану ғылымдары салалары бойынша жазылған еңбектер түгелдей орыс тілінде болды. Мұның өзі 1920-30 жылдары басталған жоғарыдағы пәндерден ана тілінде оқулықтар жазу, ғылыми-көпшілік әдебиеттер шығарудың тоқталуына әкеліп соқтырды. Орта мектептің математика, физика, химия, биология пәндерінің оқулықтары орыс тіліндегі оқулықтардың сапасыз аудармасы ғана болды, тіпті тарих оқулықтарына дейін орыс мектебі оқулықтарын қайталады, онда Қазақстан туралы, қазақ халқы туралы мардымды ештеңе айтылмады. Ал жоғары мектеп оқулықтарының көпшілігі тек орыс тілінде ғана болатын.

1946 жылы Республика Ғылым Академиясы ашылып, ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны көбейгенімен, тіл және әдебиет, тарих сияқты бірер институт болмаса, басқаларында ғылыми-зерттеу жұмыстары түгелдей орыс тілінде жүргізілді. 1960-70 жылдары ғылымға келген жастардың көпшілігі мектепті орысша бітіргендер еді, олар аспирантура, докторантураларды Мәскеу, Ленинград, Киев, Новосібір сияқты қалаларда бітіріп, сондағы ғалымдардың жетекшілігімен диссертация қорғады, ғылыми жұмыс жүргізді. Оның үстіне жоғары аттестациялық комиссия тарапынан диссертациялардың орыс тілінде жазылуы талап етілуі де ана тілінде ғылым тілінің дамуына кері әсерін тигізді. Жаратылыстану, техника, медицина ғылымдары өз алдына, қоғамдық ғылымдар, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандарынан да диссертацияның орыс тілінде жазылуы талап етілді.

М. Әуезов әдеби тілді үнемі жетілдіріп отыруда әртүрлі жаңа атаулар мен терминдердің дұрыс қалыптасуына көп көңіл бөлу қажеттігін өзінің ғылыми жұмыстарында айтып отырған. Қажеттігін кезінде былай көрсеткен: «Қазақ-совет әдебиет тілі баю үшін бүгінгі сан-сала ғылымда еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдары өздерінің еңбектерін орыс тілімен қатар, қазақ тілінде де түсінікті, көркем етіп жазып, бастыратын болуы шарт... Жұртшылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер,

биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?»

Ал біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда, сол ғылым, техниканың бар саласындағы ұғым, түсініктер, атаулар мол-молынан кіретіндіктен байиды дейміз. Ендеше сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктері, осы ғылымдардың өз мамандарынан артық, қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба? ...Олай болса, қазақтан шыққан тарихшылар ...қазақ халқына өз тілдерінде ...еңбектерін жазбауға бола ма? Қайта олардың кейбір диссертациялық еңбектерін, ең алдымен, қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою да, анық орынды орайлы шараның бірі болар еді (Қазақ әдебиеті туралы // Әдебиет және искусство журналы, 1954, №4).

Ұлт тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуші ғалымдардың өзі одақ көлемінде “танымал” болу үшін өз кітаптары мен монографияларын орыс тілінде жазуды әдетке айналдырды. Мәселен, 1971 жылы “Ғылым” баспасынан жарық көрген 101 кітаптың тек 5-і ғана қазақ тілінде жазылыпты. Бұл жағдай он жыл өткенде (1981 ж) сол күйінде қалған екен. 1981 жылғы баспа жоспарына 160 кітап енгізілген болса, соның тек 15-і ғана қазақ тілінде екен, олар да, негізінен, тіл мен әдебиеттен. Республикадағы ғылыми әдебиеттерді басып шығаратын баспаның атауы да 1980 жылдардың аяғына дейін “Наука” аталып келеді. Академияның, оның бөлімшелері мен институттарының әртүрлі дәрежедегі жиналыстары орыс тілінде өтетін.

1960-70 жылдардағы сөздіктердегі ұлттық және шетелдік сөздер үлесін салыстыра зерттеген жас ғалым С.Н. Жетпісов химия-металлургия саласының 90 пайызы, математика саласының 80 пайызы шетелдік сөздерден тұратынын жазды. Бұл жайт жаратылыстану, техника салаларымен ғана шектеліп қалмай, сол кезге дейін қолданылып келген төл сөздер жетіп-артыларлық ондаған кәсіптік салалар мен қоғамдық ғылымдарға да толық түрде қатысты болды.

Мұның бәрі айналып келгенде, қазақ әдеби тілінің ғылыми стилінің дамуын бірнеше ондаған жылға тежегені мәлім.

Ұлт тілінде ғылыми стильді қалыптастырудың, дамытудың

басты жолы – ұлт тілі негізінде терминдер жасау, бір кездері ойланбастан алынып кеткен орыс тілінен не орыс тілі арқылы енген терминдердің қазақша баламаларын табу.

Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының 1920-30 жылдардағы ұлт тілінде ғылым терминдерін қалыптастырудағы сіңірген еңбектері ұшан-теңіз екені белгілі. Алайда, өкінішке орай, 1940-шы жылдардан бастап бұл үрдіс өз жалғасын таппады, керісінше, сол жылдардағы қазақша баламасы табылған көптеген терминдердің орысша варианттары қайтадан қалпына келтірілді.

Бұған себеп болған жағдай, біріншіден, ұлт тілдеріндегі термин қабылдау проблемасын орталықтағы түрколог мамандардың өз бақылауларына алып, ұлт тілінде термин жасауға ұмтылушылықты “пуристік құбылыс” деп айыптауында болса, екіншіден, республикадағы техника, жаратылыстану, математика саласындағы мамандардың көпшілігі кезінде орыс мектебін, орысша жоғары мектеп бітіргендер болғандықтан және өз еңбектерін орыс тілінде жазғандықтан, қазақша термин іздеуге мүдделі, аса ынталы болған жоқ. Ал қоғамдық өмірге қатысты терминдерге келсек, мерзімді баспасөз беттеріне орталықтан келіп түскен ресми материалдарды (қаулы-қарар, үкімет, партия басшыларының сөздерін) табанда аударып басу кезінде кездескен термин сөздердің қазақша баламаларын іздестіріп, сараптап отыруға уақыттары да, мүмкіндіктері де болмағандықтан, көп жағдайда сол орыс тіліндегі даяр күйінде ала салуға мәжбүр болды.

Осы жағдайлар қазақ тіліндегі терминдердің арасалмағын орыс тілі пайдасына түпкілікті өзгертіп жіберді. Академик Ә.Қайдаровтың бұдан 10 жылдай бұрынғы шамамен есептеуі бойынша, қазақ тіліне орыс тілінен не орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер 30 пайызын құрайды. Бұған, мәселен, техника ғылымдары саласынан жасалған терминдік сөздіктің дерегі толық дәлел бола алады.

1959 жылы жарық көрген “Металлургия өнеркәсібі терминдерінің қазақша орысша-қазақша сөздігінің” алғашқы 50 бетін санағанымызда ондағы 1075 сөздің 233-і таза орыс тіліндегі тұлғасында алынған да, 581-і орысша-қазақша аралас жасалған, негізгі сөзі – орыс сөздері болып келеді. Мысалы, *дайындау цехы*

(заготовительный цех), бадиялап тиеу(загрузка бадейная), темір бетон (железный бетон), күміс амальгамасы (амальгама серебра) т.т. Сондықтан бұларды да орысша терминдерге қосуға болады. Сонда шамамен 80 пайызы орысша терминдер де, қалған 20 пайызы таза қазақша терминдер болып шығады.

Ғылым тілінің, ғылыми стильдің жағдайы осындай болса, ресми іс-қағаздары стилінің жағдайы бұдан да мүшкіл еді.

Қазақстандағы жоғарыда айтылған, 1950 жылдардан басталған демографиялық саясаттың әсері республикада іс қағаздарын жүргізуге де салқынын мықтап тигізді. Республиканың солтүстік, батыс, орталық облыстарына тың көтеру желеуімен келген орыс тілді тұрғындар үшін жеке-жеке кеңшарлар ұйымдастырылып, ондағы мектептер мен мәдениет ошақтары, кеңшар әкімшіліктеріндегі іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді, олардың бағынышты аудандары мен облыстарындағы мекемелер түгелдей орысшаға көшті.

Әрбір тілдің өзінің өмір сүретін әлеуметтік-демографиялық ортасы бар. Ол орта әлсіз болса, тілдің әрі қарай өмір сүруі неғайбіл. Кейбір жағдайларда екі тілдік орта қатар келсе, біреуі әлсірейді немесе жұтылып, мүлдем жоқ болып кетеді. Өткен тарихтан мұны дәлелдейтін көп мысал келтіре аламыз.

Мәселен, тың игеруге байланысты Қазақстанда орыс тілді аймақтар көбейіп, іс қағаздары орыс тілінде жүргізіле бастады. Балалар бақшасында, мектептерде тәрбие, оқу жұмысы орыс тілінде жүргізілді.

Тың игеруге байланысты көптеген аймақтарда қазақтар халықтың 9-10 пайызын құрайтын еді. Олардың шамамен жартысы өз тілін білмейді не шала біледі деп айтуға болады. Сондықтан ол жерлерде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы сөз болуы мүмкін емес еді. Тіпті негізінен жергілікті ұлт өкілдері тұратын аймақтарда 1960-80 жылдары ресми құжаттар мен іс қағаздары біртіндеп орыс тіліне түгелдей көшіп болды. Іс қағаздары (анықтама, куәлік, хаттама, есеп-қисап т.т) қазақ тілінде жүргізілетін республика бойынша ондаған аудандар ғана қалды, олар да облысқа жазатын қатынас қағаздарын, тапсыратын есеп, мәліметтерін орысша тапсыруға тиісті болды. Жоғары орындардан (республика, облыс деңгейінен) шығатын қаулы-қарарлар, жарлық-бұйрықтар, нұсқаулардың баршасы әуелі

орысша даярланып, кейін қазақ тіліне аударылатын болды. Мұның өзі кейде аударманың сапасының нашарлығы салдарынан жеткілікті жерлерге түсінбейтіндей қасаңдап жететін еді, сондықтан көбіне көп орысша нұсқасы басшылыққа алынып жүрді.

Сонымен, қазақ тілінде іс жүргізу жұмысы ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары қолға алынса да, бұл шаруа ашаршылық тәркілеу құғын-сүргін кезеңі, Ұлы Отан соғысы, тың игеру және де бастысы – орталықтан жүргізілетін орыстандыру саясатымен байланысты аяқсыз алды. Кейін, 1957 жылы республикада Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу туралы шешім қабылдады. Алғашында бұл іс қызу қолға алынса да, солақай саясаттың ықпалы тиіп, бірте-бірте бәсеңси бастап, жетпісінші, сексенінші жылдары мүлде саябырсып қалды.

Тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғанына жиырма шақты жыл болып қалды. Қазақ тілі қоғамдық өміріміздің маңызы бар іске айналып отыр. Әлі күнге от басы, ошақ қасында, әулет арасында, әрі кетсе баспасөз, көркем әдебиет шеңберінде ғана қалған тіліміздің күрмеуі – ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия саласында сөйлету, дамыту – қазіргі таңда алдымызда тұрған үлкен міндет.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдеби тілді байытудағы көркем әдебиет пен публицистикалық стильдердің орны
2. Ғылыми стиль дамуындағы іркілістердің себебін түсіндіріңіз.

Реферат тақырыбы:

1. ХХ ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілі

IX. 1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІС

§1. Қазақ тілі – мемлекеттік тілі

Әдеби тілдің дамуы қоғамдық құрылыстың, оның экономикалық жүйесі мен негізгі саяси ұстанымдарының өзгеруімен, қоғамның ана тіліне деген көзқарастарымен тығыз байланысты десек, ғасырдың соңғы он жылындағы қазақ қоғамының тарихында дүбірлі оқиғаларға толы жылдар болды.

Жетпіс жыл бойы таптық идеология мен ұжымдық шаруашылыққа негізделген кеңестік империяның өз ішінен шығып, өз-өзінен ыдырауы, соның нәтижесінде бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы ХХ ғасырдың аса ірі өзгерісі еді. Сол мемлекеттердің бірі ретінде Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы оның бүкіл болмысын – саяси құрылысын, экономикасын, мәдени өмірі мен салт-анасын түбірлі өзгерістерге ұшыратты.

Қоғамның жаңа бағытта дамуы, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетке айналуы, ел өміріндегі, оның барлық саласындағы түбегейлі өзгерістер, ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы, мемлекеттік тілдің үкімет тарапынан қамқорлыққа алынуы – бүгінгі өміріміздегі жаңа үрдістердің бірі еді.

Жаңарған қоғамның жаңалықтары қазақ тіліне тың міндеттер жүктеп отыр. Мемлекеттік тіліміз қоғамның барлық саласында дерлік қолданыла бастады.

Еліміздің егемендік алуынан сәл бұрын қайта құру, жариялық кезеңінде-ақ пікір ескеріліп, 1989 жылы Тіл туралы заң қабылданғаны белгілі. Ол заң өз кезінде ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуде елеулі қызмет атқарды. Халықтың рухын көтеріп, санасын оятты. Жер-жерде қазақ тілі қоғамдары құрылып, олар қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында едәуір жұмыстар істеді. Қазақ балабақшалары, қазақ мектептері көбейді, барлық жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдері ашылды, орыс тілді топтарда қазақ тілі пән ретінде жүргізіле бастады. Іс қағаздарын орыс тілімен қатар мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынды. Алайда бұл тегеурінді басталған

жұмыс, әдеттегідей, екі-үш жыл өтпей-ақ өз қарқынын бәсеңдетіп алды. Тіл саясатын берік ұстанып, заң ережелерінің орындалуын қадағалап отыратын өкілетті орган бір құрылып, бір тарап, мәселе қожырай бастады. Заңды жүзеге асыратын механизм іске қосылмады, мемлекеттік органдарда қазақша іс жүргізудің бағдарламасын үкіметтің өзі қайта өзгертіп, оны енгізудің мерзімін жергілікті жердің өз құзырына қалдырды.

Міне осы тұста 1995 жылы әуелі тіл саясатының тұжырымдамасы, одан кейін 1997 жылы Тіл туралы екінші заң қабылданды.

Үкімет 1998 жылы заңды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылдады. Өйткені мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында қолданылуын тек үкімет қана қамтамасыз ете алатын еді. Үкімет тарапынан барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшыларына қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асырудағы негізгі жауапкершілік жүктелді. Жаңа заңда қазақ тілі мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жазу тілі деп жарияланды.

Тілді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында заң талаптарын жүзеге асыруға бағытталған нақтылы міндеттер қарастырылған, онда мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту, тіл білімінің өзектілігі мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу, тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерін жетілдіру, оқулықтармен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдің қолданысын жандандыру, іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіру, тарихи, географиялық, топонимикалық атауларды қалпына келтіру және көрнекті ақпаратты ретке келтіру сияқты көптеген іс-шаралар бар.

Бұл көзделген іс-шаралардың бәрі бірдей өз шешімін таба алған жоқ, Әрине, қол жеткізген біраз нәтижелер бар.

Ең алдымен соңғы жылдары қазақ мектептері мен қазақша лицей, колледждердің санының өсуін атап айтқан жөн. Мәселен, 2000-2001 оқу жылдарында елімізде жалпы білім беретін 8290 орта мектеп болса, оның 3471-і қазақ, 2514-і орыс, қалғандары өзбек, ұйғыр тілдерінде білім береді екен. Бұған шағын елді

мекендердегі 3900 бастауыш мектепті қосуға болады, өйткені олардың бәрі дерлік – қазақ мектептері. Мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарында қазақ тілі міндетті оқу пәні ретінде оқытылуда.

Бағдарлама бойынша мемлекеттік органдардағы іс қағаздарын жүргізу бірте-бірте мемлекеттік тілге көшірілуі керек. Алайда бағдарламаның бұл бабының орындалуы күні бүгін көңіл көншітпейді. 1999 жылдың маусымындағы мәлімет бойынша республиканың 10 облысында, 4 қаласы мен 78 ауданында кеңсе ісі мемлекеттік тілде жүргізіле бастаған. Әзірге мәдениет, өнер, білім беру және баспасөз салаларында мемлекеттік тілдің үлес салмағы қанағаттанарлық дәрежеде болса, мемлекетті басқару жүйесіндегі, басқа министрліктегі жағдай көңілден шықпайды.

Тіл туралы алғашқы заңның шыққанына жиырма бес жылдай уақыт өтсе де, мемлекеттік тілді үйрену әлі ойдағыдай емес. Қазақ тілін жеделдетіп үйрету курстарында ғана емес, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы басқа мамандық иелерінің қазақ тілін меңгерулері сын көтермейді. Сондықтан оқыту сапасына сын айтушылар көп.

§2 Тілдегі жаңа қолданыстар

Қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер ұлттық тілімізге әсер етпей қоймады. Бұл әсер, ең алдымен, қазақ тілінің лексикасынан көрінуде.

Соңғы жылдары тіліміздің лексикасында жаңа, соны сөздердің толассыз тасқыны пайда болды. Жаңа сөздердің бірқатары қоғамдық өмірімізде болып жатқан әр түрлі әлеуметтік-саяси жағдайға, шаруашылық, ғылым мен техника саласындағы жаңалықтарға орай пайда болуда. Мәселен, *жекешелендіру* (приватизация), *баж* (пошлина), *ғарышнама* (космонавтика), *жал* (аренда), *кепіл*, *кепілдік* (гарантия), *мәртебе* (статус), *құнды қағаз* (ценные бумаги), *делдал* (брокер, маклер), *мұрат* (идеал), *бағам* (курс), *жарғы* (устав), т.т.³⁹

Енді бірсыпыра қолданыстар бұрын аударылмай алынған шет тілдік сөздерге балама іздеу барысында өмірге еніп жатыр.

³⁹ Екі тілде іс жүргізу. – Алматы, 1998.

Мысалы: *әнұран* (гимн), *көлік* (транспорт), *өркениет* (цивилизация), *саралау* (анализ), *егемендік* (суверенитет), *бағдарлама* (программа), *жолсерік* (проводник) сияқты қолданыстар да неологизмдер қатарын толықтыруда.

1930 жылдардың ортасынан бастап, 1980 жылдардың соңына дейін көптеген ұғымдарды атауда оларға тілімізден балама іздеп жатпай-ақ шетел тілдерінен сол күйінде (әрине, орыс тілі арқылы) қабылдау әдетке айналды.

Өз тілінде баламасы бола тұра, басқа тілден сөз алу тілдің сөзжасам жүйесінің дамуына кері әсер ететіні жайында белгілі терминолог Д.С.Лоттенің өте орынды айтылған мына төмендегі пікірін келтіруге болады: “...массовое заимствование, в свою очередь, может оказывать тормозящее действие на функционирование и развитие словообразовательных средств своего языка”.

Көптеген зерттеушілердің көрсетуінше, түркі тілдес халықтардың лексикасында орыс тілінен сол күйінде қабылданған шет тілдік ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, оқу-педагогикалық және т.б. салаларға байланысты терминдердің көлемі 70-80 пайызға жетіпті⁴⁰. Әсіресе, дәл ғылым, техника салаларында аударуға болмайды, аударуға мүмкін емес деген сөздер терминологиямыздың қомақты бөлігін қамтиды. Бұл туралы Ш. Құрманбайұлының: “Терминологиялық сөздіктерге, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарға еніп, қалыптасып қалған мыңдаған терминдердің тағдырын қалай шешетініміз қосымша қиындықтар туғызып отырған мәселенің бірі”- деуі негізсіз емес.

Ал қазіргі уақытта баспасөз бетінде шетелдік терминдерді жаппай аудару бағыты байқалады. Мәселен: *диафрагма* - *көкет*, *диета* - *емдәм*, *интервью/ диалог* - *сұхбат*, *арбитр* - *төреші/араби*, *бартер* - *баспа-бас*, *брокер* - *делдал*, *гимн* - *әнұран*, *компетенция* - *құзырет*, *коэффициент* - *еселік*, *курс* - *бағам*, *прогноз* - *болжам*, *компенсация* - *өтем*, *паталогия* - *зорығу*, *анализ* - *саралау/талдау*, *финансы* - *қаржы*, *гипотеза* - *болжал*, *баланс* - *теңдестік*, *асцит* - *іш шемені*, *гарантия* - *кепілдік/кепілдеме*, *устав* - *жарғы*, *конвой* - *айдауыл*, *протокол* - *хаттама*,

⁴⁰ Қайдаров Ә. Тіл тағдыры өз қолымызда // Халық кеңесі. 1990, 7-13 тамыз.

конституция - негізгі заң, юридическое лицо - заңды тұлға / ұйым, экспертиза - сараптау, эйфория - масаттану/тоқмейілісу, резюме - түйін, дизайн - әрлендіру/ аббаттандыру/көркейту, легализация - ресмилендіру т.б.

Құлаққа алғаш тосын естілгенімен, кейіннен күнделікті тұрмыста қолданыла келе үйреншікті болып кеткен сөздерге сынып, мәтін, пайыз, тікұшақ. ұшақ, сүдігер (зябь), кешен, мердігерлік, бағдарлама, тұғырнама, айқындама (позиция), гүлзар сияқты сөздер жатады.

Кейде бұрыннан қолданылып жүрген, жалпы халыққа түсінікті де үйреншікті сөздерді жаппай аударуға салынып, құлаққа тосын жасанды сөздер алушылық орын алуда: редактор - мұхартир, республика - жұмхурият, стол - жозы, мавзолей - кесене (сағана), материал - жадығат, конспект - мұхтасар, волейбол - тоспадоп, блузка - нымша, юбка - белшалғы, белдемше, канализация - кәріс, капуста - орамкөк, картофель - ақтүйнек, душ - себезгі, аграрий - шаруа, цитадель - рабат, лаборатория - зертхана, клуб - сауықжай, климат - ықылым, конституция - нұзам, функция - уәзипа, ресторан - сыйхана /мейрамхана, сервант - асадал, гардероб - адалбақан, газета - үнқағаз, телефон - үнсандық, хоккей - салма таяқ, сателлит - итаршы, притча - тәмсіл т.б. Осы сияқты көптеген танымал сөздерді жасанды аудару принципін немен түсіндіруге болады?

Соңғы он жылдың ішінде қоғамымыздағы болып жатқан мәдени, саяси, әлеуметтік, ғылыми-техникалық жаңалықтарды белгілеу үшін соны атаулар - жеке сөздер мен сөз тіркестері пайда болды: салық (налог), нарықтық экономика (рыночная экономика), жал (аренда), мәртебе (статус), кепіл, кепілдік (гарантия), үрдіс (тенденция), заңды және жеке тұлғалар (юридические и физические лица), сұхбат (интервью), делдал (маклер) т.б.

Тіліміздегі **қосымшалар** арқылы көптеген жаңа қолданыстар жасалынды: байқаушы (наблюдатель), орауыш (катушка), отырыс (заседание), кепілдеме (рекомендация), контакт (түйіспе), орама (обмотка), әрлеу (отделка), айырғыш (разъединитель), ынталандыру (стимулирование), **біріккен сөздер** арқылы: жеделхат - телеграмма, үнсандық - телефон, үнқағаз - газета, әнұран - гимн, галамиар - планета, дәмқосар - приправа, сыйақы -

премия, шағынаудан - микрорайон, тоқбасар - десерт/закусочная т.б.; **сөздердің тіркесуі** арқылы: нарықтық экономика - рыночная экономика, құма толқын - бегущая волна, лездік жылдамдық - мгновенная скорость, жантәсілім сатысы - терминальная стадия, валюта тұрлаулылығы - устойчивость валюты, **сөздердің қосарлануы** арқылы: тәлім-тәрбие - воспитание, арыз-шағымдар - жалобы, құғын-сүргін - репрессия, іс-әрекет - акт, тамыр-таныстық - протекционизм т.б.

Жаңа ұғымдарға балама іздеуде кейбір қосымшалардың активтенгендігін байқауға болады: **-ым/-ім** (түсім - поступление, сұраным - спрос / заявка, тізілім - реестр, тіркелім - прописка, түсім - профит, жарылым - разлом, салым - вклад, жарияланым - публикация, шағым - кассация, ұстаным - позиция, жеткізілім - поставка т.б.); **-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш** (ажыратқыш - выключатель, қозғағыш - двигатель, асқорытқыш - пищеварительный, талдағыш - анализатор, қоздырғыш - возбудитель, реттегіш - регулятор, қойылтқыш - сгуститель, анықтағыш - определитель, тұрақтандырғыш - стабилизатор, т.б.); **-ма/-ме** (мазмұндама - коммюнике, тізімдеме - описание, топтама - подборка, айқындама - позиция, аяқтама - концовка, лездеме - летучка, сынама - проба, түсініктеме - комментарий, дәлелдеме - аргументация, сауалдама - вопросник, жүктеме - нагрузка т.б.); **-нама** (тұғырнама/ мақсатнама - платформа, қасіретнама - трагедия т.б.), **-лық/-лік** (дәйектілік - последовательность, өкілеттік - полномочие, делдалдық - посредничество, басымдылық - пререгатива, мәмілегерлік - дипломатия, қауымдастық - ассоциация, даурықпалық - демагогия, төрешілік - арбитраж, т.б.); **-ландыру/-лендіру** (газсыздандыру - дегазация, жекешелендіру - приватизация, тұрақтандыру - стабилизировать); **-хана** (дәмхана - кафе, қабылхана - приемная, зертхана - лаборатория, сүтхана - молочная кухня, төрхана - усыпальница, расытхана - обсерватория, дыбысхана - фонотека, мәжілісхана /мәслихатхана - конференцзал, мәйітхана/ өлікхана - морг, ойынхана - игротека, т.б.); **-жай** сөзінің қосылуы арқылы (кіімжай - гардероб, сауықжай - клуб, шешінбежай - раздевалка, сұхбатжай - сторожка, ойынжай - стадион, жылыжай - теплица, шипажай - санаторий т.б.).

"Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы калька

тәсілі" -деп Ә.Қайдаров көрсеткендей, кейінгі кезде калькалау тәсілі арқылы тілімізге енген сөздердің саны күннен-күнге өсуде: *текше - куб, ішкі үйкеліс (внутреннее трение), аяқдоп (футбол), бөлшек сауда (розничная торговля), сезгіштік табалдырғыш (порог чувствительности), кәдімгі сәуле (обыкновенный луч)* т.б.

Кейбір шеттілдік терминдер суреттеме тәсілімен беріліп жүр: *аффидевит - ант соңынан жазбаша дерек беру, диверсификация - әр түрлі, жан-жақты даму, комитент - басқа адамға тапсырма, реэмиграция - шетелге кеткендердің қайта оралуы* т.б.

Кейде қазақша бір сөз бірнеше ұғымдарға атау болып жүргені де кездеседі: *аферист/мошенник - алаяқ, құбыр - труба/трубопровод, тежеуіш - супрессор/тормоз, саралау - анализ, экспертиза, тоқбасар - десерт/закусочная, үрдіс - процесс/тенденция* т.б.

Кейінгі кезде көнерген сөздерге айналып, таяу уақытқа дейін елеусіз болып қалтарыста қалып қойған сөз тұлғасы мерзімді баспасөз беттерінде қолданылып жүр: *зонд - сүңгі, барабан - дабыл, гвардия - сахаба, бассейн - һауыз, гардероб - адалбақан, климат - ықылым, устав - жарғы, киллер - жендет* т.б. Бұндай қайта жаңғырған сөздерге *мердігер, лайқат, әмбебап, сірне, наубай, айлақ, сүдігер, сарбаз, мехнат, лұғат, тәржіме* т.б. сөздер жатады.

Қазіргі қазақ тілінде кездесетін дублет сөздердің көпшілігі жергілікті сөйленістерде қолданылатын сөздер: *қонақ үй/мейманхана, қала/шаһар, төреші/қазы, поселок/кент, үлгі/гибрат, маңдай/пешене, хабаршы /жаршы, атақты/мәшһүр, ақын/шайыр* т.б.

Сәтті аудармалар да бар: *заказ - тапсырыс, заявка - сұраным, компромисс - ымыра, консенсус - бәтуа, символика - рәміз, консерватор - керітартпа, шантаж - бопса, спонсор - демеуші, тормоз - тежеуіш, таможня - кеден, цитата - дәйексөз, хелпер - жәрдемші, фасций - шандыр, репатриант - оралман* т.б.

Бұлардың ішінде бірден айналымға еніп, қазір жаппай қолданыста жүрген *делдал, бағам, көлік, өтем, өркениет, әмбебап, сұхбат, зейнетақы, ардагер, жарғы* сияқты сөздер бар. Ал *сазгер* (композитор), *күйсандық* (пианино) сияқтылар әлі сіңісе алмай келеді.

Ең бастысы – орыс тілінің ықпалымен лексикалық қорымыз толығып келеді деген бұрынғы түсініктен арылып, лексикамызды молайтуда тілдің өз ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып термин жасау үрдісі кең орын алуда. Өмірге толассыз еніп жатқан жаңа ұғымдарға жаңа баламалар іздеу, бұл жолда олардың бірнеше варианттарын ұсынып, кейін оның біреуін таңдап алу тәжірибесі етек алуда. Мұндай тәжірибе тіліміздің тарихында бұрын да болған. Сонау 1920 жылдарда, яғни қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып жарияланған кезеңде жаңа кіріп жатқан ұғымдарға ана тілінен балама іздеу үрдісінде де осындай варианттылық жиі кездескен еді. Бұл – заңды құбылыс.

Бұл жағдайда балама ретінде бұрын тілімізде болып, қолданыстан шығып қалған немесе жергілікті қолданыс аясындағы сөздерді қайта тірілту әрекеті де байқалды.

Тілші қауымның алдындағы міндет – осы жаңа сөз тасқынын лингвистикалық тұрғыдан сараптап, өмірге икемді, тіл заңына сай келетіндерін тіліміздің лексикалық қорына енгізіп, сөздіктерде көрсету.

Лексиканың алғы шебінде жүретін терминологияны заман ағымына сай түпкілікті жетілдіріп, бір ғасырлық тарихы бар термин шаруашылығын бүгінгі күн талабына сай реттеу мемлекеттік міндет ретінде қаралуы керек. Бұл ыңғайда үкімет мемлекеттік тілдегі терминдерді тездетіп әрі сапалы етіп қабылдауға мүдделік танытып отыр.

Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жанынан Терминологиялық сөздіктер бас редакциясы құрылды. Ол сөздіктер сериясын шығарудың рет-жүйесін анықтап, термин сөздіктерінің компьютерлік қорын жасауға мұрындық болуда. 1998-2000 жылдарда ғылым салалары бойынша 31 том сөздік шығару жоспарланған еді. Алғашқы кітаптары жарық та көрді. 1999 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясының жаңа құрамы мен ережесі бекітілді.

Бағдарламаның ғылыми-лингвистикалық саласы бойынша да көрсетілген жұмыстар негізінен орындалды. «Қазақ тілінің академиялық грамматикасы» 3 кітап), «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XX ғасыр)», «Тіл мәдениетінің негіздері» атты монографиялар, қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық сөздігі, орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктер жарыққа

шықты. Тіліміздің лексикалық байлығын толығырақ көрсету мақсатында қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздік түзіліп жатыр. Бүгінгі күні оның алғашқы 4 томы жарық көрді.

Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында қолданылмай келе жатқанының бір себебі – демографиялық ортаның бұзылуы. “Тілімізді қорғап, сақтап, дамыта алатын бірден-бір күдіретті күш, -дейді белгілі демограф ғалым М.Тәтімов, - халқымыздың демографиялық өсімін көтеру. Тіл туралы заңды жүзеге асыру үшін алдымен демографиялық базаны нығайтып алу керек... Қазақтар аз тұратын аймақтарда қазақтардың арасалмағы кем дегенде төрттен бір болмай кез-келген заң – өлі заң”.

Академик Ә.Т.Қайдаровтың “Тіл өміріне ауадай қажетті тілдік ортаның қаыптасуына шешуші рөл атқаратын факторлардың бірі – жеке адамдар мен белгілі әлеуметтік топтардың тілге деген көзқарасы, жауапкершілігі, оған қосқан нақтылы үлесі. Дәл осы орайда қоғам қайраткерлерінің, әр дәрежедегі мемлекеттік қызметкерлердің және басқа да зиялы қауым өкілдерінің жеке басының үлгісін, ана тілі алдындағы азаматтық парызы мен перзенттік борышын сезіне білуін парасаттылық пен мәдениеттіліктің, адамгершіліктің нышаны деп таныған жөн” деген пікірін қолдау қажет.

Қазіргі уақыттағы терминжасамда мамандардың арасында бірнеше пікір орын алғаны белгілі. Бір топ ғалымдар ана тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалану керек, енді бірі мүмкін болғанынша бұрынғы терминдерді, жалпы шетелдік термин емес сөздерді де “естілуінше, айтылуынша жазу” керек, ал үшінші біреулері бұрыннан тілімізде қалыптасып қалған жалпы халыққа түсінікті сөздерді сол қалпында қалдырған дұрыс деген пікірлер айтады. Бұл мәселе туралы Ө.Айтбаевтың: “Тіл дамуында, терминжасам процесінде көрініс беріп отырған бұл әрекеттерді, негізінен, қуаттай отырып, интернационалдық терминдердің кез келгенін ретті-ретсіз аударуға әуестенушіліктің барлық уақытта бірдей тиімді бола бермейтінін ескертеміз. Әрине, ана тілімізден мағынасы дөп түсіп жатқан баламасы табылған жердің бәрінде бұл принципті ұстанып отыру лазым. Ал халқымыздың тұрмыс, тіршілігінде, іс-әрекетінде, жазу-сызу дағдысында болмаған терминдік ұғымдарды сол бастапқы қалпында қабылдаған жөн” -

деген пікірі орынды айтылған деп есептейміз.

Ғасырлар тоғысында ғаламдану үдерісі басталғалы әлем халықтарының тілін ортақ жүйеге, ортақ үлгіге келтіру үдерісі бірте-бірте өрістеп келе жатқаны белгілі. Кейінгі кезде тілдерде ортақ сөз қоры қалыптасуы мүмкін деген пікір орнығуда.

Сондықтан ғаламдану үдерісінен бері тілімізде кірме сөздер, интернационалдық терминдердің саны өсе бастағаны байқалады. Өйткені кез келген ұлт тарихтың қай кезеңінде болсын дүниежүзілік қоғамдық даму үдерісінен бөлек өмір сүре алмайтыны белгілі.

Күнделікті ауызекі тілімізде, баспасөз беттерінде, жарнамаларда, дүкендердің маңдайшаларында көпшілік қауымға түсініксіз кірме сөздер (дені ағылшын сөздері) қолданылып жүр. Мысалы: *секьюрити, консалтинг, паркинг, провайдер, ревю, жокей, бодибилдинг, стайер, спринтер, менеджер, босс, тьютор, аудитор, круиз пати, грин-кард, бойфрэнд, ток-шоу, бедлам, брейк-данс, чип*, т.б. терминдер бұрынғы қолданылып жүрген сөздердің синонимдік қатарын құрап, тілімізге ене бастады. Мәселен, *күзетші* деудің орнына – *секьюрити, демалыстың* орнына – *круиз, пати, уик энд, фрэйшн, есетші* – *аудитор, басқарма* – *менеджер, тауарды өткізуші, тауарды жылжытушы* – *промоутер, культуризм* – *бодибилдинг, куратор, жетекші – тьютор*, т.б. осы секілді ағылшын–американдық терминдерді қолдану қазіргі кезде тілімізде бұрыннан бар сөздердің синонимдік қатарларында қызмет етіп жүргенін байқаймыз. Жалпы алғанда, барлық бұқаралық ақпарат құралдарында да осы сияқты шетел тілін білмейтін қарапайым адамдардың түсінбейтінін елемей пайдаланылып жүрген жүздеген кірме сөздер мен терминдерді кездестіруге болады.

Терминдер деп аталатын қазақ тілі сөздік құрамындағы әлеуметтік–саяси, мәдени атауларды, техникаға, өнеркәсіпке қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер бұл салаларда қызмет ететін адамдарға ғана түсінікті болады. Бірақ кейінгі кезде БАҚ-та көптеген терминдер, шетелдік қала, штат, компания, газет-журнал, т.б. атаулар ағылшын тілінен тікелей алынып, ағылшынша жазылып жүр: *LNM Holding, Ispat Internatonal, Mittal Style, UNIDO әдістемесі, COMFAR, м.б.*

Компьютерлік ақпаратқа жататын терминдер де

жарнамаларда, көбіне, латын графикасымен беріледі: *E-mail, notebook, Internet, Megalain, MS Office, Photoshop, Printshop, Microsoft Word*, т.б.

Ал ауызекі тілде шетел сөздері ассимиляцияланып, *ноутбук, пентиум, принтер, джойстик, веб сайт, алгол, файл, хакер, геймер, прайс-лист* деп айту кездеседі.

Дегенмен ғаламдану үдерісіне қарама-қарсы қойылған үдерісті де ұмытпаған жөн. Ол – әр этнос тілінің өз ерекшеліктерін сақтап қалу мәселесі.

Сондықтан әр сала мамандары алдында мемлекеттік тілімізді халықаралық деңгейге көтеру проблемасы тұр. Қазіргі уақытта әдеби тіліміздің орфографиясын бір ізге салып, терминологиясын бір жүйеге түсіріп, термин жасауда ғылыми негізгі принциптерді белгілеу ғалымдардың, мамандардың алдында тұрған кезек күттірмес мәселе екені сөзсіз.

Бакылау сұрақтары:

1. Тәуелсіз Қазақстандағы қазақ әдеби тілінің сапалық дамуы
2. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары

Реферат тақырыбы:

1. XX ғ. мен XXI ғасыр тоғысындағы әдеби тілдің стильдік тармақтарының дамуындағы сапалық өзгерістер

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
2. *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М.* Қазақ әдеби тілінің мәселелері. – Алматы, 1961; *Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 239 б.
3. *Балақаев М.* Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1981. – 183 б.
4. *Әуезов М.* Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство, 1954, №4.
5. *Сыздықова Р.* ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1984.
6. *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 319 б.
7. *Сыздықова Р.* Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004. – 614 б.
8. *Абилхасимов Б.* Казахский литературный язык второй половины XIX века. – Караганда: КарМУ, 2007. – 221 с.
9. *Әбілқасымов Б.* ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1982. – 223 б.
10. *Жанпейісов Е.* Қазақ прозасының тілі (Октябрь алды және 20-30 жылдар). – Алматы, 1968. – 267 б.
11. *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1996. – 220 б.
12. *Мажитаева Ш.* ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1999. – 192 б.
13. *Мажитаева Ш.* ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілі. – Қарағанды: ҚарМУ, 2004; 2007. – 233 б.
14. *Мажитаева Ш., Рапишева Ж.Д.* Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу тарихы. – Бішкек, 2006. – 114 б.

Қосымша әдебиеттер:

15. *Айтбайұлы Ө.* Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997. – 238 б.
16. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1989. – 224 б.
17. *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі, – Алматы, 1971. – 227 б.

18. *Әлжебаева Д.* Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. –Алматы, 2005. –265 б.
19. *Белбаева М.* Абай дәстүрі Сұлтанмахмұт кестелерінде. –Алматы // Семей таңы, 11 июль, №137.
20. *Бисенғали З.Қ.* XX ғасыр басындағы қазақ романы. –Алматы, 1997. –198 б.
21. *Білалов Ш.* Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. –Алматы, 1994. –376 б.
22. *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы. –Алматы, 1997. –383 б.
23. *Дүйсембекова Л.* Қазақ ресми іс қағаздары. –Алматы: Ана тілі, 2005. –208 б.
24. *Жанпейісов Е.* Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер // Вестник Академии наук Казахской ССР, 1962, №11.
25. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі бойынша зерттеулер. –Алматы, 1999. –581 б.
26. *Каримов Х.* Бейімбет Майлин әңгімелеріндегі эпитет, теңеу және троп // Тіл және әдебиет мәселелері. –Алматы, 1963.
27. *Кеңесбаев І., Балақаев М., Қайдаров Ә., Сарыбаев Ш.* Қазақ әдеби тілі тарихының зерттелу жай мен міндеттері: Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. –Алматы: Ғылым, 1987.
28. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. –Алматы: Ғылым, 1987. 200 б.
29. *Қайдары Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998. – 303 б.
30. *Қосымова Г.* Қазақ шешендік өнерінің негіздері. –Алматы, 2003. – 227 б.
31. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 203 б.
32. *Момынова Б.* "Қазақ" газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. –168 б.
33. *Момынова Б.* Газет лексикасы. Жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 2003. – 227 б.
34. *Мырзахметов М.* Қазақ қалай орыстандырылды. –Алматы, 1993. –127 б.
35. *Сауранбаев Н.Т.* Қазақ тіл білімі проблемалары. –Алматы, 2002. –242 б.
36. *Серғалиев М.* Көркем әдебиет тілі. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –368 б.

37. *Сыздықова Р.* Абайдың сөз өрнегі. –Алматы: Санат, 1965.
38. *Сыздық Р.* Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001.– 229 б.
39. *Шалабай Б.* Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. –Алматы, 1987.
40. *Айқап.* Құрастырушылар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. –Алматы, 1995.
41. *Қазақ.* Құрастырушылар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. –Алматы, 1998.
42. *Қазақ әдеби тілі. Сөздік.* –Астана, 2006.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
КІРІСПЕ БӨЛІМ. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	6
§ 1 Қазақ әдеби тілінің негізгі белгілері	6
§ 2 Әдеби тілдің жалпыхалықтық тілмен арақатынасы	16
§ 3 Әдеби тілдің қызметі	19
§ 4 Әдеби тілдің нормалары	21
§ 5 Әдеби тілдің стильдік жүйесі	24
§ 6 Қазақ әдеби тілінің қалыптасу жолы мен даму кезеңдері	28
II. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ МЕН АРНАЛАРЫ	34
§1. Қазақ әдеби тілінің қалыптасып, даму тарихы	34
§2. Қазақ әдеби тілінің тарихи арналары	39
III. ХУ-ХVІІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	46
§ 1 ХУ-ХVІІ ғасырлардағы қазақ әдеби тілін сипаттайтын нұсқалар	46
§ 2. ХVІІІ ғасырдағы қазақ әдеби тілі	50
§ 3. ХVІІІ ғ. қазақ тілін сипаттайтын нұсқалар	52
§4. ХVІІІ ғ. ІІ жартысындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы қазақ тілінің төл лексикасы	54
§5. Араб-парсы элементтері	58
§6. Орыс сөздері	60
§7. Архаизмдер	61
§8. Сөз тудыру тәсілдері мен грамматикалық ерекшеліктері	61
§9. Фразеологиялық тіркестер	64
§10. ХVІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың І жартысындағы эпистолярлық нұсқалардың тілі	64
III. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	70
§ 1. Қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық	

жағдайлардың қазақ әдеби тіліне әсері	70
§ 2. XIX ғасырдың I жартысындағы әдеби тілдің лексикасы	73

IV. XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	78
§1. Ескі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы	80
§2. Қисса аталған әдебиеттің әдеби тілдегі орны	82
§3. Қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болуы	84
§4. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы қазақ ағартушыларының қызметі	86

V. XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

§1. XX ғасырдың бас кезіндегі (1900-1920) қазақтың жазба әдеби тілі	91
§2. Ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар	92
§3. Қазақ әдеби тілінің дамуын танытатын жазба нұсқалар	96
§4. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет стилінің жетіліп, жанрлық жағынан дамуы	99
§5. Түркі әдеби тілі дәстүрін сақтаған әдебиет	100
§6. Ыбырай, Абай дәстүрін дамытқан әдебиет	106
§7. Көркем әдебиет тілінің лексикалық құрамы	109
§8. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз	114
§9. Мерзімді баспасөз беттеріндегі кейбір грамматикалық ерекшеліктер	120
§ 10. Ғылыми-көпшілік әдебиет тілі жайында	125
§ 11. Ресми іс қағаздары стилінің кейбір көріністері	129

VI. 1920-40 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

96	137
§1. 1920-30 жылдардағы саяси-әлеуметтік жағдай	137
§2. Әдеби тілдің нормалану, стильдерінің саралану үрдісі	140
§3. Жазу жүйесін жетілдіру мәселелері	142
§ 4. Қазақша ғылым тілін дамытудағы А.Байтұрсыновтың орны	152

VII. 1940-50 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

157	157
§ 1. 40-жылдардағы тіл саясаты	157
§ 2. Терминжасам мәселесі	161

ҮІІІ. 1960-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	166
§ 1. Қазақ тілінің қоғамдық қызметінің тарылу себептері	166
§ 2. Қазақ әдеби тілінің лексикалық байлығын толықтырудағы көркем әдебиеттің қосқан үлесі	174
§ 3. 1960-80 жылдардағы баспасөз тілі дамуындағы негізгі факторлар	181
§4. Ғылым тілі мен стилінің дамуына кері әсер еткен кейбір жағдаяттар	187
ІХ. 1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІС	193
§1. Қазақ тілі – мемлекеттік тілі	193
§2. Тілдегі жаңа қолданыстар	195
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР	204